**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ**

2024 ЖЫЛҒЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ БАЯНДАМА

Астана, 2025

2024 жылғы Қазақстан Республикасындағы балалардың жағдайы туралы баяндама, Астана қаласы, 2025 жыл, 293 п.

2024 жылғы Қазақстан Республикасындағы балалардың жағдайы туралы баяндама мемлекеттік орталық және жергілікті атқарушы органдар ұсынған ресми статистика, әлеуметтік зерттеулердің деректері, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы Балалардың хал-ахуалы индексінің нәтижелері негізінде Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің тапсырысы бойынша әзірленді.

Авторлар: Кусиденова Г.К., Таипова М.К., Асқарова А.Т., Онищенко Л.В., Овечкина Ю.Р., Исмұханова Л.И., Сұлтанова Г.Ж.

Дизайнер: Саликова А.М.

МАЗМҰНЫ

АББРЕВИАТУРАЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР..... 6

КІРІСПЕ 8

1-ТАРАУ. БАЛА 12

1. 1000 балаға шаққанда 5 жасқа дейін қайтыс болған балалар саны 19
2. 100 мың балаға шаққанда сыртқы себептерден 0-18 жаста қайтыс болған балалардың саны 24
3. 100 мың балаға шаққанда семіздікке шалдыққан 0-18 жастағы балалардың саны 30
4. 100 мың балаға шаққанда 0-18 жастағы балалар арасында ас қорыту органдары ауруларының саны 33
5. Профиликталық тексерістер нәтижесінде дене сымбаты бұзылғаны анықталған 0-14 жас аралығындағы балалардың үлесі 35
6. Профилактикалық тексерістер нәтижесінде анықталған көзінің көруі нашарлаған 0-14 жастағы балалардың үлесі 37
7. Профилактикалық тексерістер нәтижесінде анықталған есту қабілеті нашарлаған және сөйлеу кемістігі бар 0-14 жастағы балалардың үлесі 39
8. 15-17 жастағы балалар арасында психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты психикалық, мінез-құлықтық ауытқумен сырқаттану көрсеткіші 41
9. 100 мың балаға шаққанда балалар арасындағы суицид оқиғаларының саны 46
10. Өмірге қанағаттану деңгейі жоғары 10-18 жастағы балалардың үлесі 51
11. Жалпы білім беретін мектепте 10-18 жас аралығындағы дос табуға қиындық көрмейтін балалардың үлесі 53
12. Балалардың құқықтық қорғалу деңгейі 57
13. Жалпы білім беретін мектепте білім алушыларының білім жетістіктерін мониторингтеу (ББЖМ) нәтижелерінің орташа көрсеткіші, балл 59
14. ҰБТ-да шекті деңгейден өткен білім алушылардың үлесі 63
15. «Бала» бағыты бойынша Балалар хал-ахуалы индексінің қорытындылары..... 65

Қорытындылар мен ұсыныстар 66

2-ТАРАУ. ОТБАСЫ ЖӘНЕ ҚОҒАМ 84

1. Ата-аналарымен өз мәселелерін ашық талқылай алатын 10-18 жастағы балалардың үлесі 86
2. Отбасында шешім қабылдау кезінде өз пікірінің ескерілетініне толық келісетін 10-18 жастағы балалардың үлесі, % 89
3. 1000 балаға шаққанда ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 0-18 жастағы балалар саны 91
4. 1000 балаға шаққанда өмірлік қиын жағдайға тап болған балалар саны..... 94
5. Жоғары жылдамдықты интернетке қосылған елді мекендердің үлесі 98

6. Үйде қосымша оқуға арналған кітаптары бар 10-18 жастағы балалардың үлесі 100
7. Оқуға арналған компьютерлік техникасы бар 10-18 жастағы балалардың үлесі 102
8. Күн сайын көкөністер мен жемістер тұтынатын балалардың үлесі 105
9. Тұрғын үймен қамтамасыз етілген жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың кезекте тұрған осы санаттағы азаматтардың жалпы санындағы үлесі 107
10. Жеке бөлмесі бар немесе үйде тұратын бір адамға кемінде 15 шаршы метр тұрғын алаңы тиесілі балалардың үлесі 110
11. Жұмыс жүктемесіне байланысты балаларына жеткілікті уақыт бөле алмайтын ата-аналардың үлесі 113
12. Қорлауға/жәбірлеуге, оның ішінде әлеуметтік желілер арқылы қорлауға/жәбірлеуге ұшыраған 10-18 жастағы балалардың үлесі 115
13. Жалпы білім беретін мектептердің қоғамдық өміріне қатысатынына толық келісетін 10-18 жастағы балалардың үлесі 119
14. Бір аптада көше ойындарына арналған күн саны (10-18 жастағы балалар) немесе аптасына ашық ауада өткізілетін сағат саны (аптасына 4 және одан да көп сағат) 122
15. «Отбасы және қоғам» бағыты бойынша Балалар хал-ахуалы индексінің қорытындылары 124
Қорытындылар мен ұсыныстар 126

3-ТАРАУ. МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТ 136

1. Жалпы білім беретін мектепте оқығанды ұнататын 10-18 жастағы балалардың үлесі 138
2. Ата-аналар мен мектептің өзара іс-қимыл деңгейі 140
3. Мектепке дейінгі білім берумен қамтылған 1-6 жастағы балалардың үлесі..... 142
4. Мектептегі тамақтандыру сапасына көңілі толатын 10-18 жастағы балалардың үлесі 148
5. Оқу-тәрбие процесіне және қосымша білім беруге қанағаттанатын ата-аналардыңүлесі..... 150
6. Қосымша білім берумен қамтылған балалардың үлесі 152
7. Психологиялық-педагогикалық қолдаумен және ерте түзетумен қамтылған мүгедектігі бар балалардың үлесі 156
8. Жалпы білім беретін мектептердің жалпы санындағы үш ауысымда оқытатын жалпы білім беретін мектептердің үлесі 159
9. Ауыз судың негізгі көздерімен, жылы дәретханамен және қол жуу құралдарымен қамтамасыз етілмеген мектепке дейінгі ұйымдардың және жалпы білім беретін мектептердің үлесі 161
10. Мемлекеттік білім беру ұйымдарында қаржылық және материалдық көмекпен қамтылған балалардың үлесі 163
11. Тұрғын үйді жалға алып тұратын балалы отбасылардың үлесі 166
12. Балалардың қажеттіліктеріне бағытталған бюджет шығындарының үлесі, % 168
13. Медициналық оңалтумен қамтылған мүмкіндігі бар балалардың үлесі 170

14. Психофизикалық даму скринингімен қамтылған сәби жасындағы (3 жасқа дейінгі) балалардың үлесі 173
15. «Мемлекеттік саясат» бағыты бойынша балалар хал-ахуалы индексінің қорытындылары 175
Қорытындылар мен ұсыныстар 177

4-ТАРАУ. ЕЛДІҢ ӘЛ-АУҚАТЫ 179
1. Жан басына шаққандағы жалпы өңірлік өнім 181
2. Жұмыссыздық деңгейі 183
3. Ауадағы ұсақ қатты бөлшектердің деңгейі PM 2,5 (ауа сапасы) 186
4. Су ресурстары сапасының деңгейі 188
5. Қатты жабыны бар аудандық/облыстық маңызы бар жолдардың үлесі..... 191
6. Аула/көше ойындарына арналған орындардың, оның ішінде спорттық ұйымдардың қолжетімділігі 193
7. Уәкілетті органның қабылданған тиісті стандарттары мен талаптарына сәйкес келетін бейнебақылаумен қамтамасыз етілген ЖАО-ға ведомстволық бағынысты күндізгі мемлекеттік жалпы білім беретін орта білім беру ұйымдарының үлесі 195
8. Орталық кәрізбен жабдықталған барлық тұрғын үй қорының жалпы алаңының үлесі..... 198
9. Белгіленген сапа нормаларына сәйкес келмейтін ауызсу сынамаларының үлесі 201
10. Жалпы білім беретін мектептердің жалпы санындағы апатты мектептердің үлесі 204
11. Автобус аялдамасынан кемінде 15 минут жаяу жүретін жерде тұратын 10-18 жастағы балалардың үлесі 206
12. 100 мың балаға шаққанда балаларға қатысты қылмыстар саны 208
13. 100 мың балаға шаққанда кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстардың саны 211
14. 14-17 жастағы 100 мың балаға шаққанда кәмелетке толмағандар жасаған немесе олардың қатысуымен болған қылмыстық құқық бұзушылықтар саны 214
15. «Елдің әл-ауқаты» бағыты бойынша Балалардың хал ахуалы индексінің қорытындылары 217
Қорытындылар мен ұсыныстар 219

5-ТАРАУ. БАЛАЛАРДЫҢ ХАЛ-АХУАЛЫ ИНДЕКСІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫ МӘНІ..... 231
Қорытынды 242

АББРЕВИАТУРАЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АӘК	– Атаулы әлеуметтік көмек
АПҚО	– Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы
БАҚ	– Бұқаралық акпарат құралдары
ББЖМ	– Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу
БҚО	– Балаларды қолдау орталығы
БҚУ	– Қазастан Республикасындағы Бала құқықтары жөніндегі уәкіл
БҚҚК	– Қазастан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті
БП	– ҚР Бас прокуратурасы
БҰҰ	– Біріккен Ұлттар Ұйымы
ДДСҰ	– Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы
ДСМ	– Қазақстан Республикасынының Денсаулық сақтау министрлігі
ЕББҚ	– Ерекше білім беру қажеттіліктері
ЕХӘҚМ	– Қазақстан Республикасынының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
ЖАО	– Жергілікті атқарушы органдар
ЖБО	– Жедел басқару орталығы
ЖДО	– Жастар денсаулық орталығы
ЖЕА	– Жұқпалы емес аурулар
ЖКО	– Жол-көлік оқиғасы
ЖОО	– Жоғары оқу орны
ЖӨӨ	– Жалпы өңірлік өнім
ИҚЖБШ	– Интернетке қол жеткізудің бірыңғай шлюзі
ҚМ	– Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
ҚСжАЕК	– Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті
МАМ	– Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі
МДМ	– Мектепке дейінгі мекеме
МЖБС	– Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты
МДБ	– Мектепке дейінгі тәрбие және білім беру

МӘМС	– Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру
НҚА	– Нормативтік-құқықтық акт
ОҚО	– Отбасын қолдау орталығы
ОМ	– Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі
ӨҚМ	– Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі
ПЗ	– Психоактивті заттар
РМБ	– Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың Республикалық мәліметтер базасы
ПҚО	– Психологиялық қолдау орталығы
СЖжРА ҰСБ	– ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы
СӨС	– Салауатты өмір салты
СЭҚ	– Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет
ТДМ	– Тұрақты даму мақсаттары
ТжКБ	– Техникалық және кәсіптік білім
ҰБДҚ	– Ұлттық білім беру деректер қоры
ҰБТ	– Ұлттық бірыңғай тестілеу
ҰЭМ	– ҚР Ұлттық экономика министрлігі
ҮЕҰ	– Үкіметтік емес ұйымдар
ХӘОТ	– Халықтың әлеуметтік осал топтары
ХЕҰ	– Халықаралық еңбек ұйымы
ЦДИАӨМ	– Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі
ІІМ	– Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
ЭТРМ	– Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі
ЭЫДҰ	– Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымы
ЮНИСЕФ	– БҰҰ Қазақстандағы Балалар қоры

КІРІСПЕ

2015 жылдың қыркүйегінде БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған Тұрақты даму Күн тәртібінің негізгі мерзімдік межесіне – 2030 жылға дейін бес жыл қалды. Күн тәртібіндегі ТДМ 17 елеулі бөлігі – әлемдегі әрбір баланың әл-ауқатын қамтамасыз етуге бағытталған.

Бұл жаһандық бастама әлем елдерін келесі бағыттарда күш-жігерін жандандыруға ынталандырды: әрбір балаға бақытты балалық шақты қамтамасыз ету, физикалық және эмоционалдық тұрғыдан толыққанды саулықты қалыптастыру, сапалы білімге қолжетімділікті арттыру, зорлық-зомбылық пен кемсітуден қорғау, лайықты өмір сүру деңгейіне қол жеткізу, сондай-ақ қоғамға табысты әлеуметтену мүмкіндігін жасау.

2024 жыл – БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясының қабылданғанына 35 жыл толуы – айрықша маңызды тарихи дата. Бұл жыл Қазақстан үшін де ерекше кезең, себебі еліміз аталмыш халықаралық құжатты ратификациялағанына 30 жыл толды. Осы маңызды мерейтой аясында «Бала құқықтары туралы конвенцияға хабарламалар рәсіміне қатысты факультативтік хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы ресми түрде күшіне енді.

Бұл жыл – еліміздің балалық шақ институтын нығайту жөніндегі ұзақ мерзімді жұмысының символы. Ол Қазақстанның халықаралық стандарттарға адалдығын растап, әрбір балаға лайықты және қауіпсіз балалық шақты, жан-жақты даму мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге деген ұмтылысын көрсетеді.

Қазақстандағы әрбір баланың қамқорлық пен қауіпсіздік жағдайында, өз болашағына сенімділік атмосферасында өсуін қамтамасыз ету – балалардың конституциялық құқықтарын нығайту, заңнаманы жетілдіру және құқықтық қорғаудың тиімді реттеуші тетіктерін енгізу арқылы нақты дәлелденіп отыр.

2024 жылы тек бір ғана білім беру саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасының 6 заңына 94 түзету енгізді. Балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың кез келген түрі үшін жауапкершілікті күшейтетін нормалар қабылданды.

Ел Үкіметі Балалардың әл-ауқаты негізгі аспектілерін дамытуға және жақсартуға бағытталған 18 қаулы қабылдады. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік органдары балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету мәселелері бойынша 80-нен астам нормативтік құқықтық актілерді әзірледі.

Әрбір нормативтік құқықтық құжат балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауда кешенді әрі теңгерімді көзқарасты қамтамасыз етеді.

Балалық шақты қорғау Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі стратегиялық басымдығы ретінде белгіленген. Қазіргі таңда қазақстандық отбасылар баланың туылуынан бастап ересек өмірге қадам басуына дейінгі әрбір кезеңде мемлекеттің қолдауына сенім арта алады. 2022 жылдың қыркүйегінде Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев өзінің Қазақстан халқына Жолдауында болашақ ұрпақтың әл-ауқатын арттыруға, жастардың білім алуын табысты

бастау және қолдау үшін жағдай жасауға бағытталған «Ұлттық қор – балаларға» жобасының бастамашысы болды.

Осы бағдарлама аясында 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап 18 жасқа толмаған қазақстандық балаларға туған кезде автоматты түрде ашылған дербес шоттарға Ұлттық қордың инвестициялық табысының 50% аударылады. 2024 жылы әр балаға 100,52 АҚШ доллары көлемінде қаражат есептелді.

Жалпы, 2024 жылы Қазақстанда балалардың хал-ахуалын қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясат төрт басым бағыт бойынша мақсатты әрі кешенді түрде жүргізілді: заңнаманы жетілдіру, әлеуметтік және институционалдық инфрақұрылымды нығайту, ата-аналардың, үкіметтік емес ұйымдардың және азаматтық қоғамның белсенді қатысуымен ауқымды бағдарламаларды іске асыру, балалардың денсаулығын сақтау, психологиялық білім беру және психологиялық қолдау көрсету.

KIDSRIGHTS Index

KidsRights Foundation in cooperation with

Erasmus School of Economics

International Institute of Social Studies



«KidsRightsIndex 2024» индексі бойынша Қазақстанның халықаралық деңгейдегі оң динамикасы байқалады. 2024 жылы «KidsRights Foundation» қорының балалар құқықтары индексіне қатысатын елдердің саны 194 -ке дейін өсті (2023 жылы – 184 ел).

ANNEX 6: THE KIDSRIGHTS INDEX SCORETABLE 2024

Overall Rank	Countries/194	Overall score	Life	Health	Education	Protection	Child Rights Environment	Missing values of 20 indicators
1	Luxembourg	0,885	0,963	0,991	0,804	0,993	0,714	2
2	Iceland	0,884	0,964	0,969	1,000	0,989	0,583	3
3	Greece	0,878	0,934	0,993	1,000	0,984	0,571	2
4	Germany	0,874	0,941	0,992	0,946	0,990	0,583	2
5	Thailand	0,867	0,901	0,944	0,840	0,916	0,750	2
6	Slovenia	0,861	0,945	0,984	0,897	0,994	0,571	2
7	Finland	0,859	0,958	0,983	1,000	0,992	0,500	3
8	Belgium	0,858	0,951	0,986	1,000	0,990	0,500	2
9	Denmark	0,858	0,948	0,987	1,000	0,996	0,500	4
10	Austria	0,854	0,950	0,987	0,841	0,988	0,583	3
11	Norway	0,854	0,971	0,983	0,954	0,996	0,500	2
12	Latvia	0,845	0,866	0,967	0,823	0,971	0,643	1
13	Portugal	0,843	0,944	0,992	0,922	0,986	0,500	2
14	Czechia	0,841	0,914	0,993	0,832	0,977	0,571	2
15	Republic of Korea	0,835	0,972	0,993	0,862		0,583	3
16	Italy	0,834	0,965	0,983	0,858	0,991	0,500	2
17	France	0,826	0,956	0,978	0,835	0,985	0,500	3
18	Monaco	0,824	0,995	0,963		0,000	0,583	8
19	Netherlands	0,823	0,950	0,958	1,000	0,996	0,417	3
20	Qatar	0,817	0,921	1,000	0,577	0,980	0,700	4
21	Kazakhstan	0,816	0,806	0,962	0,842	0,950	0,583	2
22	Japan	0,813	0,986	0,997	0,847	0,994	0,429	2
23	Uruguay	0,81	0,878	0,977	0,781	0,912	0,571	0
24	Andorra	0,809	0,912	0,997			0,583	8
25	Malta	0,809	0,966	0,990	0,865	0,976	0,429	2
26	Ukraine	0,804	0,834	0,875	0,832	0,950	0,583	2
27	Estonia	0,802	0,910	0,955	0,777	0,981	0,500	2
28	Egypt	0,797	0,788	0,937	0,765	0,886	0,643	0
29	Bahrain	0,793	0,909	1,000	0,835	0,967	0,429	2
30	Bulgaria	0,793	0,844	0,931	0,742	0,921	0,583	2
31	Serbia	0,792	0,869	0,926	0,728	0,911	0,583	1
32	Switzerland	0,792	0,973	0,990	0,907	0,997	0,357	2
33	Turkmenistan	0,791	0,716	0,978	0,714	0,962	0,643	0
34	Antigua and Barbuda	0,79	0,907	0,982	0,654	0,000	0,667	4
35	Singapore	0,789	0,965	0,990	0,900	0,996	0,357	2
36	Barbados	0,788	0,876	0,938	0,603	0,918	0,667	2
37	Peru	0,787	0,810	0,844	0,838	0,821	0,643	0
38	Cuba	0,784	0,858	0,943	0,719	0,891	0,571	1
39	Montenegro	0,784	0,901	0,800	0,774	0,930	0,571	0
40	Liechtenstein	0,782	0,877	1,000	0,717	0,000	0,667	7

Сонымен қатар, еліміздің позициясы тұрақты оң үрдісті көрсетеді. Қазақстан 0,816 индексімен әлемнің үздік 30 елінің қатарына кіреді, бұл Катар (0,817) және Жапония (0,813) елдерінің нәтижелерімен шамалас. «Өмір» блогі бойынша индекс – 0,806, «Денсаулық» – 0,962, «Білім» – 0,842, «Қауіпсіздік» – 0,950, «Бала құқықтарына қолайлы жағдай жасау» – 0,583 құрайды.

https://files.kidsrights.org/wp-content/uploads/2024/07/16235058/KidsRights-Index-2024-Overall-Score.pdf

Қазақстан Республикасындағы балалардың 2024 жылғы жағдайы

туралы баяндамада балалардың әл-ауқатын анықтайтын барлық негізгі аспектілер бойынша Қазақстандағы Балалардың хал-ахуалы индексінің көрсеткіштері берілді, оған денсаулық және білім, табыс пен жұмыспен қамту, ата-аналардың қатысуы және азаматтық белсенділік, экология мен тұрғын үй жағдайы, жеке қауіпсіздік және субъективті әл-ауқат кіреді.

Өскелең ұрпаққа қатысты әлеуметтік әділдік факторлары мен теріс үрдістерді жеңу үшін жедел шаралар қабылдау мәселесіне басымдық берілді.

Өткен жылдардағы көрсеткіштерді мұқият талдау елдегі балалар мен жасөспірімдердің әлі күнге дейін кездесіп жүрген мәселелерін шешуге бағытталған даму бағыттарын анықтауға мүмкіндік берді.

Бұл – елдің әр аймағындағы балалық кезеңге қатысты прогресті дәлірек көрсететін жан-жақты көрініс.

2024 жылдың қорытындысы бойынша ұсынылған материал — мемлекеттік органдардан бастап ата-аналар қауымдастығына дейінгі барлық мүдделі тараптар үшін маңызды анықтамалық құрал болып табылады. Бұл құжат еліміздің қол жеткізген жетістіктерін бағалауға және әрбір баланың өмір сүру сапасын жақсарту жолындағы шешімді қажет ететін мәселелерді анықтауға арналған құрал қызметін атқарады.

Ортақ түсіністік негізінде тиімдірек шешімдер қабылдап, әрбір бала өз әлеуетін жүзеге асырып, өзін құнды сезінетін қауіпсіз және қолдаушы ортаны құру үшін күштерді біріктіруге мүмкіндік туады.

Балалардың әл-ауқаты стратегиясын іске асырудың жүйелілігі мен тиімділігі Қазақстанның тұрақты дамуының шешуші факторы мен негізі болады.

Қазақстан Республикасындағы балалардың жағдайы туралы Мемлекеттік баяндамасында Қазақстандағы балалардың жағдайы жан-жақты талданады. Балалардың әл-ауқаты деңгейі мен олардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған ұлттық саясаттың тиімділігі бағаланады.

Баяндаманың негізі уәкілетті мемлекеттік органдар жинаған ресми статистикалық деректерден тұрады. Сондай-ақ, Қазақстандағы негізгі балалар құқықтарының іске асырылуына қатысты әлеуметтік зерттеу нәтижелері мен Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының Ақпараттық-есептеу ортасының деректері пайдаланылған.

Баяндамада әлеуметтік зерттеу нәтижелері көрсетілген, оның барысында балаларға қатысты әлеуметтік және қаржылық мәселелер анықталды. Сондай-ақ, баяндамада осы мәселелерді шешу жолдары сипатталып, балалар жағдайын жақсартуда елеулі жетістіктерге қол жеткізген өңірлердің мысалдары келтірілген.

Бұл құжат балалармен жұмыс істейтін мамандарға, түрлі министрліктер мен ведомстволарға, Қазақстандағы үкіметтік емес ұйымдарға, халықаралық сарапшыларға, БАҚ-қа, ата-аналар қауымдастығына және басқа да мүдделі тараптарға жағдайды жақсарту мақсатында арналған.

1– БӨЛІМ. «БАЛА»

Бала — адамзаттың ең қымбат қазынасы. Ол тек өз ата-анасының ғана емес, бүтін халықтың болашағы.

Абай Құнанбаев

Балалар – Қазақстанның стратегиялық ресурсы әрі болашағы.

Жас ұрпақтың өмір сүру сапасының деңгейі – әлеуметтік тұрақтылық пен мемлекеттік басқару жүйесінің, әсіресе денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қорғау және сот төрелігі салаларының тиімділігінің маңызды көрсеткіші болып табылады. Қазіргі жаһандық сын-қатерлер мен өзгерістер жағдайында мемлекет әрбір балаға лайықты өмір сүру, жан-жақты дамып, өз әлеуетін толық жүзеге асыру үшін тең және әділ мүмкіндіктермен қамтамасыз етуге міндетті.

Балалар әл-ауқатына қатысты ұлттық көрсеткіштер ЭЫДҰ көпдеңгейлі тәсіліне сәйкес келеді және денсаулық пен қауіпсіздік, балалар мен жасөспірімдердің белсенді әлеуметтік ортаға қатысуы мен араласуы, сондай-ақ өмірге қанағаттану сияқты негізгі аспектілерді қамтиды.

Осы Баяндаманың «Бала» атты бірінші бөлімі еліміздегі балалардың қазіргі жағдайын жан-жақты бағалауға мүмкіндік беретін негізгі әлеуметтік-демографиялық және медициналық-әлеуметтік көрсеткіштер кешеніне жүргізілген салыстырмалы талдауды ұсынады. Бұл – балалардың денсаулығы мен өмір сүру сапасының көрсеткіштері, мінез-құлықтық және жұқпалы емес аурулардың таралуы, сапалы білімге қол жеткізуге әсер ететін сыртқы факторлар, социологиялық сауалнамаға қатысқан респонденттердің бағалаулары.

Талдамалы ақпарат баланың әл-ауқатына қатысты негізгі көрсеткіштер негізінде құрылымдалған. Зерттеу нәтижелері басқарушылық шешімдер қабылдау үшін маңызды болып табылатын балалардың өмір сүру сапасының түрлі аспектілері контекстінде ұсынылады.

Бөлім материалдарын дайындау барысында ЭЫДҰ, БҰҰ, ЮНИСЕФ сияқты халықаралық ұйымдардың ақпараттық базалары зерттелді.

Балалардың хал-ахуалы индексінің көрсеткіштерінің өзара байланысы мен тәуелділігі ескеріліп, терең талдау жүргізілді. Динамикалық қатар 2024 жылы мемлекеттік органдар ұсынған тіркелген статистикалық деректерге әсер ететін негізгі факторлардың ықпалы түрінде ұсынылған.

Салыстырмалы талдау халықаралық есептер мен талдамалы материалдарға сілтемелер арқылы толықтырылған. Бұл материалдар сарапшылар қауымдастығының ғылыми негізделген, қазіргі жағдайға және болашаққа бағытталған болжамдарын да қамтиды.

Сапалы мазмұн балалар мен жасөспірімдер арасында болып жатқан терең әлеуметтік-психологиялық және мінез-құлықтық үдерістерге ерекше назар аударуды көздейді. Бөлімнің соңында балалар құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету мәселелерінде әрі қарай тиімді әрекеттер мен шараларды қабылдау үшін қорытындылар мен нақты ұсыныстар берілген.

Демографиялық көрсеткіштер

Жасөспірімдер мен жастардың әлеуметтік-демографиялық профилі – балалар құқықтарын қорғаудың өзекті мәселелерімен және тиімді мемлекеттік саясатты қалыптастырумен байланысты қажеттіліктерді, қауіптерді және мүмкіндіктерді түсінудің негізгі аналитикалық құралы.

Демографиялық көрсеткіштерді талдау төрт негізгі аспектіні айқындауға мүмкіндік береді.

1. Балалар мен жасөспірімдердің осал топтарын анықтау (әлеуметтік осал топтардың/ауылдық, елді мекендердің балалары, ерекше

білім алуды қажет ететін балалар; білімге, денсаулық сақтауға, әлеуметтік қолдауға қол жеткізудегі аймақтық айырмашылықтар; балалар құқықтарының бұзылуын нақты анықтау (бала еңбегін қанау, зорлық-зомбылық және т.б.).

2. Мақсатты бағдарламаларды негіздеу (елдегі жасөспірімдер мен жастар туралы олардың тұрмыс жағдайы мен орналасу орнына қарай жіктелген статистикалық мәліметтер). Бұл тиімді әлеуметтік-құқықтық бағдарламаларды әзірлеуге және бағыттауға, ресурстарды ұтымды бөлуге, жастардың нақты қажеттіліктерін көрсететін заңнамалық бастамаларды қалыптастыруға көмектеседі.

3. Тәуекелдерді болжау (жастардың жұмыссыздық деңгейі, білімі, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық, еңбекке қатысу көрсеткіштері және т.б.). Бұл балалар құқықтарының бұзылу қаупін анықтауға, проблемалардың алдын алуға және олар анықталғаннан кейін әрекет етуге жағдай жасайды.

4. Прогресті бақылау (әлеуметтік-демографиялық деректер, балалар құқығын қорғаудың тиімділігі). Бұл динамикалық көрсеткіштерді салыстыруға, басқару шешімдерін қабылдау үшін аналитикалық ақпаратты құруға мүмкіндік береді.

Осылайша, жасөспірімдер мен жастардың әлеуметтік-демографиялық сипаттамасы балалардың құқықтарын қорғау мәселелерінде әділ, нақты және тиімді әрекеттерді жүзеге асырудың негізі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросының (ҰСБ) мәліметтері бойынша, 2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдайға сәйкес, еліміздегі халық саны 20 286 084 адамды құрады. Халықтың жас құрылымында 15–64 жас аралығындағы азаматтар басым – олардың үлесі жалпы халық санының 62%-ын құрайды. Туу коэффициенті әрбір 1000 тұрғынға шаққанда 17,2 нәресте туылғанын көрсетеді. Балалар арасындағы жыныстық арақатынас – ер балалар мен қыз балалардың жалпы үлесі шамамен 1,06 деңгейінде, яғни ер балалардың үлесі аздап басым. Орташа өмір сүру ұзақтығы 74,5 жасты құрайды. Қазақстан салыстырмалы түрде жас ел, орташа жас ~ 30 жас, қарқынды өсу және урбанизация процесі аяқталмаған.

ҰСБ деректеріне сәйкес, 2011–2024 жылдар аралығында Қазақстанда 18 жасқа дейінгі балалар саны 1,9 миллион адамға немесе шамамен 36%-ға артқан. (1.1. кесте).

1.1.-КЕСТЕ. 0-18 ЖАС АРАЛЫҒЫНДАҒЫ БАЛАЛАР САНЫ, АДАМ

Көрсеткіш	2011 жыл	2024 жыл	Өзгеріс (2011–2024)
18 жасқа дейінгі балалар саны	**≈ 5,0 млн адам**	**6,9 миллион адам**	**+1,9 миллион адам**
Халықтың жалпы санындағы балалардың үлесі	**~30%**	**~33%**	**+3% (шамамен)**
Салыстырмалы өсу	—	—	**≈ +36%**

Деректер көзі: ҚР СЖжРА ҰСБ

2024 жылы елімізде 18 жасқа дейінгі балалардың жалпы саны 61 047 адамға (+0,89%) артты. Көрсеткіштің ең көп өсімі Астана қаласында (+35 089 адам) тіркелді. Алматы мен Шымкент қалаларында да бала санының тұрақты өсімі байқалады. Бұл ірі қалаларға жас отбасылардың көшуі мен урбанизация процесінің жалғасып жатқанын көрсетеді.

Сонымен қатар, кейбір өңірлерде кері динамика байқалды. Балалар санының ең көп қысқаруы келесі облыстарда тіркелді: Жамбыл (-3,390), Қостанай (-3 110), Солтүстік Қазақстан (-3 040) облыстары(1.2 кесте).

1.2.-КЕСТЕ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ 18 ЖАСҚА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ЖАЛПЫ САНЫ, АДАМ

№	**Аймақ**	**2023**	**2024**	**Динамика**
	ҚР	**6 841 445**	**6 902 492**	**+61 047**
1	Абай	188 315	186 139	-2 176
2	Ақмола	223 499	221 710	-1 789
3	Ақтөбе	330 877	334 587	+3 710
4	Алматы	556 077	564 925	+8 848
5	Атырау	274 688	275 839	+1 151
6	Шығыс Қазақстан	182 707	181 266	-1 441
7	Жамбыл	465 492	462 102	-3 390
8	Жетісу	245 056	242 442	-2 614
9	Батыс Қазақстан	217 427	218 247	+820
10	Қарағанды	317 099	314 792	-2 307
11	Қостанай	206 584	203 474	-3 110
12	Қызылорда	335 399	335 907	+508
13	Маңғыстау	329 617	335 760	+6 143
14	Павлодар	205 031	202 589	-2 442
15	Солтүстік Қазақстан	126 424	123 384	-3 040
16	Түркістан	927 106	926 813	-293
17	Ұлытау	75 508	75 427	-81
18	Астана қаласы	472 084	507 173	+35 089
19	Алматы қаласы	665 429	679 872	+14 443
20	Шымкент қаласы	497 026	510 044	+13 018

Деректер көзі: ҚР СЖжРА ҰСБ

2018–2024 жылдар аралығында қала және ауыл халқы бойынша балалар санының өсу қарқыны мен олардың халықтың жалпы санындағы үлесіне жүргізілген талдау төмендегідей нәтижелерді көрсетті.

Балалар санының өсу қарқыны тұрақты түрде жоғары деңгейде сақталуда: 2018–2020 жылдары 102,8%-дан басталып, 2023 жылы 103,5%-ға жетіп, 2024 жылы аздап төмендеп, 101,5%-ды құрады. Сонымен қатар, балалардың жалпы халық санындағы үлесі де артқан: 2018 жылы 31,9%-дан 2023–2024 жылдары 34,1%-ға дейін өскен.

Қалаларда балалар санының өсу қарқыны айтарлықтай жоғары, 2023 108,6%-ға жетіп, ең жоғары мәнге ие болды. Балалар үлесі 2018 жылдан бастап үздіксіз өсіп, 2024 жылы 32,8%-ға жетті.

Ауылдардағы бала санының өсу қарқыны айтарлықтай төмен. Жылдар бойындағы өзгерістер шамалы, бұл ауылдардағы балалар санының тұрақты екенін көрсетеді. Алайда ауыл халқының ішіндегі балалар үлесі жоғары (2024 жылы 36,4%-ға дейін). Бұл ауылдық жерлерде туу деңгейінің салыстырмалы түрде сақталуын және жалпы тұрғын құрылымында жастардың басымдығын көрсетеді(1.3 кесте).

1.3-КЕСТЕ. БАЛАЛАР САНЫНЫҢ ӨСУ ҚАРҚЫНЫ, %

Жыл басындағы балалар санының өсу қарқыны, %							
	2018	**2019**	**2020**	**2021**	**2022**	**2023**	**2024**
Балалар санының өсу қарқыны	102,8	102,8	102,8	103,0	103,0	103,5	101,5
Халықтың жалпы санындағы балалардың үлесі	31,9	32,3	32,8	33,3	33,5	34,1	34,1
Қала							
Балалар санының өсу қарқыны	103,6	104,6	104,4	104,2	103,7	108,6	102,3
Халықтың жалпы санындағы балалардың үлесі	25,05	30,05	31,01	31,08	32,4	32,7	32,8
Ауыл							
Балалар санының өсу қарқыны	102	100,6	100,8	101,5	102,1	101,4	100,5
Халықтың жалпы санындағы балалардың үлесі	34,5	34,5	35,2	35,6	36,2	36,3	36,4

Деректер көзі: ҚР СЖжРА ҰСБ

2024 жылғы статистикалық деректерге сәйкес, Қазақстандағы балалардың жалпы құрылымында ұлдар үлесі – 51,4%, қыздар үлесі – 48,6%-ды құрайды. Бұл шамамен 106 ұл балаға 100 қыз баладан келеді, яғни ер балалардың үлесі басым. Мұндай жыныстық арақатынас – табиғи биологиялық теңгерімсіздіктің көрінісі болып табылады және бұл құбылыс әлемнің көптеген елдеріне тән. Ұлдар саны басым облыстар – Абай, Ақтөбе, Қызылорда, Батыс Қазақстан, Түркістан облыстары. Бұл ретте, Абай ауданында 111 ұл балаға 100 қыз баладан келеді. Шымкент қаласы мен Ұлытау облысының көрсеткіштері барынша теңгерілген. Жалпы алғанда, республика бойынша ұлдар мен қыздардың арақатынасы қалыпты физиологиялық нормалар шегінде (1.4-кесте).

1.4-КЕСТЕ. ОБЛЫСТАР БОЙЫНША БАЛА ХАЛҚЫ ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ 18 ЖАСҚА ДЕЙІНГІ ҰЛДАР МЕН ҚЫЗДАРДЫҢ АРАҚАТЫНАСЫ, 2024 Ж.

№	Аймақ	Ұлдар	Қыздар	Қатынас
	ҚР	**3 550 905**	**3 351 587**	**1.06**
1	Абай	96 243	86 896	1.11
2	Ақмола	113 298	108 412	1.05
3	Ақтөбе	172 602	161 985	1.07
4	Алматы	290 586	274 339	1.06
5	Атырау	142 048	133 791	1.06
6	Шығыс Қазақстан	93 424	87 842	1.06
7	Жамбыл	237 468	224 634	1.06
8	Жетісу	124 394	118 048	1.05
9	Батыс Қазақстан	112 581	105 666	1.07
10	Қарағанды	162 051	152 741	1.06
11	Қостанай	104 460	99 014	1.06
12	Қызылорда	173 697	162 210	1.07
13	Маңғыстау	173 099	162 751	1.06
14	Павлодар	104 121	98 848	1.05
15	Солтүстік Қазақстан	63 497	59 887	1.06
16	Түркістан	479 688	447 125	1.07
17	Ұлытау	38 507	36 920	1.04
18	Астана қаласы	261 369	245 804	1.06
19	Алматы қаласы	349 291	330 591	1.06
20	Шымкент қаласы	258 581	251 463	1.03

Деректер көзі: ҚР СЖжРА ҰСБ

Балалардың қала және ауыл бойынша орналасуына талдау келесі тенденцияларды анықтады. 18 жасқа дейінгі балалардың басым бөлігі қалаларда тұрады (61%). Бұл елде жүріп жатқан урбанизация процесін көрсетеді (1.5-кесте).

Түркістан және Алматы облыстары сияқты ауылдық елді мекендер тығыз шоғырланған өңірлерде балалардың басым бөлігі ауылдық жерлерде тұрады. Қалалық балалар саны ең көп тіркелген өңір — Қарағанды облысы (4,12).

1.5-КЕСТЕ. БАЛАЛАРДЫҢ ЖАЛПЫ САНЫ: АУЫЛ, ҚАЛА, ХАЛЫҚ, 2024

№	**Аймақ**	**Қала**	**Ауыл**	**Қатынас**
	ҚР	**4 186 963**	**2 715 529**	**1.54**
1	Абай	115 373	70 766	1.63
2	Ақмола	127 515	94 195	1.35
3	Ақтөбе	251 439	83 148	3.02
4	Алматы	109 535	455 390	0.24
5	Атырау	151 233	124 606	1.21
6	Шығыс Қазақстан	119 296	61 970	1.92
7	Жамбыл	196 889	265 213	0.74
8	Жетісу	109 049	133 393	0.82
9	Батыс Қазақстан	123 991	94 256	1.32
10	Қарағанды	253 316	61 476	4.12
11	Қостанай	126 848	76 626	1.66
12	Қызылорда	159 253	176 654	0.90
13	Маңғыстау	150 838	184 922	0.82
14	Павлодар	137 302	65 287	2.10
15	Солтүстік Қазақстан	59 295	64 089	0.93
16	Түркістан	239 302	687 511	0.35
17	Ұлытау	59 400	16 027	3.71
18	Астана қаласы	507 173	0	–
19	Алматы қаласы	679 872	0	–
20	Шымкент қаласы	510 044	0	–

Деректер көзі: ҚР СЖжРА ҰСБ

Осылайша, ұсынылған әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштерге жүргізілген кешенді талдау келесі негізгі тұжырымдарды қорытындылауға мүмкіндік берді.

Демографиялық динамика. Қалаларда бала санының өсуі көші-қонмен және табиғи өсіммен байланысты.

Урбанизация – қазіргі заманның негізгі әлеуметтік-демографиялық тенденциясы. Халықтың қалаларда шоғырлану үрдісі тұрақты сипатқа ие.

Аймақтық айырмашылықтар. Өнеркәсібі дамыған және ірі әкімшілік орталықтары бар аймақтарда қала балаларының үлесі айтарлықтай жоғары.

Инфрақұрылымның және әлеуметтік-экономикалық факторлардың әсері. Сапалы білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтерге қолжетімділік – жас отбасылардың қалаға көшуіне және қалалық халықтың өсуіне ықпал ететін басты факторлар.

Саясат және жоспарлау. Қалаларға көші-қон қозғалысын азайту еліміздің ауылдық аймақтардың әлеуетін арттыру арқылы жүзеге асуы мүмкін.

1. 1000 балаға шаққанда 5 жасқа дейін қайтыс болған балалар саны

Қазақстанда балалар мен сәбилер өлімінің тұрақты түрде төмендетуге қол жеткізу – қоғамның әл-ауқаты мен денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін көрсететін негізгі индикаторлардың бірі болып табылады.

2000 жылдан бастап 5 жасқа дейінгі балалар өлімінің жалпы көрсеткішінің 2 есеге төмендеуінің оң үрдісі байқалады. 1000 туылғанға шаққандағы көрсеткіш 24,96-дан 9,30-ға дейін төмендеді.

Ұл балалар арасындағы өлім көрсеткіші жоғары. 5 жасқа дейінгі балалар өлімінің шарықтау шегі 2010 жылға тиесілі. 2021 жылдан бастап көрсеткіштің төмендеуінің оң динамикасы байқалады, бұл елімізде ана мен баланы қорғау жүйесін нығайтуға бағытталған мақсатты саясаттың жақсарып келе жатқанын білдіреді. Басым бағыттар ретінде педиатриялық көмек көрсету жүйесін жетілдіру, емдеу және диагностиканың жаңа әдістерін енгізу, жұқпалы аурулардың алдын алу, балаларды толыққанды әрі теңдестірілген тамақтандыруды қамтамасыз ету, сондай-ақ ата-аналардың балалардың денсаулығы, аурулардың алдын алу және салауатты өмір салты туралы білім деңгейін көтеруге бағытталған ауқымды ақпараттық-ғылыми кампанияларды өткізу белгіленді.

1.6-КЕСТЕ. 5 ЖАСҚА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАР ӨЛІМІНІҢ ДИНАМИКАСЫ, АДАМДАР

	5 жасқа дейінгі қайтыс болған балалар саны, адам саны			1000 туылғанға шаққандағы 5 жасқа дейінгі қайтыс болған балалар саны		
Жылдар	жалпы	ұлдар	қыздар	жалпы	ұлдар	қыздар
2000	5 540	3 211	2 329	24,96	28,23	21,25
2005	5 252	2 990	2 262	18,83	20,84	16,7
2010	7 190	4 117	3 073	19,55	21,76	17,21
2015	4 797	2 741	2 056	12,04	13,35	10,64
2016	4 325	2 496	1 829	10,79	12,04	9,45
2017	3 997	2 269	1 728	10,24	11,25	9,17
2018	4 021	2 388	1 633	10,11	11,64	8,48
2019	4 300	2 503	1 797	10,69	12,03	9,25
2020	4 016	2 314	1 702	9,41	10,48	8,26
2021	4 485	2 510	1 975	10,04	10,9	9,13
2022	3 989	2 274	1 715	9,88	10,93	8,76
2023	3 894	2 255	1 639	10,03	11,24	8,72
2024	3 404	1 908	1 496	9,30	10,10	8,45

Деректер көзі: ҚР СЖжРА ҰСБ

Сәби өлімінің тұрақты түрде төмендеуіне ЖАО-ның жүйелі жұмысы ықпал етті. 2024 жылы 20 өңірдің 12-сінде нәресте өлімінің төмендеуі тіркелді.

Өлім-жітім айтарлықтай төмендеген өңірлер - Шымкент қаласы (-3,28) және Шығыс Қазақстан облысы (-2,17) болды. Астана (6,52) және Шымкент қалалары (7,12) 2024 жылы өлім-жітім деңгейі ең төмен өңірлер болып табылады. Аталған оң нәтижелер ең алдымен дамыған медициналық инфрақұрылымның тиімді жұмыс істеуімен, сондай-ақ білікті медициналық кадрлар әлеуетінің жоғары болуымен тікелей байланысты.

2024 жылы 2023 жылмен салыстырғанда өлім көрсеткішінің өсуі Ұлытау (+1,66), Абай (+0,68), Қарағанды (+0,55), Жамбыл (+0,49), Қостанай (+0,44), Ақтөбе (+0,44), Ақмола (+0,08), Павлодар (+0,07) облыстарында тіркелді (1.7 кесте).

Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы облыстағы нәресте өлімінің жоғары болуын (12,04) жүкті әйелдер денсаулығының төмендігімен, туа біткен ақауларды дер кезінде анықтағанымен жүктілікті тоқтатудан бас тарту жағдайларының көбеюімен, сондай-ақ отбасын жоспарлаудың төмендігімен түсіндіреді.

https://www.inform.kz/ru/visokaya-mladencheskaya-smertnost-v-aktyubinskoy-oblasti-vrachi-raskritikovali-rozhenits-bf1f8a

2024 жылы Ұлытау облысында ең жоғары өлім-жітім коэффициенті

(11,66) білікті мамандардың тапшылығымен (неонатологтер, акушер-гинекологтер, реаниматологтер, кардиологтер, нефрологтер, гематологтер, эндокринологтер, ультрадыбыстық мамандар) байланыстырылады. Өңір үшін облыстық балалар клиникалық ауруханасын ашу қажеттігі өзекті болып қалуда.

(https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/tihiy-ujas-pochemu-jezkazgane-umirayut-mladentsyi-otpravili-535871/)

1.7-КЕСТЕ. 1000 БАЛАҒА ШАҚҚАНДА 5 ЖАСҚА ДЕЙІН ҚАЙТЫС БОЛҒАН БАЛАЛАР САНЫ

№	**Аймақ**	**2023**	**2024**	**Динамика**
	ҚР	**10,03**	**9,30**	**-0,73**
1	Абай	8,1	8,78	0,68
2	Ақмола	8,5	8,58	0,08
3	Ақтөбе	11,6	12,04	0,44
4	Алматы	11,3	10,47	-0,83
5	Атырау	10,6	9,05	-1,55
6	Шығыс Қазақстан	9,5	7,33	-2,17
7	Жамбыл	10,3	10,79	0,49
8	Жетісу	11,3	10,97	-0,33
9	Батыс Қазақстан	9,7	9,19	-0,51
10	Қарағанды	8,1	8,65	0,55
11	Қостанай	10,8	11,24	0,44
12	Қызылорда	11,4	11,3	-0,1
13	Маңғыстау	10,9	9,21	-1,69
14	Павлодар	9,3	9,37	0,07
15	Солтүстік Қазақстан	11,5	9,64	-1,86
16	Түркістан	11,1	10,14	-0,96
17	Ұлытау	10,0	11,66	1,66
18	Астана қаласы	7,6	6,52	-1,08
19	Алматы қаласы	7,8	7,42	-0,38
20	Шымкент қаласы	10,4	7,12	-3,28

Деректер көзі: ҚР СЖжРА ҰСБ

2024 жылы республика бойынша 5 жасқа дейінгі қайтыс болған балалардың жалпы саны 3404 болды. Ұлдар арасындағы өлім (56%) қыздарға қарағанда жоғары. Бұл арақатынас қалада да, ауылда да сақталады. Мұндай жағдайдың ең көп саны Түркістан облысында (542) тіркелді.

Елді мекен түрі бойынша қалалық жерлерде 5 жасқа дейінгі балалар өлімінің көрсеткіші – 348 жағдай. Өлім-жітімнің ең жоғары көрсеткіші оңтүстік облыстарда және халық тығыздығы жоғары ірі қалаларда тіркелді. Ауру ең көп тіркелген облыстар – Түркістан (542, оның ішінде 431-і ауылдық жерде), Алматы (329, оның ішінде 261-і ауылдық жерлерде), Жамбыл (261, оның ішінде 140-ы ауылдық жерлерде), Қызылорда (209, оның ішінде 118-і ауылдық жерлерде) облыстары, Алматы қаласы (255) және Шымкент қаласы (208-і) (1.8 кесте).

Барлық аймақтарда ұлдар арасындағы өлім-жітім қыздарға қарағанда жоғары, бұл жаһандық трендке сәйкес келеді – ұлдар ерте ауруларға, жарақаттарға, перинаталды және жұқпалы қауіптерге анағұрлым бейім келеді.

Жалпы алғанда, салыстырмалы талдау тәуекелдердің аймақтық карталарын және алдын алу шараларын қабылдау стратегияларын әзірлеу қажеттілігін көрсетеді; жоғары сапалы алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсетуге баса назар аударатын алдын алу бағдарламалары, ата-аналарға арналған білім беру бағдарламалары және балалардың денсаулық жағдайын жақсарту өзекті болып табылады.

БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫНЫҢ ҮШ ДЕҢГЕЙІ

Өңірлер әл-ауқат деңгейіне
байланысты үш топқа бөлінеді:

Жоғары	Орташа	Төмен
75-100	**50-74**	**0-49**
балл	балл	балл

2024 жылы Қазақстанның 19 өңірі балалар әл-ауқаты Индексі бойынша орта деңгейге жатқызылды.

Алматы облысы – төмен деңгейге (48,2) кірді.

1.8-КЕСТЕ. 2024 ЖЫЛЫ 5 ЖАСҚА ДЕЙІНГІ ҚАЙТЫС БОЛҒАН БАЛАЛАР САНЫ, АДАМ

Аймақ	Барлығы			Қала			Ауыл		
	Бар-лығы	Ұлд.	Қыз.	Бар-лығы	Ұлд.	Қыз.	Бар-лығы	Ұлд.	Қыз.
ҚР	**3 404**	**1 908**	**1 496**	**1 876**	**1 046**	**830**	**1 528**	**862**	**666**
Абай	83	50	33	52	29	23	31	21	10
Ақмола	86	47	39	49	21	28	37	26	11
Ақтөбе	216	125	91	153	86	67	63	39	24
Алматы	329	188	141	68	40	28	261	148	113
Атырау	136	73	63	73	43	30	63	30	33
Батыс Қа-зақстан	102	55	47	54	30	24	48	25	23
Жамбыл	261	137	124	121	57	64	140	80	60
Жетісу	134	82	52	56	34	22	78	48	30
Қарағанды	133	74	59	103	55	48	30	19	11
Қостанай	102	57	45	61	34	27	41	23	18
Қызылорда	209	119	90	91	54	37	118	65	53
Маңғыстау	178	98	80	67	33	34	111	65	46
Павлодар	85	45	40	61	31	30	24	14	10
Солтүстік Қа-зақстан	49	27	22	26	16	10	23	11	12
Түркістан	542	290	252	111	60	51	431	230	201
Ұлытау	48	26	22	41	22	19	7	4	3
Шығыс Қа-зақстан	62	33	29	40	19	21	22	14	8
Астана қаласы	186	112	74	186	112	74			
Алматы қала-сы	255	150	105	255	150	105			
Шымкент қала-сы	208	120	88	208	120	88			

Деректер көзі: ҚР СЖжРА ҰСБ

Аналар мен балаларға медициналық көмек көрсету сапасын арттыруға бағытталған шаралар кешенін жүзеге асыру 2024 жылы балалар арасындағы өлім-жітім санын айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік берді.

Жүзеге асырылып жатқан «Аналар саулығы» және «Ұрық медицинасы» жобалары балалардың денсаулығына қауіп төндіретін факторларды азайтуға елеулі үлес қосты. Аталған бағдарламалар аясында ел өңірлеріндегі перинаталдық орталықтарда «Бір күндік емханалар» ашылып, жүкті әйелдерге генетикалық ауруларды ерте анықтау және ұрықтың даму ақауларының алдын алу мақсатында скринингтік тексерулерден өтуге мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, әрбір әйел мен балаға сапалы медициналық қызметтердің қолжетімділігі әлі де өзекті мәселе болып табылады. Балалар ауруханалары желісін дамыту, балаларды вакцинациялау және иммундау бағдарламаларын енгізу, балалардағы ауруларды ерте диагностикалау мен алдын алу маңыздылығы туралы халық арасында ақпараттандыруды арттыру, медицина қызметкерлерінің кәсіби деңгейін көтеру, акушерлік қызметте жаңа технологияларды жетілдіру және енгізу қызметтерін жалғастыру қажет.

Денсаулық сақтау жүйесінің сапасын арттыру, перзентханалар мен балалар емханаларында медициналық көмекті жақсарту, сондай-ақ медициналық ұйымдардың материалдық-техникалық базасын нығайту еліміздегі балалар мен сәбилер өлімінің себептерін дер кезінде жоюға елеулі үлес қосады. Тұтастай алғанда, бұл шаралар тұрғылықты жеріне, әлеуметтік және материалдық жағдайына қарамастан, барлық балалардың медициналық көмекке тең және қолжетімді түрде қол жеткізуін қамтамасыз етеді. Әрбір баланың тұратын орны мен отбасының әлеуметтік-экономикалық жағдайына қарамастан, өмір сүруге тең мүмкіндікке ие болуы қажет.

2. 100 мың балаға шаққанда сыртқы себептерден 0-18 жаста қайтыс болған балалардың саны

Халықаралық басылымдар балалар мен жасөспірімдердің сыртқы себептерден өлім-жітімін өмірді қамтамасыз етуге қатысты жаһандық мәселе ретінде атап көрсетеді. Бұл көрсеткіш табысы төмен және орташа елдерде жоғары болып келеді, мұндай елдерде қауіпсіздікке, медициналық көмекке және алдын алу шараларына қолжетімділік шектеулі. Дамыған елдерде мұндай жағдайлар көбінесе психологиялық денсаулық мәселелерімен, жол-көлік оқиғаларымен және зорлық-зомбылықпен байланыстырылады. Қазақстанда балалардың мерзімінен бұрын өлімі халықтың орташа өмір сүру ұзақтығының өсуін тежейтін факторлардың бірі болып қалып отыр.

Екі жылдық деректердің салыстырмалы талдауы сыртқы себептерден 0-18 жас аралығындағы балалардың 100 мың балаға шаққандағы өлім санының (-1,1) төмендегенін көрсетеді. 2024 жылы бұл көрсеткіш 100 мың балаға шаққанда 15,1 жағдайды құрады.

Көрсеткіштің төмендеу динамикасы 12 өңірде байқалады. Айтарлықтай төмендеу Ұлытау облысында (-12,1) тіркелді. Қарағанды (+7,0), Солтүстік Қазақстан (+6,6), Шығыс Қазақстан (+3,8), Батыс Қазақстан (+1,6) облыстарында және Алматы қаласында (+1,3) сыртқы себептерден болатын балалар өлімінің өсуі алаңдатады (1.9-кесте).

1.9-КЕСТЕ. 100 МЫҢ БАЛАҒА ШАҚҚАНДА СЫРТҚЫ СЕБЕПТЕРДЕН 0-18 ЖАСТА ҚАЙТЫС БОЛҒАН БАЛАЛАРДЫҢ САНЫ

№	Аймақ	2023	2024	Динамика
	ҚР	**16,2**	**15,1**	**-1,1**
1	Абай	17,5	15,0	-2,5
2	Ақмола	13,4	14,4	1,0
3	Ақтөбе	19,8	16,8	-3,0
4	Алматы	21,4	20,3	-1,1
5	Атырау	18,7	16,0	-2,7
6	Шығыс Қазақстан	16,4	20,2	3,8
7	Жамбыл	17,2	17,9	0,7
8	Жетісу	22,5	16,8	-5,7
9	Батыс Қазақстан	15,3	13,7	1,6
10	Қарағанды	11,7	18,7	7,0
11	Қостанай	16,4	14,6	-1,8
12	Қызылорда	9,6	10,1	0,5
13	Маңғыстау	13,5	11,7	-1,8
14	Павлодар	15,1	14,7	-0,4
15	Солтүстік Қазақстан	8,6	15,2	6,6
16	Түркістан	21,7	17,5	-4,2
17	Ұлытау	29,3	17,2	-12,1
18	Астана қаласы	13,8	12,3	-1,5
19	Алматы қаласы	7,0	8,3	1,3
20	Шымкент қаласы	15,9	14,3	-1,6

Деректер көзі: ҚР СЖжРА ҰСБ

2000 жылдан 2024 жылға дейінгі кезеңде елімізде 0–18 жас аралығындағы балалар арасындағы жекелеген себептерден болатын өлім-жітім көрсеткіші төмендеу үрдісін көрсетіп отыр: 2000 жылы 4 963 жағдай тіркелсе, 2024 жылы бұл көрсеткіш 2 382 жағдайға дейін төмендеген.

Жалпы оң динамикаға қарамастан, 2022 жылы қан айналымы жүйесі ауруларынан болатын өлім-жітімнің күрт өсуі байқалды (2 074 жағдай), бұл алдыңғы кезеңмен салыстырғанда шамамен 9 есе өсті.

Тыныс алу органдарының ауруларынан (1 707-ден 443-ке дейін), сыртқы себептерден (1 893-тен 1 041-ге дейін) және жұқпалы және паразиттік аурулардан (798-ден 367-ге дейін) болатын жалпы өлім-жітім көрсеткіші едәуір төмендеді. 2024 жылы 18 жасқа дейінгі балалар өлім-жітімінің артуы «Жаңа түзілімдер» және «Тыныс алу органдарының аурулары» жағдайларының көбеюімен байланысты (1.10-кесте).

1.10-КЕСТЕ. ЖЕКЕ СЕБЕПТЕРДЕН 0-18 ЖАС АРАЛЫҒЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ӨЛІМІ, АДАМДАР

Жылдар	Кейбір жұқпалы және паразиттік аурулар	Жаңа түзілімдер	Қан айналым жүйесінің аурулары	Тыныс алу жолдарының аурулары	Асқорыту жүйесінің аурулары	Өлімнің сыртқы себептері	Барлығы
2000	798	248	179	1 707	138	1 893	4 963
2005	304	221	125	919	77	1 741	3 387
2010	308	223	167	784	83	1528	3 093
2015	258	244	185	444	92	1 197	2 420
2016	225	218	154	337	59	1 107	2 100
2017	242	196	168	322	65	1 079	2 072
2018	174	218	214	339	68	1040	2 053
2019	288	206	254	432	69	1 030	2 279
2020	233	193	190	348	63	870	1 897
2021	309	234	241	338	76	932	2 130
2022	370	213	2074	373	75	933	2 171
2023	367	192	220	415	83	1 093	2 178
2024	367	237	221	443	73	1 041	2 382

Деректер көзі: ҚР СЖжРА ҰСБ

Соңғы 19 жылда елімізде 0-14 жас аралығындағы балалар арасында сыртқы себептерден болатын өлім-жітім деңгейі 1,7 есеге төмендеді: 2005 жылы 1228 жағдай тіркелсе, 2024 жылы бұл көрсеткіш 713-ке дейін азайған. Бүкіл кезең бойында негізгі себептер ретінде жол-көлік оқиғалары, суға батып кету және тұншығу жағдайлары тіркеліп отыр – бұл себептер жыл сайын сыртқы факторлардан болатын барлық өлім-жітімнің жартысынан астамын құрайды. Сонымен қатар, суға батып кетуден болатын өлім-жітімнің (280-нен 121-ге дейін) және өз-өзіне қол жұмсау жағдайларының (102-ден 26-ға дейін) айтарлықтай төмендегені байқалады.

Жалпы төмендеу үрдісіне қарамастан, жол-көлік оқиғаларынан болатын өлім-жітім деңгейі жоғары болып қалуда – 2023 жылы ең жоғары көрсеткішке жетті (264 жағдай). Қарастырылып отырған кезеңде балалар халқының жалпы санынан ер балалардың арасында белгісіз ниетпен зақымданудан болатын өлім-жітімнің 2 есеге (43-тен 90-ға дейін) өсуі және кісі өлтіру үлесінің 2024 жылы 4 есеге (20-дан 5-ке дейін) төмендеуі байқалады (1.11-кесте).

1.11-КЕСТЕ. 0-14 ЖАС АРАЛЫҒЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ СЫРТҚЫ ӘСЕРЛЕРДЕН ӨЛІМІ, АДАМДАР САНЫ

Себептер	2005	2010	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022	2023	2024
Сыртқы себептермен өлгендердің жалпы саны	1 228	1 126	926	869	852	804	792	664	694	701	813	713
Оның ішінде:												
көліктің барлық түрлерімен болған келеңсіз жағдайлар	255	258	208	208	180	206	218	161	173	175	264	219
кездейсоқ суға батулар	280	199	185	155	153	138	121	103	136	75	122	121
кездейсоқ тұншығулар	180	224	204	147	148	17	24	12	19	8	113	102
отпен болған жазатайым оқиғалар	48	32	30	46	10	25	32	38	30	42	30	27
алкогольден кездейсоқ уланулар	-	-	1	-	-	2	1	-	-	-	-	-
басқа кездейсоқ уланулар	73	102	45	46	48	41	27	40	18	29	68	31
суицидтер	102	78	44	55	52	59	47	44	44	38	27	26
Ұлдардың жалпы санынан												
кісі өлтіру	20	15	6	7	10	6	3	11	5	21	4	5
белгісіз ниеттермен зақымдану	43	39	42	50	77	35	34	36	78	100	100	90

Деректер көзі: ҚР СЖжРА ҰСБ

Елімізде 18 жасқа дейінгі балалар арасындағы өлім-жітім статистикасы ұлдар мен қыздар арасында елеулі айырмашылықтармен сипатталады. Ер балалар сыртқы себептерден болатын өлім-жітімге жиі ұшырайды. Бұл жағдай бірқатар факторлармен, соның ішінде ұл балалардың белсенді өмір салтымен және мінез-құлқындағы тәуекел деңгейінің жоғары болуымен түсіндіріледі.

Сыртқы себептерден болатын өлімнің ең жоғары көрсеткіші 0 мен 14 жас аралығындағы балалар арасында (-74,3%) тіркелді. Бұл 15-17 жас аралығындағы жасөспірімдермен салыстырғанда үш есе көп.

Сыртқы факторлардың әсерінен болатын өлім-жітім себептерінің құрылымында жол-көлік оқиғалары (ЖКО) ерекше орын алады. Қазақстандағы барлық ЖКО-ның 7%-ы — мектеп маңында балаларды көліктің қағып кету жағдайлары. Мұндай оқиғалардың әрбір оныншысы өліммен аяқталады, ал тағы 7%-ында балалар әртүрлі дәрежедегі жарақаттар алады.

2024 жылы балалардың суға батып кетуінің 55 оқиғасы тіркелді. Мұндай жағдайлардың көбі суға түсуге тыйым салынған жерлерде және балалардың ересектерсіз болуының салдарынан орын алғандығын сараптама көрсетті. Суға кеткен балалардың жасы 2 мен 18 жас аралығында.

Жедел мәліметтерге сәйкес, тек 2024 жылдың жазында балалардың терезеден құлауының 142 оқиғасы тіркелсе, оның 32-сі өліммен аяқталды.

Қайғылы жағдайлардың көпшілігі 2 мен 6 жас аралығындағы балалар арасында орын алған. Ең көп құлау фактілері Астана (33 жағдай), Алматы (13 жағдай) қалаларында және Қарағанды облысында (11 жағдай) тіркелген.

Балалардың құлап кетуінің негізгі себебі — ересектер тарапынан жеткілікті қадағалаудың болмауы. Талдау нәтижелері көрсеткендей, мұндай жағдайлар көбінесе балалардың өз салмағын көтере алмайтын москит торларына сүйенуі салдарынан орын алады.

Еліміздің бірқатар өңірлерінде қауіптілігі жоғары нысандарда балалардың қатысуымен болатын қайғылы оқиғалар тіркелуде.

Бекітілмеген футбол қақпалары, субұрқақтар, трансформатор қораптары, ашық шатырлар, ойын-сауық аттракциондары, батуттар және қараусыз қалған ғимараттар ауыр апаттардың, оның ішінде адам өлімінің алаңына айналады.

Қазақстанның әртүрлі өңірлерінде иттердің балаларға шабуыл жасап, ауыр жарақат салдарына әкеп соққан жағдайлары жиілеп барады. Мұндай оқиғалар үй жануарларын ұстау ережелерін сақтамаған иелердің жауапсыздығынан, сондай-ақ қоғамдық орындарда қаңғыбас иттердің бақылаусыз жүруінен туындап отыр.

ОМ-мен және мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, білім беру ұйымдарына іргелес жол инфрақұрылымының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-қимыл жоспары аясында мақсатты жұмыстар жүргізілуде. Бұл іс-шаралар балалардың қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ету мақсатында жаяу жүргіншілер жолы мен веложолдарды салуды, қауіпсіз маршруттарды әзірлеуді, ақпараттық науқандарды жүргізуді, сондай-ақ балаларға жолда қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелерін үйретуді және басқа да бағыттарды қамтиды.

Балалардың терезеден құлап кетуіне жол бермеу мақсатында заңнамалық шаралар қабылданды:

1. Құрылыс салушыларға терезелерге құлыптар мен қауіпсіздік тетіктерін жобалау және орнату жөніндегі

міндеттемесі жүктелді («Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» ҚР Заңы)

2. МИБ-ке (мүлік иелерінің бірлестігі) тұрғындар үшін қауіпсіз өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ету міндеті жүктелді («Тұрғын үй қатынастары туралы» ҚР Заңы).

Балалардың және өздерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында пәтер иелері терезелерге құлыптар мен (немесе) қауіпсіздік тетіктерін орнату бойынша шаралар қабылдауға міндетті.

Балалардың қауіпсіздігі қамтамасыз етілмеген жағдайда, ата-аналар ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 127-бабы бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

Халықаралық тәжірибедегі оң мысалдарға терезелерге шектеуіштер орнатуды талап ететін заңнамалық ережелердің енгізілуі (Ұлыбритания) және терезелерге торлар мен қауіпсіздік тетігін орнататын ақпараттық кампаниялардың жұмысы(АҚШ) жатады.

Балалардың терезеден құлап кету жағдайларын азайту мақсатында:

- ЖАО Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарын ескере отырып, МИБ-ке (мүлік иелерінің бірлестігі) көпқабатты үйлердің тұрғындарына терезелерге торлар мен қауіпсіздік тетіктерін орнату бойынша түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру;
- еріктілерді тарта отырып және халықты жұмыспен қамту бағдарламалары аясында жаңа тұрғын кешендерінде заң талаптарына сәйкестігін тексеру рейдтерін өткізу;
- халық арасында терезе қауіпсіздігінің маңыздылығы және балаларға бақылау жасаудың қажеттілігі туралы ақпараттық жұмыстар жүргізу ұсынылады.

Жалпы алғанда сарапшылар қауіпсіздік стандарттарын енгізу және балалар мен жасөспірімдер арасында қорғаныс құралдарын пайдалану қажеттілігі туралы хабардар ету үшін жаһандық тәсілдерді қолдануды ұсынады. Психотерапиялық қызметтердің әр отбасына қол жетімділігі жасөспірімдерде суицид пен депрессия қаупін азайтудың тиімді шарасы ретінде өзекті болып қала береді.

3. 100 мың балаға шаққанда семіздікке шалдыққан 0-18 жастағы балалардың саны

ДДСҰ белгілеген Дүниежүзілік семіздікпен күрес күні (4 наурыз) — семіздікті ел экономикасына теріс әсер ететін жаһандық мәселе ретінде атап өтеді. Бүгінгі таңда бұл тек тамақтану мен физикалық белсенділік мәселесі ғана емес, сонымен қатар күрделі медициналық және әлеуметтік сипаттағы ауру болып табылады.

Кәмелетке толмағандар арасындағы семіздікпен байланысты аурулардың өсуі салауатты өмір сүру жылдарының қысқаруына және денсаулық сақтау жүйесіне айтарлықтай ауыртпалық түсіруі мүмкін. Бұл экономикалық жүктеме адамның өмір бойы медициналық араласу мен қолдауды қажет етуіне алып келеді.

Дүниежүзілік семіздікке қарсы федерация құрған ғаламдық ақпараттық платформа әлемнің барлық елдері мен аймақтарында әртүрлі жас топтарындағы семіздік деректерін мониторинг нәтижелерін ұсынады. World Obesity Federation – Global Obesity Observatory мәліметі бойынша, әлемде 1 миллиардтан астам адам (балаларды қоса алғанда) семіздіктен зардап шегуде.

(https://www.worldobesityday.org/assets/downloads/World_Obesity_Atlas_2025.pdf?utm_source=chatgpt.com)

Мамандардың болжамы бойынша: «Қазіргі үрдістер сақталса, 2030

жылға қарай әлемдегі ересек тұрғындардың шамамен 3 миллиарды (шамамен 50%) артық салмақпен немесе семіздікпен ауырады».

Мамандар семіздік ауруын жұқпалы емес аурулар тобына жатқызады (ЖЕА). Негізгі қорытынды бойынша әлем ЖЕА қарсы күресте жаһандық мақсаттарға жетуде артта қалып отыр. Сарапшылар мен зерттеушілер 2025 жылдың қыркүйегінде өтетін БҰҰ Бас Ассамблеясының 4-ші отырысында қол жеткізілген прогресті талдап, ел үкіметтерін ЖЕА қарсы жаһандық күрестің келесі кезеңі үшін нақты шаралар қабылдауға шақыруды жоспарлап отыр.

Халықаралық сарапшылар халықтың барлық санаттары арасында семіздік көрсеткішінің өсуін, оның ішінде балалық шақтағы семіздіктің қарқындылығын атап өтті. Ұл балалар арасында семіздікке шалдыққан балалардың саны екі есе артып, 208 миллионға дейін жетеді(100% өсу), қыздар арасында - 125% - ға өсті(шамамен 175 миллион бала).

Халықаралық сарапшылардың Қазақстан бойынша соңғы қорытындылары мынадай: ересектер арасындағы семіздік деңгейі шамамен 22-23% құрап, орташадан жоғары тәуекел деңгейінде. Балалар арасында 6-9 жас аралығындағы әрбір төртінші ұл және әрбір бесінші бала артық салмақтан зардап шегеді. Ұл балалар арасында семіздік деңгейінің жоғары болуы үлкен алаңдаушылық тудырады. Балалар физикалық тұрғыдан белсенді болғанымен, экран алдында өткізетін уақытының көп болуы қауіп факторына жатады.

ҚР Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасында балалар арасында (0-14 жас) 100 мың тұрғынға шаққандағы семіздікпен сырқаттанушылықты төмендету нақты нысаналы индикатор ретінде белгіленді және бұл көрсеткішке қол жеткізу бойынша жоспарлы мәндер айқындалды.

Ресми деректерге сәйкес, 2024 жылмен салыстырғанда 0-18 жас аралығындағы балалар арасында 100 мың адамға шаққандағы семіздік көрсеткіші төмендеген. Бұл көрсеткіштің теріс динамикасы еліміздің 13 өңірінде тіркелді. Балалардағы семіздікпен сырқаттанушылықтың жоғары көрсеткіштерін Шығыс Қазақстан (158,3), Маңғыстау (119,6) облыстары мен Шымкент қаласы (136) көрсетеді (1.12-кесте).

Балалардың семіздігімен сырқаттанушылық деңгейі қалада 4,7%-ға (2024 ж. – 65,8%; 2023 ж. – 61,1%), ауылдық жерлерде 4,6%-ға (2024 ж. – 27,1%; 2023 ж. – 22,5%) өсті (1.1-қосымша).

1.12-КЕСТЕ. 100 МЫҢ БАЛАҒА ШАҚҚАНДА СЕМІЗДІККЕ ШАЛДЫҚҚАН 0-18 ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ САНЫ

№	Аймақ	2023	2024	Динамика
	ҚР	**45,5**	**50,4**	**4,9**
1	Абай	42,4	43,8	1,4
2	Ақмола	42,9	24,7	-18,2
3	Ақтөбе	34,1	22,5	-11,6
4	Алматы	24	26,8	2,8
5	Атырау	53,3	58,1	4,8
6	Шығыс Қазақстан	139,2	158,3	19,1
7	Жамбыл	25,8	17,9	-7,9
8	Жетісу	22,5	20,9	-1,6
9	Батыс Қазақстан	53,2	38,6	-14,6
10	Қарағанды	34,3	49,7	15,4
11	Қостанай	65,6	54,6	-11
12	Қызылорда	32,4	35,5	3,1
13	Маңғыстау	68,9	119,6	50,7
14	Павлодар	42,4	36,8	-5,6
15	Солтүстік Қазақстан	48,7	63,2	14,5
16	Түркістан	8,5	8,8	0,3
17	Ұлытау	22,6	27,8	5,2
18	Астана қаласы	44,5	56,4	11,9
19	Алматы қаласы	58,5	64,5	6
20	Шымкент қаласы	115,7	136	20,3

Деректер көзі: ҚР ДСМ

Балалар мен жасөспірімдер арасында семіздіктің таралуы — болашақ ұлт денсаулығының көрсеткіші болып табылады. Балалық шақтағы семіздік ересек жастағы созылмалы аурулардың бастауы болып есептеледі.

Бала семіздігінің жоғары деңгейі теңгерімсіз тамақтану және сапалы тағамға қолжетімсіздік, төмен физикалық белсенділік және отырықшы өмір салтына байланысты болады.

Семіздік балалар мен жасөспірімдердің психоэмоционалдық жағдайына, өзін-өзі бағалауына, стресс деңгейіне, әлеуметтік бейімделуіне, мотивациясына және оқу үлгеріміне теріс әсер етеді.

Осыған байланысты маркетингті құқықтық реттеу маңызды, сондай-ақ балалар мен жасөспірімдердің денсаулығына зиян келтіретін тағам және сусын өнімдерін сату мен жарнамалауға шектеулер енгізу қажет.

Секторaралық серіктестікке ҮЕҰ, ата-аналар қауымдастығы мен БАҚ-тың қатысуы өте маңызды. Семіздік проблемасының тұрақты төмендеуі барлық мүдделі тараптардың жүйелі және келісілген жұмысының нәтижесінде мүмкін болады.

4. 100 мың балаға шаққанда 0-18 жастағы балалар арасында ас қорыту органдары ауруларының саны

Балалардың ас қорыту жүйесінің саулығы – өскелең ұрпақтың тамақтану сапасы мен өмір салтының көрсеткіші. Ас қорыту органдары ауруларының ерте анықталуы елімізде балалардың гастроэнтерологиялық аурушаңдығын төмендетудің тиімді тетіктерінің бірі болды. Денсаулық сақтау министрлігінің деректері бойынша 2024 жылы мектеп оқушыларының 90%-ы профилактикалық тексеруден өтті, бұл өткен жылмен салыстырғанда 9%-ға жоғары көрсеткіш. Балаларды динамикалық бақылауға алу деңгейі 3%-ға өсті.

Ведомствоаралық мемлекеттік ұйымдардың бірлескен жұмыстары аясында білім беру ұйымдарында Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ұсынымдарын ескере отырып тамақтану стандарты дайындалды. Мемлекеттік жалпы орта білім беру, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу тәртібі белгіленген.

Тамақтану сапасын күнделікті бақылауды мектептің қабылдау-тексеру комиссиясы жүзеге асырады, ведомствоаралық сараптау тобы үнемі мониторинг жүргізеді. Мектеп аспаздарының білімі мен еңбек өтіліне қойылатын талаптар күшейтілді, азық-түлікті жеткізуші қызметі мен тауарлар үнемі СЭҚ қадағалауында болады, тамақ бөлімшесінде бейнебақылау орнату талабы жолға қойылды.

ОМ және ЦДИАӨМ бірлесе мектептерде «eGov Mobile» мобилді қосымшасы қызметімен «Әлеуметтік әмиян» арқылы тегін тамақтану пилоттық жобасын енгізді. Жобаның мақсаты – халыққа көрсетілетін мемлекеттік қолдаудың қолжетімділігі мен ашықтығы. Ата – аналар мобилді қосымша қызметін белсенді пайдалана алуға, мектеп асханаларына балалардың баруын қадағалауға және жеңілдікпен тамақтанудың сандық ваучерін пайдалануға мүмкіндік алды.

2024 жылы мектептегі тамақтану мәзірінде қажетті қоректік заттардың талаптарын сақтауды қамтамасыз ету мақсатында Денсаулық сақтау министрлігінің Ұлттық қоғамдық денсаулық сақтау орталығы ЮНИСЕФ қолдауымен 2000 мектеп медициналық қызметкерін стандарттың негізгі принциптері бойынша оқытты. Мамандар мектеп тағамдарындағы макро- және микроэлементтердің құрамын бағалау үшін бірлесіп әзірленген онлайн қосымшаны қолдануды үйренді. Ашық бастапқы коды бар тегін ресурс барлық тілек білдірушілерге мектептерде де, үйде де тамақтану сапасын тексеруге және бақылауға мүмкіндік береді (ЮНИСЕФ-тің 2024 жылдық есебі).

Мемлекеттік органдар мен қоғамның кешенді өзара іс-қимылы еліміздегі балалар мен жасөспірімдердің тамақтану жағдайын жақсартты. ДСМ деректері бойынша 2024 жылы көрсеткіштер оң динамикада төмендеді (-1074,1). Балалар мен жасөспірімдер арасында асқазан-ішек жолдары (АІЖ) ауруларының жиілігінің төмендеуінің оң динамикасы еліміздің 17 өңірінде байқалады. Дегенмен, бұл көрсеткіш ең көп Шығыс Қазақстан облысында өсті (+1011,5). (кесте.1.13).

18 жасқа дейінгі аралықта АІЖ патологиясының деңгейі қалалық (2023 ж. – 6087,8, 2024 ж. – 4990,4), ауыл тұрғындары арасында да (2023 ж. – 6400,1, 2024 ж. – 5367,9) төмендеген.

2023 жылмен салыстырғанда, 2024 жылы ас қорыту органдарының ауруларымен ауыратын қыздар саны біршама төмендеді (2023ж. - 6599,9, 2024ж. - 5688,8), дегенмен бұл көрсеткіш ұлдар санына қарағанда жоғары болып тұр (2023ж.- 6211,5, 2024ж. - 5065,3) (1.2-қосымша).

1.13-КЕСТЕ. 100 МЫҢ БАЛАҒА ШАҚҚАНДА 0-18 ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАР АРАСЫНДА АС ҚОРЫТУ ОРГАНДАРЫ АУРУЛАРЫНЫҢ САНЫ

№	Аймақ	2023	2024	Динамика
	ҚР	**6 214,30**	**5 140,20**	**-1 074,1**
1	Абай	9 043,30	7 207,80	-1 835,5
2	Ақмола	4 487,70	4 522,40	34,7
3	Ақтөбе	2 870,40	2 388,40	-482,0
4	Алматы	5 645,20	5 110,20	-535,0
5	Атырау	2 214,30	1 702,70	-511,6
6	Шығыс Қазақстан	6 196,70	7 208,20	1 011,5
7	Жамбыл	5 302,70	3 224,00	-2 078,7
8	Жетісу	3 851,60	3 303,40	-548,2
9	Батыс Қазақстан	4 408,70	3 729,40	-679,3
10	Қарағанды	4 906,90	3 389,80	-1517,1
11	Қостанай	5065,5	4 569,60	-495,9
12	Қызылорда	6 413,30	5 717,80	-695,5
13	Маңғыстау	5 779,40	4 563,40	-1 216,0
14	Павлодар	7 050,10	6033,1	-1 017,0
15	Солтүстік Қазақстан	4 954,70	4260,1	-694,6
16	Түркістан	9 731,30	7352,9	-2 378,4
17	Ұлытау	4 822,50	4 896,1	73,6
18	Астана қаласы	8 861,30	7 864,50	-996,8
19	Алматы қаласы	6 051,50	5 169,50	-882,0
20	Шымкент қаласы	6 663,10	5 351,00	-1 312,1

Деректер көзі: ҚР ДСМ

Денсаулық сақтау жүйесінің мамандарының пікірінше, АІЖ ауруларын дер кезінде анықтап, уақытылы алдын алу ересек жаста созылмалы ауруларға ұласу қаупін төмендетеді және адамның өмір сүру сапасын жақсартады.

Мемлекеттік деңгейде балалар мен жасөспірімдердің тамақтануын реттеп, мәселені шешуге арналған жаңа құралдар әзірленуде. Қабылданған шешімдердің негізінде халықаралық және ұлттық зерттеулердің нәтижелері жатыр.

Сарапшылардың пікірінше, әлемнің көптеген елдерінде балалардың шамамен 30%-ында ас қорыту бұзылыстары бар. Бұл жағдай жасөспірімдер арасында академиялық нәтижелердің төмендеуіне және оқуға деген ынтаның азаюына негізгі себеп болуы мүмкін.

2025 жылдың 1 қыркүйегінен бастап білім беру ұйымдарында теңгерімді тамақтану рационы бойынша халықаралық ұсынымдарға сәйкес дайындалған Тамақтанудың жаңа стандарты мен көп нұсқалы перспективалық мәзірі енгізіледі. Құжатта жұқпалы емес ауруларды, атап айтқанда балалардағы семіздікті 15%-ға дейін, қант диабетін 20%-ға дейін, артериялық гипертензияны 18%-ға дейін және басқа да созылмалы ауруларды 15%-ға дейін төмендетуге ықпал ететін нормалар белгіленген. Тамақтанудың жаңа стандарты білім беру ұйымдары мен мектепке дейінгі балалар мекемелеріне қолданылады.

Мектептегі тамақтану реформасы балалардың физикалық жағдайын жақсартумен қатар, ұзақ мерзімді әлеуметтік-экономикалық әсерге де ие.

Тамақтану рационы жаңартылған кезде мектеп асханаларының тамақ қауіпсіздігі мен санитарлық жағдайына да бақылау күшейтіледі.

«Мемлекеттік бақылаудың жаңа тәсілдері енгізілуде: тексерістер туралы алдын ала хабарландырудан бас тарту, тұрақты мониторингтік сапарлар жүйесін енгізу».

«Бұл шаралар тамақтану жағдайларын объективті бағалауға және бұзушылықтарды уақытылы жоюға бағытталған.

5. Профилактикалық тексерістер нәтижесінде дене сымбаты бұзылғаны анықталған 0-14 жас аралығындағы балалардың үлесі, %

2024 жылы ДСМ Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы денсаулық сақтауды дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасының іс-шаралар жоспарын іске асыру шеңберінде әзірленген «Сау омыртқа қалпы» әдістемелік ұсынымдарында балалар арасында дене тұлғасының бұзылуының жеті негізгі себебін белгіледі. Бұл туа біткен ауытқулар, туу кезінде алынған жарақаттар, теңгерімсіз тамақтану, дұрыс емес отыру, физикалық белсенділіктің болмауы, дамудың бұзылуы және жарақаттар мен аурулар.

Консультативтік құжатта осы факторлардың жиынтығымен ауыр аурулар мен даму ақауларының пайда болу қаупіне ерекше назар аударады. Мамандар «1-сыныпқа баратын балалардың шамамен 25-30%-ының денсаулығында қандай да бір ауытқушылықтар бар. Мектепте оқу кезеңінде дені сау балалардың саны 4 есе азаяды. Анықталған аурулардың спектрі әртүрлі болғанымен, ең көп кездесетіні — дене тұлғасының ауытқулары» деп көрсетеді.

2024 жылы жүргізілген балаларды алдын ала тексеру нәтижелеріне жасалған мониторинг елімізде жасөспірімдер арасындағы тірек-қимыл аппараты дамуы бұзылыстарының шешімінде оң өзгерістердің әлі де байқалмай отырғанын көрсетті.

Павлодар (-0,04), Қарағанды (-0,06)

және Алматы (-0,06) облыстарында көрсеткіш мәнінің төмендеуіне қарамастан, бұл өңірлердің үлесі республикалық деңгейден жоғары болып қалуда. 2023 жылмен салыстырғанда, 2024 жылы республиканың 7 облысында балалар арасында дене бітімі бұзылуының үлесі артқаны байқалады (1.14-кесте).

2023 жылмен салыстырғанда, ауылдық жерлердегі балалардың дене бітімі бұзылуы көрсеткіші төмендеген (2023 ж. – 0,20%, 2024 ж. – 0,19%). Қалалық балалар мен жасөспірімдер арасында тұрақты (2023 ж. – 0,25%, 2024 ж. – 0,25%).

Осылайша, екі жылдық кезеңнің көрсеткіштері балалардағы дене бітімі бұзылуының таралуын болдырмау үшін жаңа тәсілдерді әзірлеу мен алдын алу шараларын күшейтудің маңыздылығын көрсетеді (1.3-қосымша).

1.14-КЕСТЕ. ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ТЕКСЕРІСТЕР НӘТИЖЕСІНДЕ АНЫҚТАЛҒАН ДЕНЕ СЫМБАТЫ БҰЗЫЛҒАН 0-14 ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ҮЛЕСІ, %

№	Аймақ	2023	2024	Динамика
	ҚР	**0,23**	**0,23**	**0**
1	Абай	0,16	0,11	- 0,05
2	Ақмола	0,14	0,13	- 0,01
3	Ақтөбе	0,18	0,19	0,01
4	Алматы	0,58	0,52	- 0,06
5	Атырау	0,07	0,08	0,01
6	Шығыс Қазақстан	0,27	0,22	- 0,05
7	Жамбыл	0,03	0,07	0,04
8	Жетісу	0,13	0,11	- 0,02
9	Батыс Қазақстан	0,17	0,38	0,21
10	Қарағанды	0,67	0,61	- 0,06
11	Қостанай	0,18	0,24	0,06
12	Қызылорда	0,05	0,05	0
13	Маңғыстау	0,06	0,04	- 0,02
14	Павлодар	0,69	0,65	- 0,04
15	Солтүстік Қазақстан	0,43	0,6	0,17
16	Түркістан	0,02	0,02	0
17	Ұлытау	0,12	0,13	0,01
18	Астана қаласы	0,48	0,45	-0,03
19	Алматы қаласы	0,26	0,22	-0,04
20	Шымкент қаласы	0,07	0,06	-0,01

Деректер көзі: ҚР ДСМ

Халықаралық зерттеулер жаһандық қоғамдастықтың назарын омыртқаға байланысты аурулардың алдын алу және оларды түзету ісіндегі ілгерілеудің жоқтығына аударады. Қауіп факторларының қатарына оқушылардың партада дұрыс отырмауы мен сөмкенің шамадан тыс ауыр болуы, сондай-ақ жасөспірімдердің сандық гаджеттерді тұрақты пайдалануына байланысты қозғалыс белсенділігінің төмендігі жатады.

Қабылданған жағдайларға қарамастан, әлемнің көптеген елдерінде жастар арасындағы дене тұлғаның бұзылуының таралуын азайту мүмкін болмай отыр. Қытайда жүргізілген зерттеу COVID-19 пандемиясы жастар арасында дене тұлғаның бұзылу деңгейін арттырғанын көрсетті. *(https://pubmed.ncbi.nlm.nih.gov/32330860/)*.

Балалар мен жасөспірімдердің дене қимылының бұзылу мәселелерінің таралуын шешуде педагогикалық және ата-аналар қауымдастығының серіктестігі, денсаулық сақтау ұйымдарының белсенді қатысуы, диагностикалық және алдын алу шараларын жүргізудің жаңа тәсілдері маңызды.

Жас жеткіншектердегі дене бітімінің бұзылуы жағдайларын анықтау үшін жыл сайын тексеру, скрининг пен мониторинг жүргізу қажет. Сыныптар мен жиһаздардың эргономика принципін дұрыс сақтау да маңызды.

Балалар мен жасөспірімдердегі тірек-қимыл аппаратының бұзылуын ерте араласу асқынулардың дамуын болдырмайды, тиімдірек оңалтуға ықпал етеді және болашақта өмір сүру сапасын жақсартады.

6. Профилактикалық тексерістер нәтижесінде анықталған көзінің көруі нашарлаған 0-14 жастағы балалардың үлесі, %

Адамның көру қызметі қоршаған әлемді түсінуге, үйлестіруге, есте сақтауға және сөйлеуді дамытуға ықпал етеді. Көз денсаулығы балалардың өмір сапасын және олардың әлеуметтенуін анықтайды, себебі көру — ақпарат алудың негізгі арнасы. Бала көру арқылы 90% ақпарат алады. Дәрігерлер балаларда көру жүйесі 9 жасқа дейін белсенді дамитынын айтады. Егер осы кезеңде бұзушылықтар анықталмаса және түзетілмесе, оның салдары нәтижесіз болуы мүмкін.

«Сандық құрылғыларды пайдаланатын балалардағы миопияның жаһандық таралуы: жүйелі шолу және мета-талдау» зерттеу нәтижелері көру қабілетін сақтау мәселесінде тиімді шаралар қабылдауға жол көрсетеді. (BMC Pediatrics).

/https://bmcpediatr.biomedcentral.com/articles/10.1186/s12887-025-05684-8?utm_source=chatgpt.com

Бұл зерттеудің мақсаты - сандық құрылғыларды пайдаланатын балалар арасындағы миопияның жаһандық таралуын анықтау. Зерттеуде қолданылған әдістер мен әртүрлі дерекқорлар (PubMed, ScienceDirect, Embase, Web of Science, Scopus және Google Scholar) мұқият талданды (соңғы рет 2024 жылдың мамырында жаңартылды).

Халықаралық сарапшылар соңғы бірнеше онжылдықта балалар арасындағы миопияның таралуы айтарлықтай өскенін атап өтті. Әлемдегі әрбір үшінші бала дерлік жақыннан көргіштікпен (миопия) зардап шегеді. 2050 жылға қарай бұл көрсеткіш шамамен 40%-ға жетеді деп болжануда, бұл 740 миллионнан астам бала мен жасөспірімді құрайды. COVID-19-дан кейін, әсіресе қашықтан ұзақ оқытылатын аймақтарда, миопияның жаңа жағдайларының күрт өсуі байқалды.

Миопияның пайда болу қаупін

арттыратын факторларға экранды күніне 3 сағаттан артық пайдалану, тұрақты үзіліс пен көше белсенділігінің болмауы, сондай-ақ гаджеттерді 6 жасқа дейін пайдалана бастау жатады. Ұлдар мен қыздардың көрсеткіштері бірдей.

ДСМ мәліметі бойынша, 2024 жылы жүргізілген алдын алу тексерістерінің нәтижесінде көру өткірлігінің төмендеуі анықталған 0-ден 14 жасқа дейінгі балалардың үлесі 2023 жылмен салыстырғанда -0,06%-ға төмендеген. Бұл көрсеткіштің жалпы қорытындысына еліміздің 10 өңірінде анықталған бұзушылықтар үлесінің төмендеуі әсер етті. Көрсеткіштің жоғары өсу деңгейі Солтүстік Қазақстан (+ 1,34%), Атырау (+0,65%) облыстары мен Астана қаласында (+ 0,69%) тіркелді (1.15-кесте).

1.15-КЕСТЕ. ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ТЕКСЕРІСТЕР НӘТИЖЕСІНДЕ АНЫҚТАЛҒАН КӨЗІНІҢ КӨРУІ НАШАРЛАҒАН 0-14 ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ҮЛЕСІ, %

№	Аймақ	2023	2024	Динамика
	ҚР	**1,19**	**1,13**	**-0,06**
1	Абай	0,91	1,08	0,17
2	Ақмола	0,42	0,87	0,45
3	Ақтөбе	1,28	1,5	0,22
4	Алматы	0,44	0,42	- 0,02
5	Атырау	2,61	3,26	0,65
6	Шығыс Қазақстан	2,27	1,72	- 0,55
7	Жамбыл	0,31	0,33	0,02
8	Жетісу	0,77	0,68	- 0,09
9	Батыс Қазақстан	2,37	2,3	- 0,07
10	Қарағанды	3,14	2,72	- 0,42
11	Қостанай	0,93	1,04	0,11
12	Қызылорда	1,95	2,46	0,51
13	Маңғыстау	0,64	0,34	- 0,3
14	Павлодар	1,47	1,71	0,24
15	Солтүстік Қазақстан	2,73	1,39	- 1,34
16	Түркістан	0,18	0,19	0,01
17	Ұлытау	1,24	1,55	0,31
18	Астана қаласы	2,22	1,53	- 0,69
19	Алматы қаласы	1,33	0,9	- 0,43
20	Шымкент қаласы	0,73	0,66	- 0,07

Деректер көзі: ҚР ДСМ

Тұрғылықты жері бойынша алғанда, көру өткірлігі төмендеген қалалық балалардың үлесі 2024 жылы 2023 жылмен салыстырғанда 0,22%-ға төмендеді. Ал ауылдық жерлерде керісінше, бұл көрсеткіш 0,14%-ға өскені тіркелді (1.4-қосымша).

Медицина мамандары балалар мен жасөспірімдер арасындағы миопияның дамуын маңызды мәселе ретінде қарастырады. Бұл, ең алдымен, түрлі сандық құрылғыларды күнделікті пайдаланумен байланысты. 12 жасқа дейінгі балалар үшін экран алдында өткізілетін уақытты күніне 2 сағаттан аспайтын деңгейде шектеу, таза ауада күнделікті серуендеуге ынталандыру, мектептерде жүйелі түрде офтальмологиялық скринингті енгізу, сондай-ақ ата-аналар мен мұғалімдерге гаджеттерді шамадан тыс пайдаланудың салдары туралы ақпарат беруді күшейту ұсынылады. Бұл бағыттағы жұмыстарда өзара әрекеттестіктің көпсалалы форматы маңызды болып қала береді.

7. Профилактикалық тексерістер нәтижесінде анықталған есту қабілеті нашарлаған және сөйлеу кемістігі бар 0-14 жастағы балалардың үлесі, %

Сөйлеу мен есту — бала дамуының негізгі аспектілері ретінде оның психоэмоционалдық денсаулығын, оқу процесін және әлеуметтенуін анықтайды. Есту және сөйлеу қабілетінің бұзылыстары дер кезінде анықталмаған балалар көбінесе оқшаулану, тұйықтық және қарым-қатынас жасауда қиындықтарға тап болады. Ауруды кеш анықтау түзету жұмыстарын қиындатады. Есту және сөйлеу ақаулары неғұрлым ертерек анықталып, олармен жұмыс басталса, толық қалпына келтіру немесе кемшілікті өтеу мүмкіндігі соғұрлым жоғары болады.

Тәуекел топтарын ерте анықтау көрсеткіші балаларды логопедиялық немесе сурдологиялық көмекке уақытылы жолдауға мүмкіндік береді, скрининг пен алдын алу шараларының тиімділігін көрсетеді, сондай-ақ ресурстарды жоспарлауға мүмкіндік береді (логопедтер, дефектологтер, жабдықтар, бағдарламалар).

2024 жылы алдын алу тексерулерерінің нәтижесінде 0-ден мен 14 жасқа дейінгі балалар арасында есту қабілеті төмендеген және сөйлеу кемістігі анықталғандардың үлесі (+0,04%) артты. Ақтөбе облысында бұл көрсеткіш тұрақты (0,34%). Елеулі өсім Солтүстік Қазақстан (+0,32%) және Қызылорда облыстарында (+0,26%) тіркелді. Көрсеткіштің төмендеуінің оң динамикасы еліміздің 6 өңірінде тіркелді. Айтарлықтай төмендеген облыстар – Қарағанды (-0,25%) және Ұлытау облыстары (-0,25%) (1.16-кесте).

1.16-КЕСТЕ. ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ТЕКСЕРІСТЕР НӘТИЖЕСІНДЕ АНЫҚТАЛҒАН ЕСТУ ҚАБІЛЕТІ НАШАРЛАҒАН ЖӘНЕ СӨЙЛЕУ КЕМІСТІГІ БАР 0-14 ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ҮЛЕСІ, %

№	Аймақ	2023	2024	Динамика
	ҚР	**0,49%**	**0,53%**	**0,04**
1	Абай	0,23%	0,28%	0,05
2	Ақмола	0,25%	0,38%	0,13
3	Ақтөбе	0,34%	0,34%	0,00
4	Алматы	1,04%	1,02%	-0,02
5	Атырау	0,40%	0,43%	0,03
6	Шығыс Қазақстан	0,64%	0,47%	-0,17
7	Жамбыл	0,20%	0,26%	0,06
8	Жетісу	0,35%	0,36%	0,01
9	Батыс Қазақстан	0,63%	0,86%	0,23
10	Қарағанды	1,64%	1,39%	-0,25
11	Қостанай	0,38%	0,44%	0,06
12	Қызылорда	0,53%	0,79%	0,26
13	Маңғыстау	0,44%	0,28%	-0,16
14	Павлодар	0,51%	0,62%	0,11
15	Солтүстік Қазақстан	1,29%	1,61%	0,32
16	Түркістан	0,13%	0,16%	0,03
17	Ұлытау	0,52%	0,27%	-0,25
18	Астана қаласы	0,51%	0,52%	0,01
19	Алматы қаласы	0,36%	0,46%	0,10
20	Шымкент қаласы	0,36%	0,35%	-0,01

Деректер көзі: ҚР ДСМ

Тұрғылықты жері бойынша қалада да (2023 ж. – 0,48%, 2024 ж. – 0,51%), сондай-ақ ауылдық жерлерде де (2023 ж. – 0,51%, 2024 ж. – 0,55%) есту қабілеті бұзылған және сөйлеу кемістігі анықталған балалардың сырқаттану көрсеткіші артты.

Есту қабілеті төмендеген және сөйлеу кемістігі бар балалардың ең жоғары үлесі Қызылорда облысының ауылдық жерлерінде (1,12%) тіркелді. Бұл көрсеткіш аталған өңірде 2023 жылмен салыстырғанда айтарлықтай өсу үрдісіне ие (+0,62%) (1.5-қосымша).

Елімізде балалардың есту және сөйлеу патологиясын ерте анықтау үшін заңнамалық деңгейде ауруларды диагностикалау қамтамасыз етіледі. Жаңа туған нәрестелер мен балаларға арналған аудиологиялық скрининг есту және сөйлеу бұзылыстары бар тәуекел топтарын ерте кезеңде анықтап, оларды уақытылы тексеру, араласу және оңалтуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, бұл аурудың балалар мен жасөспірімдер арасында таралуын азайту үшін емдеу нәтижелеріне қатысты статистика қажет. Қанша баланың арнайы емдеуге немесе операцияға мұқтаж екені, қандай ресурстар қажет және олардың қолжетімділігі анықталуы тиіс. Балаларға мамандандырылған емнің уақытында көрсетілмеуі жастар арасында дислексияның кең таралуына әкеледі. Бұл жалпы оқу қабілетін сақтай отырып, оқу және жазу дағдыларын меңгеру қабілетінің бұзылуы. Осы орайда, мемлекеттік ұйымдар арасындағы үйлесімділік, ата-аналар қауымдастығымен тығыз байланыс орнату және балаларға кешенді әрі ауқымды қолдау көрсету аса маңызды.

8. 15-17 жастағы балалар арасында психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты психикалық, мінез-құлықтық ауытқумен сырқаттану көрсеткіші

Ғылыми-зерттеу қауымдастығы 15-17 жас аралығын психоэмоционалдық өзгерістердің қарқынды кезеңі ретінде белгілейді, бұл уақытта жасөспірімдер сыртқы әсерлерге сезімтал болып, стресс, құрдастардың қысымы немесе отбасындағы проблемаларды жеңудің бір тәсілі ретінде психоактивті заттарды (ПЗ) пайдалану ықтималдығы жоғарылайды.

Балалар мен жасөспірімдер арасында ПЗ қолданумен байланысты психо-мінез-құлық бұзылыстарының деңгейі денсаулық сақтау жүйесі үшін ғана емес, сонымен бірге еліміздің бүкіл әлеуметтік саясаты үшін маңызды маркер болып табылады. Жасөспірім және жалпы қоғамның психикалық және физикалық хал-ахуалы үшін жағымсыз салдарларды барынша азайтудың озық шараларын қабылдау мақсатында көрсеткіштің үрдістеріне жүйелі мониторинг жүргізу маңызды.

15 пен 17 жас аралығындағы балалар арасында ПЗ қолданудан туындаған психикалық бұзылулар 2023 жылмен салыстырғанда 1,3%-ға өсіп, 12%-ды құрады.

2023 жылмен салыстырғанда 2024 жылы ПЗ қолданумен байланысты балалардың аурушаңдық деңгейінің артуы еліміздің 11 өңірінде тіркелді. Ең жоғары көрсеткіш Абай (+32,7%) және Павлодар облыстарында (+15,5%) тіркелді.

Шығыс Қазақстан (-22,3%) және Қостанай (-13,8%) облыстарында 15-17 жас аралығындағы балалар арасында ПЗ қолданумен байланысты психикалық және мінез-құлық бұзылыстары ауруларының саны айтарлықтай төмендеді (1.17-кесте).

1.17-КЕСТЕ. 15-17 ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАР АРАСЫНДА ПСИХИКАҒА БЕЛСЕНДІ ӘСЕР ЕТЕТІН ЗАТТАРДЫ ТҰТЫНУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ПСИХИКАЛЫҚ, МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҚ АУЫТҚУМЕН СЫРҚАТТАНУ КӨРСЕТКІШІ, %

№	Аймақ	2023	2024	Динамика
	ҚР	**10,7**	**12**	**1,3**
1	Абай	7	39,7	32,7
2	Ақмола	0	5,5	5,5
3	Ақтөбе	11,6	6,5	-5,1
4	Алматы	3,8	3,5	-0,3
5	Атырау	0	0	0
6	Шығыс Қазақстан	90,3	68	-22,3
7	Жамбыл	4,4	11	6,6
8	Жетісу	11,5	8	-3,5
9	Батыс Қазақстан	0	6,4	6,4
10	Қарағанды	0	0	0
11	Қостанай	43,6	29,8	-13,8
12	Қызылорда	2,2	4,1	1,9
13	Маңғыстау	0	0	0
14	Павлодар	100,3	115,8	15,5
15	Солтүстік Қазақстан	0	9,2	9,2
16	Түркістан	0	0	0
17	Ұлытау	0	9,3	9,3
18	Астана қаласы	1,8	3,2	1,4
19	Алматы қаласы	13,5	13,6	0,1
20	Шымкент қаласы	0	1,5	1,5

Деректер көзі: ҚР ДСМ

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДСҰ) 2013–2030 жылдарға арналған психикалық денсаулықты сақтау жөніндегі жаңартылған Кешенді іс-қимыл жоспары (https://iris.who.int/handle/10665/355464. Лицензия: CC BY-NC-SA 3.0 IGO) адамның бүкіл өмірлік циклінде психикалық денсаулық пен салауаттылықты нығайтудың маңыздылығын айқындайды. Халықаралық сарапшылар атап өткендей: «Өмірдің ерте кезеңдері ерекше маңызды болып табылады: дәл осы кезеңде психикалық денсаулықты нығайтып, психикалық бұзылыстардың алдын алуға болады, өйткені психикалық ауытқулардың 50%-ға жуығы ересектерде 14 жасқа дейінгі кезеңде пайда болады».

Психикалық ауытқулары бар балалар мен жасөспірімдерге ерте кезеңде көмек көрсету қажет, ол дәлелді деректерге негізделген психоәлеуметтік және басқа да дәрі-дәрмексіз шаралар арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Мұндай жұмыс жергілікті қауымдастық деңгейінде жүргізіліп, балаларды арнайы мамандандырылған мекемелерге орналастыру мен дәрі-дәрмек қолданудан мүмкіндігінше аулақ болған жөн. Сонымен қатар, бұл жұмыс барысында балалардың құқықтары Қазақстан Республикасының бала құқықтарын қорғау саласындағы заңнамасына толық сәйкес ескерілуі қажет.

Қазақстанда 10 жастан 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар мен жастардың репродуктивті және психикалық денсаулығын қорғау бойынша медициналық көмек көрсету ұйымдарының қызметі 2023 жылғы 24 қаңтардағы ҚР Денсаулық сақтау министрінің №12 бұйрығымен бекітілген Стандартпен реттеледі. Бұл құжат мұндай көмек пен қолдау көрсететін ұйымдардың қызметінің міндеттері мен бағыттарын, сондай-ақ оларға қойылатын талаптарды айқындайды.

Жастар денсаулық орталықтары (ЖДО) жасөспірімдерге қолдау көрсетудегі табысты кейстерге айналды. Кәмелетке толмағандар мен жастарға кешенді медициналық және емдеу-профилактикалық көмек, психоәлеуметтік және заң қызметтері ұсынылады. ҚР ДСМ Ұлттық Қоғамдық денсаулық сақтау орталығының ақпараты бойынша елімізде осындай 140-тан астам орталық жұмыс істейді. 2024 жылы орталықтардың мамандарына 838 859 адам жүгінді. Өтініш білдіргендердің ең көп үлесі 15-18 жас санатына (43,6%) тиесілі. Мақсатты топ өкілдері бірінші кезекте психологке жүгінді (32,1%). (https://hls.kz/ru/%d0%bc%d0%be%d0%bb%d0%be%d0%b4%d0%b5%d0%b6%d0%bd%d1%8b%d0%b9-%d1%86%d0%b5%d0%bd%d1%82%d1%80-%d0%b7%d0%b4%d0%be%d1%80%d0%be%d0%b2%d1%8c%d1%8f).

2024 жылы ЮНИСЕФ ҚР-да «Жастар денсаулық орталықтарының әлеуетін және Қазақстандағы жасөспірімдер мен жастардың қажеттіліктерін бағалау» есебін дайындады.

Зерттеуде ЖДО қызметтерінің қамтылуы мен сапасын арттыруға бағытталған сындарлы ұсыныстар берілген. Әрбір өңір үшін осындай орталықтарды дамыту стратегияларын әзірлеу, психикалық денсаулық және психоәлеуметтік қолдау қызметтерін стандарттау, әсіресе ауыл жастарының үлесі жоғары өңірлерде қашықтықтан көрсетілетін қызметтерді кеңейту, мамандарды оқыту, сондай-ақ жасөспірімдер мен жастар арасында танымал әлеуметтік желілердегі ақпараттық науқандарды қайта бағдарлау арқылы халықпен ақпараттық жұмысты күшейту қажеттігіне назар аударылады *(https://www.unicef.org/kazakhstan/media/11846/file/%D0%9E%D1%82%D1%87%D0%B5%D1%82%20%D0%BF%D0%BE%20%D0%B8%D1%82*

%D0%BE%D0%B3%D0%B0%D0%BC%20%D0%B2%D0%BD%D0%B5%D1%88%D0%BD%D0%B5%D0%B9%20%D0%BE%D1%86%D0%B5%D0%BD%D0%BA%d0p.).

Білім беру жүйесі балалар мен жасөспірімдер арасында ПЗ заттарды қолданудан туындайтын ауырудың алдын алу мәселелері бойынша мақсатты жұмыстар жүргізуде. 2024 жылы ҚР ОМ Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім беру академиясы білім алушылардың аддиктивті мінез құлқының (вейп, темекі шегу, нашақорлық) алдын алу шараларына арналған Әдістемелік ұсыным әзірледі. Материалдар білім беру ұйымдарының басшыларына, тәрбие жұмысы бойынша басшылардың орынбасарларына, сынып жетекшілеріне, педагогтерге, тәлімгерлерге, әлеуметтік педагогтерге және ата-аналарға ұсынылады.

Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023 – 2025 жылдарға арналған Кешенді жоспар аясында өңірлік ПҚО-ның желісі дамуда. 2024 жылы еліміздің барлық аймақтарында 20 ПҚО ашылды.

Сенімді атмосфераны қалыптастыруда және жасөспірімге мазасыздық пен басқа эмоционалдық қиындықтарды еңсеруге көмектесуде педагог-психологтерге маңызды рөл жүктеледі. ЖАО-мен бірлесіп, білім беру ұйымдарында әрбір 500 оқушыға 1 педагог-психолог есебінен қосымша бірліктерді енгізу арқылы олардың санын кезең-кезеңімен арттыру мәселесі шешілді.

Білім беру ұйымдарында білім алушыларға психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметі (ППСҚ) заңнамалық деңгейде бекітілген. Білім беру ұйымының алқалы органы білім алушылардың, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың) психологиялық саулығын қамтамасыз етуге, олардың оқу уәждемесін, үлгерімін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, кәсіптік бағдарын қалыптастыруға, білім беру процесіне қатысушыларға психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу көрсетуге жауапты. ППСҚ құрамына басшы орынбасарлары, педагог-психологтер, әлеуметтік педагогтер, арнайы педагогтер, педагог-ассистенттер, кәсіби бағдар беру педагогі кіреді (ҚР Оқу –Ағарту министрінің 29 сәуір 2025 жылғы № 92 бұйрығы).

Үлгілік оқу бағдарламаларының мазмұнына «Салауатты өмір салты» компоненті енгізілген (Дүниетану (1–4 сыныптар); Жаратылыстану (1–6 сыныптар); Биология (7-11сыныптар); Дене шынықтыру (1–11 сыныптар); География (7–11 сыныптар); Химия (7–11 сыныптар).

«Жаһандық құзыреттілік» вариативті курс бөліміне 5-9 сынып оқушылары үшін психоактивті заттарды қолдануды болдырмау тақырыптары қосылды.

Білім беру ұйымдарының басшы орынбасарлары, сынып жетекшілері және педагог-психологтеріне арналған біліктілікті арттыру курстарының психолого-педагогикалық бөлімі өзгертілді.

2024-2025 оқу жылында ОМ мен ДСМ бірлесіп Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДСҰ) «Денсаулықты нығайтатын мектептер» жобасын іске қосты.

ҚР денсаулық сақтау саласын дамытудың 2026 жылға дейінінгі тұжырымдамасында ESPAD (Европа мектептерінің алкоголь мен есірткі қолдануды зерттеу жобасы) әдіснамасына сүйене отырып, жастар арасында ПЗ қолдану деңгейін зерттеу көзделген. Алынған нәтижелер ұлттық деректерді халықаралық көрсеткіштермен салыстыруға, қабылда-

нып жатқан шаралардың тиімділігін бағалауға, мақсатты алдын алу бағдарламаларын әзірлеуге және мектептер мен колледждерге нақты қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

Халықаралық тәжірибе есірткіге тәуелділіктің себептерін түсінудің маңызын көрсетеді және адамдарға өз өмірін өзгертуге, түзелуге ықпал ететін шараларды айқындауға мүмкіндік береді. Бұл тұрғыда есірткіге тәуелділіктің алдын алу мен емдеудегі негізгі факторлар ретінде алдын алу шараларын, ерте диагностиканы, қылмыссыздандыруды және мамандандырылған көмектің қолжетімділігін атауға болады.

Халықаралық тәжірибе есірткіні қолданумен байланысты мәселелерді ерте диагностикалаудың маңыздылығын көрсетеді. Бүкіл әлемде әр елдің мәдени, әлеуметтік және заңнамалық жағдайларына бейімделген әртүрлі тәсілдерді қамтитын скринингтік бағдарламалар қолданылады.

Айта кету керек, халықаралық тәжірибеде жастар арасында скрининг әдістері Денсаулық сақтау және білім беру жүйелерінің бірлескен күш-жігерімен әзірленіп, жүзеге асырылады.

Нидерланды, Португалия сияқты елдерде скринингтік әдістер қылмыстық құдалауға емес, алдын алуға, мдициналық және әлеуметтік көмек көрсетуге, кеңес беруге және мамандандырылған комиссияларға көмектесуге бағытталған. Бұл жастардың жазалау қаупінен қорықпай, еркін түрде көмек алуына мүмкіндік береді.

Финляндияда жастар арасында кең ауқымды ерікті скринингті білім беру жобаларымен бірігіп жүзеге асыратын пилоттық бағдарламалар іске асырылуда. Негізгі мақсаты – осы мәселе кездескен жастарға көмек пен қолдау ұсыну.

Гонконгте мектеп оқушылары арасында ерікті скрининг сауалнамаларының бағдарламасы жасөспірімдердің стигматизациясының алдын алуға бағытталған.

Мамандар 15-17 жасты тәуелділікке бейімділігі жоғары кезең ретінде белгілейді, бұл кейіннен ұзақ мерзімді психикалық және физикалық денсаулық проблемаларына әкеледі.

Жасөспірімдердің ПЗ қолдануының психоәлеуметтік салдарын ескеру өте маңызды. Мектептегі немесе колледждегі оқу үлгеріміне кері әсерін тигізеді, айналасындағылармен қарым-қатынасы қиындайды, отбасы мүшелерімен қатынасы бұзылады, қылмыстық әрекетке баруға итермелейді, басқа да қоғамға жат мінез-құлық көрсету қаупі туындайды.

ПЗ қолдану депрессия, мазасыздық, суицидтік бейімділік сияқты бұрыннан бар психикалық бұзылуларды тудыруы немесе ушықтыруы мүмкін, сондай-ақ когнитивтік функцияларды бұзып, жасөспірімдердің саналы шешім қабылдау қабілетін төмендетеді.

Бұл көрсеткіштің жанама әлеуметтік-экономикалық салдары да бар. Психоәлеуметтік және мінез-құлықтық бұзылыстары бар, психоактивті заттарды қолданатын жасөспірімдер денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қызмет көрсету жүйелері үшін ұзақ мерзімді жүктеме көзіне айналуы мүмкін. Емдеу, оңалту және қолдау шараларына жұмсалатын шығындар қоғамның экономикалық жүктемесін арттырады.

ПЗ пайдаланатын жасөспірімдер қылмыстық әрекетке жиі барады. Бұл өз кезегінде қоғамдық қауіпсіздікті нашарлатады. Қазіргі уақытта әлем жасөспірімдер арасында танымал болып жатқан жаңа ПЗ қолдануды диагностикалауда қиындықтар туындап отыр.

Жалпы алғанда, балалар мен жасөспірімдердің психологиялық

осалдықтарын қорғау үшін ғылыми қауымдастық, медициналық мекемелер және құқық қорғау органдарының тиімді өзара әрекеттестігі, жағдайды бақылаудың жаңа технологияларын әзірлеу мен кең ауқымды алдын алу стратегияларын іске асыру маңызды.

9. 100 мың балаға шаққанда балалар арасында суицид оқиғаларының саны

Жасөспірімдік кезең – әр адамның өміріндегі ерекше маңызға ие кезең. Бұл кезде өз көзқарасы мен құндылықтары қалыптасады, тұлға мен әлеуметтік қарым-қатынастың негізі салынады, болашаққа бағытталған ішкі әлеуеті ашылады. Сонымен қатар мамандар мен зерттеушілер бұл кезеңнің жасөспірімдердің психоэмоциялық дамуы үшін өте маңызды әрі сындарлы екенін атап көрсетеді.

Сарапшылардың «Жастар әдетте, өзіне бағытталған зорлық-зомбылықты әдетте өте жасырын ұстайды» деген пікірлері бар. Дегенмен, халықаралық зерттеулер көрсеткендей, өздеріне зиян келтірген жас адамдар көбіне мұны қайғы, мазасыздық немесе эмоционалдық күйзелісті жеңілдету үшін жасайды. Қазақстан мен басқа да елдерде жүргізілген зерттеулер суицид жасаған жасөспірімдердің 90%-ында депрессия белгілері мен психологиялық тұрақтылықтың төмендігі бар екенін анықтады.

https://www.unicef.org/kazakhstan/%D0%BF%D0%BE%D0%B4%D1%80%D0%BE%D1%81%D1%82%D0%BA%D0%B8-%D0%B8-%D0%BC%D0%BE%D0%BB%D0%BE%D19%D19%

Қазақстанда балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету – мемлекеттің басым міндеттерінің бірі. Бұл бағытта жүйелі жұмыс 2023–2025 жылдарға арналған Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу, олардың құқықтары мен амандығын қамтамасыз ету жөніндегі Кешенді жоспар аясында жүргізілуде. Аталған құжатта алдын алу шараларын қабылдаудың негізгі бағыттары нақты айқындалған.

Кешенді жоспар аясында зорлық-зомбылық пен буллингке ұшыраған немесе оның куәсі болған кәмелетке толмағандарды уақытында анықтау және көмек көрсету әдістемесі мен бағдарламасы бекітілді.

Балалар суицидінің алдын алу 20 аймақтық ПҚО-ның үйлестірілген жұмыстары арқылы жүзеге асырылады. Бұл орталықтардың негізгі міндеттерінің бірі – баланың өмірі мен психикалық денсаулығына қауіп төнген жағдайда дабыл қағып, дер кезінде қажетті көмек көрсету.

Отбасы мәселелері және әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі «111» байланыс орталығы балалар суицидінің алдын алудың маңызды тетігіне айналды. Бүгінде әрбір мектепте QR-кодтар орналастырылған, олар арқылы балалар өз жағдайы немесе мәселелері, оның ішінде қорлау, зорлық-зомбылық немесе суицидтік ойлар туралы жылдам әрі құпия түрде хабарлай алады. Бұл тәсіл жедел қолдау көрсетуге мүмкіндік беріп, баланы қиын жағдайында жалғыз қалдырмауға ықпал етеді.

2024 жылғы 1 қыркүйектен бастап балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында білім беру ұйымдарында «Жеке қауіпсіздік сабақтары» енгізілді. Бұл сабақтар балалардың әртүрлі өмірлік жағдайларда өз әрекеттеріне сенімді болуын қалыптастыруға бағытталған. Сабақтар өз мүмкіндіктері туралы түсінік қалыптастыруға, эмоционалды жағдайды тұрақтандыруға және дұрыс әрекеттер үшін қауіп деңгейін қабылдау өткірлігін төмендетуге мүмкіндік береді.

2024 жылы 14 мың педагог са-

бақтағы және сабақтан тыс уақыттағы құндылықтар потенциалын күшейту, білім беру ұйымдары мен жасөспірімнің отбасы арасындағы серіктестікті нығайту, білім алушылардың әлеуметтік белсенділігін дамыту мәселелері бойынша білімдерін жетілдірді. Педагогтер мен ата-аналар үшін балалардың психологиялық ерекшеліктерін ерте анықтауға арналған материалдар құрастырылды.

Дағдарыс жағдайындағы балаларды дер кезінде анықтауға және оларға жан-жақты көмек көрсетуге баса назар аудара отырып, мектеп педагог-психологтерінің жұмысы күшейтілуде. Олардың жұмысын үйлестіру үшін бүкіл ел бойынша мектептерде психологиялық қызметтер жұмыс істейді. Балалардың өз-өзіне қол жұмсауының алдын алу және қауіп тобындағы балаларды қолдау саласында кәсіби дайындықты жетілдіру мақсатында педагогтердің біліктілігін арттыру курстары өткізілуде.

Мемлекеттік органдар балалар арасындағы суицидті насихаттауға қатысты тыйым салынған мазмұнды анықтау үшін ақпараттық кеңістікке тұрақты түрде мониторинг жүргізеді. Қауіпті материалдар анықталған жағдайда уәкілетті органға кіруге тыйым салу және қорғау шараларын қолдану туралы хабарлама жолданады.

2024 жылы өкілетті органдар «Кибербақылау» ақпараттық жүйесі арқылы мониторинг жүргізу нәтижесінде 4 615 бұзушылықты анықтады, оның ішінде суицидті насихаттауға қатысты – 76 және 21 857 шетелдік интернет-ресурстар табылды. Олардың 34-і суицидті насихаттауға қатысты материалдар.

Сонымен қатар, өкілетті органдар тарапынан онлайн-платформалардың (Facebook, Instagram, WhatsApp, TikTok, В контакте, Google, Telegram) меншік иелерімен заңнамалық талаптарды түсіндіру бойынша, оның ішінде құқыққа қайшы контентті жедел және толық көлемде жою мәселелері бойынша кездесулер өткізілді.

Онлайн платформаларға қосымша ықпал ету құралы ретінде шетелдік онлайн платформаларға қатысты ережелер қабылданды, олар желі трафигін 10%, 50%, 90% көлемінде төмендетуді қарастырады.

«Вертер» ықпалының (жаппай өз-өзіне қол жұмсау толқынының) алдын алу мақсатында профилактикалық түсіндіру жұмыстары аясында Қазақстан Медиа Альянсы бұқаралық ақпарат құралдарында суицид жағдайларын этикалық тұрғыда көрсету туралы Декларацияны жүзеге асыруда.

2023-2025 жылдарға арналған Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен әл-ауқатын қамтамасыз ету.

Кешенді жоспары аясында ата-аналар, педагогтер және балалардың өздері үшін интернеттегі қауіпсіз мінез-құлықты насихаттауға бағытталған ақпараттық бейнематериал әзірленіп, таратылуда. Сонымен қатар, бұл бейнематериалдар цифрлық сауаттылықты нығайтуға және ықтимал қауіп-қатерлер туралы хабардар болуға бағытталған (БАҚ-та, әлеуметтік желілерде, визуалды жарнамада, ата-аналар чаттарында және т.б.).

Жалпы, балалар мен жасөспірімдердің психологиялық саулығы мәселелерінде мемлекеттік органдар мен ата-аналар жұртшылығының үйлестірілген жұмысы осы мәселедегі жағдайды жақсартуға мүмкіндік берді.

ҚР БП ҚСжАЕК деректері бойынша, 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар арасындағы суицидтің қайғылы оқиғалары 2023 жылмен салыстырғанда (-29) азайған. Еліміздің 14 өңірінде құлдыраудың оң динамикасы тіркелді. 2024 жылы көрсеткіштің төмендеуіне қарамастан балалар арасындағы суицидтің ең көп саны Түркістан облысында (34) тіркелді. **Статистика Алматы қаласында балалар суицидінен болатын өлім-жітімнің өскенін көрсетеді (+7) (1.18-кесте)**.

1.18-КЕСТЕ. СУИЦИДКЕ БАРҒАН БАЛАЛАР САНЫ, АДАМ

№	Аймақ	2023	2024	Динамика
	ҚР	204	175	-29
1	Абай	8	3	-5
2	Ақмола	4	5	+1
3	Ақтөбе	4	5	+1
4	Алматы	22	19	-3
5	Атырау	11	8	-3
6	Шығыс Қазақстан	7	2	-5
7	Жамбыл	10	14	+4
8	Жетісу	10	7	-3
9	Батыс Қазақстан	5	9	+4
10	Қарағанды	8	4	-4
11	Қостанай	7	3	-4
12	Қызылорда	8	6	-2
13	Маңғыстау	11	7	-4
14	Павлодар	4	2	-2
15	Солтүстік Қазақстан	3	2	-1
16	Түркістан	45	34	-11
17	Ұлытау	2	1	-1
18	Астана қаласы	12	11	-1
19	Алматы қаласы	8	15	+7
20	Шымкент қаласы	14	17	+3

Деректер көзі: ҚР БП ҚСжАЕК

Ресми мемлекеттік органдардың статистикалық мәліметтері 100 мың балаға шаққанда балалар арасындағы суицид жағдайларының (-0,5) төмендеуінің оң динамикасын көрсетеді. Жалпы көрсеткіштің құлдырауының оң динамикасы еліміздің 14 өңірінің деректерімен байланысты. Ең көп төмендеген өңірлер Шығыс Қазақстан (-2,72), Абай (-2,64), Қызылорда(-2,06) облыстары болды. Павлодар облысында кәмелетке толмағандар арасындағы жедел дағдарыстық жағдайдың көрсеткіші аз және ең төменгі деңгейі байқалды (1,0). (1.19-кесте).

Батыс Қазақстан облысында суицид жағдайларының санының теріс динамикасы (+1,79) ерекше назар аударуды және себептерін зерделеуді талап етеді. Айтарлықтай өсім Алматы қаласында (+0,98) және Жамбыл облысында (+0,85) тіркелді.

Балалар арасында өз-өзіне қол жұмсау жағдайларының 6 өңірде артқаны байқалды, өлім-жітімнің таралуын болдырмау мақсатында мұқият талдау жүргізуді қажет етеді. Көрсеткіштері тұрақты түрде жоғары немесе өсім байқалып отырған өңірлерде мақсатты, бағытталған жұмыс жүргізу аса маңызды.

1.19-КЕСТЕ. 100 МЫҢ БАЛАҒА ШАҚҚАНДА БАЛАЛАР АРАСЫНДАҒЫ СУИЦИД ОҚИҒАЛАРЫНЫҢ САНЫ.

№	**Аймақ**	**2023**	**2024**	**Динамика**
	ҚР	**3,0**	**2,5**	**-0,5**
1	Абай	4,24	1,6	-2,64
2	Ақмола	1,79	2,3	0,51
3	Ақтөбе	1,22	1,5	0,28
4	Алматы	4,18	3,4	-0,78
5	Атырау	4,04	2,9	-1,14
6	Шығыс Қазақстан	3,82	1,1	-2,72
7	Жамбыл	2,15	3,0	0,85
8	Жетісу	4,08	2,9	-1,18
9	Батыс Қазақстан	2,31	4,1	1,79
10	Қарағанды	2,52	1,3	-1,22
11	Қостанай	2,10	1,5	-0,6
12	Қызылорда	3,86	1,8	-2,06
13	Маңғыстау	3,38	2,1	-1,28
14	Павлодар	1,95	1,0	-0,95
15	Солтүстік Қазақстан	2,35	1,6	-0,75
16	Түркістан	4,88	3,7	-1,18
17	Ұлытау	2,66	1,3	-1,36
18	Астана қаласы	2,62	2,2	-0,42
19	Алматы қаласы	1,22	2,2	0,98
20	Шымкент қаласы	2,86	3,3	0,44

Деректер көзі: ҚР БП ҚСжАЕК

Жасөспірімдер мен жастардың суицидтік мінез-құлқын қадағалау және оның алдын алу мәселесі Үкіметінің ерекше бақылауында. Суицидке бейімділік белгілері бар балаларды анықтау және қолдау бойынша бірыңғай алгоритм әзірленді.

Бұл ретте ДДСҰ, ЮНИСЕФ және озық халықаралық тәжірибенің зерттеулерінің нәтижелеріне негізделген жүйелі шаралар қажет.

Ұлттық деңгейде мына шаралар ұсынылады:

Интернет пен әлеуметтік желілердегі ақпараттық қауіпсіздікті және контентті реттеуді тиімді бақылау мен мониторингін жүргізу. Қаупті, зорлық-зомбылық пен суицидті насихаттайтын деструктивті мазмұнды бақылау және бұғаттау өте маңызды.

Заманауи цифрлық шешімдерді пайдалана отырып, оқушылардың психоэмоционалдық жағдайын бақылаудың интерактивті цифрлық жүйесін әзірлеу.

Балалардағы психоэмоционалдық мәселелерді ерте анықтау жүйелерінің сапасын күшейту. Білім беру ұйымдарында жүйелі түрде психологиялық скринингтерді енгізу.

Жасөспірімдер арасындағы қақтығыстарды шешу және алаңдаушылық белгілерін тану мәселелері бойынша мектеп психологтері мен әлеуметтік педагогтердің кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыру.

Медициналық сақтандыру (МӘМС) аясында жасөспірімдерге білікті психологиялық көмекті қолжетімді ету.

Педагогтерді даярлау және біліктілігін арттыру бағдарламаларына бала өміріне қауіп төндіретін мінез-құлық тәуекелдері мәселелері бойынша модульдер мен қауіпті топтағы балалармен жұмыс істеуге арналған арнайы семинарларды енгізу.

Суицидке қарсы ақпараттық науқандарды кеңейту. Девиантты мінез-құлықты жасөспірімдерді және олардың ата-аналарын кеңінен тарта отырып, тұрақты түрде оңалту іс-шаралары, тренингтер және флешмобтар өткізу. Ата-аналарға ақпараттық-консультациялық көмек көрсету өте маңызды.

Тәуекелдерді байқап, жасөспірімдермен сөйлесу бойынша тренингтер ұйымдастыру арқылы ата-аналар қауымдастығы мен серіктестікті дамыту, отбасылық байланыстарды нығайту және үйде қауіпсіз ортаны құру бойынша жобаларды бастау.

ЖАО балалар мен жасөспірімдердің эмоционалдық осалдығы себептеріне және балалардың суицидке итермелейтін факторларына жүйелі аймақтық талдау жүргізуі қажет.

Мектеп оқушылары, ата-аналар және педагогтер арасында социологиялық сауалнама жүргізу әдістемесі ғылыми қауымдастықтың қатысуымен әзірленуі қажет. Қолданбалы зерттеулер ауқымы әртүрлі аспектілерді қамтуы мүмкін (жасы, жынысы, тұрғылықты жері және т.б.). Зерттеу нәтижелері кәмелетке толмағандар арасындағы суицидтік мінез-құлық салдарынан болатын өлімжітімнің алдын алу, анықтау және араласу мәселелеріне қатысатын барлық мүдделі тараптарға нақты ұсыныстар мен қорытындылар ұсынуы тиіс.

Өңірлерде тиімді тәжірибені тарату мақсатында түрлі деңгейлер мен алаңдарда өңіраралық кездесулер ұйымдастыру қажет. Сондай-ақ, алдын алу жұмыстарына үкіметтік емес ұйымдарды тиімді әрі үйлестірілген түрде тартуға арналған нақты алгоритм әзірлеу ұсынылады.

Суицид салдарынан болатын өлімжітім көрсеткіштерін жою тек балалар мен жасөспірімдердің бақытты әрі қауіпсіз өмірін қамтамасыз ету мақсатында тиімді саралық өзара іс-қимыл құрылған жағдайда ғана мүмкін болады.

10. Өмірге қанағаттану деңгейі жоғары 10-18 жастағы балалардың үлесі, %

Жасөспірімдердің өміріне қанағаттану деңгейін бағалау көрсеткіші өмір сапасының халықаралық көрсеткіші ретінде танылады. ЭЫДҰ, ДДСҰ, ЮНИСЕФ сияқты халықаралық ұйымдар оны жастардың психоэмоционалдық хал-ахуалының әмбебап көрсеткіші ретінде пайдаланады. https://oecdstatistics.blog/2025/04/08/from-data-to-action-enhancing-childrens-lives-through-better-insights/?utm_source=chatgpt.com

Аталған көрсеткішті түсіндіру мектеп ортасының, әлеуметтік қорғау жүйесінің, мәдени ахуалдың тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді және өсіп келе жатқан ұрпақтың жалпы психологиялық әл-ауқатын, бейімделуін және сыртқы ықпалдарға төзімділігін көрсетеді. Жасөспірімнің өмірінде болып жатқан оқиғаларға қанағаттанушылық неғұрлым жоғары болса, оның психоэмоционалды тұрақтылығы мен әлеуметтік белсенділігінің ықтималдығы соғұрлым жоғары болады.

Көрсеткіш мамандық таңдауда ұзақ мерзімді өмір траекториясына әсер етеді. Академиялық жетістіктер, өзін-өзі ұйымдастыру және ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас арасындағы байланыс ғылыми түрде дәлелденген.

Халықаралық сарапшылардың жарияланымдарында «Ескі жүйелер өз тиімділігін жоғалтты, бірақ бұл ұрпаққа қоғамды қалыптастыру үшін көмек пен қолдау қажет, оларды терең тұңғиыққа қарап тұру сезімінен арашалау керек» деп көрсетілген.

https://www.theguardian.com/society/2025/apr/12/we-cant-pit-boys-against-girls-headlines-overshadow-struggles-of-a-generation-of-girls?utm_source=chatgpt.com).

Жыл сайын жүргізілетін социологиялық сауалнама нәтижелері 10–18 жас аралығындағы жасөспірімдердің өз өмірін эмоционалды қабылдау деңгейінің тұрақтылығын көрсетті.

«Қазіргі уақытта өміріңізге жалпы қаншалықты қанағаттанасыз?» деген сауалға Абай (+2,2) мен Ұлытау (+1,0) облыстарының қатысушылары 2023 жылмен салыстырғанда жоғары баға берген.

Сонымен қатар 11 өңірде жасөспірімдердің өз өмірлік жағдайларына ішкі қанағаттану деңгейі бойынша көрсеткіштің шамалы төмендеуі тіркелді (1.20-кесте).

1.20-КЕСТЕ. ӨМІРГЕ ҚАНАҒАТТАНУ ДЕҢГЕЙІ ЖОҒАРЫ 10-18 ЖАС АРАЛЫҒЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ҮЛЕСІ, %

№	Аймақ	2023	2024	Динамика
	ҚР	**85**	**85**	**-**
1	Абай	82,3	84,5	2,2
2	Ақмола	81	80,9	-0,1
3	Ақтөбе	88,1	88,3	0,2
4	Алматы	81,1	81,4	0,3
5	Атырау	84,2	84,3	0,1
6	Шығыс Қазақстан	82,3	81,8	-0,5
7	Жамбыл	88	87	-1,0
8	Жетісу	85,2	84,9	-0,3
9	Батыс Қазақстан	87,3	87,1	-0,2
10	Қарағанды	82,4	82	-0,4
11	Қостанай	89,3	90,1	0,8
12	Қызылорда	88,7	88,5	-0,2
13	Маңғыстау	81,8	82,1	0,3
14	Павлодар	84,1	84,6	0,5
15	Солтүстік Қазақстан	84,6	84,3	-0,3
16	Түркістан	89,2	88,1	-1,1
17	Ұлытау	82,9	83,9	1,0
18	Астана қаласы	85,2	85,4	0,2
19	Алматы қаласы	82,9	82,1	-0,8
20	Шымкент қаласы	88,8	88,7	-0,1

Деректер көзі: Сауалнама нәтижелері (ата-анасының рұқсатымен 10-18 жас аралығындағы балаларды зерттеу)

Важен гендерный аспект данного Аталған көрсеткіштің гендерлік аспектісі де маңызды. Сауалнамаға қатысқан қыз балалар өмір сапасына қатысты өзіндік бағалауда анағұрлым позитивті көзқарас танытқан (51%, ұлдар – 34%). Зерттеушілер мұны «әйел бақытының парадоксы» деп атайды – қыздар депрессия мен мазасыздықты бастан кешіреді, бірақ олардың өмірге деген жалпы қанағаттануын жоғары бағалайды.

https://www.wsj.com/lifestyle/relationships/why-arewomen-both-sadder-and-happier-than-men-4ffe1ba4?utm_source=chatgpt.com.

Қостанай (36,04%), Ақтөбе (35,3%), Қызылорда (35,4%), Түркістан облыстары (35,2) және Шымкент (35,4) қаласының ұлдары өздерінің өмірлік жағдайын бағалауда оң көзқарас көрсетті (1.6-қосымша).

Әртүрлі елдер мен жас ерекшеліктері топтарында гендерлік айырмашылықтар жасқа, мәдени, әлеуметтік және психологиялық факторларға байланысты өзгеріп отырады. Қыздарда эмпатия қабілеті жақсы дамыған. Бұл оларға терең әлеуметтік байланыстар орнатуға көмектеседі, сол арқылы қанық әрі мәнді өмір сүруге ықпал етеді. Психологиялық тұрақтылықтың себебі тәрбиедегі айырмашылықтар болуы мүмкін – қоғам көбінесе қыздардың эмоционалды ашықтығын қолдайды, ал ұлдарға эмоцияларын басу талап етілуі мүмкін. Сонымен қатар, жасөспірім кезінде қыздарда сыртқы бейнесі мен әлеуметтік желілердің әсеріне байланысты мазасыздық жиі байқалады.

Өткізілген социологиялық сауалнаманың нәтижелері барлық мүдделі тараптардың назарында болуы тиіс. Бұл – жасөспірімдер мен жастар арасындағы психоэмоционалдық жағдайының жан-жақты ұлттық көрсеткіші. Көрсеткіштің төмендеуі өскелең ұрпақтың өмірінде алаңдаушылық пен тұрақсыздық орын алып отырғанын аңғартады. Көңілді, позитивті жастар тәуекелге бармайды, қоғамдық белсенділік танытады.

Халықаралық зерттеулердің қорытындыларына сәйкес, балалар мен жасөспірімдердің психоэмоционалдық әлеуетін, әсіресе стрестің алдын алу және қатер мен суицид белгілерін ескере отырып, бағалау ұсынылады.

«How's Life» кітабының 2024 жылғы алтыншы басылымында | «Жақсылықты өлшеу» | «Жастар хал-ахуалы саясаты, шолулар», « Өмір қалай?» 2024/ «Дағдарыс уақытындағы хал-ахуалы мен тұрақтылық» (https://www.oecd.org/en/publications/how-s-life-2024_90ba854a-en.html) ЭЫДҰ хал-ахуалдың 80-нен астам көрсеткіштері бойынша деректер ұсынды. Зерттеу әдістемесі 4 топты белгіледі. Бұл белсенділік деңгейі төмен оң эмоциялар (тыныштық, жан тыныштығы), қарым-қатынастық эмоциялар (алғыс, бірлесі сезімі), әлеуметтік әл-ауқаты (тиістілік, қолдау, сенім) және қарым-қатынастық хал-ахуалы (тұлғааралық қарым-қатынастардың сапасы мен тереңдігі).

Сарапшылар білім беру және денсаулық сақтау қызметтерінің сапасын анықтайтын жүйелі мониторинг негізінде балалар мен жасөспірімдердің өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған шешімдер қабылдауды ұсынады. Білім беру, денсаулық сақтау, азаматтық қоғам және жастардың күш-жігерін біріктіру арқылы мультисекторалық шешімдердің маңыздылығы ерекше атап көрсетіледі.

11. Жалпы білім беретін мектепте 10-18 жас аралығындағы, дос табуға қиындық көрмейтін балалардың үлесі, %

Психологиялық әл-ауқат пен рухани саулық жасөспірімдердің эмо-

ционалды тұрақтылығының негізгі факторлары болып табылады. Жалғыздық пен оқшаулану депрессия, алаңдаушылық және өзін-өзі төмен бағалау қаупін арттыруы мүмкін. Достар табу қабілеті жасөспірімдер үшін ерекше маңызды болып саналатын қатыстылық сезімін қалыптастырады. Жасөспірімдердің әлеуметтік бейімделу дағдыларының қалыптасуына орта маңызды рөл атқарады. Мектептегі мейірімді әрі инклюзивті атмосфера осындай қолдаушы ортаның көрінісі болып табылады.

Дос табуда қиындық көретін жасөспірімдердің жоғары үлесі буллингтің кең таралғанын көрсетуі ықтимал. Жалғыздық пен оқшаулану мотивацияның төмендеуіне, сабақтарға жиі қатыспауға, тіпті мектептен шығып кетуге дейінгі жағдайларға алып келуі мүмкін. Достық қарым-қатынас орнатудағы қиындықтар әлеуметтік, экономикалық немесе мәдени кедергілермен байланысты болуы ықтимал.

Балалар арасында жүргізілген социологиялық сауалнама нәтижелері мектеп жасындағы жасөспірімдер арасында достық қарым-қатынастың қалыптасуында оң динамиканың жоқтығын көрсетеді. 2023 жылғы көрсеткіштерге сәйкес, достық қарым-қатынас орнатудың жоғары деңгейі Қызылорда (80,2%) және Қостанай (79,1) облыстарының жасөспірімдері арасында сақталып отыр. Мектеп оқушылары арасындағы достық деңгейінің артуы республиканың 9 облыста тіркелді (1.21-кесте).

Астана (60,7%), Алматы (59,8%) қалалары және Абай (59,8%) облысының балалары мен жасөспірімдері басқа аймақтардағы құрдастарымен салыстырғанда терең достық қарым-қатынас орнатуда белгілі бір қиындықтарға тап болуда.

1.21-КЕСТЕ. ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕ 10-18 ЖАС АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ДОС ТАБУҒА ҚИЫНДЫҚ КӨРМЕЙТІН БАЛАЛАРДЫҢ ҮЛЕСІ, %

№	Аймақ	2023	2024	Динамика
	ҚР	**69,9**	**69,75**	**-0,15**
1	Абай	59,1	59,8	0,7
2	Ақмола	66,7	65,7	-1,0
3	Ақтөбе	76,5	76,6	0,1
4	Алматы	71,2	71,4	0,2
5	Атырау	71,1	71,3	0,2
6	Шығыс Қазақстан	71,4	70,4	-1,0
7	Жамбыл	71,2	70,2	-1,0
8	Жетісу	69,6	68,9	-0,7
9	Батыс Қазақстан	76,3	76,0	-0,3
10	Қарағанды	62,2	61,3	-0,9
11	Қостанай	78,2	79,1	0,9
12	Қызылорда	80,3	80,2	-0,1
13	Маңғыстау	68,5	68,5	0,0
14	Павлодар	65,7	66,8	1,1
15	Солтүстік Қазақстан	66,2	66,4	0,2
16	Түркістан	76,9	75,9	-1,0
17	Ұлытау	68,8	69,5	0,7
18	Астана қаласы	60,3	60,7	0,4
19	Алматы қаласы	60,8	59,8	-1,0
20	Шымкент қаласы	76,6	76,5	-0,1

Деректер көзі: Сауалнама нәтижелері (ата-анасының рұқсатымен 10-18 жас аралығындағы балаларды зерттеу)

Гендерлік аспектідегі нәтижелерді талдау мектеп ұжымында әлеуметтік интеграция жағынан қыз балалардың үлесі басым екенін көрсетті (41,8%, ұлдар – 27,9%). Мектепте қарым-қатынас орнатуға ашықтық танытқан оқушылар арасында Қызылорда облысының қыздары (48,1%) көш бастап тұр. Достық арқылы мектеп ортасына бейімделу деңгейі ең төмен —Абай облысы (23,92%) мен Алматы қаласының (23,92%) ұлдар арасында байқалады (1.7-қосымша).

Қыздар көбіне достықты вербалды (сөйлесу арқылы) қарым-қатынаспен орнатса, ұлдар бірлескен әрекетке (ойын, спорт) көбірек бейім. Жасөспірім ұлдар ортасында үстемдік пен лидерлікке ұмтылу белгілері көбірек байқалады. Бұл тұжырымдар зерттеудің сауалнамалық сұрағына жауап ретінде алынған нәтижелердің себептерінің бірі болуы мүмкін.

Жалпы білім беретін мектепте дос табуға қиналмайтын жасөспірімдер үлесі — даму психологиясы мен білім беру ортасының сапасын бағалауда маңызды көсеткіш болып табылады. Соңғы екі жыл ішіндегі социологиялық сауалнама нәтижелері білім беру үдерісіне қатысушылардың барлығы үшін ескерілуі қажет. Балалардың мектепте өзін жайлы сезінуі, сондай-ақ әлеуметтік қарым-қатынасын дамыту үшін инклюзивті және қолдаушы орта қалыптастыру — қазіргі таңдағы өзекті міндеттердің бірі.

Жоғары сыныпқа өткен кезде достық қатынастардың сақталуы жасөспірімдердің оқу жетістігі мен эмоционалдық жай-күйіне оң әсер етеді. Осыған байланысты мектептен тыс түрлі форматтағы іс-шараларды енгізу ұсынылады. Мұндай белсенділіктер әлеуметтік дағдыларды дамытуға, депрессия мен оқшауланудың алдын алуға ықпал етеді.

Ересектер (педагог-психологі, әлеуметтік қызметкер, тәрбиеші ретінде сынып жетекшісі) мен жасөспірімдер арасындағы қарым-қатынаста достық үшін маңызды болып табылатын «бірлік сезімін» дамытуға ықпал ететін әділ ережелерді енгізуді күшейту қажет.

Сауалнама нәтижелерін бірлесе өңдеу арқылы ата-аналар қоғамдастығымен белсенді өзара әрекеттескен жөн. Қазіргі жасөспірімдердің өзін-өзі бағалауы көбіне «лайк» пен «сторис» арқылы қалыптасатынын түсіну аса маңызды. Жас ұрпақ үнемі онлайн кеңістікте болу және ақпараттың мол көлеміне тап болу жағдайында өмір сүріп жатыр. Бұл оларға әлемді кең ауқымда ойлауға мүмкіндік берсе де, олар жергілікті тіректерді іздейді.

Осыған байланысты жасөспірімдердің әлеуметтік-эмоциялық дағдыларын дамытуға бағытталған бағдарламаларды әзірлеу және жүзеге асыру ұсынылады.

Жасөспірімдер арасындағы тұрақты достық байланыстар мен қақтығыстарды шешу мәселелерін талқылауға арналған, ересектер тарапынан бағалаусыз қолдау көрсетілетін ашық диалогтік алаңдар ұйымдастыру маңызды.

Мемлекеттік деңгейде қазіргі замандағы ерлер арасындағы жағымды достық үлгілерін көрсететін киноөнер туындыларын жасау мүмкіндігін қарастырған жөн.

Қазақстанда 2015 жылы ЮНИСЕФ пен БҚҚК қолдауымен әзірленген «Балаларға жайлы қала» бастамасын жаңғырту маңызды. Бұл жоба қаланың (ауданның) барлық аспектілерінде (инфрақұрылым, қызметтер және т.б.) балаларға мейірімді әрі қолайлы ортаны қамтамасыз ету мақсатына жетуге бағытталған.

Тәжірибе алмасу аясында өңірлік білім беру жобаларының ынтымақтастығы мүмкін. Мысалы, ДДСҰ мойындаған «FRIENDS» бағдарламасын

сарапшылар қауымдастығы балалар мен жастарға арналған ең сенімді қолдау көрсететін бағдарламалардың бірі ретінде атап өтеді. «FRIENDS» хаттамасын білім беру ұйымдарында қолдануға ұсынылады.

12.Балалардың құқықтық қорғалу деңгейі, %

Елімізде бала құқықтарын жүзеге асыру халықаралық мониторингтік зерттеулердің негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылады. ЭЫДҰ, ЮНИСЕФ сияқты жетекші ұйымдар оны мемлекеттік басқару сапасын халықаралық деңгейде бағалаудың маңызды өлшемі ретінде пайдаланады.

Балаларды құқықтық қорғау деңгейі — мемлекет пен қоғамның балаларға қауіпсіз, әділ және қолайлы ортамен қамтамасыз ету дәрежесін көрсетеді, балалардың мүдделері үшін заңнамалық базаның тиімділігін бағалауға, сондай-ақ зорлық-зомбылықтан, кемсітуден, еңбекті шектен тыс пайдаланудан, білім мен медициналық қызметтерге теңсіз қолжетімділіктен қорғауға бағытталған.

Кәмелетке толмағандардың құқықтық қорғалуы олардың әлеуметтік және цифрлық тәуекелдерге осал екенін айқын көрсетеді. Құқықтық қорғау – еліміздегі балалар мен жасөспірімдердің тірегі әрі қалқаны болып табылады.

Социологиялық зерттеулер нәтижелері 2015 жылдан бері (58%) көрсеткіштің оң динамикасын көрсетіп отыр. 2024 жылы балалардың 90,3% елімізде өз құқықтарының жоғары деңгейде сақталатынын атап өтті. Маңғыстау (94,5%), Солтүстік Қазақстан (93,5%), Павлодар (93,1%) облыстары мен Абай (92,1%) облысының балалары құқықтық қорғалу деңгейінің жоғары екенін көрсетті. Қостанай облысының сауалнамаға қатысушылары өз мүдделерінің қорғалуына деген сенімділікті төмен деңгейде көрсетті (86,9%) (1.22-кесте).

1.22-КЕСТЕ. БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАЛУ ДЕҢГЕЙІ, %

№	Аймақ	2023	2024	Динамика
	ҚР	**88,2**	**90,3**	**2,1**
1	Абай	87,5	92,1	4,6
2	Ақмола	87,6	89,8	2,2
3	Ақтөбе	85,7	89,3	3,6
4	Алматы	85	88,4	3,4
5	Атырау	89,1	89,2	0,1
6	Шығыс Қазақстан	89,2	89,6	0,4
7	Жамбыл	89,6	89,2	-0,4
8	Жетісу	89,5	89,9	0,4
9	Батыс Қазақстан	87,2	89,1	1,9
10	Қарағанды	85,7	89,3	3,6
11	Қостанай	89,6	86,9	-2,7
12	Қызылорда	91,2	89,3	-1,9
13	Маңғыстау	88,5	94,5	6
14	Павлодар	87,2	93,1	5,9
15	Солтүстік Қазақстан	89,5	93,5	4
16	Түркістан	89,7	91,8	2,1
17	Ұлытау	90,4	89,1	-1,3
18	Астана қаласы	85,5	88,9	3,4
19	Алматы қаласы	88,3	91,4	3,1
20	Шымкент қаласы	91,1	91,2	0,1

Деректер көзі: Сауалнама нәтижелері (ата-анасының рұқсатымен 10-18 жас аралығындағы балаларды зерттеу)

Гендерлік аспект бойынша қыздар (55,32%) ұлдармен (34,71%) салыстырғанда өз құқықтық қауіпсіздігін оң бағалауда. Гендерлік аспект бойынша хал-ахуалының құқықтық ортасын бағалауда аймақ ішінде айтарлықтай айырмашылық байқалады: Астана қаласында (қыздар – 59,92%, ұлдар – 29,68%), Атырау (сәйкесінше 62,44 және 26,76), Шығыс Қазақстан (сәйкесінше 62,93 және 26,97) және Жетісу (сәйкесінше 60,97 және 26,13%) облыстары. (1.8-қосымша).

Жалпы, Хал-ахуал индексі аясында жүргізілген әлеуметтік зерттеу сауалнамаларының нәтижелері бойынша ұлдар өз құқықтық қорғалу деңгейін қыздарға қарағанда төмен бағалайды. Ұлдар жиі тәртіптік шараларға және заңмен қақтығыстарға ұшырайды. Қорғауға жүгіну еркектік әлеуметтік мәдениетте, әсіресе жасөспірімдер арасында, «әлсіздік» ретінде қабылдануы мүмкін. Бұл құқық қорғау тетіктеріне деген сенімді төмендетеді.

Қазақстанда балаларды құқықтық қорғау деңгейін арттыру мақсатында қазіргі халықаралық тәжірибе мен әлеуметтік сауалнамалардың нәтижелерін ескере отырып, балаларды қорғау мәселелері бойынша заңнаманың орындалуын өңірлік деңгейде бақылауды күшейту ұсынылады. Заңдар мен нормативтік құқықтық актілердің балалар мен жасөспірімдердің құқықтарына ықпалын міндетті түрде бағалау жүйесін енгізу мүмкіндігін қарастыруға болады. Child Impact Assessment (CIA) құралы халықаралық тәжірибеде кеңінен қолданылады. Швеция, Норвегия, Финляндия және Нидерландта нормативтік құқықтық актілердің (НҚА) ықпалын бағалау міндетті болып табылады.

Бұл мәселеде өңірлік балалар құқықтары жөніндегі уәкілдер елеулі қолдау көрсете алады. Білім беру ұйымдарында белсенді жастар арасынан балалардың құқықтарын қорғауға бағытталған ерікті адвокаттар желісін құруға болады. Балалар мен жасөспірімдерге арналған құқықтық сауаттылық бойынша тұрақты ақпараттық науқандар мен квесттерді өткізу қажет.

Ата-аналардың құқықтық сауаттылығын арттыру өзекті мәселелердің бірі болып қала береді. Елдегі ата-аналар қауымдастығының көпшілігі үшін балаларын құқықтық қорғау мәселелерінде қолдауы өте маңызды.

Мектептердегі құқықтық білім беру және тәрбиелеу «Дүниетану» (1-4 сыныптар), «Қазақстан тарихы» (5-11 сыныптар), «Құқық негіздері» (9-11 сыныптар), «Жаһандық құзыреттілік» міндетті курсы (5-11 сыныптар) арқылы және сыныптан тыс (қауіпсіздік сабақтары, сынып сағаттары, семинарлар, дөңгелек үстелдер, лекциялар, конкурстар, ата-аналар жиналыстары және т.б.) іс-шаралар арқылы жүзеге асырылады.

Құқықтық тәрбиелеу мәселелерімен 7,5 мыңға жуық жергілікті полиция инспекторлары, жасөспірімдер және қылмыстық полиция қызметкерлері айналысады. Олар балалар, жасөспірімдер, ата-аналар және педагогтер арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

Құрылымды ведомствоаралық үйлестіру білім беру, денсаулық сақтау, әділет және әлеуметтік қорғау салаларының тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді.

13. Жалпы білім беретін мектепте білім алушылардың білім жетістіктерін мониторингтеу (ББЖМ) нәтижелерінің орташа көрсеткіші, балл

Білім беру жүйені қалыптастырушы фактор ретінде ұлттық және халықаралық зерттеулерде Балалардың әл-ауқатынегізгі компонент-

терінің бірі ретінде танылады.

Балалардың Хал-ахуал индексі физикалық денсаулықты ғана емес, сонымен қатар ересек өмірде жасөспірімдердің өзін-өзі табысты жүзеге асыруының негізі болып табылатын олардың танымдық дайындық деңгейін де ескереді.

ББЖМ күнделікті өмірде қажетті функционалдық дағдыларды (білімді қолдана білу) өлшейді. Оның нәтижелері 15 жастағы оқушылардың негізгі құзыреттілік деңгейін анықтап қана қоймай, сонымен қатар интеллектуалдық және кәсіби дамуына қажет дағдылардағы олқылықтарды анықтауға мүмкіндік береді. Сапалы білім беру жағдайларына тең қолжетімділік болмаса, балалардың толыққанды хал-ахуалына қол жеткізу мүмкін емес – ББЖМ объективті мәліметтер ұсынады.

2024 жылы ББЖМ жаңа форматта өтті. Нәтижелерді масштабтаудың халықаралық тәсілдері енгізіліп, бағалауды объективті және салыстырмалы етті (орташа балл = 500).

Тестілеу алғаш рет онлайн режимінде «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы «Талдау» білім беруді зерттеу және бағалау ұлттық орталығы» АҚ ұйымдастырған прокторингпен сүйемелденді. Бұл академиялық адалдық пен рәсімдердің ашық өтуіне жағдай жасады.

ББЖМ-2024 қатысушы мектептер оқыту тілін, меншік түрін және аумақтық ерекшеліктерін ескере отырып, кездейсоқ стратификациялық іріктеу әдісімен таңдалды. Зерттеуге 2387 мектептен 136 108 оқушы қатысты. Оның ішінде 70 118 бала 4-сыныпта, 65 990 бала 9-сыныпта оқиды. Еліміздегі мектептердің 25 пайызы өткен жылдары қатыспаған білім беру ұйымдарын қамтыды.

Тапсырмалар саны жаңартылды: 4-сынып үшін 50, 9-сынып үшін 65 тапсырма. Тесттер үш деңгейдегі қиындықты қамтиды: негізгі, орташа, жоғары.

Аудандар бойынша негізгі нәтижелер

Оқу сауаттылығы

Аймақтар арасындағы айырмашылықтар әлі де маңызды фактор болып қала береді: ең жоғары көрсеткіштер Алматы қаласында тіркелсе, ең төмен нәтижелер Ұлытау және Атырау облыстарында байқалды.

Тапсырмалардың күрделілік деңгейлері арасындағы алшақтық, әсіресе, 4-сыныптарда айқын байқалады — мұнда жоғары деңгейдегі тапсырмаларды орындау базалық деңгейге қарағанда 15–20 пайызға төмен.

Нәтижелерге тіл факторы әсер етеді: орыс тілінде оқытатын мектептердің қатысушылары арасында қала мен ауыл арасында айқын алшақтық байқалады (26 балға дейін).

Мектептің меншік түрі көрсеткіштерге әсер етеді: жекеменшік мектептердің оқушылары мемлекеттік мектептерге қарағанда 20 және одан көп балл жоғары нәтиже көрсетеді.

Өңірлердің ішінде мектептер арасындағы айырмашылықтар өте жоғары (300–380 балға дейін), әсіресе Түркістан және Шығыс Қазақстан облыстары мен Шымкент қаласында байқалды.

Оқу сауаттылығы деңгейінде әртүрлі мәтіндермен жұмыс істеу, олардың құрылымын талдау және стиль құраушы элементтерін талдауда қиындықтар анықталды.

Математикалық сауаттылық

Өңірлер бойынша орташа балдар әртүрлі: 4-сынып оқушылары – 445-тен 525-ке дейін, 9-сынып оқушылары – 419-дан 550-ге дейін. Ең жоғары нәтижелер – Алматы қаласы мен Шығыс Қазақстан облысында, ең төменгі көрсеткіштер – Ұлытау облысында.

15 жастағы оқушыларда геометрия, модельдеу, статистика, логика

және прогрессия бойынша тапсырмаларды орындауда қиындықтар байқалады.

Мамандандырылған мектептердің нәтижелері айтарлықтай жоғары: орташа республикалық көрсеткішпен салыстырғанда+42 балл (4-сынып), +27 балл (9-сынып) артық.

Мектеп түрлері мен меншік формалары арасындағы айырмашылықтар байқалады, көбінесе қазақ тілінде оқытатын мемлекеттік мектептердің оқушыларына басымдық береді.

Ғылыми сауаттылық

Ең жоғары нәтижені Солтүстік Қазақстан облысының 4-сынып оқушылары көрсетті. Үшінші жыл қатарынан ең төмен нәтижелер Ұлытау және Атырау облыстарының оқушыларына тиесілі.

15 жастағы оқушылар физика, биологиядан, әсіресе «Термодинамика негіздері», «Жасуша биологиясы», «Сақталу заңдары» тақырыптары бойынша ең төмен нәтижелерді көрсетіп отыр.

Кіші жастағы оқушылар «Табиғат физикасы», «Мен зерттеушімін», «Заттардың қасиеттері» тақырыптарында қиындықтарға тап болады.

Қала мен ауыл мектептерінің арасындағы айырмашылық 9-сынып оқушылары арасында айқын байқалады (28 балға дейін). Білім беру жетістіктерін бағалаудың барлық бағыттары бойынша жоғары деңгейдегі тапсырмаларды орындау көрсеткіші төмен болып отыр.

Аймақтар, мектеп түрлері, меншік нысаны және оқыту тілі арасындағы көрсеткіштердегі жүйелі айырмашылықтар байқалды. Бұл бір өңір ішіндегі, мектептер арасындағы білім сапасының біркелкі еместігін көрсетеді.

Тоғызыншы сынып оқушылары функционалдық сауаттылықтың барлық үш бағыты бойынша, әсіресе талдауды, түсіндіруді және модельдеуді қажет ететін тапсырмаларды орындауда кіші жастағы оқушылардан төмен нәтиже берді.

Ең жақсы нәтижелерді негізінен мемлекеттік білім беру ұйымдарында қазақ тілінде оқитын оқушылар көрсетті.

Қажет:

- білім беруді басқаруда деректерді тиімдін пайдалану деңгейін арттыру қажет;

- мектеп, аудан және облыс деңгейінде ББЖМ деректерін жүйелі талдау тетіктерін енгізу ұсынылады;

- мектептер мен өңірлер бөлінісінде білім сапасы туралы халыққа есептерді дайындау қажет.

Осы баяндамада алғаш рет ББЖМ-2024 нәтижелеріне контексттік факторлардың әсері туралы негізгі қорытындылар ұсынылады.

ББЖМ-2024 аясында 4 және 9-сынып оқушылары, олардың ата-аналары, мұғалімдері мен мектеп әкімшілігі арасында кең ауқымды сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 4-сыныптың 70 мыңнан астам оқушысы, 66 мың 9-сынып оқушысы, 48 мыңға жуық ата-ана мен 15 мың мұғалім қатысты.

Балалар мен жасөспірімдердің хал-ахуалы контекстіндегі сауалнаманың негізгі нәтижелері

Әлеуметтік-демографиялық профиль және отбасы ресурстары

Оқушылардың көпшілігі толық отбасында тұрады және үйде қазақ тілінде сөйлейді. 4-сынып оқушыларының 85%-нан астамы үйде интернетке тұрақты қол жеткізе алады. Тапсырмаларды орындау үшін ұялы телефондарды негізгі құрылғы ретінде пайдалану 9-сынып оқушыларына тән.

Төртінші сынып оқушыларының шамамен 1/4 бөлігі үй тапсырмаларын өз бетінше орындауда қиналады.

Ата-аналардың оқу дағдысы олардың білім деңгейімен тікелей

байланысты: жоғары білімі бар ата-аналардың 11,8%-ы мектепке дейінгі жастағы балаларға күн сайын кітап оқып береді.

Отбасындағы білім беру ресурстарының болуы, ата-аналардың қатысу деңгейі, мінез-құлық үлгілері (оның ішінде оқу) оқушылардың оқу жетістіктеріне айтарлықтай әсер етеді.

Мектептегі климат және мотивация

Жағымды әлеуметтік орта басым: оқушылардың көпшілігі өздерін мектеп ұжымының мүшесі ретінде сезінеді және қауіпсіздік жағдайында екенін айтады. Алайда 9-сынып оқушыларының 20%-ы мектеп өміріне белсенді қатыспайды.

Буллинг (қорлау, мазақтау) бастауыш сыныптарда жиі тіркеледі (15,5% - сырт келбетіне қатысты жағымсыз пікірлер).

Мектептегі белсенділік, жайлылық және психологиялық қауіпсіздік деңгейі оқу үлгеріміне және академиялық стандарттарды сақтауға тікелей әсер етеді.

Оқу дағдылары және цифрлық сауаттылық

Кіші жастағы оқушылар тапсырмаларды орындауда тұрақты түрде белсенділік танытады. Ал 15 жастағы оқушылардың тек 50%-ы тапсырмаларды шешу немесе ақпарат көздерімен жұмыс істеу барысында өздеріне сенімді. Цифрлық дағдылар негізгі аспектілерде (іздеу, мәтінді басып шығару) дамиды, бірақ аналитикалық жағынан әлсіз (графиктерді құру, дереккөздердің сенімділігін тексеру).

Мектепте тәжірибелік сабақтар әлі де шектеулі: 4-сынып оқушыларының 18%-ы және 9-сынып оқушыларының 15%-ы мұндай іс-шаралардың толық болмауы туралы хабарлады.

Негізгі оқу, зерттеу және цифрлық дағдыларды дамыту бойынша, әсіресе жоғарғы сыныптарда, жүйелі жұмыс қажет.

Мектепке дейінгі дайындыққа қолжетімділік

4-сынып оқушыларының 64%-дан астамы жүйелі түрде мектепке дейінгі білім алған. Алайда балалардың 24%-ы мектепке дейінгі мекемелерге бармаған, бұл олардың мектепке дайындық деңгейіне әсер етуі мүмкін.

Ата-аналар балалардың көбіне жазу және оқу дағдыларының қарапайым екенін, бірақ сөйлемдерді оқуға немесе сөздерді жазуға сенімді емес екенін атап өтеді.

Мектепке дейінгі дайындық бағдарламаларын, әсіресе ауылдық жерлер мен әлеуметтік осал топтар арасында, одан әрі кеңейту және олардың сапасын арттыру қажет.

Қосымша білім беру

Ең көп сұранысқа ие қосымша оқу пәндері – математика және тілдер (қазақ/орыс тілдері), әсіресе 15 жастағы ББЖМ қатысушылары арасында (36% дейін).

Кіші мектеп оқушылары үйірмелер мен секциялардағы белсенділігін жоғары деңгейде көрсетеді. Ал жоғары сынып оқушыларының белсенділігінің төмендеуі оқу жүктемесінің көптігі және қызығушылықтарға сай бағдарламалардың жетіспеушілігімен байланысты болуы мүмкін.

Жасөспірімдерге арналған, әсіресе STEAM, IT және soft skills саласындағы бейімделген әрі тартымды қосымша білім беру бағдарламаларын әзірлеу қажет.

Мектеп оқушыларын әлеуметтік-психологиялық қолдауды күшейту, мотивациялық-мінез-құлық және мета-пәндік құзыреттерді дамыту, қосымша білім мен цифрлық ресурстарға қолжетімділікті арттыру, аймақтар мен мектептер арасындағы тең жағдайларды қамтамасыз ету маңызды.

ББЖМ-2024 қатысушылары мектеп оқушыларының оқу жетістіктеріне

әсер ететін контекстік факторлардың респонденттер – тестілеуге қатысқан білім алушылардың ата-аналарының/заңды өкілдерінің топтары бойынша жан-жақты талдауы ҚР ОМ Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы дайындаған «Білім беру ұйымдары оқушыларының оқу жетістіктерін бақылау нәтижелерін кешенді талдау» талдамалық есебінде ұсынылған.

14. ҰБТ-да шекті деңгейден өткен білім алушылардың үлесі, %

ҰБТ нәтижелері мектеп түлектерінің өз мүмкіндіктерін жүзеге асыру қабілетіне тікелей байланысты сапалы білімнің қолжетімділігін көрсетеді.

Аймақтар, қала мен ауыл, әлеуметтік топтар арасындағы нәтижелердегі елеулі айырмашылықтар – баланың өмірлік мүмкіндіктеріне әсер ететін құрылымдық теңсіздіктің белгісі болып табылады.

ҚР ғылым және жоғары ОМ мәліметі бойынша, ҰБТ-2024-ке 154 126 адам қатысты. Оның ішінде 127 601 тестілеуге қатысушылар (82,79%) шекті деңгейден өтті.

ҰБТ-дан шекті межеден өту деңгейі ең жоғары (86%-дан жоғары) көрсеткішке қол жеткізген өңірлер – Қызылорда, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Шығыс Қазақстан, Жамбыл облыстары және Алматы, Астана қалалары.

Аталған өңірлер жалпы орта білім беру сапасының тұрақты түрде жоғары деңгейде екенін көрсетіп отыр. Бұл жағдай мұғалімдердің жан-жақты даярлығы, мектептерге әдістемелік қолдаудың көрсетілуі және мектеп инфрақұрылымының тұрақтылығымен байланысты болуы мүмкін.

ҰБТ нәтижелері республикалық деңгейден төмен (83%-дан төмен), бірақ шекті межеден өткен өңірлер — Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау және Түркістан облыстары мен Шымкент қаласы.

Осы өңірлердегі тестілеуге қатысушылардың нәтижелері білім беру олқылықтарын жоюға бағытталған нақты шараларды қабылдауды қажет етеді. Әсіресе, Түркістан облысын ерекше атап өту керек: бұл өңірде қатысушылар саны ең көп (31 518 адам) болғанымен, шекті деңгейден өткендер үлесі ел бойынша ең төменгі көрсеткішке ие.

Мегаполистер арасында Алматы қаласы көш бастап тұр. Ал республикалық маңызы бар қалалар ішінде Шымкент едәуір артта қалып отыр.

Ұлытау облысы, қатысушылар саны аз (1 131 адам) болғанына қарамастан, жақсы нәтиже көрсеткен өңірлердің қатарына кірді. Сол сияқты, Солтүстік Қазақстан облысы да тест тапсырушылар санының аз болуына қарамастан, жоғары көрсеткішке қол жеткізді (1.23-кесте).

1.23-КЕСТЕ. ҰБТ-ДА ШЕКТІ ДЕҢГЕЙДЕН ӨТКЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҮЛЕСІ, %

№	Аймақ	2023	2024	Динамика
	ҚР	**84,4**	**82,79**	**-1,61**
1	Абай	86,2	85,49	-0,71
2	Ақмола	86,61	85,95	-0,66
3	Ақтөбе	81,9	79,83	-2,07
4	Алматы	84,11	83,03	-1,08
5	Атырау	80,63	79,63	-1
6	Шығыс Қазақстан	87,49	86,2	-1,29
7	Жамбыл	87,38	86,09	-1,29
8	Жетісу	86,77	85,03	-1,74
9	Батыс Қазақстан	83,5	83,33	-0,17
10	Қарағанды	85,38	82,94	-2,44
11	Қостанай	87,57	86,17	-1,4
12	Қызылорда	91,97	90,33	-1,64
13	Маңғыстау	80,36	79,59	-0,77
14	Павлодар	86,72	85,4	-1,32
15	Солтүстік Қазақстан	90,43	89,86	-0,57
16	Түркістан	77,36	74,94	-2,42
17	Ұлытау	83,75	84,53	0,78
18	Астана қаласы	88,25	86,64	-1,61
19	Алматы қаласы	88,68	86,74	-1,94
20	Шымкент қаласы	79,72	77,69	-2,03

Деректер көзі: ҚР ҒжЖБМ- нің Ұлттық тестілеу орталығы

ҰБТ-дағы төмен балл – баланың өз бетінше өмір сүруі мен еңбекке араласуы үшін қажетті зияткерлік дайындықты толық ала алмағанының әлеуетті көрсеткіші болып табылады. Осыған байланысты, қолда бар объективті деректерге сүйене отырып, нәтижелерді басқарудың тиімді тетіктерін енгізу ұсынылады.

15. «Бала» бағыты бойынша Балалардың хал-ахуалы индексінің қорытындылары.

«Бала» бағыты бойынша балалардың әл-ауқатын бағалау және деректерді салыстыру үшін 14 индикатор пайдаланылды.

Жүргізілген мониторинг нәтижесіне сәйкес, осы бағыт бойынша орташа балл 57,9-ды құрады. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 3,6 балға артқан (2023 жылы — 54,3 балл).

Ең жоғары нәтижелерді Қызылорда (72,5), Қостанай (68,4), Жамбыл (65,8), Ақтөбе және Шымкент қаласы (62,9), Маңғыстау (61,9), Түркістан (61,7) облыстары көрсетті. Жалпы, ел бойынша 10 өңірдің көрсеткіштері республикалық деңгейден жоғары болды.

Ең төменгі көрсеткіштер Қарағанды (40,4), Алматы (42,6), Шығыс Қазақстан (47,4), Солтүстік Қазақстан (48,1) және Павлодар (49,3) облыстарында тіркелді.

1.24-кесте. 2024 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН «БАЛА» БАҒЫТЫ БОЙЫНША БАЛАЛАРДЫҢ ХАЛ-АХУАЛЫ ИНДЕКСІНІҢ ӨҢІРЛІК ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ, 2024 Ж.

№	Аймақ	2023	2024	Динамика
	ҚР	**54,3**	**57,9**	**+3,6**
1	Абай	52,6	60,2	7,6
2	Ақмола	52,5	57,6	5,1
3	Ақтөбе	56,6	62,9	6,3
4	Алматы	55,7	42,6	-13,1
5	Атырау	51,9	51,6	-0,3
6	Шығыс Қазақстан	56,1	47,4	-8,7
7	Жамбыл	64,0	65,8	1,8
8	Жетісу	49,9	60,1	10,2
9	Батыс Қазақстан	51,7	53,7	2,0
10	Қарағанды	55,6	40,4	-15,2
11	Қостанай	63,8	68,4	4,6
12	Қызылорда	56,5	72,5	16,0
13	Маңғыстау	52,9	61,9	9,0
14	Павлодар	51,5	49,3	-2,2
15	Солтүстік Қазақстан	51,0	48,1	-2,9
16	Түркістан	49,9	61,7	11,8
17	Ұлытау	52,1	55,9	3,8
18	Астана қаласы	53,2	52,1	-1,1
19	Алматы қаласы	55,7	60,7	5,0
20	Шымкент қаласы	52,1	62,9	10,8

«Бала» бағыты бойынша балалардың әл-ауқатын бағалау және көрсеткіштерді салыстыру нәтижесінде 15 өңір орташа әл-ауқат деңгейіне ие болып, «сары» аймаққа енді, ал 5 өңір «қызыл» аймақта орналасқан.

Алынған деректер негізінде балалардың әл-ауқат деңгейін арттыру бағытындағы жұмыс жалғасын табады.

ҚОРЫТЫНДЫ

- Халықтың жас құрылымында ең үлкен үлесті 15–64 жас аралығындағы тұрғындар құрайды (62%). Қазақстанда 18 жасқа дейінгі балалар саны 2011–2024 жылдар аралығында 1,9 миллион адамға немесе шамамен 36%-ға артты.
- 2024 жылы ел бойынша 18 жасқа дейінгі балалардың жалпы саны 61 047 адамға көбейді.
- Көрсеткіштің ең көп өсімі Астана қаласында (+35 089 адам) тіркелді. Балалар санының тұрақты өсімі Алматы және Шымкент қалаларында да байқалады. Бұл жағдай урбанизация процесінің жалғасып жатқанын және жас отбасылардың ірі қалаларға қоныс аударуын көрсетеді.
- Ауылдардағы балалар санының өсім қарқыны төмен, жылдар бойынша серпіні айтарлықтай өзгеріссіз, бұл ауылдағы балалар санының тұрақты екенін көрсетеді. Дегенмен ауыл халқы құрылымында балалардың үлесі айтарлықтай жоғары (2024 жылы 36,4%-ға дейін). Бұл ауыл тұрғындарының жастық құрылымы қаламен салыстырғанда анағұрлым жас екенін айғақтайды.
- 2024 жылы ұлдар мен қыздардың жалпы арақатынасы 1,06 құрады, бұл табиғи биологиялық деңгейге сәйкес келеді (100 қызға шаққанда 106 ұл бала) және балалар арасында жыныстық теңгерімділіктің сақталғанын көрсетеді.
- Жағдайдың жақсаруындағы оң динамика ана мен баланы қорғау жүйесін нығайтуға бағытталған мақсатты саясаттың жүргізіліп жатқанын көрсетеді.
- Ана мен балаға медициналық көмек көрсетудің сапасын арттыруға бағытталған кешенді шараларды жүзеге асыру 2024 жылы 5 жасқа дейінгі балалар арасындағы өлім-жітім жағдайларын айтарлықтай азайтуға мүмкіндік берді (2023 жылы – 10,03-тен 2024 жылы – 9,30-ға дейін).
- «Аналар саулығы» әлеуметтік бағдарламасы мен «Феталдық медицина» жобасының іске қосылуы балалар денсаулығына қауіп төндіретін факторларды азайтуға ықпал етті. Ел өңірлеріндегі перинаталдық орталықтарда «Бір күндік емханалардың» ашылуы әйелдерге генетикалық ауруларды ерте анықтау және даму ақауларын болдырмау мақсатында тексеруден өтуге мүмкіндік берді.
- 0-18 жас аралығындағы балалардың сыртқы себептерден қайтыс болу көрсеткіші 100 мың балаға шаққанда (-1,1) азайған. 2024 жылы бұл көрсеткіш 15,1 жағдайды құрады. Көрсеткіштің төмендеуі 13 өңірде байқалады.
- Халықтың барлық категориясында, оның ішінде балалар арасында семіздіктің өсуі халықаралық сарапшылардың назарында. Ер балалар арасында семіздік көрсеткіші екі есеге өседі деп болжануда — 208 миллионға дейін (100%-ға өсім), қыз балалар арасында — 125% өсіммен (шамамен 175 миллион бала).
- Қазақстанға қатысты халықаралық сарапшылардың қорытындылары мыналар: ересектер арасында семіздік деңгейі шамамен 22-23% құрайды, бұл орташа жоғары қауіп деңгейіне сәйкес келеді. Балалар арасында 6-9 жас аралығындағы әр төртінші ұл және әр бесінші бала артық салмаққа ие. Ер балалар арасындағы

өсіп келе жатқан проблема алаңдатады. Балалар физикалық белсенділігі жақсы, бірақ экран алдында өткізетін уақыты көп болуы – тәуекел факторы болып табылады.

▸ ҚР денсаулық сақтауды дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасында балалар (0-14 жас) арасында 100 мың халыққа шаққандағы семіздік ауруының төмендеуі осы бағыттағы жұмыстың күтілетін нәтижелері ретінде жоспарлы мәндерді көрсете отырып, нысаналы индикатор ретінде белгіленген.

▸ Ресми деректерге сәйкес, 2024 жылмен салыстырғанда 0-18 жас аралығындағы балалар арасында 100 мың балаға шаққандағы семіздік ауруының көрсеткіші аздап нашарлаған. Бұл көрсеткіштің теріс динамикасы еліміздің 12 өңірінде тіркелді. Балалар арасында семіздік деңгейі ең жоғары көрсеткіштер Шығыс Қазақстан облысында (158,3), Шымкент қаласында (136) және Маңғыстау облысында(119,6) байқалады (1.16-кесте).

▸ Балалар арасында семіздік ауруының көрсеткіші қалалық жерлерде 4,7%-ға (2024 ж. – 65,8%; 2023 ж. – 61,1%), ауылдық жерлерде 4,6%-ға (2024 ж. – 27,1%; 2023 ж. – 22,5%) арты.

▸ Мемлекеттік органдар мен қоғамның жан-жақты өзара әрекеті еліміздегі балалар мен жасөспірімдердің тамақтану мәселелерін жақсартуға мүмкіндік берді. ҚР ДСМ-нің мәліметі бойынша, 2024 жылы бұл көрсеткіште оң динамика байқалып, төмендеу (-1074,1) орын алды. Еліміздің 17 өңірінде балалар мен жасөспірімдердің асқазан-ішек жолдары (АІЖ) ауруларының төмендеуінің оң динамикасы байқалады. Бұл көрсеткіштің ең жоғары өсімі Шығыс Қазақстан облысында (+1011,5) тіркелді (1.17-кесте).

▸ 18 жасқа дейінгі аралықта асқазан-ішек патологиясының деңгейі қалалық жерлерде (2023 ж. – 6087,8, 2024 ж. – 4990,4) және ауыл тұрғындары арасында да (2023 ж. – 6400,1, 2024 ж. – 5367,9) төмендеген.

▸ 2025 жылдың 1 қыркүйегінен бастап білім беру ұйымдарында дұрыс тамақтану жөніндегі халықаралық ұсыныстарға сәйкес әзірленген Тамақтанудың жаңа стандарты және көп нұсқалы типтік перспективалық мәзір енгізіледі. Құжатта жұқпалы емес ауруларды, атап айтқанда, балалардағы семіздікті 15%-ға, қант диабетін 20%-ға, артериялық гипертензияны 18%-ға және басқа да созылмалы ауруларды 15%-ға дейін төмендетуге көмектесетін стандарттар белгіленген. Тамақтанудың жаңа стандарты білім беру мекемелері, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымдарға да қолданылады.

▸ 2024 жылғы алдын алу тексерулерінің бақылау нәтижелері бойынша, елімізде жасөспірімдер арасында тірек-қимыл аппаратының дамуындағы бұзылулар мәселесін шешуде оң динамика байқалмай отыр.

▸ Павлодар (-0,04), Қарағанды (-0,06) және Алматы облыстарында (-0,06) көрсеткіштің төмендеуіне қарамастан, бұл өңірлердің үлесі республикалық көрсеткіштен жоғары болып қалуда. 2023 жылмен салыстырғанда, 2024 жылы еліміздің 7 өңірінде балаларда омыртқа қисаюы анықталған жағдайлардың үлесі артқан.

▸ Халықаралық сарапшылардың айтуынша, соңғы бірнеше онжылдықта балалар арасындағы миопияның (жақыннан көрудің) таралуы айтарлықтай артқан. Дүниежүзіндегі әрбір үшінші бала миопиядан зардап шегуде. 2050 жылға қарай бұл көрсеткіш шамамен 40%-ға жетеді деп күтілуде, бұл 740 миллионнан астам бала мен жасөспірімді құрайды.

▸ ҚР ДСМ деректері бойынша, алдын алу тексеруі нәтижесінде көру өткірлігінің төмендеуі анықталған 0-ден 14 жасқа дейінгі балалардың үлесі 2023 жылмен салыстырғанда 2024 жылы -0,06%-ға төмендеген. Аталған көрсеткіштің жалпы нәтижесіне елдің 10 өңірінде үлестің төмендеуі әсер етті. Ең жоғары өсім Солтүстік Қазақстан облысында (+1,34%), Астана қаласында (+0,69%) және Атырау облысында (+0,65%) тіркелді.

▸ 2024 жылы алдын алу тексерулер нәтижесінде есту қабілетінің төмендеуі және сөйлеу кемістігі бар 0-ден 14 жасқа дейінгі балалардың үлесі артты (+0,04%). Ақтөбе облысында бұл көрсеткіш тұрақты деңгейде сақталып отыр – 0,34%.

▸ Қалаларда халықтың шоғырлану үрдісі тұрақты түрде байқалады. 2024 жылғы жағдай бойынша балалардың жартысынан астамы (шамамен 57%) қалалық жерде тұрады. Бұл ірі қалалардың дамуы, ауылдық өңірлерден көші-қонның артуы және қалалық инфрақұрылымның жақсаруы сияқты факторлармен байланысты.

▸ Қазақстан ЮНИСЕФ және ДДСҰ-ның балалар семіздігіне қарсы күреске бағытталған жаһандық бағдарламаларына қатысуда. Аталған көрсеткіш жаһандық денсаулық индикаторлары жүйесіне енгізілген. Зерттеушілер үкіметтерге семіздіктің салдары туралы халықты хабардар етуді арттыру, ерте диагностикалау идеясын ілгерілету және алдын алу шараларын кең көлемде іске асыру қажеттігіне ерекше назар аударуда.

▸ Тиімді тамақтану түзету бағдарламаларын іске асыру, ата-аналар арасында ақпараттандыру бастамаларын дамыту, сондай-ақ жасөспірімдерге отбасында және мектепте психоэмоционалдық қолдау көрсету — балалар семіздігінің алдын алудың және оның деңгейін төмендетудің негізгі шарттары болып табылады.

▸ ҚР БП ҚСжАЕА комитетінің деректеріне сәйкес, 2024 жылы кәмелетке толмағандар арасындағы суицид жағдайларының саны 2023 жылмен салыстырғанда азайды (-29 жағдай).

▸ Алайда, еліміздің 6 өңірінде балалар арасындағы өзін-өзі өлтіру жағдайларының өсуі тіркеліп отыр, бұл өлім-жітімнің таралуына жол бермеу мақсатында терең талдау жүргізуді қажет етеді. Көрсеткіштері тұрақты жоғары немесе өсім байқалатын өңірлерде мақсатты, нақты бағытталған жұмыстар жүргізілуі тиіс.

▸ 15–17 жас аралығындағы балалар арасында арасында ПЗ-ды қолданудан туындаған психикалық ауытқулардың сырқаттанушылық деңгейі 2023 жылмен салыстырғанда 1,3%-ға өсіп, 12%-ды құрады.

▸ Жасөспірімдердің мазасыздық және өзге де эмоционалдық қиындықтармен күресуіне көмектесуде, сенімді атмосфера құруда педагог-психологтердің рөлі ерекше маңызды. ЖАО-мен бірлесіп, 100-ден астам оқушысы бар білім беру ұйымдарында қосымша бірліктер енгізу арқылы педагог-психологтер санының кезең-кезеңімен арттырылуы мәселесі шешімін тапты.

▸ «Сіз қазіргі өміріңізге қаншалықты қанағаттанасыз?» деген сауалнама сұрағына Абай (+2,2) және Ұлытау (+1) облыстарынан келген респонденттер оң жауап берді. 11 өңірде өмірлік жағдайларға ішкі қанағаттану деңгейінің шамалы төмендеуі тіркелді.

▸ Бұл көрсеткіштің гендерлік аспектісі де маңызды. Сауалнамаға қатысқан қыз балалар өмір сапасын өзіндік бағалауда неғұрлым оң көзқарас танытқан (51%, ұлдар – 34%). Зерттеушілер бұл құбылысты «female happiness paradox» (әйел бақыт парадоксы) деп атайды: қыздар депрес-

сия мен мазасыздықты көбірек сезінгенімен, жалпы өмірге қанағаттану деңгейі жоғарырақ болады.

▸ Балалар арасында жүргізілген әлеметтік сауалнама нәтижелері мектептегі жасөспірімдер арасында достық қарым-қатынасты қалыптастыруда оң динамиканың жоқтығын көрсетеді. Достық байланыстарды орнатудың жеңілдігіне қатысты маңызды көрсеткіш 2023 жылғы деңгейде сақталуда – Қызылорда облысында (80,2%) және Қостанай облысында (79,1%). Мектеп оқушылары арасындағы достыққа бейімділік деңгейінің өсуі еліміздің 9 өңірінде тіркелді.

▸ Нәтижелердің гендерлік аспектісіне жасалған талдау мектеп ұжымына әлеуметтік тұрғыда сәтті бейімделіп жатқан қыз балалар үлесінің басымдығын көрсетті (41,8%, ұлдар – 27,9%). Мектеп ішіндегі қарым-қатынас орнатуға ең ашық қыз балалар Қызылорда облысында тіркелген (48,1%). Ал достық арқылы мектеп ортасына бейімделу деңгейі төмен ұл балалар Абай облысында және Алматы қаласында байқалды (екеуінде де – 23,92%).

▸ Кәмелетке толмағандарды құқықтық қорғау жағдайы балалардың әлеуметтік және цифрлық қауіп-қатер жағдайындағы осалдығын көрсетеді. Құқықтық қорғау еліміздегі балалар мен жасөспірімдер үшін тірек пен қорған болып табылады және қоғамның ішкі саулығының айнасы ретінде көрінеді.

▸ Социологиялық зерттеулердің нәтижелері бұл көрсеткіштің 2015 жылдан бері оң динамикасын көрсетеді (58%). 2024 жылы балалардың 90,3% елімізде өз құқықтарының жоғары деңгейде сақталатынын атап өтті. Маңғыстау (94,5%), Солтүстік Қазақстан (93,5%), Павлодар (93,1%) және Абай (92,1%) облыстарының балалары өздерінің құқықтық қорғалу деңгейін жоғары деп бағалаған.

▸ Гендерлік аспект тұрғысынан қыз балалар (55,32%) өздерінің құқықтық қорғалуы деңгейін ұл балаларға (34,71%) қарағанда анағұрлым жоғары бағалаған. Аймақтардың ішінде құқықтық әл-ауқат ортасын бағалауда да гендерлік айырмашылықтар айтарлықтай байқалады: Астана (қыздар – 59,92%, ұлдар – 29,68%), Атырау (тиісінше 62,44 және 26,76), Шығыс Қазақстан (тиісінше 62,93 және 26,97) және Жетісу (тиісінше 62,93 және 26,6%) және Жетісу (606,6%).

▸ ББЖМ білім беру ортасы мен жетістіктерін объективті бағалау құралы ретінде Баланың хал-ахуалының индексіне енгізілген. Бұл – білім беру ортасы мен жетістіктерді объективті бағалауға арналған маңызды құрал, онсыз баланың қазіргі жағдайы мен болашағын кешенді түрде түсіну мүмкін емес.

▸ Ұлттық зерттеу тек «мектеп статистикасымен» шектелмей, әлеуметтік, өңірлік және институционалдық әділеттілікке қатысты кең ауқымды мәліметтер ұсынады. Ол елдегі балаларға тең әрі сапалы даму мүмкіндіктерінің қаншалықты қамтамасыз етілгенін көрсетеді.

▸ Контекстік факторларды талдау көрсеткендей, отбасылық ресурстар, мектептегі ахуал (климат), мотивация, тәртіп, цифрлық және когнитивтік дағдылар білім алушылардың оқу жетістіктеріне айтарлықтай әсер етеді.

▸ Балалардың хал-ахуалы индексі контексінде ҰБТ тек академиялық сынақ қана емес, сонымен қатар әлеуметтік және психологиялық тұрғыдан да маңызды оқиға болып табылады. Бұл нәтижелер жасөспірімдердің психоэмоционалдық жағдайына, атап айтқанда, мазасыздық деңгейіне және ата-аналар мен мұғалімдер тарапынан болатын қысымға тікелей байланысты болуы ықтимал.

ҰСЫНЫСТАР

▸ Балалар санының төмендеуінің себептерін анықтау және жою үшін теріс динамикасы бар өңірлердегі демографиялық жағдайды сапалы жүйелі деңгейде бақылау.

▸ Мегаполистерге қысымды және ауылдық жерлерден көші-қонды азайту үшін аймақтардың теңгерімді дамуын ынталандыру. Ауылдық жерлерде өмір сүру сапасын арттыру үшін инфрақұрылымды дамытуға ерекше назар аудару қажет.

▸ Ауыл балалары көп өңірлердегі ауылдық мектептер мен медициналық пункттерді нығайту, оларды заманауи құрал-жабдықтармен және білікті мамандармен қамтамасыз ету.

▸ Демографиялық өсімді ескере отырып, қарқынды дамып жатқан қалаларда (мектептер, балабақшалар, медициналық мекемелер) балаларға арналған инфрақұрылымды дамыту.

▸ Туу көрсеткішін ынталандыру және әлеуметтік-экономикалық жағдайды жақсарту мақсатында өңірлерде отбасылар мен балаларды қолдауға арналған мақсатты бағдарламаларды әзірлеу.

▸ Жасөспірімдер мен жастар арасында суицидтік мінез-құлықтың алдын алу шараларын жүзеге асыру үшін ДДҰ, ЮНИСЕФ зерттеулері мен үздік халықаралық тәжірибеге негізделген жүйелі шаралар қажет.

ҰЛТТЫҚ ДЕҢГЕЙДЕ ҰСЫНЫЛАДЫ:

▸ Жасөспірімдердің өз-өзіне қол жұмсау әрекеті және нақты фактілері туралы бірыңғай ұлттық деректер базасын құру. Бұл ақпарат жасырын себептерді объективті түрде талдап, барлық мемлекеттік органдар тарапынан тиімді шаралар қабылдау үшін қолжетімді болуы тиіс.

▸ Интернет пен әлеуметтік желілердегі ақпараттық қауіпсіздікке тиімді бақылау жүргізу және контентті реттеу. Қауіпсіз онлайн ортаны дамытуға елдің жетекші IT компанияларын тарту қажет.

▸ Заманауи цифрлық шешімдерді пайдалана отырып, оқушылардың психоэмоционалдық жағдайын мониторингтеуге арналған интерактивті цифрлық жүйе әзірлеу.

▸ Балалардағы психоэмоционалдық проблемаларды ерте анықтау жүйелерінің сапасын күшейту. Білім беру ұйымдарында жүйелі түрде психологиялық скринингтерді енгізу.

▸ Жасөспірімдер арасындағы қақтығыстарды шешу және алаңдаушылық белгілерін тану мәселелерінде мектеп психологтері мен әлеуметтік педагогтерінің кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыру.

▸ Медициналық сақтандыру/МӘМС шеңберінде жасөспірімдерге білікті психологиялық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз ету.

▸ Баланың өміріне қауіп төндіретін мінез-құлық тәуекелдері бойынша модульдерді және мұғалімдерді оқыту және кәсіби дамыту үшін білім беру бағдарламаларына қауіп тобындағы балалармен жұмыс істеуге арналған арнайы семинарларды енгізу.

▸ Сапалы психологиялық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз ету. Тегін психологиялық-педагогикалық қолдау орталықтарының желісін кеңейту. Балалар мен жасөспірімдерге арналған тәулік бойы жұмыс істейтін сенім телефонының жұмысын күшейту. Анонимді кеңес беретін онлайн платформаларды енгізіңіз.

▸ Суицидке қарсы ақпараттық науқандарды кеңейту. Девиантты мінез-құлыққа ие жасөспірімдерді және олардың ата-аналарын кеңінен тарта отырып, тұрақты түрде жағымды іс-шаралар, тренингтер және флешмобтар өткізу. Ата-аналарға ақпараттық және консультациялық көмек көрсету өте маңызды.

▸ Тәуекелдерді байқап, жасөспірімдермен дұрыс сөйлесу бойынша тренингтер ұйымдастыру арқылы ата-аналар қауымдастығымен серіктестікті дамыту, отбасылық байланыстарды нығайту және үйде қауіпсіз ортаны құру бойынша жобаларды бастау.

▸ Балалар мен жасөспірімдердің эмоционалдық осалдығының себептеріне және балалардың суицидке итермелейтін факторларына жүйелі аймақтық талдау жүргізсін.

▸ Халықаралық тәжірибе есірткіге байланысты проблемаларды ерте диагностикалаудың маңыздылығын көрсетеді; скринингтік бағдарламалар бүкіл әлемде қолданылады, олар әр елдің мәдени, әлеуметтік және заңнамалық жағдайларына бейімделген әртүрлі тәсілдерді қамтиды. Ғылыми дәлелдері бар халықаралық құралдарды (мысалы, ДДСҰ әзірлеген ASSIST (алкоголь, темекі шегу және субстанцияларға қатысты скринингтік тест), DAST (Drug Abuse Screening Test) және т.б. қолдануды қарастыруға болады. https://ru.turkistan.today/sovremennye-tehnologii-diagnostiki-upotrebleniya-narkotikov.

▸ Өткізілген социологиялық сауалнама нәтижелерін барлық мүдделі тараптар ескеруі тиіс. Бұл — жасөспірімдер мен жастар арасындағы психоэмоционалды жағдайдың жан-жақты ұлттық индикаторы. Бұл көрсеткіштің төмендеуі өскелең ұрпақтың өміріндегі алаңдаушылық пен тұрақсыздық сезімін көрсететін тенденцияларды білдіреді. Көңілді, позитивті жастар тәуекелге бармайды, қоғамдық белсенділік танытады.

▸ Балалар мен жасөспірімдердің психоэмоционалдық хал-ахуалына қатысты халықаралық зерттеулердің негізгі қорытындыларын, әсіресе стресс, үрей мен суицидтің алдын алу контекстінде ескеру ұсынылады.

▸ Сауалнама нәтижелерін бірлесіп өңдеу арқылы ата-аналар қауымдастығымен белсенді өзара әрекеттесу қажет. Жасөспірімдер өзін-өзі бағалауы көбінесе ұнатулар мен әңгімелер арқылы қалыптасатын шындықта өмір сүретінін түсіну маңызды. Қазіргі жас ұрпақ үздіксіз желіде болу және көптеген ақпаратқа қол жеткізуде. Бұл оларға жаһандық деңгейде ойлауға мүмкіндік береді, бірақ сонымен бірге олар жергілікті қолдауды іздейді.

▸ Жасөспірімдердің әлеуметтік және эмоционалдық дағдыларын дамытуға бағытталған бағдарламалардың әзірлеу және жүзеге асыру ұсынылады. Жасөспірімдер арасындағы тұрақты достық пен жанжалды шешу мәселелерін талқылау үшін ересектердің пікірін білдірмей қолдау көрсету үшін ашық диалог алаңдарын ұйымдастыру қажет.

▸ Ел деңгейінде нағыз ер достықтың жағымды үлгілерін көрсететін кинематографиялық туындыларын жасау мүмкіндігін қарастыру ұсынылады.

▸ Қазақстанда 2015 жылы ЮНИСЕФ пен БҚҚК қолдауымен әзірленген «Балаларға жайлы қала» бастамасын жаңғырту ұсынылады. Жобаның құндылығы қаланың (ауданның) барлық аспектілерінде (инфрақұрылым, қызметтер және т.б.) балаларға мейірімді болу.

▸ Тәжірибе алмасу аясында өңірлік білім беру жобаларының ынтымақтастығы мүмкін. Мысалы, ДДСҰ мойындаған «FRIENDS» бағдарламасын сарапшылар қауымдастығы балалар мен жастарға арналған ең сенімді қолдау көрсететін бағдарламалардың бірі ретінде атап өтеді. «FRIENDS» хаттамасын білім беру ұйымдарында қолдануға ұсынылады.

▸ Қазақстанда балалардың құқықтық қорғалу деңгейін арттыру мақсатында қазіргі халықаралық тәжірибені және әлеуметтік сауал-

намалардың нәтижелерін талдауды ескере отырып, өңірлік деңгейде балаларды қорғау мәселелері бойынша заңнаманың орындалуына мониторингті күшейту ұсынылады. Балалар мен жасөспірімдердің құқықтарына заңдардың немесе кейбір нормативтік-құқықтық актілердің (НҚА) әсерін міндетті бағалауды енгізуге болады. Балаларға әсер етуді бағалау (CIA) құралы халықаралық тәжірибеде кеңінен қолданылады. Швецияда, Норвегияда, Финляндияда және Нидерландыда RLA әсерін бағалау міндетті болып табылады.

▸ Маркетингті құқықтық реттеу және балалар мен жасөспірімдердің денсаулығына зиян келтіретін тамақ өнімдері мен сусындар өнімдерін сату мен жарнамалауға шектеу қою қажет.

▸ Салааралық серіктестік – ҮЕҰ, ата-аналар қауымдастығы және БАҚ қатысуы өте маңызды. Семіздік проблемасының тұрақты төмендеуі барлық мүдделі тараптардың жүйелі және келісілген жұмысының нәтижесінде мүмкін болады.

▸ Балалар мен жасөспірімдерде дене тұлғасы бұзылуының таралуы мәселелерін шешуде мұғалімдер мен ата-аналар қауымдастығы арасындағы серіктестік, денсаулық сақтау ұйымдарының белсенді қатысуы, диагностикалық және профилактикалық шараларға жаңа тәсілдер маңызды.

▸ Жасөспірімдерде тұлғаның бұзылуы жағдайларын анықтау үшін жыл сайынғы скрининг және мониторинг қажет. Сынып бөлмелері мен жиһаздың эргономика принциптеріне сәйкестігі де маңызды.

▸ Балалар мен жасөспірімдердің тірек-қимыл аппараты бұзылыстары мәселелеріне ерте араласу асқынулардың дамуына жол бермей, оңалтудың тиімділігін арттырады және болашақта өмір сүру сапасын жақсартады.

▸ «Цифрлық құрылғыларды пайдаланатын балалардағы миопияның жаһандық таралуы: жүйелі шолу және мета-талдау» (BMC Pediatrics)/ https://bmcpediatr.biomedcentral.com/articles/10.1186/s12887-025-05684-8?utm_source=chat) көруді сақтау мәселесінде өте тиімді шаралар қабылдау нұсқаулығы бола алады.

▸ Балалар мен жасөспірімдерде бұл аурудың таралуын азайту үшін емдеу нәтижелерінің статистикасы қажет. Арнайы ем мен ота жасауды қажет ететін бала санын анықтау, ресурстар қажеттілігі, олардың қолжетімділік деңгейін анықтау қажет. Балаларға уақытылы мамандандырылған ем көрсетілмеген жағдайда жастар арасында дислексияның кең таралуына әкеледі. Бұл – жалпы оқуға қабілеттілігі сақталғанымен, оқу және жазу дағдыларын меңгеру қабілетінің бұзылуы. Осыған байланысты балаларға кең ауқымды жан-жақты қолдау көрсету үшін мемлекеттік органдар арасындағы үйлестіру және ата-аналар қауымдастығымен өзара әрекеттесу өте маңызды.

ОБОЗНАЧИТЬ КРИТЕРИЯМИ ЭФФЕКТИВНОСТИ ПРОВОДИМОЙ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПОЛИТИКИ:

• жүйелілік (білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, барлық деңгейдегі қолдаудың тұрақты институционалдық негізіне интеграциялау: мектеп – аудан – облыс – ел);

• ғылыми негізделу (әлемдік қоғамдастық мойындаған халықаралық тәжірибелер және дәлелденген тәсілдер);

• жағдайдың мақсатты және жергілікті сипаты (нақты тәуекел топтарына назар аудару);

• тұрақтылық және ұзақ мерзімділік (жекелеген акциялар емес, үнемі профилактикалық жұмыс жүргізу, прогресті қадағалау, циклдік және әдістерді бейімдеу);

• кешенділік (барлық тараптардың қатысуы: балалар, ата-аналар, мұғалімдер, дәрігерлер, әлеуметтік қызметкерлер; ағарту, диагностика, көмек және қолдау шараларының бірлесуі);

• нәтижелілікті өлшеу көрсеткіштері (көмек сұрау деңгейі, психоэмоционалдық жағдай көрсеткіштерінің динамикасы, сыртқы бағалау — аудит, есептер, сауалнамалар);

• мәдени және әлеуметтік бейімделу;

• қатысу белсенділігі (балалар мен жасөспірімдерге қызықты интерактивті форматтар мен әдістерді қолдану: ойындар, тренингтер, видео, әлеуметтік желілер, волонтерлік бастамалар).

Деректер Қазақстандағы балалар арасындағы гендерлік тепе-теңдіктің салауатты және тұрақты таралуын көрсетеді, бұл ретте шағын аймақтық ауытқулар бар. Бұл үрдістерді әлеуметтік бағдарламалар мен жобаларды жоспарлау кезінде ескеру маңызды.

Қазақстан Республикасында денсаулық сақтауды дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасында «Алкоголь және басқа да есірткі заттары бойынша Еуропалық мектеп зерттеу жобасының» (ESPAD) әдістемесін пайдалана отырып, жастар арасында психоактивті заттарды қолдану мәселелеріне зерттеу жүргізу көзделген. Алынған нәтижелер ұлттық деректерді халықаралық көрсеткіштермен салыстыруға, қабылданған шаралардың тиімділігін бағалауға, мақсатты алдын алу бағдарламаларды әзірлеуге және мектептер мен колледждерге нақты қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

.

1.1-қосымша.

100 МЫҢ БАЛАҒА ШАҚҚАНДА СЕМІЗДІККЕ ШАЛДЫҚҚАН 0-18 ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ САНЫ

Аймақ	Барлығы		100 000 балаға шаққанда семіз балалардың саны (қалалық)		оның ішінде ұлдар		соның ішінде қыздар		100 000 балаға шаққанда семіз балалардың саны (ауылдық)		оның ішінде ұлдар		соның ішінде қыздар	
	2023	2024	2023	2024	2023	2024	2023	2024	2023	2024	2023	2024	2023	2024
ҚР	**45,5**	**50,4**	**61,1**	**65,8**	**61,0**	**66,4**	**61,2**	**65,2**	**22,5**	**27,1**	**25,8**	**27,2**	**19,1**	**27,0**
Абай	42,4	43,8	38,5	49,5	45,7	48,7	30,8	50,4	48,5	34,7	54,9	37,6	41,7	31,6
Ақмола	42,9	24,7	38,1	24,4	23,3	20,0	53,6	29,1	49,1	25,1	70,1	28,7	27,1	21,3
Ақтөбе	34,1	22,5	43,5	24,9	36,5	23,3	50,9	26,6	7,1	15,5	2,3	13,9	12,2	17,2
Алматы	24,0	26,8	23,5	9,2	23,7	12,4	23,2	5,7	24,1	31,0	26,6	33,6	21,4	28,2
Атырау	53,3	58,1	67,2	63,3	58,1	60,1	77,0	66,7	36,1	51,8	41,5	48,8	30,3	54,9
Батыс Қазақстан	53,2	38,6	46,4	41,5	35,3	39,4	58,3	43,8	61,6	34,7	68,8	32,6	54,0	36,9
Жамбыл	25,8	17,9	30,8	31,1	40,1	33,8	21,1	28,2	22,2	8,2	19,5	9,5	25,1	6,9

Жетісу	22,5	20,9	38,4	32,0	56,9	33,8	18,8	30,1	9,6	11,9	4,3	8,7	15,1	15,2
Қарағанды	34,3	49,7	39,1	55,6	32,2	56,7	46,4	54,5	15,6	25,6	18,2	25,0	12,8	26,3
Қостанай	65,6	54,6	77,2	55,2	86,0	67,7	67,9	42,1	47,2	53,7	50,7	69,5	43,5	36,9
Қызылорда	32,4	35,5	38,9	18,9	37,0	23,1	41,0	14,4	26,7	50,3	16,5	43,8	37,4	57,2
Маңғыстау	68,9	119,6	148,3	187,3	118,4	209,3	180,3	163,8	7,1	65,5	34,1	65,3	-21,3	65,6
Павлодар	42,4	36,8	44,3	37,1	49,5	36,8	38,8	37,4	38,4	36,2	45,9	29,3	30,5	43,5
Солтүстік Қазақстан	48,7	63,2	88,2	110,8	87,2	87,9	89,3	135,2	13,4	19,9	20,2	26,8	6,1	12,6
Түркістан	8,5	8,8	13,4	8,4	14,1	10,5	12,6	6,2	6,8	9,0	7,9	8,1	5,7	9,9
Ұлытау	22,6	27,8	23,8	28,7	26,8	36,5	20,7	20,6	18,3	24,7	11,9	47,9	25,2	0,0
Шығыс Қазақстан	139,2	158,3	172,8	216,7	195,3	233,9	149,1	198,6	77,4	47,7	87,0	39,9	67,2	56,0
Астана қаласы	44,5	56,4	44,5	56,4	47,0	55,9	41,9	56,9						
Алматы қаласы	58,5	64,5	58,5	64,5	59,9	62,8	57,1	66,3						
Шымкент қаласы	115,7	136,0	115,7	136,0	118,4	132,0	113,0	140,1						

Деректер көзі: ҚР ДСМ

1.2-қосымша.

100 МЫҢ БАЛАҒА ШАҚҚАНДА 0-18 ЖАС АРАЛЫҒЫНДАҒЫ БАЛАЛАР АРАСЫНДА АСҚОРЫТУ ОРГАНДАРЫ АУРУЛАРЫНЫҢ САНЫ

Аймақ	Барлығы		101 000 балаға шаққандағы ас қорыту жүйесі ауруларымен сырқатта-нушылық (қа-лалық)		соның ішінде ұлдар		соның ішінде қыздар		101 000 балаға шаққанда ас қорыту жүйесі ауруларымен сырқатта-нушылық (ауылдық)		соның ішінде ұлдар		соның ішінде қыздар	
	2023	2024	2023	2024	2023	2024	2023	2024	2023	2024	2023	2024	2023	2024
ҚР	**6 214,3**	**5 140,2**	**6 087,8**	**4 990,4**	**5 949,0**	**4 895,6**	**6 234,7**	**5 090,8**	**6 400,1**	**5 367,9**	**6 211,5**	**5 065,3**	**6 599,9**	**5 688,8**
Абай	9 043,3	7 207,8	9 943,5	8 184,6	9 372,6	7 266,9	10 555,6	9 168,1	7 657,5	5 648,8	7 318,7	5 573,5	8 017,9	5 729,5
Ақмола	4 487,7	4 522,4	4 838,7	3 988,6	5 420,7	4 339,6	4 230,0	3 620,1	4 036,2	5 231,6	4 282,3	5 124,4	3 779,5	5 343,2
Ақтөбе	2 870,4	2 388,4	2 981,6	2 510,3	2 879,7	2 324,2	3 090,4	2 709,1	2 549,5	2 026,8	2 743,2	2 192,4	2 345,0	1 851,7
Алматы	5 645,2	5 110,2	2 878,6	919,3	2 362,6	869,7	3 434,6	972,5	6 182,7	6 122,0	5 994,1	5 313,3	6 381,7	6 975,9
Атырау	2 214,3	1 702,7	2 078,0	1 355,8	2 088,2	1 182,6	2 067,1	1 540,2	2 382,2	2 128,4	2 403,2	2 203,0	2 360,1	2 049,6
Батыс Қа-зақстан	4 408,7	3 729,4	2 387,0	2 102,2	2 178,1	1 805,0	2 609,9	2 419,4	6 955,6	5 830,9	7 094,3	5 927,9	6 807,4	5 727,6
Жамбыл	5 302,7	3 224,0	7 168,5	4 190,2	6 710,3	4 069,2	7 650,9	4 317,6	3 957,4	2 515,2	3 751,9	2 378,6	4 174,4	2 659,8

Жетісу	3 851,6	3 303,4	5 088,3	4 450,0	5 160,3	4 672,1	5 012,1	4 215,0	2 853,6	2 371,6	2 346,0	1 882,7	3 385,0	2 884,4
Қарағанды	4 906,9	3 389,8	5 236,0	3 384,6	5 159,7	3 420,5	5 316,8	3 346,5	3 605,6	3 411,1	3 479,4	3 833,3	3 738,6	2 965,5
Қостанай	5 065,5	4 569,6	5 360,3	5 214,7	5 477,7	5 208,8	5 236,6	5 221,0	4 601,1	3 524,0	4 775,9	3 518,5	4 415,6	3 529,9
Қызылорда	6 413,3	5 717,8	5 427,8	5 085,9	5 056,9	5 390,6	5 825,0	4 758,9	7 289,1	6 284,1	6 384,7	5 819,2	8 250,5	6 779,8
Маңғыстау	5 779,4	4 563,4	2 620,0	1 744,7	2 634,8	1 810,6	2 604,2	1 674,1	8 234,9	6 818,9	8 691,0	6 101,9	7 753,7	7 576,3
Павлодар	7 050,1	6 033,1	8 372,7	7 184,8	8 374,1	6 808,5	8 371,3	7 582,1	4 357,5	3 644,9	4 295,6	3 667,3	4 423,1	3 621,3
Солтүстік Қазақстан	4 954,7	4 260,1	4 155,5	3 681,2	3 715,7	3 538,8	4 623,0	3 832,8	5 667,6	4 787,9	5 121,8	4 459,5	6 245,9	5 135,1
Түркістан	9 731,3	7 352,9	10 220,2	7 733,4	9 742,2	7 661,1	10 739,6	7 812,0	9 567,6	7 221,8	9 255,1	7 002,6	9 900,7	7 455,7
Ұлытау	4 822,4	4 896,1	4 526,0	4 500,9	4 311,6	4 329,4	4 747,4	4 678,5	5 887,6	6 340,8	6 017,4	6 225,3	5 750,2	6 463,5
Шығыс Қазақстан	6 196,7	7 208,2	6 263,5	6 927,8	6 275,0	6 593,7	6 251,3	7 280,6	6 074,1	7 738,8	5 652,3	7 398,3	6 524,4	8 104,1
Астана қаласы	8 861,3	7 864,5	8 861,3	7 864,5	8 625,2	7 699,5	9 112,7	8 040,1						
Алматы қаласы	6 051,5	5 169,5	6 051,5	5 169,5	5 914,5	5 195,1	6 196,6	5 142,5						
Шымкент қаласы	6 663,1	5 351,0	6 663,1	5 351,0	6 691,8	5 164,4	6 633,6	5 542,8						

Деректер көзі: ҚР ДСМ

1.3-қосымша.

ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ТЕКСЕРІСТЕР НӘТИЖЕСІНДЕ ДЕНЕ СЫМБАТЫ БҰЗЫЛҒАНЫ АНЫҚТАЛҒАН 0-14 ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ҮЛЕСІ, %

Аймақ	Барлығы		100 000 балаға шаққандағы дене тұлғасының бұзылуы (қала)		100 000 балаға шаққандағы дене тұлғасының бұзылуы (ауыл)	
	2023	2024	2023	2024	2023	2024
ҚР	**0,23%**	**0,23%**	**0,25%**	**0,25%**	**0,20%**	**0,19%**
Абай	0,16%	0,11%	0,19%	0,11%	0,12%	0,10%
Ақмола	0,14%	0,13%	0,07%	0,11%	0,24%	0,16%
Ақтөбе	0,18%	0,19%	0,28%	0,28%	0,06%	0,07%
Алматы	0,58%	0,52%	0,04%	0,12%	0,66%	0,55%
Атырау	0,07%	0,08%	0,09%	0,10%	0,05%	0,06%
Батыс Қазақстан	0,17%	0,38%	0,23%	0,37%	0,11%	0,39%
Жамбыл	0,03%	0,07%	0,03%	0,10%	0,03%	0,05%
Жетісу	0,13%	0,11%	0,11%	0,14%	0,15%	0,07%
Қарағанды	0,67%	0,61%	0,75%	0,66%	0,36%	0,38%
Қостанай	0,18%	0,24%	0,18%	0,25%	0,16%	0,20%
Қызылорда	0,05%	0,05%	0,04%	0,03%	0,06%	0,07%
Маңғыстау	0,06%	0,04%	0,13%	0,07%	0,01%	0,02%
Павлодар	0,69%	0,65%	0,83%	0,79%	0,33%	0,26%
Солтүстік Қазақстан	0,43%	0,60%	0,52%	0,89%	0,35%	0,33%
Түркістан	0,02%	0,02%	0,01%	0,01%	0,02%	0,02%
Ұлытау	0,12%	0,13%	0,09%	0,12%	0,20%	0,15%
Шығыс Қазақстан	0,27%	0,22%	0,27%	0,20%	0,27%	0,27%
Астана қаласы	0,48%	0,45%	0,48%	0,45%		
Алматы қаласы	0,26%	0,22%	0,26%	0,22%		
Шымкент қаласы	0,07%	0,06%	0,07%	0,06%		

Деректер көзі: ҚР ДСМ

1.4-қосымша.

ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ТЕКСЕРІСТЕР НӘТИЖЕСІНДЕ АНЫҚТАЛҒАН КӨЗІНІҢ КӨРУІ НАШАРЛАҒАН 0-14 ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ҮЛЕСІ, %

Аймақ	Барлығы		Профилактикалық тексерулер нәтижесінде анықталған көру қабілеті бұзылған балалардың үлесі (қалалық)		Профилактикалық тексерулер нәтижесінде анықталған көру қабілеті бұзылған балалардың үлесі (ауылдық)	
	2023	2024	2023	2024	2023	2024
ҚР	**0,89%**	**1,13%**	**1,59%**	**1,37%**	**0,65%**	**0,79%**
Абай	0,91%	1,08%	0,97%	1,04%	0,80%	1,16%
Ақмола	0,42%	0,87%	0,26%	0,75%	0,68%	1,02%
Ақтөбе	1,28%	1,50%	1,72%	2,06%	0,73%	0,74%
Алматы	0,44%	0,42%	0,47%	0,64%	0,44%	0,40%
Атырау	2,61%	3,26%	3,23%	2,75%	1,76%	3,92%
Батыс Қазақстан	2,37%	2,30%	3,68%	3,27%	1,09%	1,28%
Жамбыл	0,31%	0,33%	0,60%	0,43%	0,13%	0,26%
Жетісу	0,77%	0,68%	0,72%	0,57%	0,81%	0,79%
Қарағанды	3,14%	2,72%	3,39%	2,79%	2,27%	2,44%
Қостанай	0,93%	1,04%	0,91%	1,18%	0,96%	0,67%
Қызылорда	1,95%	2,46%	2,27%	3,06%	1,69%	1,97%
Маңғыстау	0,64%	0,34%	1,03%	0,24%	0,38%	0,41%
Павлодар	1,47%	1,71%	1,69%	2,06%	0,88%	0,73%
Солтүстік Қазақстан	2,73%	1,39%	5,37%	2,09%	0,61%	0,76%
Түркістан	0,18%	0,19%	0,14%	0,12%	0,19%	0,22%
Ұлытау	1,24%	1,55%	0,57%	1,14%	3,10%	2,71%
Шығыс Қазақстан	2,27%	1,72%	2,78%	2,19%	1,38%	0,80%
Астана қаласы	2,22%	1,53%	2,22%	1,53%		
Алматы қаласы	1,33%	0,90%	1,33%	0,90%		
Шымкент қаласы	0,73%	0,66%	0,73%	0,66%		

Деректер көзі: ҚР ДСМ

1.5-қосымша.

ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ТЕКСЕРІСТЕР НӘТИЖЕСІНДЕ АНЫҚТАЛҒАН ЕСТУ ҚАБІЛЕТІ НАШАРЛАҒАН ЖӘНЕ СӨЙЛЕУ КЕМІСТІГІ БАР 0-14 ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ҮЛЕСІ, %

Аймақ	Барлығы		Алдын алу тексерулері нәтижесінде анықталған есту қабілетінің төмендеуі мен сөйлеу кемістігі бар балалардың үлесі (қала)		Алдын алу тексерулері нәтижесінде анықталған есту қабілетінің төмендеуі мен сөйлеу кемістігі бар балалардың үлесі (ауыл)	
	2023	2024	2023	2024	2023	2024
ҚР	**0,49%**	**0,53%**	**0,48%**	**0,51%**	**0,51%**	**0,55%**
Абай	0,23%	0,28%	0,20%	0,24%	0,28%	0,37%
Ақмола	0,25%	0,38%	0,26%	0,47%	0,23%	0,27%
Ақтөбе	0,34%	0,34%	0,42%	0,34%	0,25%	0,33%
Алматы	1,04%	1,02%	0,21%	0,25%	1,16%	1,08%
Атырау	0,40%	0,43%	0,33%	0,42%	0,49%	0,45%
Батыс Қазақстан	0,63%	0,86%	0,85%	0,90%	0,42%	0,82%
Жамбыл	0,20%	0,26%	0,29%	0,35%	0,14%	0,20%
Жетісу	0,35%	0,36%	0,38%	0,34%	0,31%	0,39%
Қарағанды	1,64%	1,39%	1,87%	1,55%	0,81%	0,75%
Қостанай	0,38%	0,44%	0,42%	0,49%	0,31%	0,32%
Қызылорда	0,53%	0,79%	0,27%	0,38%	0,75%	1,12%
Маңғыстау	0,44%	0,28%	0,43%	0,25%	0,45%	0,31%
Павлодар	0,51%	0,62%	0,50%	0,68%	0,53%	0,47%
Солтүстік Қазақстан	1,29%	1,61%	1,84%	2,34%	0,84%	0,94%
Түркістан	0,13%	0,16%	0,04%	0,08%	0,16%	0,18%
Ұлытау	0,52%	0,27%	0,37%	0,15%	0,92%	0,58%
Шығыс Қазақстан	0,64%	0,47%	0,69%	0,43%	0,57%	0,54%
Астана қаласы	0,21%	0,52%	0,21%	0,52%		
Алматы қаласы	0,36%	0,46%	0,36%	0,46%		
Шымкент қаласы	0,16%	0,35%	0,16%	0,35%		

Деректер көзі: ҚР ДСМ

1.6-қосымша.

ӨМІРГЕ ҚАНАҒАТТАНУ ДЕҢГЕЙІ ЖОҒАРЫ 10-18 ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ҮЛЕСІ, %

№	Аймақтар	2023 жыл	2024 жыл		
			жалпы	қыздар	ұлдар
	ҚР	**85,0**	**85,0**	**51,0**	**34,0**
1	Абай	82,3	84,5	50,7	33,8
2	Ақмола	81,0	80,9	48,5	32,4
3	Ақтөбе	88,1	88,3	53,0	35,3
4	Алматы	81,1	81,4	48,8	32,6
5	Алматы қаласы	82,9	82,1	49,3	32,8
6	Астана қаласы	85,2	85,4	51,2	34,2
7	Атырау	84,2	84,3	50,6	33,7
8	Шығыс Қазақстан	82,3	81,8	49,1	32,7
9	Жамбыл	88,0	87,0	52,2	34,8
10	Жетісу	85,2	84,9	50,9	34,0
11	Батыс Қазақстан	87,3	87,1	52,3	34,8
12	Қарағанды	82,4	82,0	49,2	32,8
13	Қостанай	89,3	90,1	54,1	36,0
14	Қызылорда	88,7	88,5	53,1	35,4
15	Маңғыстау	81,8	82,1	49,3	32,8
16	Павлодар	84,1	84,6	50,8	33,8
17	Солтүстік Қазақстан	84,6	84,3	50,6	33,7
18	Түркістан	89,2	88,1	52,9	35,2
19	Ұлытау	82,9	83,9	50,3	33,6
20	Шымкент қаласы	88,8	88,7	53,4	35,3

Деректер көзі: Сауалнама нәтижелері (ата-анасының рұқсатымен 10-18 жас аралығындағы балаларды зерттеу)

1.7-қосымша.

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕ ДОСТАРЫН ОҢАЙ ТАБА АЛАТЫН 10-18 ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ҮЛЕСІ, %

№	Аймақтар	2023 жыл	2024 жыл		
			жалпы	қыздар	ұлдар
	ҚР	**69,9**	**69,75**	**41,85**	**27,9**
1	Абай	59,1	59,8	35,88	23,92
2	Ақмола	66,7	65,7	39,42	26,28
3	Ақтөбе	76,5	76,6	45,96	30,64
4	Алматы	71,2	71,4	42,84	28,56
5	Алматы қаласы	60,3	59,8	35,88	23,92
6	Астана қаласы	60,8	60,7	36,42	24,28
7	Атырау	71,1	71,3	42,78	28,52
8	Шығыс Қазақстан	71,4	70,4	42,24	28,16
9	Жамбыл	71,2	70,2	42,12	28,08
10	Жетісу	69,6	68,9	41,34	27,56
11	Батыс Қазақстан	76,3	76	45,6	30,4
12	Қарағанды	62,2	61,3	36,78	24,52
13	Қостанай	78,2	79,1	47,46	31,64
14	Қызылорда	80,3	80,2	48,12	32,08
15	Маңғыстау	68,5	68,5	41,1	27,4
16	Павлодар	65,7	66,8	40,08	26,72
17	Солтүстік Қазақстан	66,2	66,4	39,84	26,56
18	Түркістан	76,9	75,9	45,54	30,36
19	Ұлытау	68,8	69,5	41,7	27,8
20	Шымкент қаласы	76,6	76,5	45,9	30,06

Деректер көзі: Сауалнама нәтижелері (ата-анасының рұқсатымен 10-18 жас аралығындағы балаларды зерттеу)

1.8-қосымша.

БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАЛУ ДЕҢГЕЙІ, %

№	Аймақтар	2024 жыл	2024 жыл		
			жалпы	қыздар	ұлдар
	ҚР	**88,4**	**90,3**	**55,32**	**34,71**
1	Абай	87,5	92,1	53,1	39
2	Ақмола	87,6	89,8	53,6	36,2
3	Ақтөбе	85,7	89,3	53,4	35,9
4	Алматы	85	88,4	53,06	35,4
5	Алматы қаласы	88,3	89,2	53,1	36,1
6	Астана қаласы	85,5	89,6	59,92	29,68
7	Атырау	89,1	89,2	62,44	26,76
8	Шығыс Қазақстан	89,2	89,9	62,93	26,97
9	Жамбыл	89,6	89,1	53,46	35,64
10	Жетісу	89,5	89,3	60,97	26,13
11	Батыс Қазақстан	87,2	86,9	52,14	34,76
12	Қарағанды	85,7	89,3	54,2	35,08
13	Қостанай	89,6	94,5	54,4	40,09
14	Қызылорда	91,2	93,1	54,66	36,44
15	Маңғыстау	88,5	93,5	55,6	37,8
16	Павлодар	87,2	91,8	53,6	38,4
17	Солтүстік Қазақстан	89,5	89,1	53,46	35,64
18	Түркістан	89,7	88,9	53,34	35,56
19	Ұлытау	90,4	91,4	54,84	36,56
20	Шымкент қаласы	91,1	91,2	54,2	36,1

Деректер көзі: Сауалнама нәтижелері (ата-анасының рұқсатымен 10-18 жас аралығындағы балаларды зерттеу)

2-БӨЛІМ. «ОТБАСЫ ЖӘНЕ ҚОҒАМ»

Қоғамның болашағы – отбасының берекесінде. Отбасындағы береке, татулық, ынтымақ – қоғамдағы бейбітшілік пен бірліктің кепілі. Әрбір отбасы өз ұрпағын ізгілікке, еңбекқорлыққа, адалдыққа тәрбиелесе, ол қоғамның дамуына үлкен үлес қосады.

Әлихан Бөкейхан

Отбасы – баланың өмірінде маңызды рөл атқарады. Тек отбасында ғана балалар өздерін әлемнің бір бөлшегі ретінде сезініп, шексіз сүйіспеншілікке және сенімге ие болады.

Отбасы институты – мәдени дәстүрлер мен құндылықтардың тасымалдаушысы болып табылады. Білімді, әдет-ғұрып және тілді ұрпақтан-ұрпаққа беру арқылы адамның мәдени болмысы сақталады.

Мықты және балаларына қолдау көрсететін отбасылар әлеуметтік тұрақтылық пен орнықтылыққа ықпал етеді. Отбасы баланың бойынан қоғамда толыққанды өмір сүруге қажетті негізгі адами құндылықтар мен дағдыларды, азаматтық ұстанымды және қабылданған шешімдерге жауапкершілікті қалыптастырады.

Отбасылық байланыстарды сақтау және нығайту – үйлесімділік пен тұрақтылықты дамуға ұмтылатын әрбір қоғамның маңызды міндеті.

Жанама және кеш әрекет ететін қоғамға қарағанда, отбасы жеке, тұрақты және эмоционалды бай қарым-қатынасты қамтамасыз етеді.

Отбасы эмоционалдық қолдау мен қауіпсіздікті қамтамасыз ете отырып, қиын сәттерде бір-біріне сенуге мүмкіндік береді және сенімділік сезімін қалыптастыруға көмектеседі.

Адам бойындағы құндылықтар мен мінез-құлық нормалары туралы алғашқы түсініктерді бала отбасынан алады. Сонымен қатар қоғам отбасына экономикалық жағдайлар, мәдени дәстүрлер, заңнамалар, білім беру және денсаулық сақтау жүйелері арқылы әсер етеді.

Әлеуметтік қорғау, қолжетімді білім беру, медициналық және өмірдің басқа да аспектілерінде мемлекеттік және қоғамдық институттардың қолдауынсыз отбасы өзінің тәрбиелік міндеттерін орындауда қиындықтарға тап болуы мүмкін. Керісінше, берік және тұрақты отбасыларсыз қоғам тұрақтылықты және мәдени-адамгершілік құндылықтарды жаңғырту қабілетінен айырылады.

Отбасы мен қоғамдық орта баланың жан-жақты дамуына жағдай жасау процесінде маңызды рөл атқарады — бастапқы қорғаныш сезімінің қалыптасуынан бастап, оның әлеуметтік және азаматтық болмысының орнығуына дейін.

Бұл бөлім балалардың отбасы мен қоғамдағы өмір сүру сапасының көрсеткіштерін талдауға арналған: отбасылық тәрбие құндылықтары, от-

басы мен мектептегі тәрбие мен даму ресурстарының болуы, қиын өмірлік жағдайдағы балаларға мемлекеттік қолдау көрсету шаралары және т.б.

Отбасы мен қоғам – баланың жеке басын қалыптастыратын негізгі институттар. Балалардың қазіргі хал-ахуалы ғана емес, болашақ мүмкіндіктері де олардың өзара әрекеттесуінің тиімділігіне байланысты.

Осы деректерді талдау балаларға әлеуметтік қолдау көрсетудің күшті және әлсіз жақтарын анықтауға, қабылданып жатқан шаралардың тиімділігін бағалауға, отбасылық және әлеуметтік қатынастар контекстінде балалардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған іс-шараларды жетілдіруге мүмкіндік береді.

1. Ата-аналарымен өз мәселелерін ашық талқылай алатын 10-18 жастағы балалардың үлесі, %

Ата-аналармен ашық, шынайы және қолдауды қамтамасыз ететін қарым-қатынас балалардың эмоционалды саулығы үшін өте маңызды. Бұл — отбасындағы сенім қатынасының негізгі көрсеткіші. Отбасындағы ахуал қарым-қатынас мәдениетінен қалыптасады: отбасы бір-бірін қалай есті алады, сезімдерін қорықпай және қорқытпай айта алады, шекараны құрметтей алады және қиын уақытта қолдау көрсетеді.

Сенім мен қабылдау құндылықтары бар отбасында бала өзін қорғалған және әлеуметтік ашық сезінеді. Отбасындағы қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасуы жасөспірімнің тірегі бола алатынын немесе алаңдаушылық көзіне айналатынын анықтайды.

Жасөспірімге өзекті тақырыптарды отбасымен ашық талқылау мүмкіндігі бар екендігін сезіну өте маңызды. Бұл эмоционалдық қауіпсіздікті қалыптастырады. Әсіресе дағдарыс, өсудің өтпелі кезеңдерінде жасөспірімге сенімділік ұялатады.

Жоғары мәдениетті ортада тәрбиеленген балалар қоғамда белсенді, достарымен қарым-қатынасы жақсы, оқуда табысты. PISA-2018 (ЭЫДҰ, 2020) нәтижелері бойынша мұғалімдердің бастамасымен ата-аналар балаларының үлгерімін жиі талқылайтын елдерде 15 жастағы балалардың оқуының орташа балы жоғары екендігі анықталды.

Балалардың хал-ахуалы индексі аясында жүргізілген әлеуметтік сауалнаманың нәтижелері келесіні көрсетті. Республикада орта есеппен 10-18 жас аралығындағы балалардың 90,4 пайызы өздерінің жеке мәселелерін ата-аналарымен ашық талқылайды. Бұл ретте 2024 жылғы көрсеткіштің мәні 2023 жылмен салыстырғанда төмен (- 0,2%).

Республикалық көрсеткіштен төмен нәтижелер Абай (77,2%), Солтүстік Қазақстан (79,6%), Ақмола (81,1%) және Қарағанды (87,1%) облыстарында тіркелді. Бұл көрсеткіштің ең көп өсімі Қостанай облысында (+2,0%) байқалды. Ата-анасымен өз мәселелерін ашық талқылай алатын балалардың үлесінің төмендеуі 5 өңірде тіркелді (2.1-кесте).

2.1-КЕСТЕ. АТА-АНАЛАРЫМЕН ПРОБЛЕМАЛАРЫН АШЫҚ ТАЛҚЫЛАЙ АЛАТЫН 10-18 ЖАС АРАЛЫҒЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ҮЛЕСІ, %

№	Аймақ	2023	2024	Динамика
	ҚР	**90,6**	**90,4**	**-0,2**
1	Абай	76,7	77,2	0,5
2	Ақмола	80,1	81,1	1,0
3	Ақтөбе	92,3	91,1	-1,2
4	Алматы	90,3	91,5	1,2
5	Атырау	91,7	92,1	0,4
6	Шығыс Қазақстан	91,0	91,3	0,3
7	Жамбыл	92,7	93,1	0,4
8	Жетісу	90,4	90,5	0,1
9	Батыс Қазақстан	90,7	90,8	0,1
10	Қарағанды	86,9	87,1	0,2
11	Қостанай	92,7	94,7	2,0
12	Қызылорда	93,4	93,3	-0,1
13	Маңғыстау	92,1	93,2	1,1
14	Павлодар	91,7	92,5	0,8
15	Солтүстік Қазақстан	79,7	79,6	-0,1
16	Түркістан	93,6	92,8	-0,8
17	Ұлытау	96,9	97,5	0,6
18	Алматы қаласы	95,1	91,9	-3,2
19	Астана қаласы	93,9	95,3	1,4
20	Шымкент қаласы	91,5	91,7	0,2

Деректер көзі: Сауалнама нәтижелері (ата-анасының рұқсатымен 10-18 жас аралығындағы балаларды зерттеу)

Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас мәдениеті тақырыбы сарапшылар мен ғылыми қауымдастықта кеңінен зерттелуде. Бала денсаулығы және адам дамуының ұлттық институты (National Institute of Child Health and Human Development (АҚШ) аясында жүргізілген зерттеулер бойынша, өз уайымдарымен бөлісетін ешкімі жоқ жасөспірімдердің психоактивті заттарды қолдануға, уытты қарым-қатынасқа түсуге, үйден қашуға және өзіне-өзі қол жұмсау туралы ойларға бейім болады. Мұндай жағдайларда ашық диалог қауіпті мінез-құлық ықтималдығын азайтып, туындаған қиындықтан бірге шығудың жолын табуға ықпал етеді.

«Балаларды тарту: жасөспірімдерді қорғаудың нысаны емес, қатысушыларға айналдыру» — Еуропалық Одақтың Негізгі құқықтар агенттігі жобаларының негізгі тезистерінің бірі. Сарапшылар отбасындағы тұрақты диалог жасөспірімдердің сыни ойлау қабілетін дамытуға, дәлелді жауаптар құруға, басқаларды тыңдауға және есту дағдыларының дамуына септігін тигізетінін атап өтті.

Республиканың оқу-ағарту жүйесінде «Позитивті ата-ана мәдениетін дамыту» тақырыбы белсенді түрде насихатталуда. 2023 жылы ОМ-нің бастамасымен білім беру ұйымдарында ашылған ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсету орталықтары отбасыларға бала тәрбиесінің оң мәдениетін қалыптастыруда тиімді қолдау көрсетуде.

2024 жылы 1,1 миллионнан астам ата-ана АПҚО сабақтарына қатысты. Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуден бастап, жасөспірімдер арасындағы жанжалдарды шешуге дейінгі көптеген тақырыптарды қамтитын 108 мыңнан астам сабақ өткізілді. Респонденттердің көпшілігі (АПҚО тыңдаушылары) қатысқан сабақтардағы ақпарат қызықты, пайдалы және отбасылық тәжірибеде оңай қолдануға болады деп бағалады. Сабақтардың сапасын және ата-аналардың АПҚО-дағы сабақтарға қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді. Нәтижелер көрсеткендей, ата-аналардың 57,8%-ы педагогикалық қолдау орталықтарындағы сабақтарда алған білімдерін ескере отырып, отбасылық тәрбие жүйесіне өзгерістер енгізуге дайын екендігін білдірді. Жергілікті жерлерде ата-аналардың 78%-ы АПҚО сабақтарының сапасына қанағаттанған.

Осы мәселе бойынша методологиялық көмек Қазақстандағы ЮНИСЕФ тарапынан көрсетіледі. 2018 жылы БҰҰ позитивті ата-ана бағдарламасының дәлелдемелік базасын әлемдегі ата-ана тәрбиесі дағдыларын дамыту бағдарламаларының ішінде ең ауқымдысы ретінде ресми түрде мойындады.

Ата-аналар қауымының әртүрлі тәрбие беру түсінігін кеңейту мақсатында бала ата-анасының еркіне авторитарлық/сөзсіз бағынуы, баланың жағдайына көңіл аудармау/немқұрайлылық және қызығушылықтың жоқтығы, беделді/өзара сенім, құрмет пен қамқорлық, рұқсат беру/балаларды тәрбиелеудегі еріктілік және рұқсат ету әдістерін түсіндіру маңызды.

Бұл мәселеде басты рөл мектепке дейінгі тәрбиешілерге, мектептегі білім беру жүйесіндегі сынып жетекшілеріне және колледждердегі тәлімгерлерге берілген. Ата-аналармен кездесулерге мектеп психологтерін, әлеуметтік қызметкерлерді, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметтері мен орталықтарының мамандарын және т.б. белсенді түрде шақыру ұсынылады.

2. Отбасында шешім қабылдау кезінде өз пікірінің ескерілетінін толық келісетін 10-18 жас аралығындағы балалардың үлесі, %

Баланың отбасында шешім қабылдауға қатысуы және оның пікірін құрметтеу дәрежесі – отбасыішілік диалогтің дамуын көрсетеді. Бұл жағдай сенімді қарым-қатынастың, эмоционалдық қолдаудың және баланың маңыздылық пен жауапкершілік сезімін дамыту деңгейінің көрсеткіші болып табылады.

2024 жылғы сауалнама нәтижелері 2023 жылғы деңгеймен салыстырғанда айтарлықтай өзгермегенін көрсетеді. Өңірлердің басым бөлігінде балалардың отбасылық шешімдер қабылдауға қатысу деңгейінде тұрақтылық сақталған немесе шамалы өзгерістер байқалады. Бірқатар өңірлерде бұл көрсеткіштің оң динамикасы тіркеліп отыр. Бұл ата-аналар мен жасөспірімдер арасындағы сенімді қарым-қатынастың қалыптасып келе жатқанын білдіреді (2.2-кесте).

Сонымен қатар, кейбір өңірлерде отбасы мен жасөспірімдерді қолдау бойынша өңірлік бағдарламаларды жаңарту қажеттігі туындап отыр. Атап айтқанда, Ақмола облысында бұл көрсеткіш ең төмен деңгейде тіркелді – 74,9%. Бұл дегеніміз, әрбір төртінші бала өзінің пікірі отбасында ескерілмейтінін көрсеткен.

Алматы, Қарағанды, Абай және Жетісу облыстарында (77% - 78%), Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан облыстары мен Алматы, Астана қалаларында (81,5% - 82,8%) бұл көрсеткіш Қазақстан Республикасы бойынша орташа деңгейден төмен. Аталған өңірлер әлеуметтік-экономикалық жағдайлар, отбасылық дәстүрлер, ата-аналардың жұмысбастылығы және басқа да ықтимал факторлардың әсерінен балалардың пікірін ескеру деңгейінің төмендігі байқалуы мүмкін аймақтар ретінде қарастырылады.

2.2-КЕСТЕ. ОТБАСЫНДА ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ КЕЗІНДЕ ӨЗ ПІКІРІНІҢ ЕСКЕРІЛЕТІНІН ТОЛЫҚ КЕЛІСЕТІН 10-18 ЖАС АРАЛЫҒЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ҮЛЕСІ, %

№	Регион	2023	2024	Динамика
	РК	**84,1**	**84,0**	**-0,1**
1	Абай	78,4	78,5	0,1
2	Акмолинская	75,0	74,9	-0,1
3	Актюбинская	86,4	86,3	-0,1
4	Алматинская	78,5	78,6	0,1
5	Атырауская	84,2	84,4	0,2
6	Восточно-Казахстанская	83,8	84,5	0,7
7	Жамбылская	86,8	86,6	-0,2
8	Жетісу	83,9	83,7	-0,2
9	Западно-Казахстанская	87,6	86,1	-1,5
10	Карагандинская	79,6	77,5	-2,1
11	Костанайская	87,7	88,3	0,6
12	Кызылординская	87,2	87,4	0,2
13	Мангистауская	80,7	81,5	0,8
14	Павлодарская	83,3	85,1	1,8
15	Северо-Казахстанская	83,1	83,2	0,1
16	Туркестанская	87,9	85,3	-2,6
17	Ұлытау	95,3	95,4	0,1
18	Алматы	81,6	82,8	1,2
19	Астана	82,7	81,7	-1,0
20	Шымкент	88,6	88,5	-0,1

Деректер көзі: Сауалнама нәтижелері (ата-анасының рұқсатымен 10-18 жас аралығындағы балаларды зерттеу)

Балалардың пікірін отбасында ескеру және өзекті тақырыптарды талқылауға тарту – өте маңызды. Бұл балаларда қабылданатын шешімдерге ортақтасу сезімі мен жеке жауапкершілікті қалыптастырады. Ата-аналар баласының пікірін сұрау арқылы: «Сенің ойың маңызды» дегенді көрсетеді. Бұл отбасының құндылығын және ұрпақтар арасындағы өзара сыйластықты нығайтады.

Жасөспірімдерді сындарлы әңгімеге тарту (оқу жолын, кәсіпті, отбасылық демалыстың уақыты мен орнын таңдау, бюджетті бөлу және т.б.) өмірлік маңызды құзыреттерін дамытуға ықпал етеді.

Керісінше, пікірі еленбеген балалар өздерін ренжіген, әділетсіздікке ұшыраған немесе қарсы шығуға бейім сезінуі мүмкін. Сондықтан, отбасында шешім қабылдау кезінде ата-аналар баланың пікірін ескеріп, оның жауапкершілігін арттырып, өзіндік сенімділікке тәрбиелеп, өз көзқарасын дәлелдеуге үйретіп, дау-дамайдан аулақ болуға көмектесуі қажет. Бұл сенімді нығайтып, үйлесімді қарым-қатынасты сақтауға септігін тигізеді.

Осылайша, баланың пікірін ескеру – бұл құрметтің көрінісі, сондай-ақ дербес әрі ересек тұлғаны тәрбиелеудің бір жолы. Отбасылық өмірге тартылған жасөспірім – болашақта жауапкершілігі жоғары әрі ұйымшыл ересек адам болып қалыптасады.

3. 1000 балаға шаққанда ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 0-18 жастағы балалар саны.

2024 жылы республикалық мәліметтер базасының (РМБ) деректері бойынша 20 798 жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала тіркелген. Оның ішінде 17110 бала Қазақстан азаматтарының отбасында, 3688 бала жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдарда тәрбиеленуде.

Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 0-18 жас аралығындағы балалар санының салыстырмалы талдауы көрсеткендей, 1 мың балаға шаққанда 2023 жылмен (3,2 адам) салыстырғанда 2024 жылы (3,0 адам) жағдайдың біршама жақсарғанын көрсетті (2.3-кесте).

Ұлытау облысы ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар санының айтарлықтай оң динамикасын көрсетті. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың саны 1000 балаға шаққанда 11,3-тен 3,7-ге дейін төмендеді.

Жетісу облысында ең алаңдатарлық өсім байқалады – ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар саны 2 еседен астам көбейген (1,5-тен 3,5-ке дейін).

Солтүстік Қазақстан облысында көрсеткіштің сәл төмендеуіне қарамастан, ол әлі де жоғары деңгейде қалып отыр – әрбір 1 000 баланың 8,2-сі ата-анасының қамқорлығынсыз қалған.

Қостанай, Павлодар, Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Ақмола облыстарында да ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар саны жоғары деңгейде сақталуда. Бұл өңірлердегі көрсеткіштер орташа республикалық деңгейден 2–3 есеге жоғары.

2.3-КЕСТЕ. 1000 БАЛАҒА ШАҚҚАНДА АТА-АНАСЫНЫҢ ҚАМҚ ОРЛЫҒЫНСЫЗ ҚАЛҒАН 0-18 ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАР САНЫ.

№	Аймақ	2023	2024	Динамика
	ҚР	**3,2**	**3,0**	**-0,2**
1	Абай	4,2	3,4	-0,8
2	Ақмола	5,7	5,1	-0,6
3	Ақтөбе	2,4	2,4	0
4	Алматы	3,1	2,8	-0,3
5	Атырау	1,8	1,7	-0,1
6	Шығыс Қазақстан	7,1	6,7	-0,4
7	Жамбыл	2,6	2,6	0
8	Жетісу	1,5	3,5	2,0
9	Батыс Қазақстан	3,4	3,2	-0,2
10	Қарағанды	6,3	5,9	-0,4
11	Қостанай	8,1	8,2	0,1
12	Қызылорда	2,3	2,3	0
13	Маңғыстау	1,5	1,4	-0,1
14	Павлодар	7,2	7,3	0,1
15	Солтүстік Қазақстан	8,5	8,2	-0,3
16	Түркістан	1,5	1,5	0
17	Ұлытау	11,3	3,7	-7,6
18	Алматы қаласы	1,9	1,9	0
19	Астана қаласы	1,9	1,9	0
20	Шымкент қаласы	1,8	1,7	-0,1

Источник данных: МП РК

Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға мемлекеттік қолдауды 115 ұйым жүзеге асырады. Оның 20-сы балалар үйі, 18-і медициналық-әлеуметтік мекеме, 77-сі жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары.

Арнайы әлеуметтік қызметке мұқтаж балаларға арналған 34 БҚО-да тәрбиеленушілерге психологиялық-құқықтық қолдау көрсету қызметтері және отбасылық қамқорлыққа орналастыруға көмек көрсету бөлімдері құрылды.

Оларда 162 маман қызмет атқарады, оның ішінде 45 психолог, 56 әлеуметтік педагог, 27 заңгер, 34 тәрбиеші және медициналық қызметкерлер бар.

2024 жылы отбасылық қамқорлыққа, патронаттық тәрбиеге және асырап алушы отбасыларға Қазақстан азаматтарының отбасыларына 1200-ден астам орталық тәрбиеленушілері тапсырылды. 700-ден астам әлеуетті асырап алушы ата-ана білікті мамандардан кеңес алды.

Отбасылық қолайсыздықты ерте анықтау, арнаулы әлеуметтік қызметтер кешенін көрсету және баланы биологиялық отбасында сақтау мақсатында қызметкерлер бұрын БҚО-да тәрбиеленген 163 баланың отбасына баруды жүзеге асырды. Қызмет көрсету нәтижесінде әр отбасыға арналған нақты қолдау шараларын қамтитын жеке даму жоспарлары әзірленді.

2024 жылы ОМ-мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды қорғауды күшейту бойынша мақсатты заңнамалық жұмыстар жүргізілді. Заң деңгейінде алғаш рет қамқорлық және тәрбиелеу органдарының штаттық санының нормативі бекітілді — кемінде әр 5 мың балаға 1 маман болу керек. Аймақтарда 900 қосымша штаттық орын құрылды. Бұл балалардың құқықтарын қорғау деңгейін айтарлықтай арттырып, профилактикалық жұмысты күшейтуге мүмкіндік берді.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім беру, тәлімгерлік және балалардың қауіпсіздігі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданып, оның аясында «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға тәлімгерлік көрсету тұжырымдамасы енгізілді. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға тәлімгерлік қызметті ұйымдастыру тәртібі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 сәуірдегі № 97 бұйрығымен реттеледі.

Жаңа институттың қызметі — жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, жетімдерге арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін, он жасқа толған балаларға жеке қолдау көрсету және өз бетінше өмірге дайындау болып табылады. 2024 жылы ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға тәлімгер болып қосылған мамандар саны 330-дан асты.

2024 жылдың басты жаңалықтарының бірі – жаңа отбасылық қамқорлық нысаны ретінде кәсіби асырап алушы отбасылар институтының іске қосылуы болды.

Кәсіби асырап алушы отбасы — ерте араласу құралы ретінде маңызды институт. Бұл – балаға алғашқы күннен бастап отбасында болуға, қамқорлық, көңіл бөлуге және үнемі қолдау көрсетуге мүмкіндік беретін елеулі шара. Жаңа жүйенің басты артықшылықтарының бірі – балалар интернаттарды айналып өтіп, тікелей

отбасыларға орналастырылады. Бұл психологиялық соққыларды барынша азайтып, баланы алғашқы күннен бастап тұрақты және жылы отбасылық ортада өмір сүруге мүмкіндік береді.

Аймақтарда жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары жанында асырап алушы ата-аналарға арналған мектептер жұмыс істейді. Бұл мектептер балаларды тәрбиелеуге ниет білдірген азаматтарды психологиялық жағынан дайындауда маңызды рөл атқарады.

Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды саудалаудың алдын алу мақсатында заңнамалық деңгейде медициналық және жетім балаларға арналған ұйымдардың қызметкерлерінің жаңа туған нәрестені қалдыру фактісі туралы хабарламау әрекеті үшін әкімшілік жауапкершілік енгізілді.

Осы бағытта жүргізіліп жатқан кешенді жұмыстар, мемлекеттің кемелдігі мен адамгершілігінің көрсеткіші болып табылады. Әрбір ересек адамның артында отбасындағы қамқорлық пен қауіпсіздіктен айырылған баланың тағдыры тұр. Қазіргі заманғы әлеуметтік-экономикалық қайта құру жағдайында бұл мәселенің маңыздылығы бірнеше есе артады. Қоғамның гүлденуі мен тұрақтылығы ұлт болашағы ретінде өскелең ұрпақтың амандығымен айқындалады.

4. 1000 балаға шаққанда қиын өмірлік жағдайға тап болған балалар саны.

2024 жылы отбасын сақтап қалу мәселелері мен балалардың отбасында тәрбиелену құқығын қорғау бағытында маңызды жұмыс атқарылды. Заңнамалық нормалар қабылданып, мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың өзара байланысы күшейтілді.

Балалардың құқықтарын қорғауға арналған нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру аясында, 2024 жылы Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына мәслихаттардың міндеттері толықтырылып, оларға неке мен отбасы институтын нығайту, әлеуметтік-экономикалық қолдау көрсету, қиын жағдайдағы тұлғаларға (отбасыға) жан-жақты көмек көрсетуді анықтау және ұйымдастыру сияқты негізгі мақсатты көрсеткіштерді бекіту функциялары берілді.

Мемлекеттік деңгейде күрделі жағдайға тап болған балаларға қажетті медициналық, психолого-педагогикалық және құқықтық көмек көрсетіледі; материалдық қолдау, демалыс пен сауықтыру, әлеуметтік оңалту ұйымдастырылады; арнайы әлеуметтік қызметтер шеңберінде еңбекке жарамды жасқа жеткенге дейін жұмыспен қамту қамтамасыз етіледі.

2024 жылы қиын өмірлік жағдайдағы тұлғаларға (отбасыларға) жан-жақты қолдау көрсету мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың құзыреті аясында жұмыс координациялау ережелері бекітілді. Бұл нормативтік құжат мемлекеттік органдардың қиын жағдайдағы тұлға-



2.1-сурет. Қиын өмірлік жағдайдағы балалар саны, адамдар. Деректер көзі: ҚР ОМ

ларды (отбасыларды) анықтаудан бастап, қиын жағдайдан шығаруға дейінгі аралықтағы өзара іс-қимылын реттейді.

2024 жылы әлеуметтік қолдауды қажет ететін 601 400 бала тіркелген. 0-18 жас аралығындағы балалар саны бойынша Шымкент пен Астана қалаларында шамамен тең (әрқайсысында тиісінше 510 044 және 507 173 адам) болғанымен, әлеуметтік қауіп аймағында болған балалар саны Шымкентте 2,2 есе көп (57 460 және 26 317 бала тиісінше). Маңғыстау және Ақтөбе облыстарында да 0-18 жас аралығындағы балалар саны шамамен тең (тиісінше 335 760 және 334 587 адам), бірақ әлеуметтік қауіп аймағында болған балалар саны Маңғыстау облысында 1,9 есе көп (36 970 және 19 822 бала тиісінше) (2.1-сурет).

2.4-КЕСТЕ. 1000 БАЛАҒА ШАҚҚАНДА ҚИЫН ӨМІРЛІК ЖАҒДАЙҒА ТАП БОЛҒАН БАЛАЛАР САНЫ.

№	Аймақ	2023	2024	Динамика
	ҚР	**81,8**	**87**	**5,2**
1	Абай	86,4	156	69,6
2	Ақмола	81	131	50
3	Ақтөбе	88,4	59	-29,4
4	Алматы	90,5	106	15,5
5	Атырау	80,6	94	13,4
6	Шығыс Қазақстан	92,4	153	60,6
7	Жамбыл	92	110	18
8	Жетісу	90,6	108	17,4
9	Батыс Қазақстан	84,3	50	-34,3
10	Қарағанды	69	39	-30,0
11	Қостанай	82,1	85	2,9
12	Қызылорда	70,2	157	86,8
13	Маңғыстау	66,6	110	43,4
14	Павлодар	83,9	103	19,1
15	Солтүстік Қазақстан	88,1	89	0,9
16	Түркістан	98,3	64	-34,3
17	Ұлытау	73,3	74	0,7
18	Алматы қаласы	60,4	34	-26,4
19	Астана қаласы	65,2	52	-13,2
20	Шымкент қаласы	92,7	113	20,3

Деректер көзі: ҚР ОМ

2024 жылы «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне мемлекеттік отбасы саясаты саласындағы уәкілетті

орган, отбасы мәселелері, әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау түсінігі енгізіліп, «111» байланыс орталығы құрылып, отбасын қолдау орталықтарының (ОҚО) міндеттері айқындалды.

ОҚО құру мәселелері ЖАО-дың құзырына жататынын және оны бірнеше Қоғамдық ұйымдардың (МАМ, ІІМ, ЕХӘҚМ, ОМ, ДСМ, МЦДИАӨМ) үйлестіретіндігін ескере отырып, жұмысты орталықтандыру және тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер және отбасы саясаты және демократиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссиясының жанынан Орталықтардың қызметін жетілдіру бойынша жобалық кеңсе құрылды.

Ел үкіметі Орталықтарды ашу бойынша ауқымды жұмыстарға кірісті. 2024 жылдың маусым айынан бастап коммуналдық-мемлекеттік ұйым нысанындағы ОҚО-ның саны 33-тен 112-ге дейін өсті. Екі жыл ішінде (2025-2027 жж.) олардың санын 200-ге жеткізу жоспарлануда.

2024 жылы ОҚО түрлі мәселелер бойынша 400 мыңнан астам кеңес берді, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 4 есеге көп. 11 974 отбасына қолдау көрсетілуде. Оның ішінде 4420 отбасы қиын өмірлік жағдайда, мобильді топпен 741 отбасы, тұрмыстық зорлық-зомбылық белгілері бар 625 отбасы анықталды. Аталған отбасылармен жұмыс істеу үшін мемлекеттік қолдау шаралары мен оларды жүзеге асыру мерзімдері көрсетілген жеке жұмыс жоспарлары дайындалып, бекітілді.

МАМ-нің бұйрығымен ОҚО-дың қызметін жүзеге асыру қағидалары бекітілді. Бұл да отбасыларға түрлі өмірлік жағдайларды шешуге көмектесетін тиімді шаралардың біріне айналды.

ОҚО неке мен отбасын сақтау, отбасылық жанжалдарды шешу, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу шараларын қоса алғанда, мемлекеттік отбасы саясатының шараларын жүзеге асырады, өмірлік қиын жағдайға тап болған адамдарға (отбасына) қолдау көрсету бойынша жұмысты үйлестіреді.

Аудандар мен қала облыстарында халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері бойынша ОҚО құрылады.

Шамамен 300 отбасы ОҚО бақылауында, олар кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі комиссиялардың шешімі бойынша тапсырылған.

Қазіргі таңда ОҚО – мемлекет отбасылық саясатты жүзеге асырудағы негізгі құрылымдарға айналып, мемлекет, отбасы және қоғам арасындағы байланыс көпірі болып табылады. ОҚО тиімді жұмысы әлеуметтік жетімдіктің алдын алуға, отбасылық жанжалдарды шешуге және маңызды әлеуметтік мәселелерді азайтуға, отбасыларға әртүрлі қиындықтарды шешуге көмектесуге және олардың ахуалының жақсаруына жағдай жасауға көмектеседі.

Цифрлық отбасы картасы ерекше маңызға ие, себебі ол Қазақстандағы отбасылар туралы денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау және басқа да негізгі салалардан ақпаратты біріктіреді. Бұл карта дағдарыста немесе тәуекелде тұрған отбасыларды анықтауға мүмкіндік береді және әлеуметтік қызметкерлерге тәуекелдерді бағалауға қажетті құралдарды ұсынады. Нәтижесінде, қиын жағдайдағы отбасыларға тиімді әрі жедел психоәлеуметтік қолдау көрсету мүмкін болады.

Қазақстан Республикасының әлеуметтік кодексіне «қиын өмірлік жағдай» ұғымы енгізілді, сонымен қатар қиын жағдайға тап болған тұлғаларға (отбасыларға) мемлекеттік органдардың құзыреті шегінде кешенді қолдау көрсетуге арналған интеграциялық модель қабылданды.

Іске асырылған бастамалардың тиімділігі қиын өмірлік жағдайға тап болған балалар мен жасөспірімдерге қолдау көрсету мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам арасындағы сындарлы өзара іс-қимылмен анықталады.

Тек барлық мүдделі тараптардың үйлестірілген жұмысы, оның ішінде отбасы институтының белсенді қатысуымен, әрбір баланың өзін қорғалған және тыңдалған сезінетін тиімді қолдау жүйесін құруға мүмкіндік береді.

5. Жоғары жылдамдықты интернетке қосылған елді мекендердің үлесі, %

Интернеттің ақпарат алу және мәдени даму құралы ретінде болмауы халықты цифрлық оқшаулану жағдайына әкеледі. Жоғары жылдамдықты интернетке қолжетімді елді мекендердің үлесі неғұрлым жоғары болса, соғұрлым өңір мен елдің жалпы цифрлық дамуы жоғары болады. Бұл теңдік, даму және халықтың өмір сапасы мәселесі болып табылады.

Балалардың хал-ахуалы индексі контекстінде бұл оқушылар мен педагогтерге білім беру цифрлық платформаларына, онлайн ресурстарға, қашықтан оқытуға және т.б. қолжетімділікті білдіреді. Сапалы интернет байланысы болмаса, білім беру теңсіздігі күшейеді.

ОМ «А.Байтұрсынұлы атындағы «Талдау» білім беруді зерттеу және бағалау ұлттық орталығы» АҚ 2024 жылы дайындаған «PISA-2022 бойынша Қазақстанның нәтижелері» ұлттық баяндамасында «Цифрлық құрылғыларды қалыпты пайдалану жоғары оқу орындарында жетістіктерге әкелетіндігін атап көрсеткен. «PISA-2022» бойынша математикалық сауаттылық, атап айтқанда, білім беру мақсатында цифрлық құрылғыларды қолдануға күніне 1 сағат жұмсайтын оқушылар оны ешқашан пайдаланбайтындарға қарағанда 11 ұпайға және күніне 5-тен 7 сағатқа дейін пайдаланатындарға қарағанда 25 ұпайға жоғары нәтиже көрсеткен.

2024 жылы елді мекендердің 87,5%-ы жоғары жылдамдықты интернетпен қамтылды. Бұл көрсеткіштің 27,8%-ға айтарлықтай өсуі елдегі байланыс инфрақұрылымының дамуын және ауылдық пен алыс өңірлерде интернет қамту аймағын кеңейту бойынша мемлекет пен жеке операторлардың жұмысының нәтижесін көрсетеді.

Алматы, Астана және Шымкент сияқты республикалық маңызы бар қалалар жоғары жылдамдықты интернетке 100% қолжетімділігімен көшбасшы болып қалып отыр. Бұл қалаларды еліміздегі технологиялық ілгерілеудің орталықтары ретінде сипаттауға болады (2.5-кесте).

Батыс Қазақстан (+52,5%), Шығыс Қазақстан (+50,3%), Қарағанды (47,9%) және Ақмола (+44,8%) облыстары жоғары жылдамдықты интернетке қолжетімділіктің айтарлықтай жақсарғанын көрсетті. Алматы, Маңғыстау және Жетісу облыстары да айтарлықтай өсім көрсетіп, 100% қамтуға жетті.

Қостанай облысы – интернетке қосылған елді мекендер үлесінің айтарлықтай төмендеуі байқалған жалғыз облыс (-28,8%).

2.5-КЕСТЕ. ЖОҒАРЫ ЖЫЛДАМДЫҚТЫ ИНТЕРНЕТКЕ ҚОСЫЛҒАН ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІҢ ҮЛЕСІ, %

№	Аймақ	2023	2024	Динамика
	ҚР	**59,7**	**87,5**	**27,8**
1	Абай	50,8	78,8	28
2	Ақмола	55,2	100	44,8
3	Ақтөбе	50,9	83	32,1
4	Алматы	85,7	100	14,3
5	Атырау	72,3	99	26,7
6	Шығыс Қазақстан	47,7	98	50,3
7	Жамбыл	72,5	98,6	26,1
8	Жетісу	65,6	100	34,4
9	Батыс Қазақстан	47,5	100	52,5
10	Қарағанды	52,1	100	47,9
11	Қостанай	57,8	29	-28,8
12	Қызылорда	71,1	93	21,9
13	Маңғыстау	85,5	100	14,5
14	Павлодар	55,9	83,6	27,7
15	Солтүстік Қазақстан	49,8	47	-2,8
16	Түркістан	68,7	70	1,3
17	Ұлытау	44,7	69	24,3
18	Алматы қаласы	100,0	100	0
19	Астана қаласы	100,0	100	0
20	Шымкент қаласы	100,0	100	0

Деректер көзі: ЖАО

ҰБДҚ АЖ-нің мәліметі бойынша, елімізде 7 851 мектеп интернетке қосылған. 6970 мектептегі интернет жылдамдығы (89,5%) ең төменгі талаптарға сәйкес келеді.

Орта білім беру ұйымдарында интернетке қосылудың орташа жылдамдығы 75 Мбит/с құрады, бұл ретте жоғары жылдамдықты интернетпен қамтылған мектептердің үлесі 95,2%-ға жетті, жоспарлы көрсеткіш 80%-ды құрады.

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында «Халықаралық ақпараттық технологиялар және ақпараттандыру» орталығының ЦДИАӨМ-нің

қолдауымен «Starlink» спутниктік терминалдарын пайдалану арқылы пилоттық жоба жүзеге асырылуда: қазіргі уақытта 1688 мектепте «Starlink» жабдығы орнатылған.

ЦДИАӨМ-мен «Қазақтелеком» АҚ арасында қол қойылған меморандумға сәйкес, 2024 жылы республика бойынша білім беру ұйымдарында интернет жылдамдығы максималды деңгейге жетіп, 50 Мбит/с дейін өсті.

2024 жылы Интернетке қол жеткізудің бірыңғай шлюзімен (ИҚЖБШ) орта білім беру ұйымдарының жалпы санынан 5181 мектеп қамтылды, бұл 65,0% құрайды. Мектептерді ИҚЖБШ-ға қосу жобасын ЦДИАӨМ ЖАО-мен бірлесіп жүзеге асыруда, орталықтандырылған сүзгілеуді және ықтимал қауіпті, «ересектерге» арналған мазмұнды бұғаттауды және оқу үдерісіндегі ақпараттық қауіпсіздік деңгейін арттыруды қамтамасыз етеді.

Елдегі жоғары жылдамдықты интернеті бар елді мекендердің үлес салмағының артуы цифрлық қолжетімділікті қамтамасыз етудегі ілгерілеушілікті көрсетеді. Бұл ретте өңірлер арасындағы қалған айырмашылықтар ақпараттық технологияларға қол жеткізудегі теңсіздікті жою қажеттігін көрсетеді.

6. Үйде қосымша оқуға арналған кітаптары бар 10-18 жастағы балалардың үлесі, %

Балалар мен жасөспірімдердің оқу сауаттылығы — көптеген білім мен дағдыларды дамытуға негіз болатын маңызды факторлардың бірі болып қала береді. Бұл қабілет тек мәтінді түсіну ғана емес, сонымен қатар ақпаратты талдау, сыни тұрғыда ойлау және білімді түрлі жағдайларда қолдану қабілеттерін де қамтиды. Зерттеулер көрсеткендей, үйде кітаптары көп отбасылардан шыққан балалар, әдетте, жоғары білім нәтижелерін көрсетеді.

Бұл үрдіс Қазақстан оқушыларының халықаралық TIMSS (Trends in International Mathematics and Science Study) зерттеуіне қатысу нәтижелерімен де расталады. Аталған зерттеу 4 және 8-сынып оқушыларының математикалық және жаратылыстану-ғылыми білім сапасын бағалауға бағытталған.

ОМ Ахмет Байтұрсынұлы атындағы «Талдау» білім беруді зерттеу және бағалау ұлттық орталығы дайындаған «TIMSS-2019: Қазақстанның қатысу нәтижелері» ұлттық баяндамасында мектеп оқушыларының оқу жетістіктеріне отбасының білім ресурстары, оның ішінде үй кітапханасындағы кітаптар саны айтарлықтай әсер ететіні атап өтілген.

Балалардың хал-ахуалы индексін есептеу аясында жүргізілген социологиялық зерттеу деректеріне сәйкес, 2024 жылы 10-18 жас аралығындағы балалардың үйіндегі оқу үшін арналған кітаптар қоры тұрақты күйінде қалған.

Жасөспірімдердің үй жағдайындағы білім беру ресурстарының өсуі Маңғыстау, Павлодар және Ұлытау облыстарында тіркелді (+0,4%). Ал өздігінен білім алуға арналған әдебиетпен қамтамасыз ету деңгейінің төмендеуі Жамбыл (-0,5%), Жетісу (-0,4%), Түркістан және Атырау (-0,2%) облыстарында, сондай-ақ басқа да өңірлерде (-0,1%) байқалды.

2.6-КЕСТЕ. ҮЙДЕ ҚОСЫМША ОҚУҒА АРНАЛҒАН КІТАПТАРЫ БАР 10-18 ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ҮЛЕСІ, %

№	Аймақ	2023	2024	Динамика
	ҚР	**68,7**	**68,7**	**0,0**
1	Абай	69,9	70,1	0,2
2	Ақмола	65,3	65,2	-0,1
3	Ақтөбе	69,9	70,1	0,2
4	Алматы	68,5	68,6	0,1
5	Атырау	59,2	59,0	-0,2
6	Шығыс Қазақстан	67,1	67,0	-0,1
7	Жамбыл	68,5	68,0	-0,5
8	Жетісу	74,3	73,9	-0,4
9	Батыс Қазақстан	68,0	67,9	-0,1
10	Қарағанды	68,0	68,1	0,1
11	Қостанай	75,0	75,3	0,3
12	Қызылорда	62,8	62,7	-0,1
13	Маңғыстау	61,0	61,4	0,4
14	Павлодар	74,0	74,4	0,4
15	Солтүстік Қазақстан	69,6	69,5	-0,1
16	Түркістан	68,0	67,8	-0,2
17	Ұлытау	71,9	72,3	0,4
18	Алматы қаласы	71,6	71,5	-0,1
19	Астана қаласы	70,2	70,1	-0,1
20	Шымкент қаласы	71,5	71,4	-0,1

Деректер көзі: Сауалнама нәтижелері (ата-анасының рұқсатымен 10-18 жас аралығындағы балаларды зерттеу)

Білім беру жүйесінде оқушылардың оқу құзіреттілігін қалыптастыру және дамыту бойынша мақсатты жұмыстар жүргізілуде. «Оқуға құштар мектеп» жобасын жүзеге асыру аясында кітапхананың кітап қоры жаңа оқу және көркем әдебиеттермен толықты. Кітап қорының жалпы саны 141 миллион кітапты құрады. Мектеп кітапханаларының «edu.bookfund.gov.kz» ақпараттық платформасына қосылуы кеңейтіліп жатыр.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты Ұлттық құрылтай отырысында 2023 жылғы маусым айында берген тапсырмасына сәйкес, «Балалар кітапханасы» бағдарламасы сәтті жүзеге асырылуда. Еліміздегі білім беру ұйымдарына ұсынылған көркем және танымдық әдебиеттер тізіміне 2 мыңнан астам атаулы кітаптар енгізілген.

«Балалар кітапханасы» бағдарламасының іске асырылуы мектеп кітапханаларының материалдық-техникалық базасын нығайтуға, цифрландыруына және көркем әдебиет қорының жаңаруына ықпал етті. 2024-2025 оқу жылының басында мектеп кітапханаларына 1,6 миллионнан астам көркем әдебиет сатып алынды. 2024 жылдың қорытындысы бойынша мектеп кітапханаларының оқырмандарының саны 3,3 миллион адамды құрады. Бағдарлама аясында балалар мен жасөспірімдерді тұрақты кітап оқырмандары қатарына тарту жалғасуда.

Балалардың өмірлік маңызы бар оқу дағдыларын қалыптастыру ата-аналар қауымдастығының проактивті қатысуынсыз мүмкін емес. Әдебиетке деген жоғары мәдениет алдымен отбасында қалыптасады.

Үйдегі кітаптарға қолжетімділік деңгейі төмен өңірлер үшін ата-аналар қауымдастығымен бірлесіп «Бірге оқимыз» секілді жобалар, челленджер, марафондар мен акцияларды ұйымдастыру өзекті.

Мұндай іс-шараларға елдегі барлық мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары қатысуы тиіс. Педагогтер балаларды ерте жастан ата-аналарымен бірге кітап оқуға тартуда шешуші рөл атқарады.

Мектепке дейінгі білім беру деңгейінде ауқымды жобаны іске қосу мүмкіндігін қарастыру ұсынылады.

ЖАО тарапынан қайырымдылық қорларын тарту арқылы кітаптарды тапсыруға арналған мекенжайлық бағдарламаларды бастау әлеуметтік осал топтағы балалардың білім алу мүмкіндіктерін кеңейтуге септігін тигізер еді.

Дәстүрлі кітаптармен қатар балалар мен жасөспірімдер үшін цифрлық ресурстар мен онлайн курстарды белсенді түрде дамыту орынды. Бұл кітап тапшылығын толтыру және оқу материалдарына қолжетімділікті кеңейту тұрғысынан маңызды.

Ел көлемінде оқу мәдениетін қалыптастыру мен дамытуға бағытталған кешенді шараларды қабылдау – білім әлеуетін арттыруға, адам капиталының дамуына, мәдениетті нығайтуға және сыни ойлайтын, әлеуметтік белсенді жас ұрпақты қалыптастыруға ықпал етеді.

7. Оқуға арналған компьютерлік техникасы бар 10-18 жастағы балалардың үлесі, %

Оқу жетістіктерін бағалау жөніндегі халықаралық қауымдастық (IEA) жүргізетін 8-сынып оқушыларының компьютерлік және ақпараттық сауаттылығын бағалауға арналған халықаралық зерттеуінің сарапшылары (ICILS) жасөспірімдердің цифрлық сауаттылығына үйдегі цифрлық ортаның елеулі әсер ететінін атап өтті. Тұрақты интернетке және цифрлық құрылғыларға қолжетімділік оқушылардың дағдыларды жылдам меңгеруіне ықпал етеді. Бұл үрдіс Қазақстан бойынша 176 мектептен 4 мыңнан астам 8-сынып оқушысы қатысқан зерттеу нәтижелерімен расталды.

PISA-2022 халықаралық зерттеуі аясында 15 жастағы жасөспірімдердің үйде және мектепте компьютерлік техникаға қолжетімділігі де талданды. Экономикасы дамыған елдерде оқушылардың техникамен қамтылуы 90%-дан асады. Аталған зерттеуге қатысқан қазақстандық

оқушылардың сауалнама нәтижелері бойынша, шамамен 72%-ы оқу мақсатында компьютерді қолдануға қол жеткізе алатынын көрсеткен. Бұл көрсеткіш Балалардың хал-ахуалы индексі бойынша 10-18 жас аралығындағы балалар арасында жүргізілген ұлттық сауалнама нәтижелерімен үйлеседі.

Елімізде компьютерлік техникаға қолжетімділік жағдайының жалпы жақсарғанына қарамастан, әлеуметтік топтар арасында айырмашылықтар сақталып отыр.

10–18 жастағы Балалардың хал-ахуалы индексі бойынша 2024 жылы жүргізілген сауалнама нәтижелерін салыстырмалы талдау көрсеткіштің біршама артқанын көрсетті – 72,6% (+0,6%). Жалпы, елдің барлық өңірлерінде оң динамика байқаладыБұл әсіресе әлеуметтік тұрғыдан осал топтар арасында цифрлық теңсіздіктің біртіндеп азаюын көрсетеді. Дегенмен, қолжетімділік әлі де теңсіз болып қалып отыр, әсіресе ауылдық аймақтарда және көпбалалы отбасылар арасында.

Павлодар (83,7%) және Қарағанды (83,4%) облыстарының респонденттерінің жауаптары бұл өңірлерді аталмыш көрсеткіш бойынша көшбасшы етіп отыр. Компьютерлік техника оқу үшін бар екені туралы жауап берген балалардың үлесі екі өңірде – Солтүстік Қазақстан облысы мен Ұлытау облысында – аздап төмендеді (-0,1%) (2.7-кесте).

2.7-КЕСТЕ. ОҚУҒА АРНАЛҒАН КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕХНИКАСЫ БАР 10-18 ЖАС АРАЛЫҒЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ҮЛЕСІ, %

№	Аймақ	2023	2024	Динамика
	ҚР	**72,0**	**72,6**	**0,6**
1	Абай	70,5	71,5	1,0
2	Ақмола	67,6	67,7	0,1
3	Ақтөбе	75,0	75,1	0,1
4	Алматы	70,4	71,4	1,0
5	Атырау	76,3	77,3	1,0
6	Шығыс Қазақстан	71,4	72,3	0,9
7	Жамбыл	64,4	65,3	0,9
8	Жетісу	73,0	73,0	0,0
9	Батыс Қазақстан	63,9	64,1	0,2
10	Қарағанды	81,7	83,4	1,7
11	Қостанай	79,1	79,5	0,4
12	Қызылорда	69,1	69,2	0,1
13	Маңғыстау	78,0	78,3	0,3
14	Павлодар	83,3	83,7	0,4
15	Солтүстік Қазақстан	68,9	68,8	-0,1
16	Түркістан	71,4	72,4	1,0
17	Ұлытау	68,8	68,7	-0,1
18	Алматы қаласы	73,9	75,6	1,7
19	Астана қаласы	66,0	67,0	1,0
20	Шымкент қаласы	66,5	67,3	0,8

Деректер көзі: Сауалнама нәтижелері (ата-анасының рұқсатымен 10-18 жас аралығындағы балаларды зерттеу)

Екі жыл ішінде алынған салыстырмалы мәліметтерді талдау негізгі цифрлық техникаға қол жеткізуде отбасыларды қолдау қажеттілігін көрсетеді. Елімізге компьютерлік техниканың ірі ұлттық жеткізушілерімен өзара әрекеттесу аясында бірлескен жобаларды бастауға болады. Балалардың тек құрылғыларға ғана емес, сонымен қатар жоғары сапалы интернет пен білім беру платформаларына қол жеткізуін қадағалау маңызды. Цифрлық сауаттылықты арттыру бағдарламаларын жүзеге асыратын провайдерлер, әсіре-

се қолжетімділік деңгейі төмен өңірлерде, әлеуметтік жағынан осал топтардағы балаларға нақты көмек көрсете алады.

Өз кезегінде білім беру жүйесі ЖАО-мен бірлесе отырып, ауыл мектептерінің инфрақұрылымын (компьютерлік сыныптар, ноутбуктер, Wi-Fi) нығайту бойынша мақсатты жұмыстар атқаруда.

Мектептер мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, арнайы білім беру ұйымдарын құрал-жабдықтармен және жиһаздармен жабдықтаудың бекітілген стандарттарына сәйкес интерактивті панельдермен және компьютерлік техникамен жабдықталуда. Оқушылар саны аз мектептерді компьютерлік және интерактивті жабдықпен қамтамасыз етуге жеке талаптар белгіленген.

2024 жылы білім беру ұйымдарындағы компьютерлік және интерактивті жабдықтарға ауқымды түгендеу жүргізілді. 2024-2026 жылдарға арналған мектептерді материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі арнайы әзірленген өңірлік Жол карталары аясында жүзеге асырылуда.

Білім беру ұйымдарында цифрлық білім беру ресурстарының санының артуы және оқу үшін цифрлық платформаларды енгізу үйдегі компьютерлік техника тапшылығын өтеуге және сапалы білімге қолжетімділікті кеңейтуге көмектеседі.

Ауылдық жерлердегі инфрақұрылымды жақсарту тегін Wi-Fi нүктелерін орнату және интернет орталықтарын дамыту арқылы барлық балаларға олардың тұратын жеріне қарамастан тең мүмкіндіктер қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік органдар мен мүдделі тараптардың цифрлық дамуды, соның ішінде білім беру мен инфрақұрылымдық инвестицияларды үйлесімді түрде жүзеге асыруы әрбір Қазақстандық отбасы мен балаларға заманауи цифрлық шешімдерге тең қолжетімділік береді және елдің адами әлеуетін нығайтады.

8. Күн сайын көкөністер мен жемістерді тұтынатын балалардың үлесі, %

Күнделікті тамақ мәзірінде көкөністер мен жемістердің болуы балалардың денсаулығы мен дамуы үшін өте маңызды. Дәрумендер, минералдар және талшықтардың негізгі көздері ретінде тағамдар балалардың дамуы, иммундық жүйенің сақталуы, созылмалы аурулардың алдын алу және ерте жастан дұрыс тамақтану дағдыларын қалыптастыру үшін қажет.

Күнделікті тамақтануда көкөністер мен жемістерді тұтыну қантты және өңделген тағамдарға балама бола алады, бұл семіздік пен 2 типті диабет сияқты аурулардың қаупін төмендетуге ықпал етеді.

Осылайша, көкөністер мен жемістерді күнделікті тұтыну балалардың физикалық, эмоционалды және ақыл-ой дамуына септігін тигізетін сау тамақтанудың маңызды аспектісі болып табылады.

Тағамды балалармен бірлесіп дайындау аспектісін де атап өткен жөн. Бұл – отбасы мүшелерінің арасындағы байланысты нығайтатын және балалардың дұрыс тамақтануға деген оң көзқарасын қалыптастыратын құнды қарым-қатынас уақыты.

10–18 жас аралығындағы балаларға жүргізілген сауалнама нәтижелері көрсеткіштің оң динамикасын көрсетті. ҚР бойынша орта есеппен мұндай балалардың үлесі 2023 жылы 27,3%-дан 2024 жылы 28,0%-ға дейін артқан. Көрсеткіштің өсімі +0,7%-ды құрады (2.8-кесте).

Балалардың өсімдік тағамдарын тұтыну жиілігінің оң динамикасы Маңғыстауды қоспағанда, еліміздің барлық өңірлерінде байқалады.

Ең жоғары өсім Павлодар облысында байқалды (+2,4%). Елеулі өсім көрсеткен өңірлер қатарында Шығыс Қазақстан облысы (+1,1%), Астана қаласы (+1,1%), Ақтөбе облысы (+1%), Жетісу облысы (+1%) және Шымкент қаласы (+1%).

Дегенмен, Атырау облысы (+0,1%), Қызылорда облысы (+0,5%) және Абай облысында (+0,5%) балалардың күнделікті көкөніс пен жеміс-жидекпен теңгерімді тамақтану көрсеткіштері әлі де төмен деңгейде қалып отыр.

2.8-КЕСТЕ. КҮН САЙЫН КӨКӨНІСТЕР МЕН ЖЕМІСТЕРДІ ТҰТЫНАТЫН БАЛАЛАРДЫҢ ҮЛЕСІ, %

№	Аймақ	2023	2024	Динамика
	ҚР	**27,3**	**28,0**	**0,7**
1	Абай	19,3	19,8	0,5
2	Ақмола	34,7	35,3	0,6
3	Ақтөбе	24,6	25,6	1
4	Алматы	27,0	27,1	0,1
5	Атырау	21,5	21,6	0,1
6	Шығыс Қазақстан	26,2	27,3	1,1
7	Жамбыл	23,5	23,8	0,3
8	Жетісу	33,0	34,0	1
9	Батыс Қазақстан	24,2	25,0	0,8
10	Қарағанды	32,9	33,3	0,4
11	Қостанай	30,9	31,8	0,9
12	Қызылорда	21,4	21,9	0,5
13	Маңғыстау	26,4	26,3	-0,1
14	Павлодар	37,7	40,1	2,4
15	Солтүстік Қазақстан	29,7	30,1	0,4
16	Түркістан	23,1	23,4	0,3
17	Ұлытау	26,6	27,2	0,6
18	Алматы қаласы	29,6	30,4	0,8
19	Астана қаласы	26,3	27,4	1,1
20	Шымкент қаласы	28,0	29,0	1

Деректер көзі: Сауалнама нәтижелері (ата-анасының рұқсатымен 10-18 жас аралығындағы балаларды зерттеу)

логиялық сауалнамаға қатысушылардың жауаптары «күнделікті жеміс пен көкөніс тұтыну» тағамдық мінез-құлық көрсеткішінің оң динамикасын көрсетеді. Дегенмен, салауатты тамақтануға қолжетімділікті арттыру және халықтың ақпараттандырылуын көтеру тұрғысынан неғұрлым елеулі нәтижелерге қол жеткізу – өзекті мәселе болып қала береді.

Балалардың дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруда ата-аналар қауымы арасындағы тәрбие жұмысының маңызы зор. Білім беру жүйесі дәрумендерге, минералдарға және талшықтарға бай өсімдік өнімдеріне басымдық бере отырып, мектеп және мектепке дейінгі тамақтануды ынталандыруды ұсынады.

Көкөністер мен жеміс-жидектерді, атап айтқанда, қалалық отбасылар үшін фермерлердің жергілікті өнімдерін өндіру және жеткізу логистикасы ЖАО деңгейінде пысықталуы мүмкін.

ХӘОТ жататын отбасы балалары үшін жаңа піскен көкөністер мен жемістерді қоса алғанда, азық-түлікті қолдаудың мақсатты бағдарламаларын белсенді түрде әзірлеу ұсынылады.

9. Тұрғын үймен қамтамасыз етілген жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың кезекте тұрған осы санаттағы азаматтардың жалпы санынандағы үлесі, %

Дети-сироты и дети, оставшиеся безЖетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар – халықтың ең осал топтарының бірі. Бұл санаттағы балаларды тұрғын үймен қамтамасыз ету олардың кәсіби әлеуетін толық іске асыруына, әлеуметтік осалдық деңгейінің төмендеуіне ықпал етеді. Жеке тұрғын үйдің болуы балаларға өмірде қауіпсіздік пен тұрақтылық сезімін қалыптастырып, олардың білім алуына, жұмысқа орналасуына және болашақта отбасы құруына берік негіз қалайды.

Керісінше, тұрғын үйдің болмауы жас жеткіншектің өмірлік мүмкіндіктерін шектеп қана қоймай, үйсіз қалу, кедейшілікке ұшырау және әлеуметтік оқшаулану сияқты тәуекелдерді арттырады.

ЖАО-ның мәліметінше, 2024 жылы «жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар» санаты бойынша тұрғын үй алу кезегінде 61 952 адам тіркелген. Олардың ішінен 2024 жылы 2 355 бала немесе 0,36% ғана коммуналдық тұрғын үй қорынан баспанаға қол жеткізген.

«Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың үлесі коммуналдық тұрғын үй қорынан немесе жеке тұрғын үй қорындағы ЖАО жалдаған тұрғын үй қорынан бөлінген тұрғын үйлердің жалпы санының кемінде 20%-ын құрауы тиіс. (2.2-сурет).

2.2-сурет. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды, адамдарды тұрғын үймен қамтамасыз ету. Деректер көзі: ЖАО

2023 жылы (1,3%) және 2024 жылы (0,4%) баспанамен қамтылған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың үлесін талдау бұл көрсеткіштің төмендегенін көрсетеді. 2024 жылы баспанамен қамтылған балалар саны алдыңғы жылмен салыстырғанда үш есе азайды.

ЖАО мен ӨКМ мәліметі бойынша Шымкентте (-6,42%), Ұлытау облысында (-3,86% жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тұрғын үймен қамтамасыз ету көрсеткішінің ең көп төмендеуі Түркістан (-2,24%), Павлодар (-2,06%), Қарағанды (-2,03) облыстарында тіркелді.

2024 жылы баспанамен қамтамасыз ету деңгейі өте төмен немесе мүлдем жоқ өңірлерге Атырау, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай және Маңғыстау облыстары жатады (2.9-кесте).

2.9-КЕСТЕ. ТҰРҒЫН ҮЙМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛГЕН ЖЕТІМ БАЛАЛАР МЕН АТА-АНАСЫНЫҢ ҚАМҚОРЛЫҒЫНСЫЗ ҚАЛҒАН БАЛАЛАРДЫҢ КЕЗЕКТЕ ТҰРҒАН ОСЫ САНАТТАҒЫ АЗАМАТТАРДЫҢ ЖАЛПЫ САНЫНАНДАҒЫ ҮЛЕСІ, %

№	Аймақ	2023	2024	Динамика
	ҚР	**1,3**	**0,4**	**-0,9**
1	Абай	0,92	0,6	-0,32
2	Ақмола	1,17	0,4	-0,77
3	Ақтөбе	0,97	0,4	-0,57
4	Алматы	0,68	0,2	-0,48
5	Атырау	1,21	0,1	-1,11
6	Шығыс Қазақстан	0,02	0,1	0,08
7	Жамбыл	0,13	0,3	0,17
8	Жетісу	1,97	0,2	-1,77
9	Батыс Қазақстан	0,19	0,3	0,11
10	Қарағанды	2,13	0,1	-2,03
11	Қостанай	0,44	0,1	-0,34
12	Қызылорда	0,51	0,8	0,29
13	Маңғыстау	0,83	0,1	-0,73
14	Павлодар	2,86	0,8	-2,06
15	Солтүстік Қазақстан	0,34	0,4	0,06
16	Түркістан	2,44	0,2	-2,24
17	Ұлытау	4,06	0,2	-3,86
18	Алматы қаласы	2,3	0,9	-1,4
19	Астана қаласы	0,43	0,4	-0,03
20	Шымкент қаласы	6,82	0,4	-6,42

Деректер көзі: ЖАО, ӨҚМ

Мемлекеттік қолдаудың тұрғын үй мәселесін шешуге бағытталған шараларының бірі — «Отбасы банк» арқылы жеңілдетілген несие беру болып табылады. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар санатына жататын әлеуметтік осал топтар үшін несие мөлшерлемесі 2%-дан 7%-ға дейін белгіленген.

2024 жылы тұрғын үй саясатын орталықтандырылған түрде жүргізу, халықты баспанамен қамтамасыз етудің тиімділігін арттыру, тұрғын үй алу рәсімдерін оңтайландыру және барлық азаматтық санаттар, соның ішінде жетім балалар мен ата-а-

насының қамқорлығынсыз қалған балалар арасында тұрғын үйді әділ бөлуге арналған бірыңғай тетік енгізу мақсатында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне реформалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы қабылданды.

ЖАО-ның азаматтарды тұрғын үйге мұқтаж ретінде тіркеу, тұрғын үйді бөлу және пайдалануға беру функциялары «Отбасы Банкіне» берілді. Бұл банк ұлттық даму институтына айналады, оның басты міндеті азаматтарды баспанамен қамтамасыз ету болады.

Функциялардың берілуі барлық процестердің автоматтандырылуы мен ашықтығын қамтамасыз етумен қатар жүреді. Мемлекеттік деректер базасымен ықпалдасу арқылы барлық өтініштер онлайн режимінде қабылданады, «Отбасы Банкі» сайтында кезекте тұрғандар мен мемлекеттік қолдау алушылардың тізімдері тұрақты түрде жарияланатын болады. Бұл бюрократияны азайтып, «бір терезе» қағидатын енгізеді.

Тұрғын үй тіркеу мерзіміне қарай және табыс деңгейін ескере отырып бөлінеді. Мемлекеттік қолдау «Бақытты отбасы», «Шаңырақ», «Отау» және «Наурыз» бағдарламалары бойынша жалға берілетін субсидиялар, жалға берілетін тұрғын үйлер, сондай-ақ жеңілдікті ипотека түріндегі шараларды қамтиды.

Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар және халықтың басқа да әлеуметтік осал санаттары жалдамалы тұрғын үйдің жалпы көлемінің кемінде 70%-ымен қамтамасыз етіледі.

Сонымен қатар, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тіркеу үшін Астана, Алматы және Шымкент қалаларында бұрын қолданылып келген үш жылдық тіркеу талабы жойылды.

Сондай-ақ, бала асырап алу, қамқоршылық, қорғаншылық немесе патронаттық тәрбиелеу жойылып, бала жетім балаларға арналған ұйымға қайтарылған жағдайда, ол тұрғын үй кезегіне бұрын тіркелген күнінен бастап қайта қалпына келтіріледі.

Осылайша, «Тұрғын үй саясатын реформалау туралы» Заңның негізгі ережелеріне мыналар жатады: ЖАО-дың функцияларын «Отбасы банкіне» беру, тұрғын үйді тіркелу күніне сәйкес әділ бөлудің жаңа тәртібін енгізу, бұрын берілген жалдамалы тұрғын үйді сатып алу құқығынсыз жекешелендіру мүмкіндігі, үш жылдық тіркеу талабының жойылуы, сондай-ақ жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үй кезегіндегі орнын сақтай отырып, қамқорлыққа алынуы жағдайында оларды қайта кезекке қою құқығын қамтамасыз ету.

10. Жеке бөлмесі бар немесе үйде тұратын бір адамға кемінде 15 шаршы метр тұрғын алаңы тиесілі балалардың үлесі, %

Баланың кеңістіктік дербестігі – оның психоэмоционалдық, білім беру және физикалық саулығының маңызды шарты. Бұл — бала өзін қауіпсіз әрі жайлы сезінетін жеке кеңістік пен жеке шекаралар.

Жеке бөлменің болуы баланың жеке дағдыларын дамытып, өзін-өзі ұйымдастыруға, сондай-ақ өзін-өзі реттеу қабілеттерін қалыптастыруға ықпал етеді.

Баланың жеке бөлмесі оның даралығын қалыптастыруға көмектеседі. Мұнда бала өз қызығушылықтары мен хоббилерін білдіре алады, кеңістікті өз талғамына сай безендіріп, өзін көрсететін атмосфера жасайды. Бұл өзіне деген сенімділікті және өзін-өзі бағалауды арттыруға ықпал етеді.

Баланың жеке өмір сүру орнының болуы маңызды. Ол баланың қарым-қатынас және әлеуметтік өза-

ра әрекет дағдыларын дамытып, достарын шақыруға, айналасындағы адамдармен өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді.

Әлеуметтік сауалнаманың нәтижелері жеке кеңістікке ие болу туралы оң жауап бергендердің үлесінің аздап өскенін көрсетті. 2023 жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш +0,2% деңгейінде артты (2.10-кесте).

Абай облысы (2023 жылы 29,9%, 2024 жылы 29,6%) және Ақмола облысы (2023 жылы 28,0%, 2024 жылы 27,5%) аталмыш көрсеткіш бойынша ең жоғары мәндерді иеленеді, дегенмен сәйкесінше 0,3% және 0,5% шамасында аздап төмендеуі байқалады.

Балалардың кеңістіктік дербестігі көрсеткішінің оң динамикасы қазірге дейін 14 өңірде тіркелді. Оған Қарағанды (+0,7%), Павлодар (+0,7%), Солтүстік Қазақстан (+0,7%), Жетісу облысы (+0,6%), Шығыс Қазақстан (+0,5%), Қызылорда облысы (+0,5%) және Шымкент қаласы (+0,5%) кіреді. Бұл тұрғын үй жағдайларының жақсарғанын білдіреді.

Ал Ақмола, Ақтөбе, Қостанай, Маңғыстау, Түркістан облыстары және Абай облысы жеке бөлмесі бар балалардың немесе тұрғын үй ауданы жеткіліксіз балалардың үлесінің төмендеуін көрсетеді. Астана қаласы (2023 жылы – 11,5%, 2024 жылы – 11,6%) және Қызылорда облысы (2023 жылы – 14,8%, 2024 жылы – 15,3%) ең төмен көрсеткіштері бар өңірлер болып қала береді, бұл балалардың тұрғын үй жағдайлары бойынша проблемалардың бар екенін көрсетеді.

2.10-КЕСТЕ. ЖЕКЕ БӨЛМЕСІ БАР НЕМЕСЕ ҮЙДЕ ТҰРАТЫН БІР АДАМҒА КЕМІНДЕ 15 ШАРШЫ МЕТР ТҰРҒЫН ҮЙ АЛАҢЫ БАР БАЛАЛАРДЫҢ ҮЛЕСІ, %

№	Аймақ	2023	2024	Динамика
	ҚР	**22,2**	**22,4**	**0,2**
1	Абай	29,9	29,6	-0,3
2	Ақмола	28,0	27,5	-0,5
3	Ақтөбе	27,2	26,9	-0,3
4	Алматы	24,7	24,9	0,2
5	Атырау	15,8	16,1	0,3
6	Шығыс Қазақстан	18,6	19,1	0,5
7	Жамбыл	23,7	24,1	0,4
8	Жетісу	21,7	22,3	0,6
9	Батыс Қазақстан	24,2	24,4	0,2
10	Қарағанды	25,6	26,3	0,7
11	Қостанай	26,4	26,1	-0,3
12	Қызылорда	14,8	15,3	0,5
13	Маңғыстау	19,3	18,9	-0,4
14	Павлодар	22,7	23,4	0,7
15	Солтүстік Қазақстан	21,6	22,3	0,7
16	Түркістан	18,0	17,8	-0,2
17	Ұлытау	25,0	25,4	0,4
18	Алматы қаласы	24,7	24,8	0,1
19	Астана қаласы	11,5	11,6	0,1
20	Шымкент қаласы	19,9	20,4	0,5

Деректер көзі: ата-аналар сауалнамасының нәтижелері

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер мен мәліметтерді статистикалық талдау ғана маңызды емес, ол мәселені түпкілікті қарастыру өзекті болып қалады. Балалар мен жасөспірімдердің жауаптарындағы аздап байқалатын динамика, ірі қалалардағы төмен көрсеткіштер — олардың экономикалық дамуы жоғары деңгейде болғанына қарамастан, балалардың өмір сүру жағдайлары мәселесінің өзекті екенін көрсетеді.

Әлемдік тәжірибеде бұл мәселе жасөспірімдердің жеке шекарасын құру-

дың әртүрлі альтернативті формалары арқылы шешіледі. Мысалы, қоғамдық орындарда бос кеңістіктер құру, коворкинг орталықтарында балалардың бос уақытын тиімді пайдалану, түрлі іс-шаралармен қамтуды ұйымдастыру. Ойын бөлмелерін немесе жастардың бос уақытын өткізу орталықтарын құру да балалардың күндізгі уақытта тұруына қолайлы жағдай жасаудың бір түрі болуы мүмкін.

Сингапурда балалары мен қарт туыстары бар отбасылар үшін арнайы бөлмелері бар пәтерлер ұсынылады. Отбасының бірлік принципін сақтай отырып, әрбір отбасы мүшесінің жеке кеңістігі болады.

Жеке кеңістіктің болуы әлемдік тәжірибеде қолдау тапты. Отбасыларды балаға жеке кеңістік құруға мүмкіндік беретін көп функциялы жиһазбен үйлеріндегі кеңістікті ұйымдастыруға ынталандыру қажет.

Балалардың жеке кеңістігін қамтамасыз ететін стандарттарды енгізуді тұрғын үй және әлеуметтік саясатта, әсіресе балалардың осал санаттарына қатысты басымдық ретінде қарастыруға болады.

Бұл болашақта оның өмірі мен қоршаған әлеммен қарым-қатынасына оң әсер ететін тәуелсіз және өзіне сенімді тұлға болу жолындағы маңызды қадам.

11. Жұмыс жүктемесіне байланысты балаларына жеткілікті уақыт бөле алмайтын ата-аналардың үлесі, %

Заманауи өмірдің қарқыны ата-анадан жұмыста көбірек болуды талап етеді. Тұрақты табыс көздері үшін жоғары бәсекелестік, мансаптық өсу және уақыттың жетіспеушілігі көбінесе балалармен толыққанды қарым-қатынас жасау және оларды тәрбиелеуге белсенді қатысу мүмкіндіктерін азайтады.

Мұндай жағдайларда кәсіби жүктеме мен отбасылық міндеттер арасындағы теңгерімді саналы түрде сақтау ерекше маңызды. Ата-ана баланың эмоционалдық жағдайына, дамуына және хал-ахуалына көбірек назар аударуы маңызды.

Бұл сауалнамадағы сұрақ еліміздегі Балалардың хал-ахуалы индексінің нәтижелерін терең түсіну үшін маңызды болып табылады. Ата-ананың балалардың эмоционалдық дамуына, психикалық денсаулығына және мінез-құлық қатынастарына жеткілікті көңіл бөлмеуінің әсерін анықтайды. Оқу бағыты: ата-аналардың бос болмауы баланың оқудағы жетістіктеріне, оқуға ынтасына және білім беру процесіне қатысуына қаншалықты ықпал ететінін көрсетеді. Гендерлік аспект: ұлдар мен қыздардың дамуына ата-аналарының толық деңгейде араласпауының араласпауының әсері зерттеледі. Отбасы саясаты және хал-ахуалы тұрғысынан: икемді жұмыс кестесі, декреттік демалыс, ата-аналардың балалардың өміріне қатысуына әсер ететін жеңілдіктер қарастырылады.

2024 жылғы ата-аналарға жүргізілген сауалнама нәтижелері өзектілігін көрсетіп отыр. Жұмысбастылыққа байланысты балаларына жеткілікті уақыт бөле алмайтын ата-аналардың үлесі (бір жыл ішінде +1,1% -ға артқаны) тіркелді (2.11-кесте).

Аймақтық тұрғыдан алғанда ата-аналардың жұмысбастылыққа байланысты балаларына жеткілікті уақыт бөле алмау көрсеткішінің ең жоғары өсімі Ақмола (+4,2%), Павлодар (+1,5%), Ұлытау (+1,1%), Атырау (+1,1%) және Алматы (+1,0%) облыстарында тіркелді.

Алматы, Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Түркістан облыстарынан келген ата-аналар оқу жүктемесінің жоғары екенін хабарлады.

2.11-КЕСТЕ. ЖҰМЫС ЖҮКТЕМЕСІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ БАЛАЛАРЫНА ЖЕТКІЛІКТІ УАҚЫТ БӨЛЕ АЛМАЙТЫН АТА-АНАЛАРДЫҢ ҮЛЕСІ, %

№	Аймақ	2023	2024	Динамика
	ҚР	**12,8**	**13,9**	**1,1**
1	Абай	15,2	14,9	-0,3
2	Ақмола	11,9	16,1	4,2
3	Ақтөбе	14,1	11,7	-2,4
4	Алматы	12,8	13,8	1
5	Атырау	9,5	10,6	1,1
6	Шығыс Қазақстан	8,7	9,1	0,4
7	Жамбыл	12,7	13,4	0,7
8	Жетісу	11,0	11,8	0,8
9	Батыс Қазақстан	12,1	10	-2,1
10	Қарағанды	12,8	13,2	0,4
11	Қостанай	16,4	17,3	0,9
12	Қызылорда	13,9	13,1	-0,8
13	Маңғыстау	13,9	14,6	0,7
14	Павлодар	12,3	13,8	1,5
15	Солтүстік Қазақстан	18,1	17,9	-0,2
16	Түркістан	14,9	15,7	0,8
17	Ұлытау	11,6	12,7	1,1
18	Алматы қаласы	17,0	17,8	0,8
19	Астана қаласы	14,7	14,7	0,0
20	Шымкент қаласы	15,3	15,0	-0,3

Деректер көзі: ата-аналар сауалнамасының нәтижелері

Бұл көрсеткіштің әлеуметтік және экономикалық әсері бар, ол жеке отбасылар деңгейінде де, қоғам мен мемлекет көлемінде де сезіледі. Төмендегідей аспектілерді атап өтуге болады.

Бұл — «жұмыс пен отбасы» теңгерімінің бұзылуы: жұмысқа тым көп көңіл бөліну ата-аналардың жүйелі түрде балаларына көңіл бөлмеуіне әкеледі.

Баланың даму қаупі: ата-ана қатысуының жеткіліксіз болуы эмоционалды алшақтыққа әкеледі, өзін-өзі бағалаудың төмендеуі, күмәнді компанияларға назар аудару, қауіпті немесе агрессивті мінез-құлықпен айналысу қаупінің жоға-

рылауы, виртуалды әлемге немесе тәуелділікке тартылуға бейімділігін арттырады.

Ата-ананың жеткіліксіз көңіл бөлуі ұрпақтар арасындағы байланыстарға қауіп төндіруі мүмкін: отбасылық қарым-қатынас сапасы төмендейді, бұл мәдени сабақтастыққа, құндылықтарға және болашақ ұрпаққа әлеуметтік сенімге әсер етеді.

Балалардың бойында негізгі тұрақты құндылықтар мәдениетін қалыптастыру мақсатында 2024 жылы «Адал азамат» бағдарламасы жаңартылды.

Жаңартылған бағдарламада азамат пен ұлттың жаңа бейнесін айқындайтын құндылықтардың тізбесі кеңейтілді («Тәуелсіздік және Патриотизм», «Бірлік және Ынтымақ», «Әділдік және Жауапкершілік», «Заң және Тәртіп», «Еңбекқорлық және Кәсібилік», «Жасампаздық және Жаңашылдық»). Оқушылармен жүргізілетін кешенді тәрбиелік жұмыстың нақты бағыттары айқындалды, оның ішінде зиянды әдеттер мен балалар ортасындағы теріс құбылыстарды алдын алу жұмыстары да қарастырылған.

Мектептің ішкі тәртіп ережелері әзірленді.

Бағдарламаның әдіснамалық негізі құндылыққа бағытталған (білім алушыларда алты тұрақты базалық құндылық жүйесін қалыптастыруға) және құзыреттілікке негізделген (тұлғаны жан-жақты дамытуға ықпал ететін құндылықтар топтары бойынша когнитивтік, практикалық және эмоционалдық құзыреттерді дамытуға) маңызды тәсілдерді қамтиды.

12. Қорлауға/жәбірлеуге, оның ішінде әлеуметтік желілер арқылы қорлауға/жәбірлеуге ұшыраған 10-18 жастағы балалардың үлесі, %

Мамандар мен сарапшылар балалар өмірінің әрбір жас кезеңінде тұлғалық даму кезеңін бастан кешіретінін және қолдау мен қауіпсіздікті қажет ететінін айтады. Қорқыту қоғамда да, цифрлық кеңістікте де орын алуы мүмкін. Технологияның дамуымен кибербуллинг ерекше қауіпті болды.

Оның салдары балалар мен жасөспірімдер үшін өте ауыр болуы мүмкін. Бұған өзін-өзі бағалау мен өзіне деген сенімділіктің төмендеуі, мазасыздық пен депрессия, әлеуметтік оқшаулану және академиялық үлгермеушілік жатады.

Баланың хал-ахуалы индексінің бөлігі ретінде 10-18 жас аралығындағы балалар арасында жүргізілген әлеуметтік сауалнама келесіні көрсетті.

Көрсеткіштің ең жоғары деңгейі мына өңірлерде тіркелді: Алматы қаласында (21,4%) және Батыс Қазақстан облысында (20,1%). Сауалнамаға қатысқан респонденттердің үлесі Астанада айтарлықтай төмендеп, -0,9% құрады. Зорлық-зомбылыққа ұшыраған балалар саны Жамбыл (+0,6) және Қарағанды (+0,6) облыстарында өскені байқалды (2.12. кесте).

Балаларға зорлық-зомбылық көрсету немесе тіл тигізу, соның ішінде әлеуметтік желілер арқылы, ең аз тіркелген өңірлер — Қостанай облысы (6,9%) және Павлодар облысы (8,9%). 2023 және 2024 жылдарға арналған салыстырмалы талдау көрсеткіші бойынша ең үлкен өсу Шығыс Қазақстан облысында (+2,1%), Ақмола және Түркістан облыстарында (+1,2%) байқалды.

2.12-КЕСТЕ. 10-18 ЖАС АРАЛЫҒЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ, ОНЫҢ ІШІНДЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР АРҚЫЛЫ, ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА НЕМЕСЕ ТІЛ ТИГІЗУГЕ ҰШЫРАҒАН ҮЛЕСІ, %

№	Аймақ	2023	2024	Динамика
	ҚР	**15,3**	**15,5**	**0,2**
1	Абай	15,3	14,3	-1,0
2	Ақмола	10,2	11,4	1,2
3	Ақтөбе	16,2	15,9	-0,3
4	Алматы	19,9	19,8	-0,1
5	Атырау	16,2	17,3	1,1
6	Шығыс Қазақстан	12,2	14,3	2,1
7	Жамбыл	15,5	16,1	0,6
8	Жетісу	18,4	18,7	0,3
9	Батыс Қазақстан	19,8	20,1	0,3
10	Қарағанды	13,9	14,5	0,6
11	Қостанай	7,0	6,9	-0,1
12	Қызылорда	13,7	13,6	-0,1
13	Маңғыстау	16,3	15,7	-0,6
14	Павлодар	9,5	8,9	-0,6
15	Солтүстік Қазақстан	14,9	14,6	-0,3
16	Түркістан	15,1	16,3	1,2
17	Ұлытау	13,0	12,8	-0,2
18	Алматы қаласы	20,3	21,4	1,1
19	Астана қаласы	18,8	17,9	-0,9
20	Шымкент қаласы	19,9	19,6	-0,3

Деректер көзі: Сауалнама нәтижелері (ата-анасының рұқсатымен 10-18 жас аралығындағы балаларды зерттеу)

10-18 жас аралығындағы балалардың осы сауалнамасынан алынған мәліметтерді ЖАО ескеруі тиіс. Көптеген жасөспірімдер өз сезімдерімен бөліспейді, өйткені олар айыптаудан, сыннан немесе жағдайдың нашарлауынан қорқады. Мұнда ата-аналардың, ұстаздардың және мектеп психологтерінің рөлі өте маңызды.

«PISA-2022» халықаралық зерттеуіне қатысқан 15 жастағы білім алушылар-

дың сауалнама нәтижелері де құнды. «Қазақстанның «PISA-2022» нәтижелері» ұлттық баяндамасына сәйкес (https://taldau.edu.kz/storage/app/media/PISA/%20PISA-2022.pdf) білім беру ұйымдарындағы қорқыту қазақстандық жасөспірімдер арасында кең тараған қауіпсіздік мәселесі болып қала береді. Орташа алғанда әрбір төртінші білім алушы (22%) әр түрлі қорқытуларға ұшырағанын көрсетті (ЭЫДҰ бойынша орташа есеппен 20%).

Сауалнамаларға берілген жауаптар бойынша қазақстандық жасөспірімдер мінез-құлық қорлауына (оқиғадан шеттету – 16%), ал ең аз физикалық қорқытуға (ұру немесе итеру, төбелеске қатысу, заттарды зақымдау, қорқыту) ұшыраған.

Қазақстанда ер балалар жиі қорқытуға ұшырайды (26%) (қыздар – 19%). Орналасқан жері бойынша, ірі қалалардағы (21%) білім алушыларға қарағанда, ауыл мектептеріндегі оқушылардың қорқыту фактілерін хабарлауы (25%) көбірек кездеседі. Сонымен қатар, зорлық-зомбылыққа ұшырау көбінесе отбасында әлеуметтік-экономикалық жағдайы төмен білім алушылар топталған білім беру ұйымдарында жиі кездеседі. (24%).

Зерттеулер көрсеткендей, ең жақсы бағдарламалар тек балаларды ғана емес, сонымен қатар ата-аналарды, мұғалімдерді, басшыларды және онлайн платформаларды қамтитын жүйелі, ұзақ мерзімді және көп деңгейлі бағдарламалар болып табылады.

Әлемдегі ең танымал және дәлелденген тиімді бағдарламалардың бірі – «Olweus Bullying Prevention Program». https://clemsonolweus.org/ (Норвегия, АҚШ). Бағдарламада оқушылар (қорқытуды тануды үйрену, эмпатияны дамыту), мұғалімдер (нақты жауап хаттамасы), ата-аналар (тренингтер) және мектеп әкімшілігінің (қауіпсіз орта құру) бірлескен жұмыстары нәтижелі болатындығын көрсетті. Осы бағдарламаны іске асыру нәтижесінде пилоттық мектептерде бұзақылықтың 50%-ға дейін төмендеуі байқалды.

«Be Internet Awesome» https://beinternetawesome.withgoogle.com/en_us– «Google» (АҚШ) кибербуллинг бағдарламасына «Interland» онлайн ойыны және балалар мен ата-аналарға арналған оқу материалдары кіреді, цифрлық қауіпсіздік пен онлайн агрессияға қарсы тұру дағдыларын үйретеді.

Тұрақты стратегияны құру үшін елде мектептердегі жәбірлеу мен зорлық-зомбылықтың алдын алуға қажетті нормативтік-құқықтық база жетілдірілуде.

«Буллинг» ұғымы заңнамалық деңгейде енгізілді, баланың осы құбылыстан қорғалу құқығы бекітілді, кәмелетке толмағандарға қатысты қорқыту істері үшін әкімшілік жауапкершілік күшейтілді - 2024 жылы 119 тиісті әкімшілік іс тіркелді.

Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғаудың, суицидтің алдын алудың, олардың құқықтары мен хал-ахуалын қамтамасыз етудің 2023-2025 жылдарға арналған Кешенді жоспарын іске асыру шеңберінде зорлық-зомбылықтан, жәбірлеуден, киберқорлаудан зардап шеккен немесе олардың куәгері болған балаларды дереу анықтауға, оларға жауап беруге және оларға көмек көрсетуге бағытталған ведомствоаралық бұйрық қабылданды (ОМ, ІІМ, ДСМ, ЕХӘҚМ, МАМ). Сондай-ақ қорқытудың алдын алу ережелері бекітіліп, қорқыту белгілері анықталған кезде мұғалімдер мен білім беру ұйымдарының әкімшілігі үшін стандартты іс-қимыл алгоритмдері әзірленді.

2024 жылы ОМ білім беру ұйымдарында финдік Kiva моделін сынақтан өткізді, қорқытуға қарсы күрес сала-

сындағы ең табысты және мойындалған халықаралық тәжірибелердің бірі болып табылады.

Ұлттық сарапшылардың қатысуымен «ДОСБОЛLiKe» бағдарламасы әзірленді. Бұл жоба балалар мен жасөспірімдер арасында қауіпсіздік пен сыйластық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған. Бұл бастама балаларды зорлық-зомбылықтан қорғаудың ортақ жүйесін құруда ата-аналармен, мектеп психологтерімен және әлеуметтік қызметкерлермен тығыз ынтымақтастықты көздейді. Мектеп оқушыларының, мұғалімдердің және ата-аналардың қорқыту мен зорлық-зомбылық мәселелері туралы ақпараттандырылуын арттыру үшін бағдарламалар іске қосылды. Өткізілген 10 мыңнан астам шаралар - жанжалдарды шешу дағдыларын дамытуға, эмоционалдық интеллект пен әлеуметтік жауапкершілікті арттыруға бағытталған тренингтер. Балалар мен жасөспірімдерге зорлық-зомбылық фактілері туралы хабарлауға және мамандардың кеңесін алуға көмектесетін арнайы мобильді қосымшалар мен онлайн ресурстар құрылуда. Жобаға 2 миллионға жуық мектеп оқушылары қосылды.

Білім беру ұйымдарында алғаш рет «Жеке қауіпсіздік» сабақтары (өзін-өзі қорғау дағдыларын дамыту, құқықтық сауаттылық, әлеуметтік және ақпараттық құзыреттілік) енгізілді. Еліміздегі 784 мектепте «MENIŃ BAÝYRYM» волонтерлік жобасы іске қосылды.

Балаларды олардың психикалық денсаулығына зиян келтіретін теріс ақпараттан қорғау мақсатында ОМ-гі «ЮНИСЕФ» Балалар қорымен бірлесіп, «Kazakhstan Kids Online. Қазақстандағы балалардың цифрлық өмірі» әлеуметтік зерттеуінің нәтижелері бойынша «Кибер тұмар – балаларды цифрлық ортада қорғайық» ақпараттық-ағартушылық науқанын бастады. Бұл ақпараттық құралдар жиынтығы, оның ішінде әртүрлі қауіп-қатер кезінде әрекет етудің негізгі алгоритмдері көрсетілген әлеуметтік плакаттар, сарапшылардың практикалық кеңестер материалдары, оқу бейнероликтері бар.

Бұл науқан киберқорқыту, балаларға арналған орынсыз және тыйым салынған мазмұн, балалардың қауіпсіздігі мен жеке өміріне қатысты цифрлық тәуекелдер және балалардың интернетке тәуелділігі сияқты желідегі қауіптерге бағытталған.

Балалар мен жасөспірімдерді интернеттің теріс әсерінен қорғау мақсатында білім беру ұйымдарында «Әлеуметтік желілердегі қауіпсіздік» ақпараттық-түсіндіру акциясы өткізілді.

Ата-аналар қауымдастығымен тыйым салынған интернет-ресурстарына шектеулер енгізу бойынша және «Ата-ана бақылауы» қосымшаларын қолдану, сондай-ақ баланы бақылауға арналған смарт-сағаттарды пайдалану бойынша мақсатты жұмыс жүргізілді.

Мемлекеттік органдар балаларды қорлау мен кибербуллингпен күресуге, сондай-ақ қорқытуға төзбеушілік көзқарасты қалыптастыруға бағытталған бұқаралық ақпарат құралдарында жыл сайынғы ұлттық ақпараттық науқан өткізеді.

Мемлекет басшысының 2024 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауын (72-тармақ) іске асыру жөніндегі Ұлттық іс-шаралар жоспарын орындау мақсатында цифрлық сауаттылық дағдыларын дамыту, оның ішінде цифрлық гигиена мен жасанды интеллектті пайдалануды қоса алғанда, барлық бейіндік пәндер бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына (бұдан әрі – ШЫҰ) және үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ТК) өзгерістер енгізілуде.

5-9-сыныптарға арналған «Жаһандық құзыреттілік» пәніне «Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық» бөлімі енгізілді. Осы бөлім аясында балалар интернет кеңістігінде этикалық және қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын (медиа кеңістіктің құралдарын талдау, бағалау және пайдалану қабілеті) қалыптастырады.

Сонымен қатар, «Адал Азамат» бағдарламасының «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» жобасы аясында балалардың цифрлық қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары жүзеге асырылуда.

2024 жылдың 1 қыркүйегінен бастап мектептерде қауіпсіздік сабақтары өткізіледі, оның ішіне балалардың киберқауіпсіздігі, желідегі қауіптер мен қатерлер тақырыптары қамтылады.

Жалпы алғанда, бұл ауқымды жұмыс Үкіметтің үйлестіруімен және азаматтық қоғамның бірлескен күш-жігерімен әрбір баланың қауіпсіз ортасын құруға мүмкіндік береді. Тұрақты нәтижелерге жету үшін ЖАО түрлі аспектілер бойынша әлеуметтік сауалнамалар нәтижелерін ескере отырып, мақсатты жұмысын жалғастыруы маңызды.

13. Жалпы білім беретін мектептердің қоғамдық өміріне қатысатынына толық келісетін 10-18 жастағы балалардың үлесі, %

10-18 жас аралығындағы балалар тұлғаның қалыптасу маңызды кезеңінен өтеді. Бұл уақытта балалар мектеп қауымдастығының саналы мүшесіне айналады: олар сынып, мектеп, қоғамдық және еріктік бастамаларға белсенді қатысады. Бұл жай ғана «сыныптан тыс іс-шаралар» емес, әлеуметтік өзара әрекеттесу дағдыларын дамыту, өзін-өзі сенімділік пен тиесілілік сезімін қалыптастыру үшін маңызды ресурс болып табылады.

Сауалнама нәтижелері бұл көрсеткіштің шамалы төмендеуін көрсетіп отыр, (-0,5%). Жалпы білім беретін мектепте қоғамдық өмірге қатысатын және келіспейтін білім алушылардың теріс динамикасы Солтүстік Қазақстанда (-3,6%), Түркістанда (-1,7%), Қарағандыда тіркелген.

(–1,6%), Атырау (–1,4%) облыстары, Алматы қаласы (–1,4%). Балалардың қатысуының маңызды көрсеткішін Ұлытау облысы (+2,4) көрсетті (2.13. кесте).

2.13-КЕСТЕ. ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДІҢ ҚОҒАМДЫҚ ӨМІРІНЕ ҚАТЫСАТЫНЫНА ТОЛЫҚ КЕЛІСЕТІН 10-18 ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ҮЛЕСІ, %

№	Аймақ	2023	2024	Динамика
	ҚР	**51,2**	**50,7**	**-0,5**
1	Абай	54,5	55,2	0,7
2	Ақмола	45,4	44,9	-0,5
3	Ақтөбе	59,9	59,3	-0,6
4	Алматы	41,0	40,8	-0,2
5	Атырау	55,7	54,3	-1,4
6	Шығыс Қазақстан	51,0	50,8	-0,2
7	Жамбыл	53,2	52,1	-1,1
8	Жетісу	42,6	41,6	-1,0
9	Батыс Қазақстан	60,8	61,2	0,4
10	Қарағанды	47,9	46,3	-1,6
11	Қостанай	65,5	66,4	0,9
12	Қызылорда	60,2	59,4	-0,8
13	Маңғыстау	42,9	43,8	0,9
14	Павлодар	52,0	53,1	1,1
15	Солтүстік Қазақстан	45,9	42,3	-3,6
16	Түркістан	58,0	56,3	-1,7
17	Ұлытау	50,0	52,3	2,3
18	Алматы қаласы	38,6	37,2	-1,4
19	Астана қаласы	41,0	39,7	-1,3
20	Шымкент қаласы	57,7	56,9	-0,8

Деректер көзі: Сауалнама нәтижелері (ата-анасының рұқсатымен 10-18 жас аралығындағы балаларды зерттеу)

Аймақтық білім басқармаларына халықаралық және ұлттық зерттеулерге қатысқан 4-сынып және 8-сынып оқушыларының сауалнама нәтижелерін мұқият талдауы ұсынылады. Оқушылар мектепке деген қарым-қатынасы туралы сұрақтарға ашық жауап береді — оқуға қаншалықты қызығушылық танытатыны, мектепке қаншалықты тиесілі екенін сезінетіні және мұғалімдерімен қандай қарым-қатынаста екендігі.

TIMSS-2019 зерттеуінде жауаптар «Мектепке тиесілілік сезімі» индексіне біріктірілді (оқушылар үш топқа бөлінді — «жоғары», «орташа» және «төмен» деңгейдегі тиесілілік сезімі).

Қазақстандық төртінші сынып оқушыларының жартысынан көбі өздерін мектепке жоғары деңгейде тиесілі деп есептейді (68%), үштен бірі (29%) — орташа деңгейде, ал тек 3% ғана мектепке әлсіз тиесілілік сезінеді. Ал 8-сынып оқушылары мектепке деген тиесілілік сезімін әлсізірек сезінеді: олардың 51%-ы жоғары тиесілілік деңгейінде, 44%-ы орташа деңгейде және 5%-ы төмен деңгейде.

Сауалнама сондай-ақ ауылдық мектеп оқушыларының (59%) мектепке қатыстылығын күшті сезінетінін көрсетті. Математика және жаратылыстану пәндері бойынша жоғары нәтижеге иелік ететін оқушылар жоғары дәрежеге жетті. Осылайша, алынған нәтижелер мектепте, әсіресе жоғары сынып оқушылары үшін, қолайлы эмоционалдық ортаны құрудың маңыздылығын растайды.

Балалардың жалпы білім беретін мектептегі қоғамдық өмірге қатысуы жауапкершілік пен көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру үшін өзекті болып табылады. Бұл олардың болашақтағы ересек өмірдегі тәуелсіздігінің негізін қалайды.

Мектептегі белсенді өмірге жасөспірімдердің қатысуы, әсіресе күмәншіл және уайымшыл балалар үшін өте маңызды. Волонтерлік, мәдени, экологиялық және әлеуметтік жобаларға қатысу жастардың құндылықтары мен азаматтық ұстанымын қалыптастыруға септігін тигізеді.

Мысалы, «Дебат қозғалысы» жобасы осының айқын көрінісі болып табылады. Ел бойынша 7 684 дебат клубы жұмыс істейді — оның ішінде мектептерде 6 959, колледждерде 725 клуб бар. Осы клубтарда 194 084 оқушы сабақ алады, оның ішінде 172 500 мектеп оқушысы және 21 584 колледж студенті бар. Соңғы жылы дебат қозғалысына 24,7 мың жаңа қатысушы қосылды.

Сонымен қатар, өңірлерде 12 жобалық офис пен дебат штабы жұмыс істейді. Олар Атырау, Алматы, Қызылорда, Қарағанды, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстары мен Жетісу және Ұлытау облыстары, сондай-ақ Астана, Алматы және Шымкент қалаларында орналасқан. Бұл дебат қозғалысының ел бойынша кең таралып, қолдау табатынын дәлелдейді.

Қазақстан Республикасында балалардың құқықтарын қорғаудың, балалардың қоғам мен мемлекет өміріне қатысу құқықтарын қамтамасыз етудің жаңа тетіктерін енгізу мақсатында 2020 жылы Комитет жанынан Балалар өкілдіктері (Балалар омбудсмендері) құрылды.

Жыл сайын кезекті сайлау өткізіліп, әр мектепте өз қатарластарының құқығын қорғайтын балалар өкілі бар. Республикалық кеңес құрамына 40 омбудсмен кіреді.

Жыл сайын балалар өкілдері тамыз конференцияларына, ұлттық науқандарға және сынақтарға қатысады. 2024 жылғы Дүниежүзілік балаларды қорғау күнінде мемлекеттік қызметкерлермен кездесу барысында балалар омбудсмендері балалардың құқықтарын қорғау саласындағы жобаларын көрсетіп, балалардың жағдайын жақсарту бойынша ұсыныстар жасады.

Мектеп оқушылары үшін мұндай іс-шараларға қатысу қоғамдық өмірде белсенді позиция ұстауға және елдің дамуына нақты үлес қосуға мүмкіндік береді.

14. Бір аптада көше ойындарына арналған күн саны (10-18 жастағы балалар) немесе аптасына ашық ауада өткізілетін сағат саны (аптасына 4 және одан да көп сағат)

Жасөспірімдер экран алдында көбірек уақыт өткізетін цифрлық дәуірде таза ауадағы ашық ойындар мен физикалық белсенділіктің маңыздылығы ерекше өзекті болып отыр. 10–18 жас аралығындағы балалар мен жасөспірімдер үшін ашық ойындар тек денсаулықты нығайту ғана емес, сондай-ақ тұлғалық дамуға, қарым-қатынас жасау дағдыларына және эмоциялық тепе-теңдікті қалыптастыруға да маңызды әсер етеді.

Жасөспірімдік шақ - тірек-қимыл аппаратының, бұлшықеттердің, жүрек пен өкпенің дамуы үшін шешіші кезең. Футбол, жүгіру, баскетбол, велосипед тебу сияқты ашық ауадағы белсенді ойындар төзімділікті арттырып, үйлесімді қозғалысты дамытады және иммунитетті нығайтады. Бұл семіздік, сколиоз және қозғалысы аз өмір салтына байланысты өзге де аурулардың табиғи алдын алу тәсілі болып табылады.

2024 жылы 10-18 жас аралығындағы балалар арасында жүргізілген сауалнамаға сәйкес, жалпы Қазақстан бойынша балалардың ашық ауада демалу уақыты 2023 жылы аптасына 3,4 күннен 2024 жылы 3,6 күнге дейін өзгерді, яғни 0,2 күнге артқан. Бұл өсім балалардың белсенділігіндегі оң үрдістерді көрсетеді (2.14-кесте).

Түркістан (+0,7), Маңғыстау (+0,6) және Жамбыл (+0,5) облыстарында балалардың аптасына таза ауада өткізетін уақытының айтарлықтай артқанын байқалады.

Шығыс Қазақстан және Абай облыстары да балалардың далада ойнау уақытында оң динамика бар екенін көрсетті (+0,4).

6 өңірде балалардың далада өткізетін уақытының азайғаны тіркелді: Жетісу, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда және Солтүстік Қазақстан облыстары (аптасына −0,1-ден −0,3 күнге дейін). Бұл балалардың физикалық белсенділігін ынталандыруға бағытталған қосымша шаралар қабылдау қажеттігін талап етеді.

Астана, Алматы, Шымкент сияқты ірі қалаларда балалардың далада өткізетін уақыты 0,2 күннен 0,5 күнге дейін ұлғайды. Бұл мегаполистердегі балалардың ашық ауада көбірек уақыт өткізе бастағанын көрсетеді, бұл белсенді демалыс үшін инфрақұрылымның жақсаруына байланысты болуы мүмкін.

Жалпы, елде балалардың ашық ауада өткізетін уақыты бойынша оң динамика байқалады, бірақ аймақтық айырмашылықтар маңызды болып қала береді. Бұл балалардың ашық ауада ойнауы және белсенді демалысқа қатысуы үшін жағдайды жақсарту бағытында, әсіресе көрсеткіштердің төмендеуі байқалған өңірлерде, неғұрлым мақсатты әрекеттер қажет екенін айқындайды.

2.14-КЕСТЕ. БІР АПТАДА КӨШЕ ОЙЫНДАРЫНА АРНАЛҒАН КҮН САНЫ (10-18 ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАР) НЕМЕСЕ АПТАСЫНА АШЫҚ АУАДА ӨТКІЗІЛЕТІН САҒАТ САНЫ (АПТАСЫНА 4 ЖӘНЕ ОДАН ДА КӨП САҒАТ)

№	Аймақ	2023	2024	Динамика
	ҚР	**3,4**	**3,6**	**0,2**
1	Абай	3,0	3,4	0,4
2	Ақмола	3,9	4,1	0,2
3	Ақтөбе	3,3	3,4	0,1
4	Алматы	3,1	3,2	0,1
5	Атырау	3,5	3,7	0,2
6	Шығыс Қазақстан	3,9	4,3	0,4
7	Жамбыл	2,9	3,4	0,5
8	Жетісу	3,3	3,1	-0,2
9	Батыс Қазақстан	3,8	3,7	-0,1
10	Қарағанды	3,4	3,1	-0,3
11	Қостанай	4,0	3,9	-0,1
12	Қызылорда	3,0	2,9	-0,1
13	Маңғыстау	2,8	3,4	0,6
14	Павлодар	4,1	4,4	0,3
15	Солтүстік Қазақстан	4,4	4,1	-0,3
16	Түркістан	2,6	3,3	0,7
17	Ұлытау	4,0	4,4	0,4
18	Алматы қаласы	3,6	4,1	0,5
19	Астана қаласы	3,1	3,3	0,2
20	Шымкент қаласы	2,9	3,3	0,4

Деректер көзі: Сауалнама нәтижелері (ата-анасының рұқсатымен 10-18 жас аралығындағы балаларды зерттеу)

Қозғалыс пен таза ауа стресс пен алаңдаушылықты азайтады, көңіл-күй мен ұйқыны жақсартады. Бұл әсіресе оқумен, әлеуметтік желілермен көп шұғылданатын және ішкі күйзеліске түскен жасөспірімдер үшін өте маңызды. Ашық ойындар жасөспірімдерге виртуалды емес, шынайы қарым-қатынастарды құруға мүмкіндік береді: келіссөздер жүргізу, қақтығыстарды шешу, ынтымақтастықты үйрену.

Ашық ауадағы ойындарға қызығушылықты сақтау үшін ЖАО-ға белсенді демалысқа арналған қауіпсіз, қызықты әрі әртүрлі ойын алаңдары мен кеңістіктерді жабдықтау, жасөспірімдердің бастамаларын (көшедегі турнирлер, аула командалары, челленджер) қолдау, сондай-ақ мектептер мен аулаларда спорттық және ойын-сауық іс-шараларын ұйымдастыру ұсынылады.

15. «Отбасы және қоғам» бағыты бойынша Балалар хал-ахуалы индексінің қорытындылары

Балалардың хал-ахуалын бағалау және «Бала» аймағындағы деректерді салыстыру үшін 14 көрсеткіш пайдаланылды.

Жүргізілген мониторинг бойынша, осы бағыттағы орташа балл 53,2 болды. Өткен жылмен салыстырғанда көрсеткіш 1,9 балға төмендеген (2023 жылы 55,1 болған) (2.15-кесте.)

Ең жақсы нәтижені Алматы (+10,2), Қарағанды (+6,2) және Ақтөбе (+5,2) облыстары көрсетті.

Жалпы, республиканың 7 өңірінде республикалық көрсеткіштен жоғары. Бұл облыстарға Шығыс Қазақстан (53,2), Батыс Қазақстан (56,6), Қостанай (57,3), Алматы қаласы (60,4), Ақтөбе (61,3), Ұлытау (63,6), Павлодар (71,0) облыстары кіреді.

Ең төменгі көрсеткіштер Солтүстік Қазақстан (36,7) және Абай (43,2) облыстарында.

2.15-КЕСТЕ. АЙМАҚТАР БОЙЫНША ОТБАСЫ ЖӘНЕ ҚОҒАМ САЛАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ХАЛ-АХУАЛЫ ИНДЕКСІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ, 2024 Ж.

№	Аймақ	2023	2024	Динамика
	ҚР	**55,1**	**53,2**	**-1,9**
1	Абай	48,8	43,2	-5,6
2	Ақмола	55,7	45,7	-10
3	Ақтөбе	56,1	61,3	5,2
4	Алматы	48,2	44,1	-4,1
5	Атырау	49,4	49,2	-0,2
6	Шығыс Қазақстан	55,5	53,2	-2,3
7	Жамбыл	52,3	50,1	2,2
8	Жетісу	54,8	50,9	-3,9
9	Батыс Қазақстан	57,8	56,6	-1,2
10	Қарағанды	46,6	52,8	6,2
11	Қостанай	65,6	57,3	-8,3
12	Қызылорда	56,4	47,9	-8,5
13	Маңғыстау	52,4	45,8	-6,6
14	Павлодар	67,6	71,0	3,4
15	Солтүстік Қазақстан	52,0	36,7	-15,3
16	Түркістан	51,8	48,1	-3,7
17	Ұлытау	63,9	63,6	-0,3
18	Астана қаласы	58,1	46,7	-11,4
19	Алматы қаласы	50,2	60,4	10,2
20	Шымкент қаласы	59,1	52,3	-6,8

Балалардың әл-ауқатын бағалау нәтижелері және «Балалар» бағытындағы көрсеткіштерді салыстыру бойынша 11 өңір орташа әл-ауқат деңгейінде болып, «сары» аймақта орналасқан, ал 9 өңір «қызыл» аймақта тұр.

Алынған деректер негізінде балалардың әл-ауқатын жақсарту жұмыстары жалғасады.

ҚОРЫТЫНДЫ

- Балалардың эмоциялық әл-ауқаты үшін ата-аналармен ашық, адал және қолдаушы қарым-қатынас орнату сөзсіз маңызды. Жоғары мәдениетті қарым-қатынас ортасында тәрбиеленген балалар қоғамда белсенді, достарымен қарым-қатынаста позитивті және оқуында табысты болады. «PISA-2018» (ЭЫДҰ, 2020) нәтижелеріне сәйкес, ата-аналар мұғалімдердің бастамасымен балаларының үлгерімін жиі талқылайтын елдерде 15 жастағы балалардың оқуы бойынша орташа балы жоғары.

- Республикада орта есеппен 10-18 жас аралығындағы балалардың 90,4 пайызы өздерінің жеке мәселелерін ата-аналарымен ашық талқылайды. Алайда 2024 жылғы көрсеткіш 2023 жылмен салыстырғанда төмен (-0,2%).

- Республиканың білім беру жүйесінде «Позитивтік ата-ана мәдениетін дамыту» тақырыбы белсенді түрде насихатталуда. 2024 жылы ОМ-нің бастамасымен білім беру ұйымдарында ашылған ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсету орталықтары отбасыларға бала тәрбиесінде оң мәдениетті қалыптастыруда тиімді қолдау көрсетуде.

- Баланың отбасында шешім қабылдауға қатысуы және оның пікірін құрметтеу дәрежесі отбасыішілік диалогтің дамуын көрсетеді. 2024 жылғы сауалнама нәтижелері 2023 жылғы болып, өңірлердің басым бөлігі балалардың отбасы шешімдеріне араласу деңгейінің тұрақтылығын немесе аздап өзгерістерін байқатты.

- РМБ мәліметі бойынша, 2024 жылы 20 798 жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала тіркелген. Оның 17110-ы Қазақстан азаматтарының отбасында, 3688 бала жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдарда тәрбиеленуде.

- Ұлытау облысы ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар санының қысқаруының айтарлықтай оң динамикасын көрсетеді. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың саны 1000 балаға шаққанда 11,3-тен 3,7-ге дейін азайды. Ең алаңдатарлық өсім Жетісу өңірінде байқалады қараусыз қалған балалардың саны екі еседен астам артты.

- Қостанай, Павлодар, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Ақмола облыстарында ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың жоғары деңгейде сақталып отыр. Бұл аймақтардың көрсеткіштері республикалық орташа деңгейден 2-3 есеге жоғары.

- Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға мемлекеттік қолдау көрсететін 115 ұйым бар. Оның 20-сы балалар үйі, 18-і медициналық-әлеуметтік мекеме, 70-тен астам басқа ұйымдар.

- 2024 жылы еліміздің барлық аймақтарында ПҚО ашылды. 200 мыңнан астам мектеп оқушылары мен олардың отбасыларына білікті мамандар кеңестік көмек көрсетілді.

- Өңірлік ПҚО-да тәрбиеленушілер мен арнайы әлеуметтік қызметтер мен отбасылық орналастыруға мұқтаж балаларға психологиялық және құқықтық қолдау қызметтері жұмыс істейді. Онда 162 маман қызмет атқарады, оның ішінде 45 психолог, 56 әлеуметтік педагог, 27 заңгер, 34 тәрбиеші және медицина қызметкерлері бар.

- 2024 жылы отбасылық орналастыру қызметтері арқылы Қазақстан азаматтарының отбасыларына 500-ден астам орталық тәрбиеленушілері қамқорлыққа, патронаттық тәрбиеге және қабылдау отбасыларына берілді. Сонымен қатар, 700-ден астам ықтимал қабылдау ата-аналары білікті мамандардан кеңес алды.

- 2024 жылы ОМ ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды қорғауды күшейту бойынша мақсатты заңнамалық жұмыстар жүргізді. Алғаш рет заңнамалық деңгейде штаттық норматив белгіленді: 5000 балаға бір қамқоршылық органының маманы. Өңірлерде қосымша 900 штат бірлігі құрылды.

- «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім беру, тәлімгерлік және балалардың қауіпсіздігі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданып, оның аясында «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға тәлімгерлік көрсету тұжырымдамасы енгізілді.

- 2024 жылы ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды алып жүретін тәлімгерлер саны 33%-ға (330 адамға) өсті.

- 2024 жылдың басты жаңалықтарының бірі отбасын орналастырудың жаңа нысаны ретінде кәсіби патронаттық отбасылар институтын іске қосу болды.

- Өңірлерде жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында бала асырап алушыларға арналған мектептер жұмыс істейді. Олар бала тәрбиесіне атсалысқысы келетін азаматтарды психологиялық тұрғыдан дайындауда басты рөл атқарады.

- 2024 жылы отбасын сақтау, балалардың құқықтарын қорғау және тұрақты өмірге оралу мәселелерін нығайтуға бағытталған елеулі жұмыстар атқарылды. Заңнамалық нормалар қабылданды, мемлекеттік органдар мен ҮЕҰ өзара іс-қимылы күшейтілді.

- 2024 жылы балалардың құқықтарын қорғау саласындағы НҚА-ні жетілдіру шеңберінде «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңында мәслихаттардың құзыреті неке-отбасы институтын нығайту, әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік қолдауды анықтаудың негізгі нысаналы индикаторларын бекіту бөлігінде функциялармен толықтырылды, қиын өмірлік жағдайға тап болған адамдарға (отбасына) жан-жақты қолдау көрсету қолға алынды.

- Мемлекеттік деңгейде өмірлік қиын жағдайға тап болған балаларға қажетті медициналық, психологиялық-педагогикалық және құқықтық көмек, материалдық қолдау, демалысты және сауықтыруды ұйымдастыру, әлеуметтік оңалту, сондай-ақ еңбекке жарамды жасқа жеткен соң жұмыспен қамтуға жәрдем көрсетіледі.

- 2024 жылы өмірлік қиын жағдайға тап болған тұлғаларды (отбасын) мемлекеттік органдардың құзыреті шеңберінде жан-жақты қолдаумен қамту жөніндегі жұмыстарды үйлестіру қағидалары бекітілді.

- 2024 жылы әлеуметтік қолдауды қажет ететін 601 400 бала тіркелген. Шымкент пен Астанада 0-18 жас аралығындағы балалардың саны салыстырмалы түрде тең (тиісінше 510 044 және 507 173 адам)болса, Шымкентте әлеуметтік қауіп тобына кіретін балалар саны 2,2 есе жоғары (тиісінше 57 460 және 26 317 бала).

- Маңғыстау және Ақтөбе облыстарында да 0–18 жас аралығындағы балалар саны шамалас (тиісінше 335 760 және 334 587 бала), алайда әлеуметтік қауіп тобындағы балалар саны Маңғыстау облысында 1,9 есе жоғары (тиісінше 36 970 және 19 822 бала).

- 2024 жылы қиын өмірлік жағдайдағы балалардың саны 1000 балаға шаққанда 5,2 тармаққа артты. Екі есеге жуық өсім Қызылорда облысында (+86,8), Абай облысында (+69,6) және Шығыс Қазақстан облысында (+60,6) тіркелді. Бұл статистикалық деректер аталған өңірлердегі балалардың осал топқа жататынын және теріс динамика себептерін мұқият талдау қажеттігін көрсетеді.

- 2024 жылы Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексіне мемлекеттік отбасы саясаты саласындағы уәкілетті орган, отбасы мәселелері, әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі «111» байланыс орталығын енгізу, ОҚО-ың функцияларын айқындау мақсатында өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

- Еліміздің үкіметі барлық өңірлерде ОҚО ашу бойынша ауқымды жұмыстарға кірісті. Екі жыл ішінде (2025-2027 жж.) олардың санын 200-ге жеткізу жоспарлануда.

- 2024 жылы ОМ «Қазақстанның медиация мектептері» жобасын қолға алған болатын. Жобаның негізгі мақсаты – балалардың дамуы мен әлеуметтенуі үшін қолайлы, қауіпсіз және гуманистік ортаны құру, қиын өмірлік жағдайларда оларға қолдау көрсету. Бастама аясында мектептерде мектеп медиация қызметі жұмыс істей бастады.

- Жоғары жылдамдықты интернетке қолжетімді елді мекендердің үлесі неғұрлым жоғары болса, өңір мен елдің цифрлық дамуы соғұрлым жоғары деңгейде болады. Бұл — теңдік, даму және халықтың өмір сүру сапасы мәселесі. Ақпарат алу мен мәдени дамудың құралы ретінде интернетсіз халық цифрлық оқшауланға ұшырайды.

- Цифрлық ресурстарды білім беру мақсатында күніне 3 сағатқа дейін пайдаланатын қазақстандық білім алушылар PISA-2022 математикалық сауаттылық бойынша жоғары нәтиже көрсетті. Білім беру мақсатында цифрлық құрылғыларды пайдалануға күніне 1 сағатқа дейін уақыт жұмсайтын білім алушылар оны ешқашан пайдаланбайтындарға қарағанда 11 ұпайға және оларды күніне 5 сағаттан 7 сағатқа дейін пайдаланатындарға қарағанда 25 ұпайға жоғары нәтиже көрсетті».

- 2024 жылы елді мекендердің 87,5% жоғары жылдамдықты интернетке қосылды. Көрсеткіштің қолжетімділігінің 27,8%-ға айтарлықтай артуы елдегі байланыс инфрақұрылымының дамығанын және мемлекеттік және жеке операторлардың ауылдық және шалғай аймақтарды интернетпен қамтуды кеңейту бойынша жұмысының нәтижесін көрсетеді.

- Республикалық маңызы бар Алматы, Астана және Шымкент қалалары жоғары жылдамдықты интернетке 100% қамтумен қолжетімділік бойынша көшбасшылық орнын сақтап келеді. Бұл аталған қалалардың елдегі технологиялық прогрестің негізгі орталықтарына айналуына ықпал етуде. Қостанай облысы — интернетке қосылған елді мекендердің үлесі айтарлықтай төмендеген жалғыз өңір болып тіркелді.

- ҰБДҚ-ың АЖ мәліметі бойынша, елімізде 7 851 мектеп интернет желісіне қосылған. Оның ішінде 6 970 мектептің (89,5%) интернет жылдамдығы ең төменгі талаптарға сәйкес келеді.

- Орта білім беру ұйымдарында интернетке қосылудың орташа жылдамдығы 75 Мбит/с құрады, бұл ретте жоғары жылдамдықты интернетпен қамтылған мектептердің үлесі 95,2%-ға жетті, бұл жоспарланған 80% көрсеткіштен едәуір жоғары.

- Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында Халықаралық ақпараттық технологиялар және ақпараттандыру орталығының ЦДИАӨМ қолдауымен «Starlink» спутниктік терминалдарын пайдалану арқылы пилоттық жоба жүзеге асырылуда: қазіргі уақытта 1688 мектепте «Starlink» жабдығы орнатылған.

- 2024 жылы ИҚЖБШ-мен орта білім беру ұйымдарының жалпы санынан 5181 мектеп қамтылды, бұл 65,0% құрайды. Мектептерді ИҚЖБШ-ға қосу жобасын ЦДИАӨМ-гі ЖАО-мен бірлесіп жүзеге асыруда.

- Елдегі жоғары жылдамдықты интернеті бар елді мекендердің үлес салмағының артуы цифрлық қолжетімділікті қамтамасыз етудегі ілгерілеушіліктің айғағы болып табылады. Алайда өңірлер арасындағы сақталып отырған айырмашылықтар ақпараттық технологияларға тең қол жеткізу жолындағы кедергілерді жою қажеттігін көрсетеді.

- Кітап қоры мол отбасылардан шыққан балалар, әдетте, оқу жетістіктері бойынша жоғары нәтижелер көрсетеді. Бұл үрдіс еліміздің 4 және 8-сынып оқушыларына арналған TIMSS (Trends in International Mathematics and Science Study) халықаралық жаратылыстану-математикалық білім сапасын бағалау зерттеуіне қатысу нәтижелерімен дәлелденеді.

- Балалардың хал-ахуалы индексін есептеу шеңберінде жүргізілген әлеуметтік сауалнама деректері бойынша, 10–18 жас аралығындағы балалардың үйдегі оқу үшін қажетті кітаптық әлеует көрсеткіші 2024 жылы тұрақты деңгейде сақталған. Жасөспірімдердің үйдегі білім ресурстары көрсеткішінің өсуі Маңғыстау, Павлодар және Ұлытау облыстарында байқалды (+0,4%).

- «Оқуға құштар мектеп» жобасын іске асыру аясында мектеп кітапханаларының қорлары жаңа оқу және көркем әдебиетпен толықтырылды. Кітап қорының жалпы саны – 141 млн кітапты құрады. Сонымен қатар, мектеп кітапханаларын «edu.bookfund.gov.kz» ақпараттық платформасына қосу жұмыстары кеңейтілуде.

- Мемлекет басшысының 2023 жылғы маусымда Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Ұлттық Құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» отырысында берген тапсырмасына сәйкес «Балалар кітапханасы» бағдарламасы сәтті жүзеге асырылуда. Еліміздің білім беру ұйымдарына ұсынылатын көркем және танымдық кітаптар тізімінде 2 мыңнан астам атау бар.

- 2024 жылдың соңына қарай мектеп кітапханасының оқырмандарының саны 3,3 миллион адамды құрады. «Балалар кітапханасы» бағдарламасы аясында балалар мен жасөспірімдерді тұрақты кітап оқырмандар қатарына тарту жалғасуда.

- Білім беру жетістіктерін бағалаудың халықаралық қауымдастығы (IEA) жүргізетін 8-сынып оқушыларының компьютерлік және ақпараттық сауаттылығын халықаралық зерттеу (ICILS) сарапшылары үйдегі цифрлық ортаның жасөспірімдердің цифрлық сауаттылығына айтарлықтай әсерін атап көрсетеді. Бұл үрдісті республикадағы 176 мектептен 4 мыңнан астам сегізінші сынып оқушыларының зерттеуге қатысу нәтижелері растайды.

- «PISA-2022» қатысушыларының сауалнама көрсеткішінің нәтижесі: қазақстандық оқушылардың шамамен 72%-ы білім беру мақсатында компьютерлерге қол жеткізе алады. Бұл көрсеткіш Балалардың хал-ахуалы индексін зерттеу шеңберінде 10-18 жас аралығындағы балаларды зерттеудің орташа ұлттық нәтижелерімен сәйкес келеді.

- 2024 жылы 10-18 жас аралығындағы Балалардың хал-ахуалы индексі шеңберінде жүргізілген сауалнаманың салыстырмалы талдауы көрсеткіштің қалыпты өсуін көрсетті және 72,6% (+0,6%) құрады. Өңірлердің барлығында дерлік көрсеткіштің өскені байқалады. Бұл цифрлық теңсіздіктің, әсіресе халықтың әлеуметтік осал топтарында біртіндеп азайғанын көрсетеді. Алайда, қолжетімділік әлі де біркелкі емес, әсіресе ауылдық жерлерде және көп балалы отбасылар арасында.

- Мектептер интерактивті панельдермен және компьютерлік техникамен мектепке дейінгі, орта және арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтау мен жиһазбен қамтамасыз ету бойынша бекітілген нормативтерге сәйкес жарақтандырылуда. Шағын жинақты мектептерді компьютерлік және интерактивті жабдықтармен жабдықтауға қатысты жекелеген талаптар белгіленген.

- 2024 жылы білім беру ұйымдарындағы компьютерлік және интерактивті жабдықтарға ауқымды түгендеу жүргізілді. 2024-2026 жылдарға арналған мектептердің материалдық-техникалық базасын нығайту арнайы әзірленген өңірлік Жол карталары аясында жүзеге асырылады.

- Күнделікті көкөністер мен жемістерді тұтыну – балалардың физикалық, эмоционалдық және ақыл-ой дамуына ықпал ететін салауатты тамақтанудың негізгі аспектісі. Балалардың өсімдік тағамдарын тұтыну жиілігінің оң динамикасы Маңғыстаудан басқа республиканың барлық аймақтарында байқалады. Атырау (+0,1%), Қызылорда (+0,5%) облыстары мен Абай облысында күнделікті көкөністер мен жемістердің теңдестірілген мөлшерін тұтыну көрсеткіштері әлі де төмен деңгейде қалып отыр.

- Тұрғын үймен қамтамасыз етілген жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар кәсіби салада өзін көрсете алады және әлеуметтік осалдыққа аз ұшырайды. Керісінше, тұрғын үйдің жоқтығы жас адамның мүмкіндіктерін шектеп қана қоймай, көшеде қалу, кедейлік пен әлеуметтік оқшаулану қаупін арттырады.

- ЖАО-ның мәліметінше, 2024 жылы 649 467 жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала тіркелген. Оның ішінде 2024 жылы 2355 бала (0,36%) коммуналдық тұрғын үй қорынан баспана алған.

- 2023 жылы (1,3%) және 2024 жылы (0,4%) тұрғын үймен қамтамасыз етілген жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың үлесіне талдау бұл көрсеткіштің төмендегенін көрсетеді. 2024 жылы тұрғын үймен қамтамасыз етілген балалар саны өткен жылға қарағанда үш есе аз болды.

- 2024 жылы тұрғын үймен қамтамасыз ету деңгейі нөлге жуық өңірлерге Атырау, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай және Маңғыстау облыстары жатады.

- Заманауи өмірдің қарқыны ата-анадан жұмысқа көбірек адал болуды талап етеді. Тұрақты табыс көздері үшін жоғары бәсекелестік, мансаптық үміттер және уақыттың жетіспеушілігі көбінесе балалармен толыққанды қарым-қатынас жасау және оларды тәрбиелеуге белсенді қатысу мүмкіндіктерін төмендетеді.

- Бұл сауалнама сұрағы еліміздегі Балалардың хал-ахуалы индексінің нәтижелерін терең түсіну үшін маңызды. 2024 жылғы ата-аналар арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері өз балаларына жеткілікті уақыт бөле алмайтын ата-аналардың үлесінің жыл ішінде (+1,1%) өскенін көрсетті. Алматы қаласы, Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Түркістан облыстарының ата-аналары ең жоғары жұмыстан жүктемені көрсетті.

- Ата-ананың жетіспеушілігі ұрпақтар арасындағы байланыстың әлсіреуіне алып келуі мүмкін: отбасылық қарым-қатынастың сапасы төмендейді, бұл мәдени мұрагерлікке, құндылықтарға және болашақ ұрпақтағы әлеуметтік сенімге теріс әсер етеді.

- Елдің адами капиталына әсері: балалық шақта ата-аналық қолдаудың жоқтығы балалардың ұзақ мерзімді әлеуметтік бейімделуі мен өз мүмкіндіктерін жүзеге асыру мүмкіндігін төмендетеді, бұл экономика мен демографияға жалпы әсер етеді.

- Мәселенің ауқымдылығы ЭЫДҰ және ЮНИСЕФ халықаралық ұйымдарының зерттеулерінде атап өтілген: мемлекеттің тұрақты дамуының бір бөлігі ретінде икемді жұмыспен қамтудың, ата-ана демалысының және отбасына инвестицияның маңыздылығына баса назар аударылады.

- Мамандар мен сарапшылар атап өткендей: әр жас кезеңінде балалар тұлға қалыптастыру сатысынан өтеді және қолдау мен қауіпсіздікке мұқтаж. Қорқыту қоғамда да, цифрлық кеңістікте де орын алуы мүмкін. Технологиялардың дамуы кибербуллингтің ерекше қауіпін арттырды.

- Ең жоғары көрсеткіш Алматы қаласында (21,4%) және Батыс Қазақстан облысында (20,1%) тіркелді. Астана қаласында респонденттер арасында бұл көрсеткіштің айтарлықтай төмендеуі байқалды (-0,9%). Ал Жамбыл (+0,6) және Қарағанды (+0,6) облыстарында қорлауға ұшыраған балалардың саны артты.

- Қостанай (6,9%) және Павлодар (8,9%) облыстарында балалар арасындағы қорлау, оның ішінде әлеуметтік желілер арқылы болған жағдайлар ең төмен болды. 2023 пен 2024 жылдар аралығындағы салыстырмалы талдау бойынша, ең үлкен өсу Шығыс Қазақстан (+2,1%), Ақмола және Түркістан (+1,2%) облыстарында байқалды.

- Сауалнама сұрақтарына берілген жауаптарға сәйкес, қазақстандық жасөспірімдер көбінесе буллингтің мінез-құлықтық түріне (мысалы, іс-шарадан шеттету – 16%) ұшыраған. Ең сирек кездесетін түрі – физикалық буллинг (ұрып-соғу, итеру, төбелеске қатысу, заттарын бүлдіру, қорқыту).

- Қазақстанда буллингке қыз балаларға қарағанда (19%), ұл балалар жиі тап болады (26%).Орналасу тұрғысынан алғанда, ауылдық жерлердегі оқушылар буллинг фактілері туралы ірі қалалардағы құрдастарына (25% және 21% тиісінше) қарағанда жиі хабарлайды.

- 2024 жылы ОМ білім беру ұйымдарында буллингке қарсы күрес саласындағы ең табысты және мойындалған халықаралық тәжірибелердің бірі болып табылатын финдік Kiva моделін сынақтан өткізді.

- Ұлттық сарапшылардың қатысуымен DOSBOLLiKe бастамасы әзірленді. Бұл жоба балалар мен жасөспірімдер арасында қауіпсіздік пен сыйластық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған.

- 10 000-нан астам іс-шара мен тренинг өткізілді, олардың мақсаты – жанжалдарды шешу дағдыларын дамыту, эмоционалды интеллект пен әлеуметтік жауапкершілікті арттыру. Жобаға шамамен 2 миллион мектеп оқушысы қатысты.

- Білім беру ұйымдарында алғаш

рет «Жеке қауіпсіздік» сабақтары енгізілді. Бұл сабақтарда өзін-өзі қорғау дағдылары, құқықтық сауаттылық, әлеуметтік және ақпараттық құзыреттілік қалыптастырылады. Ел бойынша 784 мектепте «MENIŃ BAÝYRYM» еріктілер жобасы басталды.

- ОМ «ЮНИСЕФ» Балалар қорымен бірлесе отырып, «Kazakhstan Kids Online. Қазақстандағы балалардың цифрлық өмірі» социологиялық зерттеуінің нәтижелеріне арқылы «Кибер тұмар» ақпараттық-білім беру науқанын бастады – балаларды цифрлық ортада қорғайық.

- 10 жастан 18 жасқа дейін балалар жеке дамуында маңызды кезеңнен өтеді. Бұл кезеңде балалар мектеп қауымдастығының саналы бөлігіне айналады: олар сынып, мектеп, қоғамдастық өміріне және ерікті бастамаларға белсенді қатысады. Бұл — әлеуметтік өзара әрекеттесу дағдыларын, өзіне деген сенімділікті және белгілі бір ортаға тиесілілік сезімін дамытуға арналған маңызды ресурс.

-Сауалнама нәтижелері бұл көрсеткіштің аздап төмендегенін көрсетеді (-0,5%). Мектептердегі қоғамдық өмірге қатысатынына келіспейтіндердің санының өсуі Солтүстік Қазақстан (-3,6%), Түркістан (-1,7%), Қарағанды (-1,6%), Атырау (-1,4%) облыстарында және Алматы қаласында (-1,4%) байқалады. Ал Ұлытау облысы балалардың белсенділігінің айтарлықтай өскенін көрсетті (+2,4).

- Цифрлық дәуірде, жасөспірімдердің экран алдында өткізетін уақыты артқан кезде, ашық ауада ойындар мен физикалық белсенділіктің маңызы ерекше арта түсуде. 2024 жылы Қазақстан бойынша балалардың сыртта өткізетін уақыты 2023 жылғы аптасына 3,4 күннен 3,6 күнге дейін аздап артты, яғни 0,2 күнге ұлғайды. Бұл балалардың белсенділігіндегі оң тенденцияны айғақтайды.

- Түркістан (+0,7), Маңғыстау (+0,6) және Жамбыл (+0,5) облыстары аптасына сыртта өткізетін уақыттың едәуір өскенін көрсетті. Ашық ауадағы ойындар үшін балалардың уақытын ұлғайту жағынан оң динамика Оңтүстік-Қазақстан және Абай облыстарында да байқалды (+0,4).

- 6 облыста балалардың Жетісу, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан көшелерінде өткізу уақытының төмендеуі (аптасына -0,1-ден -0,3 күнге дейін) тіркелді. Бұл балалардың дене белсенділігін ынталандыру үшін қосымша шаралар қажет екенін көрсетеді.

- Астана, Алматы, Шымкент сияқты ірі қалаларда балалардың далада өткізетін уақыты 0,2 күннен 0,5 күнге дейін ұлғайды. Бұл мегаполистерде балалардың ашық ауада көбірек уақыт өткізе бастағанын білдіреді, ол белсенді демалысқа арналған инфрақұрылымның жақсаруымен байланысты болуы ықтимал.

- Жалпы ел бойынша балалардың ашық ауада өткізетін уақыты бойынша оң динамика байқалады, алайда өңірлер арасындағы айырмашылықтар әлі де маңызды болып қалып отыр.

ҰСЫНЫСТАР

- Отбасындағы шешім қабылдауда ата-аналар үшін балалардың пікірін ескеру, олардың жауапкершілігін қолдау, өзіне деген сенімділігін дамыту, өз пікірін дәлелдеуді үйрету және даулардан аулақ болуға көмектесу маңызды. Бұл сенімділікті нығайтуға және үйлесімді қарым-қатынасты қолдауға ықпал етеді.
- Өңірлердегі ЖАО-ның алдын алу шараларын қабылдаудың тиімді тәжірибелерін республикалық деңгейде қолдану ұсынылады.

- Үйде кітаптарға қолжетімділік төмен өңірлер үшін ата-аналар қауымдастығымен бірлесіп «Бірге оқимыз» челленджді ерілері, марафондар мен акциялар ұйымдастыру маңызды. Мұндай шараларға барлық балабақша және мектепке дейінгі ұйымдар қатысуы тиіс.
- Ата-аналарды балаларымен жастайынан кітап оқуға тартуда педагогтер басты рөл атқарады. Мектепке дейінгі деңгейде ауқымды жобаны іске қосуды қарастыру ұсынылады.
- Елдің ЖАО-ның қайырымдылық қорларын тарта отырып, кітап таратудың мақсатты бағдарламаларын бастауы халықтың әлеуметтік осал топтарындағы балалардың білім алу мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал етеді.
- Дәстүрлі кітаптарға қоса, балалар мен жасөспірімдерге арналған цифрлық ресурстар мен онлайн курстарды белсенді дамыту тиімді. Бұл кітаптардың тапшылығын өтеу және оқу материалдарына қолжетімділікті кеңейту тұрғысынан маңызды.
- Екі жылдық салыстырмалы деректер талдауы отбасыларды негізгі цифрлық техникаға қолжетімділігін қолдаудың қажеттігін көрсетеді. Елге компьютерлік техниканы жеткізетін ірі ұлттық жеткізушілермен ынтымақтастық аясында бірлескен жобаларды бастау мүмкін.
- Балалардың тек құрылғыларға ғана емес, сонымен бірге сапалы интернетке және білім беру платформаларына қолжетімділігін бақылау маңызды. Цифрлық сауаттылықты арттыру бағдарламаларының провайдерлері әлеуметтік осал топтағы балаларға, әсіресе төмен қолжетімділік деңгейі бар өңірлерде, тиімді көмек көрсете алады.
- Цифрлық білім беру ресурстарының санын арттыру және білім беру ұйымдарында цифрлық платформаларды енгізу үйдегі компьютерлік техниканың жетіспеушілігін өтеп, сапалы білімге қолжетімділікті кеңейтеді.
- Ауылдық жерлерде тегін Wi-Fi нүктелерін орнату және интернет-орталықтарды дамыту инфрақұрылымын жақсарту барлық балаларға, олардың тұрғылықты жеріне қарамастан, тең мүмкіндіктер береді.
- Елдің цифрлық дамуы, оның ішінде білім беру және инфрақұрылымдық инвестициялар мәселелерінде барлық мүдделі тараптардың конструктивті өзара әрекеттесуі әрбір қазақстандық отбасы мен балалардың заманауи цифрлық шешімдерге тең қолжетімділігін қамтамасыз етіп, елдің адами әлеуетін нығайтады.
- Балалардың дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруда ата-аналар қауымдастығы арасында ағартушылық жұмыс жүргізу маңызды. Білім беру жүйесінде мектеп және балабақша тағамдарын көкөністерге, дәрумендерге, минералдарға және талшықтарға бай өсімдік өнімдеріне басымдық беру арқылы ынталандыру ұсынылады.
- Көкөністер мен жеміс-жидектерді, атап айтқанда, қалалық отбасылар үшін фермерлердің жергілікті өнімдерін өндіру және жеткізу логистикасы ЖАО деңгейінде пысықталуы қажет.
- Аз қамтылған отбасылардың балаларына арналған жаңа көкөністер мен жемістерді қамтитын нақты азық-түлік қолдау бағдарламаларын белсенді дамыту ұсынылады.
- Балалар үйінде тәрбиеленген немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесін шешу үшін тұрғын үй бөлуді басқару процестерін жетілдіруге және бақыла-

уды күшейтуге бағытталған кешенді және тиімді шаралар қабылдау қажет. Әрбір өңірдің тұрғын үй бағдарламаларын аудиттен өткізу ұсынылады.

- Әділдік пен жүйенің тиімділігін қамтамасыз ету үшін балалар үйінің тәрбиеленушілері арасындағы тұрғын үй бөлуді ашық жүргізу құралдарын енгізу қажет.
- Бұл мәселені тиімді шешу үшін әр өңірге жыл сайынғы квоталарды бекітетін балалар үйінің тәрбиеленушілерінің қажеттіліктеріне арналған жеке бағдарлама қарастырылуы мүмкін. Мұндай бағдарлама тұрғын үй мәселелерін жүйелі және ұзақ мерзімді шешуді қамтамасыз етеді.
- Тұрғын үйді есепке алу және бөлу процестерін цифрландыру мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін арттыруға және қаражаттың жұмсалуын қатаң бақылауға мүмкіндік береді. Жүйе тұрғын үй кезегін де, бөлінген бюджет қаражатын да қадағалау мүмкіндігін қамтуы тиіс, бұл ашықтықты арттырады және қаражатты мақсатсыз пайдалану тәуекелдерін азайтады.
- Бейімделу кезеңінде балалар үйінің түлектеріне қолдау мен көмек беру жүйесін дамыту қажет. Тұрғын үймен қамтамасыз ету — тек алғашқы қадам ғана. Сондай-ақ, балалар үйінің түлектеріне өз бетімен өмір сүруге бейімделуге көмектесетін қолдау жүйесін құру маңызды. Әлеуметтік тәлімгерлер, психологтер және құқықтық көмек өткел кезеңін жеңілдетіп, олардың табысты әлеуметтік интеграциясына және әлеуметтік оқшаулану қаупінің төмендеуіне септігін тигізеді.
- Бұл ұсыныстардың кешенді енгізілуі жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балалардың өмір сүру жағдайларын айтарлықтай жақсартып, оларға лайықты тұрғын үй мен сапалы әлеуметтік қолжетімділік қамтамасыз етеді.
- Әлемдік тәжірибеде бұл мәселе жасөспірімдердің жеке шекараларын қалыптастырудың әртүрлі баламалы формалары арқылы шешіледі. Жасөспірімдерге арналған ойын бөлмелері немесе бос уақыт орталықтарын құру балалардың күндізгі уақытта жайлы жағдайда болуын қамтамасыз етудің бір формасы болуы мүмкін.
- Балалардың жеке кеңістігін қамтамасыз ететін стандарттарды енгізуді тұрғын үй және әлеуметтік саясатта, әсіресе балалардың осал санаттарына қатысты басымдық ретінде қарастыруға болады.
- 10-18 жас аралығындағы балалардың сауалнамасынан алынған мәліметтерді ЖАО ескеруі тиіс. Көптеген жасөспірімдер өз сезімдерімен бөліспейді, өйткені олар сынға ұшыраудан, айыптаулардан немесе жағдайдың нашарлауынан қорқады. Мұнда ата-аналар, ұстаздар және мектеп психологтерінің рөлі өте маңызды.
- «PISA-2022» халықаралық зерттеуіне қатысқан 15 жастағы оқушылар сауалнамасының нәтижелері де құнды. Орташа алғанда әрбір төртінші білім алушы (22%) кез келген нысанда буллингке ұшырағанын хабарлады (ЭЫДҰ бойынша орташа есеппен 20%).
- Өңірлік білім басқармаларына халықаралық және ұлттық зерттеулерге қатысатын 4 және 8-сынып оқушыларының сауалнамасы нәтижелерін талдау ұсынылады. Бұл зерттеулер оқушылардың білім жетістіктеріне әсер ететін факторларды анықтауға мүмкіндік береді. Оқушы-

лар мектепке деген қатынасы, оқуға деген қызығушылығы, мектепке тиесілілік сезімі мен мұғалімдермен қарым-қатынасы туралы сұрақтарға ашық жауап береді.

- Қозғалыс пен таза ауа күйзеліс пен мазасыздық деңгейін төмендетеді, көңіл-күй мен ұйқыны жақсартады. Бұл әсіресе сабақты, әлеуметтік желілерді және ішкі күйзелістерді қатар алып жүрген жасөспірімдер үшін өте маңызды. Балалардың көшеде ойнауға қызығушылығын сақтау үшін ЖАО-ға қауіпсіз, қызықты және әртүрлі белсенді демалыс алаңдарын құру, жасөспірімдердің бастамаларын (көшедегі турнирлер, аула командалары, челлендждер) қолдау, мектепте немесе аулаларда спорттық және ойын шараларын ұйымдастыру ұсынылады.

- Үкімет пен азаматтық қоғамның бірлескен күш-жігерімен үйлестірілген ауқымды жұмыс әрбір бала үшін қауіпсіз орта қалыптастыруға мүмкіндік береді. Тұрақты нәтижелерге қол жеткізу үшін ЖАО-ға әртүрлі аспектілер бойынша жүргізілген әлеуметтік сауалнамалар нәтижелерін ескере отырып, мақсатты жұмысты жалғастыру маңызды.

3-БӨЛІМ.
«МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТ»

Мемлекеттік саясат – халықтың өмірлік жағдайын жақсартуға бағытталған ұлы еңбек. Халықтың әл-ауқатын арттыру, әділдік пен тәртіпті сақтау – биліктің басты міндеті.

Шәкәрім Құдайбердіұлы

«Мемлекеттік саясат» бағыты Балалардың хал-ахуалы индексі шеңберінде балалардың құқықтарын, денсаулығын, білімін және әлеуметтік дамуын қорғау үшін мемлекет қабылдаған жүйелі шараларды көрсетеді. Бұл –заңнамалық, нормативтік және құқықтық негіз, бюджеттік қаржыландыру, Қазақстандағы балалардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған құрылымдық ведомствоаралық тиімді ынтымақтастықтың бағдарламалары мен тетіктері.

Балалар құқықтарын қорғау саласындағы еліміздің мемлекеттік саясаты құқық үстемдігі, баланың мүддесін басым қою, кемсітушілікке жол бермеу, әрбір баланың қадір-қасиетін құрметтеу, сондай-ақ мемлекеттің халықаралық міндеттемелерін сақтау қағидаттарына негізделген.

2024 жылы Қазақстан балалардың жағдайын жақсартуға, олардың құқықтарын қорғауға және жанжақты дамуына қолайлы жағдай жасауға бағытталған стратегиялық шараларды жалғастырды. Мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарына балалар құқықтарын қорғау саласындағы заңнаманы жетілдіру, балалы отбасыларға әлеуметтік қолдауды кеңейту, білім беру және денсаулық сақтау жүйелерін дамыту, сондай-ақ әлеуметтік жетімдік пен балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу кіреді.

Балалардың құқықтарын қорғау, олардың қауіпсіздігін және әлеуметтік қолдауды күшейтуге бағытталған негізгі үш заң қабылданды. Бастамалар еліміздің денсаулық сақтау және білім беру салаларындағы бағдарламалық құжаттарға тиімді өзгерістер мен толықтырулар енгізуге ықпал етті.

Бұл бөлімде балалардың өмір сүру сапасы мен білім алу мүмкіндіктерін көрсететін ағымдағы көрсеткіштері нақты берілген.

Мектеп оқушыларының ынтасын арттыруға және ата-аналардың мектептегі үдерістерге белсенді қатысуына ерекше назар аударылды. Мектепке дейінгі және қосымша білім берудің қолжетімділігіне, әлеуметтік осал топтарды, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі балаларды қолдаудың тиімділігіне талдау нәтижелері ұсынылды. Балалардың жайлы білім алуына арналған инфрақұрылымдық жағдайлар үш

ауысымды мектептердің үлесі, базалық санитарлық-гигиеналық нормалардың сақталуы, жалдамалы тұрғын үймен қамтамасыз етілу, қаржылай және материалдық көмекпен қамту, сондай-ақ балалардың қажеттіліктеріне бағытталған бюджет шығыстарының үлесі арқылы көрсетілді.

Балалардың хал-ахуалы индексінің осы бағыты бойынша барлық көрсеткіштерді кешенді талдау бізге қолданыстағы бағдарламалардың күшті жақтарын анықтауға ғана емес, еліміздің ЖАО-ның жүйелі жұмысы аясында әрбір баланың жан-жақты дамуына, денсаулығы мен әл-ауқатына бағытталған мемлекеттік саясатты жетілдірудің басым бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді.

1. Жалпы білім беретін мектепте оқығанды ұнататын 10–18 жастағы балалардың үлесі

Мектепте тиесілілік мәдениетін қалыптастыру – оқушылардың ұзақ мерзімді әл-ауқатына және жетістіктеріне салынатын инвестиция: оқу жетістіктері артады, алаңдаушылық пен суицид қаупі төмендейді, оқушылар мен мұғалімдер арасындағы қарым-қатынас нығаяды, жанашырлық, сенім және өзін-өзі бағалау дағдылары дамиды. Бұл тәсілдерді білім беру үдерісіне кіріктіру білім сапасын арттыруға және салауатты қоғамның негіздерін нығайтуға көмектеседі.

Бұл мәліметтерді «PISA-2022» халықаралық зерттеуінің нәтижелері растайды: «Білім беру ұйымындағы қауіпсіздік сезімі оқушылардың әл-ауқатының бірқатар аспектілерімен, әсіресе білім беру ұйымына тиесілілік сезімімен және өмірге қанағаттанушылықпен оң байланысты болды. Керісінше, буллинг пен білім беру ұйымындағы қауіпсіздікке төнетін қатерлер оқушылардың салауаттылығына теріс әсер етті» («Қазақстанның PISA 2022 нәтижелері» Ұлттық есебі, ОМ «А.Байтұрсынұлы атындағы «Талдау» білім беруді зерттеу және бағалау ұлттық орталығы» АҚ, 2024 ж.).

«PISA-2022» зерттеуі еліміздегі оқушылардың мектеп өміріне тартылуы бойынша оң үрдісті көрсетті. Анкеталық сауалнама нәтижелері келесідей: 15 жастағы оқушылардың 79%-ы мектепте/колледжде достар табудың оңай екенін айтты (ЭЫДҰ елдері бойынша орташа көрсеткіш – 76%), 72%-ы өздерін оқу орнының бір бөлігі ретінде сезінетінін мәлімдеді (ЭЫДҰ елдері бойынша орташа – 75%) айтты. Сонымен қатар, 18% оқушы оқу орнында өзін жалғыз сезінетінін, ал 17% өзін аутсайдер немесе артық адам ретінде сезінетінін айтты (ЭЫДҰ елдері бойынша орташа – 16% және 17% сәйкесінше).

2024 жылғы Балалардың хал-ахуалы индексі аясында жүргізілген сауалнама қатысушыларының жауаптары PISA-2022 нәтижелерімен сәйкес келеді. 72,6% балалар мектепте оқуды ұнататынын көрсетті (3.1-кесте).

Сауалнамада Костанай (83,4%), Қызылорда (83,6%) облыстары мен Ұлытау облысының (81,9%) респонденттері ең оң пікір білдірді. Павлодар облысында (69,0%-дан 70,2%-ға) және Абай облысында (71,1%-ден 72,1%-ге) оң динамика байқалды.

Ағымдағы жағдайды назарға алу үшін Ақмола және Түркістан облыстары, сондай-ақ Астана қаласындағы педагогикалық қауымдастықтың нәтижелері ұсынылады, мұнда көрсеткіш 1,2% төмендеді.

Сондай-ақ Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Жетісу, Батыс Қазақстан, Қарағанды облыстарының және Алматы қаласының білім басқармалары көрсеткіштің төмен деңгейін зерттеп, жұмыс жасау қажет.

3.1-КЕСТЕ. ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕ ОҚЫҒАНДЫ ҰНАТАТЫН 10-18 ЖАС АРАЛЫҒЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ҮЛЕСІ, %

№	Аймақ	2023	2024	Динамика
	ҚР	**72,9**	**72,6**	**-0,3**
1	Абай	71,2	72,1	0,9
2	Ақмола	61,6	60,4	-1,2
3	Ақтөбе	79,9	79,5	-0,4
4	Алматы	68,5	68,9	0,4
5	Атырау	71,1	70,2	-0,9
6	Шығыс Қазақстан	72	71,0	-1,0
7	Жамбыл	76,0	75,0	-1,0
8	Жетісу	73,0	72,0	-1,0
9	Батыс Қазақстан	75,6	74,5	-1,1
10	Қарағанды	66,1	65,2	-0,9
11	Қостанай	81,4	83,4	2,0
12	Қызылорда	83,8	83,6	-0,2
13	Маңғыстау	67,6	68,1	0,5
14	Павлодар	69,0	70,2	1,2
15	Солтүстік Қазақстан	65,5	66,1	0,6
16	Түркістан	77,5	76,3	-1,2
17	Ұлытау	81,6	81,9	0,3
18	Алматы қаласы	70,7	69,7	-1,0
19	Астана қаласы	68,8	67,6	-1,2
20	Шымкент қаласы	76,1	76,4	0,3

Деректер көзі: Сауалнама нәтижелері (ата-анасының рұқсатымен 10-18 жас аралығындағы балаларды зерттеу)

Мектептердегі позитивті оқыту мәселелері бойынша халықаралық тәжірибеде айтарлықтай ғылыми база жинақталған. Зерттеу нәтижесінде табылған заңдылықтар мен ғылыми тұжырымдар еліміздің педагогикалық қауымына пайдалануға ұсынылады. Сарапшылардың негізгі қорытындылары төмендегідей:

- БҰҰ Балалар қоры (ЮНИСЕФ) мәліметтері бойынша: әлемнің көптеген елдерінде мектепке деген қатыстылық сезімі (өз мектебінің бір бөлігі ретінде сезінуі) жас ұлғайған сайын, әсіресе 13-15 жас аралығындағы оқушылар арасында төмендейді. Бұл – жасөспірімдер арасындағы жаһандық үрдіс. Алайда мек-

тепке деген қатыстылық сезімінің болуы қорқыту және психоэмоционалды мәселелер қаупін азайтады.

- ДДСҰ: мектепке деген қатыстылық сезімі жоғары оқушылар буллингке аз ұшырайды, өздерін қауіпсіз және психологиялық тұрғыдан төзімді сезінеді.

- ЭЫДҰ: мектеп қауымдастығының бір бөлігі ретінде өзін сезінетін оқушылар сабақты аз босатады және оқуда жақсы нәтиже көрсетеді.

- ЭЫДҰ: мұғалімдер мектепке деген қатыстылық сезімін қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Мұғалімдер мен оқушылар арасындағы қолдаушы қарым-қатынас — мектеп өміріне белсенді араласу және құрмет сезіміне әсер ететін ең маңызды фактор болып табылады.

- ЮНЕСКО: оқушыларға әлеуметтік-экономикалық жағдайға қарағанда мектептің климаты күштірек әсер етеді. Егер мекемеде жағымды және әділ атмосфера болса, тіпті жағдайы төмен отбасылардың балалары өздерін мектептің бір бөлігі ретінде сезінеді.

2. Ата-ана мен мектептің өзара байланыс деңгейі

Жетекші білім беру жүйелерінің әлемдік тәжірибесінде ата-аналардың баласы оқитын мектептің іс-әрекетіне белсенді қатысуы мектеп ортасының сапасының негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылады.

«Ата-ана мен мектептің өзара әрекеттесу деңгейі» көрсеткіші (ата-ананың қатысуы немесе мектеп-отбасы қатынасы) әртүрлі елдердің білім беру жүйесінде кеңінен қолданылады. Мақсаты – отбасының оқу-тәрбие үдерісіне қатысу дәрежесін және қарым-қатынас сапасын, ата-ана мен мектеп арасындағы сенімділікті, ата-аналардың шешім қабылдауға қатысуға дайындығын бағалау. Бұл көрсеткіш мониторинг құралы ретінде қызмет етеді және мектепті дамыту бағдарламаларына тәсілдер мен түзетулерді әзірлеуге мүмкіндік береді.

2024 жылғы әлеуметтік сауалнамаға сәйкес, мектептермен ең белсенді серіктестік Павлодар облысының ата-аналар қоғамдастығында (80,1%) байқалады. Сондай-ақ Қостанай облысында да оң динамика көрінді(+1,7%).

2023 жылы Шығыс Қазақстан облысының респонденттерінің мектеп өміріне қатысу белсенділігі төмен болды. 6 өңірде ата-аналардың мектеп өміріне қатысуының төмендеу динамикасы қорытынды көрсеткіштің мәніне теріс әсер етіп, 2023 жылмен салыстырғанда ата-аналардың мектеп өміріне қатысу деңгейі (-1%) төмендеді. (3.2-кесте)

Ата-аналар сауалнамасы – тек пікірлер жиынтығы емес. Ол сенімге негізделген диалог орнатудың, мектеп ортасын жақсартудың және балалардың жақсы оқуы үшін, ал ата-аналардың жауапкершілік пен қолдау сезінуі үшін жағдай жасаудың құралы болып табылады.

Сауалнама нәтижелері еліміздің мектеп басшылығы үшін басқарушылық маңызы бар ақпарат болып табылады. Мектеп өміріне ата-ананың қатысуы өзара әрекеттесудегі олқылықтарды анықтауға, шешім қабылдауға тартуға, мектептегі процестерді, іс-шараларды, бос уақытты ұйымдастыруды, қауіпсіздікті және тамақтануды жақсартуға мүмкіндік береді.

Ата-аналардың мектеп өміріне қатысуының төмендеуінің себептері ата-аналардың жұмыстағы жүктемелері және уақыт тапшылығы, мектеппен байланыс арналары мен формаларының жетіспеушілігі, мектепке немесе мұғалімдерге сенімнің төмендігі, қатысу мүмкіндіктері туралы ақпараттың болмауы және тағы басқа факторлар әсер етуі мүмкін. Осы себептердің нақты себебін анықтау үшін аймақтық білім басқармалары зерттеу жүргізуі қажет.

3.2-КЕСТЕ. АТА-АНА МЕН МЕКТЕПТІҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫС ДЕҢГЕЙІ

№	Аймақ	2023	2024	Динамика
	ҚР	**76,1**	**75,1**	**-1,0**
1	Абай	71,0	72,0	1,0
2	Ақмола	75,1	73,1	-2,0
3	Ақтөбе	74,1	73,9	-0,2
4	Алматы	74,5	73,6	-0,9
5	Атырау	81,4	79,1	-2,3
6	Шығыс Қазақстан	76,4	75,4	-5,1
7	Жамбыл	76,5	75,1	-1,4
8	Жетісу	77,4	74,5	-2,9
9	Батыс Қазақстан	72,0	71,3	-0,7
10	Қарағанды	78,0	77,5	-0,5
11	Қостанай	73,1	74,8	1,7
12	Қызылорда	78,2	77,6	-0,6
13	Маңғыстау	77,8	77,3	-0,5
14	Павлодар	79,6	80,1	0,5
15	Солтүстік Қазақстан	75,7	75,6	-0,1
16	Түркістан	76,5	75,2	-1,3
17	Ұлытау	71,9	72,8	0,9
18	Алматы қаласы	74,4	73,8	-0,6
19	Астана қаласы	71,7	71,4	-0,3
20	Шымкент қаласы	78,7	77,1	-1,6

Деректер көзі: ата-аналар сауалнамасының нәтижелері

Ата-ана баланың тұлғалық қалыптасу процестеріне, құндылықтар жүйесіне, эмоционалдық және мінез-құлық дамуына тікелей және маңызды ықпал етеді, ол баланың өмірінің ерте кезеңдерінде әлеуметтік тәжірибенің негізгі көзі болып табылады.

2024 жылы ОМ отбасы мен мектеп арасындағы конструктивті серіктестікті орнату бойынша кең көлемді жұмыс жалғасты. Өскелең ұрпақта жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру «педагог – оқушы – ата-ана» үштік принципі арқылы жүзеге асырылады.

«Адал азамат» бірыңғай бағдарламасы аясында іс-шаралардың мазмұны

жаңартылды. Ата-аналар ынтымақтастығының жаңа форматы ұсынылды: оқушылармен бірлесіп жеке және топтық кеңестер өткізу, педагогикалық консилиумдар, отбасының білім беру ұйымын басқаруға қатысуы, ашық есік күндері, жасөспірім балаларды тәрбиелеуге қатысты өзекті тақырыптар бойынша педагогикалық кездесулер және т.б.

Ата-аналар серіктестігі институты жұмысының негізгі бағыттарына сондай-ақ «Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» челленджері, «Отбасылық дәстүрлер» апталығы, «Балаларды қорғау күні», «Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі», «Атадан-өсиет, анадан - қасиет» шеберлік сабақтары, т.б. жатады.

Мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп 12 мыңнан астам іс-шара өткізілді. Оларға 1,5 миллионнан астам ата-ана қатысты.

Маңызды оқиға ретінде ОМ бастамасымен мектептердің ата-аналар комитеттері төрағаларының алғашқы республикалық форумының өткізілуін атап өтуге болады. Бұл – «мектеп – бала – ата-ана» серіктестігін нығайту мен жауапты ата-аналық қағидаттарын ілгерілетуге арналған диалог алаңы. Форумға 2 мыңнан астам ата-ана офлайн форматта қатысып, шараны онлайн түрде 300 мыңға жуық адам тамашалады.

Ата-аналар тарапынан балаларды тәрбиелеуде педагогикалық көмекке сұраныс бар. АПҚО-рын ашу жобасы ата-аналар мен ұстаздар арасындағы ынтымақты арттырудың тиімді шарасына айналды. Жобаның құндылығы халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан отбасылардың мектеп жағдайында баланың оқу және әлеуметтік іс-әрекетіне қатысу мүмкіндігін беруде.

Бұл мәселеде әлеуметтік кедергілер тосқауыл болмауы тиіс. Осы ретте, ЭЫДҰ ең тиімді деп таныған «Серіктестер ата-аналар» (Parents as Partners) үлгісін қоса алғанда, басқа да озық тәжірибелерді зерттеу ұсынылады (2020).

Harvard Family Research Project жобасының зерттеулері бірлесіп үй тапсырмасын орындау, кітаптарды оқу және мектептегі оқиғаларды талқылау сияқты байланысу формаларының мектептегі іс-шараларға қатысудан гөрі маңыздырақ әсер ететінін көрсетеді.

ЮНЕСКО бастауыш мектептегі ата-аналардың ерте кезеңнен қатысуының маңыздылығын ерекше атап өтеді – бұл баланың оқу үдерісіне деген дұрыс көзқарасын қалыптастыруға және эмоционалдық тұрақтылығын нығайтуға ықпал етеді.

Жүргізіліп жатқан іс-шаралардың тиімділігін жүйелі түрде бақылау ұсынылады. Мұндай байланыстарды оқу жетістіктерінің динамикасы арқылы білім сапасын бағалаудың ұлттық мониторингтік зерттеулерінің шеңберінде анықтауға болады. Сондай-ақ маңыздысы – рефлексия: оқушылардың, ата-аналардың және педагогтердің іс-шараның оқу қызығушылығын арттыруға, мінез-құлық пен тәртіпті жақсартуға әсері туралы пікірлерін жинау.

Салыстырмалы талдау жүргізу ұсынылады – яғни, іс-шараға қатысқан топ пен қатыспаған топтың нәтижелерін салыстыру.

3. Мектепке дейінгі білім берумен қамтылған 1-6 жастағы балалардың үлесі

Әлемдік ғылыми қоғамдастық көптеген зерттеу нәтижелері арқылы мектепке дейінгі білім берудің елдің адами капиталының сапасына айқындаушы әсерінің дәлелді негізін ұсынды. Мектепке дейінгі біліммен қамту — мектептегі оқу жетістіктеріне оң әсер етеді. PISA-2022 зерттеуі нәти-

жесіне сәйкес, балабақшада үш және одан да көп жыл болған қазақстандық оқушылардың орташа ұпайы 433 баллды құрады. Ал бір жылдан аз уақыт балабақшаға барған оқушылардың нәтижесі 391 балл деңгейінде болды («Қазақстанның PISA-2022 нәтижелері» Ұлттық есебі, ҚР ОМ «А. Байтұрсынұлы атындағы «Талдау» білім зерттеулері және бағалау ұлттық орталығы» АҚ, 2024ж.).

Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру ел тәуелсіздік алған сәттен бастап мемлекеттік білім беру саясатының басым бағыттарының бірі болып келеді. 1991-2024 жылдар аралығында Қазақстан мектепке дейінгі білімнің қолжетімділігін арттыруда айтарлықтай ілгерілеушілік көрсетті. 2012 жылдан бастап балабақша желісі белсенді өсе бастады — бұл жылы олардың саны 8 467 бірлікті құрады. Шағын орталықтар желісін дамыту 2006 жылы басталды (3519) (3.3-кесте).

2024 жылы мектепке дейінгі ұйымдар желісі 11 681 бірлікке жетіп, 2023 жылмен салыстырғанда (11 346) +335 бірлікке артты. Балабақша саны 2023 жылы 8 276 болса, 2024 жылы 8 717-ге жетіп, +441 бірлікке өсті. Шағын орталықтар желісінде төмендеу тіркелді (2023 ж. – 3070, 2024 ж. – 2964).

3.3-КЕСТЕ. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ЖЕЛІСІ МЕН КОНТИНГЕНТІ, 2024 Ж

№	жыл	Желі, бірлік	Балалар, адам.	Балабақшадағы балалар, адам.	Шағын орта-лықтардағы балалар, адам.
	1991	8881	1 023 099	1 023 099	
	1992	8578	868 300	868 300	-
	1993	8053	747 405	747 405	-
	1994	6551	538 365	538 365	-
	1995	5058	407 191	407 191	-
	1996	3850	322 916	322 916	-
	1997	1533	174 230	174 230	-
	1998	1338	163 880	163 880	-
	1999	1102	124 401	124 401	-
	2000	1089	133 217	133 217	-
	2001	1103	140 350	140 350	-
	2002	1095	147 489	147 489	-
	2003	1106	156 542	156 542	-
	2004	1120	168 761	168 761	-
	2005	1283	192 530	189 011	3 519
	2006	2115	230 871	215 942	14 929
	2007	3044	283 382	246 854	36 528
	2008	3763	324 371	269 319	55 052
	2009	4568	356 005	287 967	68 038
	2010	6446	446 465	330 820	115 645
	2011	7591	538 527	385 978	152 549
	2012	8392	631 489	450 766	180 723
	2013	8143	680 806	491 343	189 463
	2014	8467	727 478	541 598	185 880
	2015	8834	758 772	576 631	182 141
	2016	9410	807 170	637 414	169 756
	2017	9828	862305	707394	154911
	2018	10314	880896	740734	140162
	2019	10583	892251	771514	120737
	2020	10650	885033	780293	104740
	2021	10871	922400	827945	94455
	2022	11104	965204	878739	86465
	2023	11346	984940	903362	81578
	2024	11681	986422	911307	75115

Деректер көзі: ҚР ОМ ҰББД

Мектепке дейінгі ұйымдар желісін кеңейту ЖАО тарапынан 2023–2027 жылдарға арналған МДМ ашу және жаңа орындар енгізудің кезең-кезеңмен жүзеге асырылатын жоспары негізінде іске асырылуда. Бұл жоспар туу көрсеткіші мен демографиялық үрдістерді болжау негізінде әзірленіп, бекітілген.

2027 жылға дейін мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үшін мемлекеттік тапсырысты орналастыру, жаңадан МДМ салу және құру, қолданыстағыларын кеңейту, сондай-ақ «қадамдық қолжетімділік» қағидаты бойынша тұрғын үйлердің бірінші қабаттарында 300 мың жаңа орын ашу жоспарланууда.

2024 жылы 77,8 мың орындық 642 МДМ ашылды (32 мемлекеттік – 16,6 мың орынға, 610 жеке меншік – 61,2 мың орынға). МДБ-ге мемлекеттік тапсырыс 979 280 орынға (98,1%) орналастырылған, оның 469 877-сі мемлекеттік, 509 403-і жеке меншік болып табылады.

2024 жылы ОМ жекелендірілген (ваучерлік) қаржыландыруды ескере отырып, мемлекеттік қызметтерді көрсетудің және мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үшін мемлекеттік білім беру тапсырыстарын орналастырудың жаңа құралдарын әзірледі. Республикамыздың 4 қаласында (Тараз, Түркістан, Шымкент, Орал) ваучерлік қаржыландыру бойынша пилоттық жоба іске қосылды. Бұл жобаны 2025 жылдың соңына дейін республика бойынша толықтай енгізу жоспарланған.

Пилоттық жоба нәтижесінде кезек күту айтарлықтай қысқартылып, ата-аналарға балабақшаларды өз бетінше таңдауға мүмкіндік туды. Сонымен қатар, балалардың белсенді көшуі нәтижесінде балалардың ең көп келіп-кететін мектепке дейінгі ұйымдар анықталып, бұл мектепке дейінгі ұйымдарда көрсетілетін қызметтердің «халықтық» сапа рейтингін жасауға жағдай туғызды.

2024 жылы ірі (қала құраушы) кәсіпорындардың жанынан ведомстволық (корпоративтік) МДМ мәселесі қолға алынды.

МДМ-дің инфрақұрылымын дамыту және нығайту бойынша айтарлықтай жұмыстар атқарылды. 2022 жылмен салыстырғанда, балаларға қолайлы жағдай жасаудың сапалық көрсеткіші 2,2 есеге артты. Бұған мектепке дейінгі білім берудегі тамақтандыру бөлімшелерін, жабдықтар мен ойын алаңдарын жөндеу және жаңарту кіреді.

Барлық МДМ санитарлық ережелер мен гигиеналық нормалардың белгіленген талаптарына сәйкес сапалы ауыз сумен қамтамасыз етілген.

Ауыз суды тасымалмен қамтамасыз ететін 342 МДМ (2,7%) сапа мен қауіпсіздік стандарттарына және стандарттау құжаттарының талаптарына сәйкес келетін бөтелкедегі ауыз су мемлекеттік сатып алу арқылы жүзеге асырылды.

2023 жылдың қыркүйегінен бастап әлеуметтік осал отбасылардан шыққан 102 мың бала МДМ-де тегін тамақпен қамтамасыз етілді. МДМ-нің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында оларды тиісті құрал-жабдықтармен (лицензияланған күзет, бейнебақылау жүйесі, кіруді бақылау, басқару жүйелері, бейнедомофон жүйесі, дабыл батырмасы және т.б.) жабдықтау жағдайына жүйелі негізде мониторинг жүргізілуде.

2024 жылы 4 219 балабақшаның бейнебақылау камералары (1 970 мемлекеттік және 2 249 жекеменшік) ЖБО немесе ішкі істер органдарының кезекші пункттеріне қосылды. 5310 балабақшаға (2257 және 3053) дабыл батырмалары орнатылды. 2905 балабақшада (1445 және 1460) лицензиялық күзетпен келісім-шарт жасалды. 3 513 балабақшаға (1 605 және 1 908)

кіруді бақылау және басқару жүйелері (турникеттер) орнатылды.

2024 жылы Қазақстанда 1-6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен қамтудың оң динамикасы байқалады. Республика бойынша жалпы көрсеткіш 2023 жылмен салыстырғанда 2 пайызға өсіп, нәтижесінде 86,3 пайызға жетті. Бұл әсіресе бұрын артта қалған өңірлерде мектепке дейінгі білім беруді дамыту бойынша қабылданған шаралардың тиімділігін көрсетеді (3.4-кесте).

Ең елеулі ілгерілеу Ұлытау (+8,9%), Қарағанды (+7,9%) және Қызылорда (+6,0%) облыстарында байқалды. Маңызды өсім көрсеткішін Алматы және Астана қалалары да көрсетті (+6,2%).

Көрсеткіштердің төмендеуі үш өңірде тіркелді: Шымкент қаласы (-4,7%), Батыс Қазақстан (-4,3%) және Жамбыл облыстарында (-1,1%).

Көрсеткіштің абсолютті мәні бойынша көшбасшы өңірлер ретінде Түркістан (98,2%), Жетісу (95,5%) және Шығыс Қазақстан (93,0%) облыстары қалып отыр.

3.4-КЕСТЕ. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕМЕН ҚАМТЫЛҒАН 1-6 ЖАС АРАЛЫҒЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ҮЛЕСІ, %

№	Аймақ	2023	2024	Динамика
	ҚР	**84,3**	**86,3**	**2,0**
1	Абай	85,2	86,2	1,0
2	Ақмола	90,1	90,8	0,7
3	Ақтөбе	90,0	90,1	0,1
4	Алматы	92,8	92,8	0,0
5	Атырау	72,6	76,7	4,1
6	Шығыс Қазақстан	92,9	93,0	0,1
7	Жамбыл	92,3	91,2	-1,1
8	Жетісу	92,0	95,5	3,5
9	Батыс Қазақстан	89,2	84,9	-4,3
10	Қарағанды	69,8	77,7	7,9
11	Қостанай	83,3	84,8	1,5
12	Қызылорда	72,6	78,6	6,0
13	Маңғыстау	82,1	82,7	0,6
14	Павлодар	84,4	84,7	0,3
15	Солтүстік Қазақстан	88,3	88,3	0,0
16	Түркістан	98,2	98,2	0,0
17	Ұлытау	68,0	76,9	8,9
18	Алматы қаласы	67,4	73,6	6,2
19	Астана қаласы	66,3	72,5	6,2
20	Шымкент қаласы	95,8	91,1	-4,7

Деректер көзі: ҚР ОМ

2023 жылдан бастап ДМД-мен қамтылмаған балалардың ата-аналарына кеңес беру орталықтары желісін кеңейту бойынша нысаналы бағытталған жұмыстар жүргізілуде. Ата-аналарға арналған кеңес беру орталықтары (КО) мектепке дейінгі ұйымдар жанында жұмыс істейді және МДМ-ге бармайтын балаларды күту, тәрбиелеу және дамыту мәселелері бойынша отбасыларға әдістемелік қолдау көрсетудің бір түрі болып табылады. 2024 жылы КО желісі 350 мыңнан астам ата-аналар мен балаларды ақпараттық іс-шаралармен қамтыған 4 мың бірлікке (2023 ж. – 3363) дейін кеңейтілді.

Ата-аналардың педагогикалық сауаттылығын арттыру үшін ОМ австралиялық Minderoo қайырымдылық қорымен бірлесіп «Беске дейін үлгер» (халықаралық атауы – Thrive by Five) мобильді қосымшасын әзірледі. Бұл қызмет ата-аналарға 10 бағыт бойынша (денсаулық пен тамақтану, білім беру, шығармашылық және коммуникативті дағдыларды дамыту және т.б.) балалармен жұмыс істеуге арналған 120 қолжетімді практикалық іс-әрекетті тегін ұсынады.

Тестілеу барысында қосымша ата-аналардан, мұғалімдерден және сарапшылардан оң пікірлер алды. 2025 жылы жоба ел аумағында кеңінен енгізілетін болады.

2 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды МДМ қамтылу деңгейі 93,1%-ды құрады (2022 ж. – 89,4%, 2023 ж. – 90,6%). 2-ден 6 жасқа дейінгі 84 мың бала кезекте тұр.

Мектепке дейінгі даярлықпен 343 мыңнан астам бала қамтылды, оның ішінде 177,9 мың бала мектепке дейінгі ұйымдардан білім алуда. Мектепке дейінгі даярлықтың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру деңгейін, балалардың мектепке дайындығын анықтау мақсатында жүргізілген мониторинг нәтижелері: 5 жастағы балалардың 92,0%-ы жеткілікті жоғары нәтижелер көрсетті.

Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру деңгейін бағалау әдістемесі келесі критерийлерді қамтыды: балалардың дене дамуы, коммуникативті, танымдық, зияткерлік, шығармашылық қабілеттері мен зерттеушілік әрекетін дамыту, сондай-ақ әлеуметтік және эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру.

Мектепке дейінгі даярлықтан өтпеген немесе мектепке әлсіз дайындалған балалар үшін Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы ОМ тапсырмасымен балаларды мектепке бейімдеу бағдарламасын әзірледі. Бағдарлама мектепке алғаш келген балалардың жас, психологиялық және әлеуметтік ерекшеліктерін ескере отырып, олардың оқу-тәрбие процесіне жеңіл бейімделуіне ықпал етеді.

Мектепке дейінгі білім беру баланың мектепке сәтті дайындалуына мүмкіндік береді. 2024 жылы мектеп жасына дейінгі баланың жеке картасы (БЖК) әзірленді және кейіннен мектептің 1-сынып мұғаліміне ауыстыра отырып, ҰБДҚ негізіндегі цифрлық форматқа көшірілді.

2024 жылы ОМ «Тілге бойлау» бағдарламасын (балаларды ұлттық құндылықтарды ескере отырып, қазақ тілін ерте жастан оқыту, баланың танымдық және тілдік дамуын ынталандыру) жүзеге асыру бойынша пилоттық жобаны қолға алды. Пилоттық жобаға Ақмола, Қарағанды, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстары мен Астана қаласынан жоғары және мектепалды даярлық топтарының 7 338 тәрбиеленушісі, мұғалімдер мен әдіскерлер қатысты. Пилоттық балабақшалардан 765 педагог (135 меңгеруші, 135 әдіскер, 360 тәрбиеші, 135 қазақ тілі мұғалімі) біліктілігін арттыру курстарынан өтті.

11,6 мың МДМ-де 101 мыңнан астам педагог жұмыс істейді. Бейіндік

білімі бар мұғалімдердің үлесі 81,0% (66196 адам, 2023 ж. – 78,2%). 2024 жылы «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша 2900 жас педагог жұмысқа қабылданды.

2024 жылы ОМ-нің бастамасымен «Болашақ» халықаралық стипендиясының басым бағыттарының тізбесіне ерте жастағы балаларды дамыту саласындағы мамандарды даярлау енгізілді. 2024 жылы білім беру ұйымдары басшыларының республикалық кадр резервіне 11 педагог алынды.

2024 жылы Құзырет орталықтарының (ҚО) саны 119 бірлікке өсті (2023 – 83). Мектепке дейінгі ұйымдарда ҚО жоғары сапа көрсеткіштері және озық педагогикалық тәжірибе көрсетіп, таратқан педагогтер тобынан құрылады.

Білім беру органдарының әдістемелік кабинеттерінде/орталықтарында 300-ден астам мобильді топтар мектепке дейінгі білім беруші педагогтерге елеулі мақсатты әдістемелік қолдау көрсетті.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінің 47,5 мың педагогі әртүрлі форматтағы 1200-ден астам іс-шараға қатысты.

МДМ бару оқушылардың оқу жетістіктеріне оң әсер етеді. Бұл ретте мектепке дейінгі ұйымдар көрсететін қызметтердің сапасы өзекті болып табылады.

Мектепке дейінгі білім беру сапасының жыл сайынғы мониторингінің нәтижелері бойынша 2024 жылға мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының ата-аналарының қанағаттанушылық деңгейі 77,1% құрады (90,4 мың ата-ананың сауалнамасы, 2024 жылғы желтоқсан).

Осылайша, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту балаларды мектепке дайындап қана қоймайды, сонымен қатар олардың физикалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуының берік негізін құруға қызмет етеді. Бұл кезең баланың өмір бойы табысты болуына әсер ететін маңызды сыни кезең болып табылады.

4. Мектептегі тамақтандыру сапасына көңілі толатын 10-18 жастағы балалардың үлесі

Балалардың хал-ахуалы индексінде салауатты тамақтануға қатысты аспектілерді сипаттайтын төрт көрсеткіш қамтылған.

Өзара байланысты көрсеткіштерді бір индекс құрамында пайдалану балалардың дұрыс тамақтануын бағалауға қатысты тәсілдің объективтілігін қамтамасыз етеді. Сауалнама нәтижелері мәселені түсіну және басқару шешімдерін қабылдау үшін маңызды.

Мемлекеттік жоспарлау бағдарламасының құжаттары еліміздің білім беру ұйымдарындағы сапалы тамақтану мәселелерін реттейді. Балаларды тамақтандыру сапасының мәселелерін денсаулық сақтау және білім беру саласындағы уәкілетті органдар ЖАО-мен сындарлы өзара іс-қимыл шеңберінде әзірлейді.

Тәрбиеленушілер мен оқушыларды сапалы әрі теңгерімді тамақпен қамтамасыз ету мақсатында мектеп асханаларында қолма-қол ақшасыз есепке алу жүйесі енгізіліп, мектептегі тамақтану нормалары қайта қаралды.

2023 жылдан бастап оқушылардың денсаулығын нығайту мақсатында бастауыш сынып оқушылары мен ХӘОТ шыққан 5–11 сынып оқушылары үшін мемлекеттік мектептерде тегін ыстық тамақ ұйымдастырылды. 2024 жылы 5–11 сыныптағы 367 046 (11,3%) бала ыстық тамақпен қамтылды. Бұл мақсатқа жыл сайын 190 млрд теңгеден астам қаражат, негізінен жергілікті бюджеттер есебінен, бөлінеді.

Мектептегі тамақ сапасына қанағаттану көрсеткіші оқушылар арасында жүргізілген сауалнама негізінде қалыптасады және кері байланыстың

маңызды құралы болып табылады. Сауалнамаға қатысушылардың жауаптары мектептегі тамақтану бағдарламасын жетілдіруге, оның сапасын арттыруға, проблемалық мәселелерді анықтауға және жеткізушілердің жұмысын түзетуге мүмкіндік береді.

Сауалнамаға 10–18 жас аралығындағы оқушылар қатысты. Қанағаттану көрсеткіші бойынша оң динамика байқалады. 2024 жылы мектептегі тамақ сапасының жақсарғанын 72,8% қатысушы (+0,6%) атап өтті.

Мектептегі тамақ сапасына жоғары деңгейде қанағаттанғандарын 15 өңірдің оқушылары көрсетті. Павлодар, Қостанай, Ақтөбе, Атырау, Жамбыл, Қарағанды, Қызылорда облыстары мен Жетісу, Ұлытау облыстары және Шымкент қаласы республикалық орташа мәннен жоғары көрсеткіштерге ие болды. Бұл көрсеткіштер ЖАО-ның мектептегі тамақ сапасын арттыру бойынша жүргізіп жатқан жұмыстарының нәтижесін көрсетуі мүмкін.

Дегенмен, мектеп асханасындағы ас мәзірін оң қабылдайтын балалардың үлесінің төмендеуі еліміздің бес өңірінде тіркелді. Елеулі теріс динамика Шығыс Қазақстан облысында (-1,2%) және Солтүстік Қазақстан облысында (-0,8%) байқалды (3.5-кесте).

3.5-КЕСТЕ. МЕКТЕПТЕГІ ТАМАҚТЫҢ САПАСЫНА КӨҢІЛІ ТОЛАТЫН 10-18 ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ҮЛЕСІ

№	Аймақ	2023	2024	Динамика
	ҚР	**72,2**	**72,8**	**0,6**
1	Абай	65,9	66,3	0,4
2	Ақмола	64,8	65,7	0,9
3	Ақтөбе	76,5	77,3	0,8
4	Алматы	63,1	68,7	5,6
5	Атырау	74,6	75,1	0,5
6	Шығыс Қазақстан	73,3	72,1	-1,2
7	Жамбыл	76,3	77,3	1,0
8	Жетісу	72,2	74,1	1,9
9	Батыс Қазақстан	70,1	72,1	2,0
10	Қарағанды	73,8	75,2	1,4
11	Қостанай	81,8	82,5	0,7
12	Қызылорда	76,3	75,9	-0,4
13	Маңғыстау	64,6	65,5	0,9
14	Павлодар	85,3	86,1	0,8
15	Солтүстік Қазақстан	70,3	69,5	-0,8
16	Түркістан	70,5	69,9	-0,6
17	Ұлытау	78,1	78,9	0,8
18	Алматы қаласы	67,8	68,7	0,9
19	Астана қаласы	64,1	65,1	1,0
20	Шымкент қаласы	75,0	74,8	-0,2

Деректер көзі: Сауалнама нәтижелері (ата-анасының рұқсатымен 10-18 жас аралығындағы балаларды зерттеу)

Еліміздегі мектептерде балаларды сапалы тегін тамақтандыруды ұйымдастыру – әлеуметтік бағдарланған мемлекеттік қолдаудың теңдессіз, жарқын мысалы. Бұл өскелең ұрпақтың денсаулығына деген қамқорлық және әр баланың дамуына тең жағдай жасаудың тиімді шарасы.

Аталған көрсеткіш мектеп оқушыларының тамақтану мәселелері бойынша субъективті бағалауын білдіретініне қарамастан, ол – елдегі балалар өмірінің сапасы тақырыбында маңызды әлеуметтік мәні бар көрсеткіш болып табылады.

Балалардың хал-ахуалы индексі аясында мектептегі тамақтануға қанағаттанушылық бойынша жүргізілген сауалнама нәтижелері мемлекеттік басқару шешімдерін қабылдау үшін өзекті, әсіресе жас қазақстандықтардың денсаулығы, тең мүмкіндіктері мен оқу жағдайларына қатысты мәселелерде маңызды болып табылады.

5. Оқу-тәрбие үдерісіне және қосымша білім беруге қанағаттанатын ата-аналардың үлесі

Оқу және сыныптан тыс үдерістерге ата-аналар тарапынан берілетін оң тәуелсіз баға – елдің білім беру жүйесіне деген сенімнің көрсеткіші болып табылады. Ата-аналардың жоғары деңгейдегі қанағаттанушылығы мемлекет жүргізіп отырған білім беру саясатына деген сенімді көрсетеді. Бұл – ағарту жүйесінің тұрақтылығы мен табыстылығы үшін аса маңызды.

ЮНЕСКО-ның Білім беруді бақылау жөніндегі жаһандық есебінде (GEM Report) атап өтілгендей, ата-аналардың мектепке және оның білім беру мүмкіндіктеріне қанағаттануы – білім беру жүйесінің әлеуметтік тиімділігін көрсететін маңызды көрсеткіш болып табылады. Бұл тек оқушылардың үлгерімімен ғана шектелмей, келесі факторларды ескеруге мүмкіндік береді: тәрбие және оқу ортасының сапасы, инклюзивтілік, қосымша білім беру бағдарламаларының қолжетімділігі, педагогикалық қолдау және отбасының мектеп өміріне қатысуы.

2024 жылғы әлеуметтік сауалнамаға қатысушылар жауап беруде біршама ұстамдылық танытқан. Ата-аналардың оқу-тәрбие процесі мен қосымша білім беруге қанағаттану деңгейі 2023 жылмен салыстырғанда төмендегені байқалды (–9,6%) (3.6-кесте).

20 өңірдің ішінде тек 8 өңірдің қатысушылары оң динамиканы көрсетті, Олардың қатарында Батыс Қазақстан облысы – 3,0% өсім (85,7%-дан 88,7%-ға дейін), Алматы облысы – 1,8% (79,8%-дан 81,6%-ға дейін), Абай облысы – 1,6% (79,6%-дан 81,2%-ға дейін), Солтүстік Қазақстан облысы – 1,6% (82,5%-дан 84,1%-ға дейін) және Қарағанды облысы – 1,5% (78,0%-дан 79,5%-ға дейін). Ата-аналардың жауаптарында ең жоғары сыншылдық деңгейі Ақмола (-17,7%), Шығыс Қазақстан облыстары (-3,2%) мен Шымкент қаласында (-1,8%) тіркелді.

3.6-КЕСТЕ. ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІНЕ ЖӘНЕ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУГЕ ҚАНАҒАТТАНУШЫЛЫҚ ТАНЫТАТЫН АТА-АНАЛАРДЫҢ ҮЛЕСІ

№	Аймақ	2023	2024	Динамика
	ҚР	**91,2**	**81,6**	**-9,6**
1	Абай	79,6	81,2	1,6
2	Ақмола	97,8	80,1	-17,7
3	Ақтөбе	96,3	95,7	-0,6
4	Алматы	79,8	81,6	1,8
5	Атырау	69,2	68,7	-0,5
6	Шығыс Қазақстан	89,3	86,1	-3,2
7	Жамбыл	57,3	56,7	-0,6
8	Жетісу	76,7	77,8	1,1
9	Батыс Қазақстан	85,7	88,7	3
10	Қарағанды	78,0	79,5	1,5
11	Қостанай	90,3	89,6	-0,7
12	Қызылорда	91,2	90,5	-0,7
13	Маңғыстау	77,3	76,4	-0,9
14	Павлодар	97,2	96,8	-0,4
15	Солтүстік Қазақстан	82,5	84,1	1,6
16	Түркістан	59,7	60,3	0,6
17	Ұлытау	66,1	65,9	-0,2
18	Алматы қаласы	96,9	95,8	-1,1
19	Астана қаласы	100,0	98,5	-1,5
20	Шымкент қаласы	80,7	78,9	-1,8

Деректер көзі: ата-аналар сауалнамасының нәтижелері

2024 жылғы нәтижелердің себептері ретінде бірқатар аспектілерді атауға болады. Бұл факторлар аталған бағыттағы түзету шараларын қабылдау үшін маңызды.

Қоғамдағы білім беру үміттерінің артуы: ата-аналар мектептен тек академиялық білімді ғана емес, сонымен қатар жан-жақты дамуды, жеке көзқарасты, психологиялық қолдауды және бағдарламаның икемділігін күтеді. Мектеп бұл үміттерге уақтылы бейімделе алмаған жағдайда, ата-аналар қауымдастығының мектепке деген сенімі мен қанағаттану деңгейі төмендейді. Демек, еліміздің білім беру ұйымдары мобильді және заманауи әлемнің тез өзгеретін сын-қатерлеріне

бейімделуі қажет.

Ата-аналардың шешім қабылдау үдерісіне жеткілікті түрде тартылмауы: ата-аналар өз пікірлерінің мектеп саясатын қалыптастыруда ескерілмейтінін сезінеді. Бұл оқшауланудың және сенімнің төмендеуінің алғышартына айналады. Сондықтан, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру кезінде ата-аналарды белсенді түрде тарту – білім беру ұйымдары басшылығы тарапынан аса маңызды фактор болып табылады.

Қосымша білім берудің бөлшектенуі: үйірмелерге, секцияларға және мектептен тыс бағдарламаларға қолжетімділік пен олардың сапасы көбінесе өңірге және қаржыландыру деңгейіне байланысты. Мектептен тыс бос уақыт пен даму мүмкіндіктеріне тең қолжетімділік болмаған жағдайда, отбасылардың осалдығы артады.

Көп жағдайда сыныптан тыс жұмыстар екінші кезектегі мәселе ретінде қабылданады, ал оның мазмұны/сапасы еліміздің білім беру жүйесінің күн тәртібінде өзекті болып қала береді. ЖАО-ға қосымша білім берудің ауылдық жерлердегі қолжетімділігін арттыру ұсынылады, себебі үйірмелер мен секциялар ол жерлерде көбінесе қолжетімсіз. Қосымша білім беру бағдарламаларының әртүрлілігінің жеткіліксіздігі балалардың даму мүмкіндіктерін шектейді.

Мектеп пен отбасы арасындағы коммуникациялық кедергілер: тиімсіз немесе ресми қарым-қатынас, кері байланыс пен ата-аналармен диалогтің жеткіліксіздігі олардың қатысуы мен қанағаттану деңгейін төмендетеді. Сондықтан мектепті дамыту бағдарламаларын әзірлеу кезінде «тұрақты мектеп — ата-аналардың пікірін ескеретін мектеп» деген қағидатты негізге алу қажет.

Оқу бағдарламасының шамадан тыс жүктелуі және икемділіктің жоқтығы: елдегі ата-аналар қауымдастығы білім берудің теорияға шамадан тыс жүктелуіне және балалардың да, ата-аналардың да мотивациясына әсер ететін жеке назардың жетіспеушілігінен алаңдауы мүмкін.

Осылайша, ата-аналардың қанағаттанушылық деңгейінің төмен қарқыны отбасылармен кері байланыс арналарын арттыру, қосымша білім беру мәселелерін мұқият қарастыру және ата-аналардың білім беру үдерісін басқаруға қатысуын кеңейту қажеттігін көрсетеді.

6. Қосымша білім берумен қамтылған балалардың үлесі

Балалардың қосымша білім алуға қолжетімділігі – халықаралық және ұлттық нормативтік құқықтық құжаттарда бекітілген жан-жақты даму құқығын жүзеге асырудағы айқындаушы көрсеткіш болып табылады.

БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясында (29-бап) баланың тұлғасын, қабілеттерін, психикалық және физикалық мүмкіндіктерін толық көлемде дамыту маңыздылығы атап өтіледі.

БҰҰ Тұрақты даму мақсаттарының бірі – «Инклюзивті және әділ сапалы білім беруді қамтамасыз ету және барлығына өмір бойы білім алу мүмкіндіктерін ілгерілету» балалардың бос уақытын өткізуге, мәдени және спорттық бағдарламаларға қолжетімділігінің маңызын көрсетеді.

ЮНЕСКО қосымша білім беруді, әсіресе осал топтар арасында, теңсіздікті азайтудың тетігі ретінде қарастырады.

ЮНИСЕФ материалдарында үйірмелердің, секциялардың және шығармашылық орталықтардың әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруда, инклюзияны қамтамасыз етуде және кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алудағы рөлі ерекше атап өтілген.

Балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық бастамаларын, зияткерлік және физикалық дамуын қолдау арқылы олардың әлеуетін жан-жақты дамытуға жағдай жасау – еліміздің білім беру жүйесінің басты бағыттарының бірі болып табылады.

Елімізде жүргізіліп жатқан мақсатты саясат бұл саланы заңнамалық бастамалар, ұлттық бағдарламалар мен халықаралық жобалар арқылы дамытуда. 2023–2029 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту тұжырымдамасында баланың қызығушылықтары бойынша қабілеттерін қосымша (бейресми) білім беру арқылы дамыту – ағарту жүйесінің басым бағыттарының бірі ретінде айқындалған.

Аталған бағытты Қазақстан Республикасы ОМ Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы үйлестіреді.

ОМ мен ЖАО бірлесе отырып, балалардың жан-жақты дамуы үшін кең ауқымды қызметтерге қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша жүйелі жұмыс жүргізуде.

Қалаларда да, ауылдық елді мекендерде де балалардың тұрғылықты жеріне жақын орналасқан үйірмелер мен секциялар желісін кеңейту мақсатында ЖАО арқылы қосымша білім беруге арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы кезең-кезеңімен ұлғайтылып келеді. Мемлекеттік қосымша білім беру ұйымдарын жабдықтау барысында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін кедергісіз орта қалыптастыруға ерекше назар аударылуда.

2027 жылдың соңына қарай балалардың шығармашылық және зияткерлік әлеуетін дамыту үшін кемінде 100 жаңа ірі нысандарды (оқушылар сарайлары, жас техниктер станциялары, балалар технопарктері, музыка және өнер мектептері) салу жоспарлануда.

Аталған білім беру саласын дамытуда жаңа тәсілдердің енгізіліп жатқаны байқалады (кванттық информатика, бағдарламалау, виртуалды және толықтырылған шындық, жасанды интеллект, машиналық оқыту, қаржылық сауаттылық, биотехнология және нейротехнология, ғарыштық зерттеулер, астроинженерия және т.б.).

Осыған орай, қосымша білім беру ұйымдарын заманауи құрал-жабдықтармен жабдықтау жұмыстары жүргізілуде. 2024 жылы қосымша білім беру ұйымдарында робототехника бағытында 129 кабинет ашылды (2023 жылы – 113). Робототехника бағыты бойынша 320 үйірме (секция) жұмыс істейді, оған 17 119 бала қатысады.

Өңірлерді дамыту бағдарламаларында ауылдық жерлерде көрсетілетін қызметтер аясын кеңейту көзделген. Бұл – музыкалық және көркемөнер мектептерін көпбейінді қызмет атқаратын өнер мектептері етіп қайта ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар ауылдық жерлердегі тиісті материалдық-техникалық базасы бар мектептерге қосымша білім беру ұйымы және комьюнити-орталық мәртебесін беру жоспарлануда.

2024 жылы ОМ мемлекеттік білім беру тапсырысын алатын қосымша білім беру ұйымдары үшін қызметін бастау немесе тоқтату туралы хабарлама тәртібін енгізу мәселесін қарастыруды бастады. Бұл шара қосымша білім беру ұйымдары көрсететін қызметтердің сапасын арттыруға және мемлекеттік ресурстарды тиімді пайдалануға бағытталған.

Жалпы, ауқымды іс-шараларды ұйымдастыру нәтижесінде елімізде 3 миллионнан астам бала түрлі форматтағы қосымша білім берумен, со-

ның ішінде сапалы әрі мазмұнды демалыспен, бос уақытты тиімді өткізу және бала еңбегін ұйымдастырумен қамтылды. Бұл, әсіресе, халықтың әлеуметтік осал топтарының балаларының демалысын қамтамасыз ету (жыл бойы, қала маңындағы стационарлық, мектеп жанында, шатыр құру арқылы, археологиялық, спорттық және т.б.), жұмыспен қамту (шығармашылық, туристік, зияткерлік және т.б.) кешені болып табылады.

Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру мәселелері ОМ мен ЖАО-ның ерекше бақылауында. Бұл бағыт 2024-2026 жылдарға арналған жазғы демалыс кезеңінде демалыс және сауықтыру жүйесін дамытудың қабылданған Тұжырымдамалық тәсілдер аясында жүзеге асырылуда.

2024 жылы балалардың демалыс орындарына қойылатын талаптардың арнайы тәртібі әзірленді. Бұл тәртіп жазғы демалысты ұйымдастыруға арналған кезең-кезеңімен орындалатын іс-шараларды қамтиды (санитарлық талаптар, тамақ қауіпсіздігін қамтамасыз ету, суда, орманда және спорт нысандарындағы қауіпсіздік шаралары).

Балалардың сауықтыру демалысы, бос уақыты және еңбекке тартылуын ұйымдастыру үшін әдістемелік қолдау күшейтілді. Жинақта жазғы сауықтыру демалысын реттейтін барлық нормативтік-құқықтық актілер (бағдарламалар, нұсқаулықтар және т.б.) жүйеленген.

Жыл бойы жұмыс істейтін 17 лагерь (14,1 мың), кезең-кезеңімен ашылған 187 маусымдық лагерь (320 мың), тамақпен қамтамасыз етілген және қамтамасыз етілмеген 10 мыңнан астам мектеп жанындағы лагерьлер (2,5 млн), 562 шатырлы және киіз үй лагерьлері (53 мың) жұмыс істеді. Жалпы 2,9 миллион бала қамтылды, оның ішінде ХӘОТ категориясынан – 417 503 (97%).

Сонымен қатар, жазғы лагерлерде 11 134 бала демеушілік қаражат есебінен және 20 мың бала «Жаздық жолдама» жобасы аясында демалып қайтты.

ЖАО-ның девиантты мінез-құлық танытатын жасөспірімдер үшін қосымша білім берудің қолжетімділігін қамтамасыз ету бағытындағы жұмысы маңызды мәнге ие. 2024 жылы 10 мыңнан астам бала білім беру ұйымдарының қызметтерін бірінші кезекте алу құқығына ие болды.

ҰБДҚ мәліметтері бойынша мектептен тыс мекемелер мен мектептерде 3,4 миллион бала (87,2%) қосымша біліммен қамтылған (2024 жылы - 86,3%, 2023 жылы - 81,1%, 2022 жылы - 75,5%), оның ішінде 2 миллион мектеп оқушылары мектептен тыс ұйымдарда 14 миллион адам. 1871 мектептен тыс қосымша білім беру ұйымы жұмыс істейді.

2024 жылы 2,1 миллион оқушы тегін хобби үйірмелерімен және спорт секцияларымен қамтылды (2023 жылы – 1,6 миллион бала).

Мектеп оқушылары арасында пікірсайыс қозғалысы кеңінен таралып, колледждерде студенттердің өзін-өзі басқаруы күшейтілді. 2024 жылы елімізде 7 684 пікірсайыс клубы тіркелді (мектептерде – 6 959, колледждерде – 725), олардың құрамында 194 084 оқушы мен студент бар (мектептерде – 172 500, колледждерде – 21 584). 27 мыңнан астам оқушы мен студент пікірсайыс қозғалысына қосылды.

Осылайша, елімізде жүзеге асырылып жатқан жобалардың ауқымы балалардың қосымша біліммен қамтылуының оң динамикасына (+5,2%) ықпал етті.

Сонымен қатар, елдің 16 өңірінде оң өзгерістер тіркелді (3.7-кесте).

Ең жоғары нәтижелерді Ұлытау облысы (+22,9%), Жамбыл облысы (+20,7%), Атырау облысы (+18,8%) және Қостанай облысы (+18,0%) көрсетті.

Аталған өңірлердегі мұндай айтарлықтай өсім әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың белсенді іске асырылуының, жаңа оқушылар сарайларының салынуының, сондай-ақ жеке білім беру орталықтарының тартылуының нәтижесінде мүмкін болды.

Көрсеткіштердің ең көп төмендеуі Астана қаласында (-15,0%), Павлодар облысында (-9,2%) және Алматы қаласында (-4,9%) тіркелді.

Бұл жағдай аталған өңірлердегі қолданыстағы инфрақұрылымның шамадан тыс жүктелуін көрсетуі мүмкін.

3.7-КЕСТЕ. ҚОСЫМША БІЛІММЕН ҚАМТЫЛҒАН БАЛАЛАРДЫҢ ҮЛЕСІ, %

№	Аймақ	2023	2024	Динамика
	ҚР	**81,1**	**86,3**	**5,2**
1	Абай	79,6	94,0	14,4
2	Ақмола	97,8	97,0	-0,8
3	Ақтөбе	96,3	100,0	3,7
4	Алматы	79,8	82,0	2,2
5	Атырау	69,2	88,0	18,8
6	Шығыс Қазақстан	89,3	97,0	7,7
7	Жамбыл	57,3	78,0	20,7
8	Жетісу	76,7	83,0	6,3
9	Батыс Қазақстан	85,7	95,0	9,3
10	Қарағанды	78,0	88,0	10
11	Қостанай	90,3	96,0	5,7
12	Қызылорда	91,2	93,0	1,8
13	Маңғыстау	77,3	90,0	12,7
14	Павлодар	97,2	88,0	-9,2
15	Солтүстік Қазақстан	82,5	96,0	13,5
16	Түркістан	59,7	66,0	6,3
17	Ұлытау	66,1	89,0	22,9
18	Алматы қаласы	96,9	92,0	4,9
19	Астана қаласы	100	85,0	-15
20	Шымкент қаласы	80,7	93,0	12,3

Деректер көзі: ҚР ОАМ

Статистикалық талдау нәтижелері өңірлік деңгейде көрсеткіштерге тереңірек мониторинг жүргізу, төмен көрсеткіштердің себептерін анықтау және осы бағыттағы жұмысты түзету қажеттілігіне назар аударады.

ОМ-нің қабылдап жатқан жаңа тәсілдері: ауылдық жерлерде балалардың түрлі үйірмелер мен секцияларға қадамдық қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін комьюнити-орталықтар немесе мектептен тыс ұйымдардың филиалдарын ашу, мектеп кітапханаларын электрондық ақпараттық ресурстар базасы бар қосымша білім беру алаңдарына айналдыру, осы сала педагогтерінің біліктілігін жүйелі түрде арттыру, мектептен тыс ұйымдарды жаңғырту, олардың материалдық-техникалық базасын жабдықтау және күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу елдегі қосымша білім беру қызметтерінің сапалы деңгейін қамтамасыз етуге бағытталған.

7. Психологиялық-педагогикалық қолдаумен және ерте түзетумен қамтылған мүгедектігі бар балалардың үлесі

2024 жылы ЮНИСЕФ пен БҰҰ-ның басқа агенттіктерінің қолдауымен әзірленген 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған Инклюзивті саясат ұжырымдамасы қабылданды. Тұжырымдаманың негізінде елдің Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияны орындауы жөнінде Мүгедектердің құқықтары жөніндегі комитеті берген қорытынды ұсынымдары алынған.

ЕББҚ балалардың сапалы білім алуға және қажетті қолдауға тең қолжетімділігін қамтамасыз ету – елдің мемлекеттік саясатының басым бағыттарының бірі болып табылады. Бұл бағыт БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарының 4-мақсатына (SDG 4) және БҰҰ-ның Мүгедектердің құқықтары туралы конвенциясына сәйкес келеді.

2024 жылы ОМ инклюзивті білім беру мәселелері бойынша 15 НҚА әзірледі. 2025-2030 жылдарға арналған инклюзивті саясат тұжырымдамасының жобасына «Инклюзивті білім беру» атты жеке бөлім енгізу бастамасы көтерілді. Алғаш рет білім берудің инклюзивтілігін бағалау критерийлері әзірленіп, бекітілді. Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Сенатының бастамасымен ерекше қажеттіліктері бар балаларға (тұлғаларға) кешенді қолдау көрсету туралы жаңа Заң жобасын әзірлеу басталды.

Қазақстан инклюзивті білім беруді дамытуда жүйелі тәсілді ұстануда: инфрақұрылымдық шешімдер, білім беру мазмұнына сүйемелдеу, педагогикалық қауымдастықты даярлау және олардың кәсіби шеберлігін арттыру жүзеге асырылуда.

Осы тұрғыда инклюзивті білім беру жүйесінің тиімділігінің маңызды көрсеткіші – психологиялық-педагогикалық қолдаумен және ерте түзету қызметтерімен қамтылған балалардың үлесі.

Бұл көрсеткіш денсаулық сақтау және білім беру салаларының бала өмірінің ерте кезеңінен бастап ерекше қажеттіліктерді анықтап, қанағаттандыруға дайындығын, сондай-ақ түзету орталықтары, психологиялық-педагогикалық қолдау кабинеттері және инклюзивті сыныптар арқылы мамандандырылған көмектің қолжетімділігін көрсетеді.

ЕББҚ бар балалар үшін білім беру қызметтерінің қолжетімділігі мен сапасы ресми деректермен расталады. Қазақстандағы мектептердің 86%-дан астамы инклюзивті білім беру үшін қажетті жағдай жасаған. 200 мыңнан астам ерекше білім беру қажеттіліктері бар бала инклюзивті ортада тәрбиеленіп, білім алуда.

Арнайы білім беру ұйымдарының желісі 68 бірлікке арттырылып, 1051 инклюзивті қолдау кабинеті және

22 консультативтік инклюзивті білім беру орталығы жұмыс істейді.

Балалардың денсаулығының бұзылуының түрлері бойынша арнайы білім беру кәсіптерінің 8 бағыты әзірленіп, Ұлттық кәсіптер классификаторына (ҰКК) енгізілді. ЖОО-да ЦСА (Церебральды сал ауруы), АДТ (ақыл-ой дамуы тежелген), АСБ (аутизм спектрінің бұзылуы) бар балалармен жұмыс істеу үшін мамандарды даярлау үшін жаңа білім беру бағдарламаларын енгізу мәселелері қолға алынды.

Осы үдерістерге сапалы қолдау көрсету үшін 2,5 мың педагог-ассистент, 9,7 мың арнайы педагог, 12 мың педагог-психолог пен әлеуметтік педагог дайындалды.

3 мыңнан астам арнайы педагог кәсіби біліктілігін арттырды. Педагогикалық қоғамдастықты әдістемелік қамтамасыз ету білім беру мен оқытудың инклюзивті ортасында табысты жұмыс істеу үшін арнайы әзірленген 600-ден астам оқу-әдістемелік материалдар жарыққа шықты.

АСБ (аутизм спектрінің бұзылуы) бар балаларға арналған ҮОЖ алғаш рет енгізілді. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін 67 жаңа ҮОБ және 48 оқу-әдістемелік жинақ әзірленді. Бұл күш-жігер барлық балалар үшін, олардың ерекше қажеттіліктеріне қарамастан, қолжетімді әрі инклюзивті білім беру ортасын құруға бағытталған.

2024 жылы психологиялық-педагогикалық қолдаумен және ерте түзетумен қамтылған мүмкіндігі шектеулі балалардың үлесі республика бойынша орта есеппен 85%-ды құрды, бұл 2023 жылғы көрсеткіштен 10%-ға жоғары. Аталған дерек инклюзивті білім беру мен ерте араласу жүйесінің дамуындағы оң үрдісті көрсетеді (3.8-кесте).

ОМ-нің мәліметтері бойынша, өңірлердің көпшілігінде (20-ның 15-і) балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау және ерте түзетумен қамтудың өскені байқалды. Сонымен қатар, 7 өңірде психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету және ерте түзетумен қамтылған мүмкіндігі шектеулі балалардың үлесі 15%-дан астам: Шығыс Қазақстан және Қостанай облыстары (+29%), Жамбыл облысы (+21%), Павлодар және Ұлытау облыстары (+18%), Түркістан облысы (+16%), Батыс Қазақстан облысы (+40%) (яғни 52%-дан 92%-ға дейін өскен), бұл ең жоғары өсім көрсеткен өңір болып отыр.

Сонымен қатар Алматы (-7%) және Шымкент (-5%) қалаларында, сондай-ақ Ақмола (-6%), Солтүстік Қазақстан (-4%) және Алматы (-2%) облыстарында бұл көрсеткіштің төмендеуі тіркелді.

Түзету көмегінің қолжетімділігі артып келе жатқан жалпы үрдіске қарамастан, өңірлер бойынша көрсет-

кіштердің біркелкі болмауы назар аударуды талап етеді. Республика бойынша орташа деңгейден төмен көрсеткіштер тіркелген өңірлерде нақты қолдау шараларын қабылдау қажет: Астана қаласы (75%), Алматы қаласы (80%), Абай облысы (79%), Атырау облысы (80%), Маңғыстау облысы (80%), Ақтөбе облысы (82%).

3.8-КЕСТЕ. ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУМЕН ЖӘНЕ ЕРТЕ ТҮЗЕТУМЕН ҚАМТЫЛҒАН МҮМКІНДІГІ БАР БАЛАЛАРДЫҢ ҮЛЕСІ, %

№	Аймақ	2023	2024	Динамика
	ҚР	**75**	**85**	**10**
1	Абай	73	79	6
2	Ақмола	97	91	-6
3	Ақтөбе	74	82	8
4	Алматы	88	86	-2
5	Атырау	76	80	4
6	Шығыс Қазақстан	61	90	29
7	Жамбыл	63	84	21
8	Жетісу	72	87	15
9	Батыс Қазақстан	52	92	40
10	Қарағанды	74	85	11
11	Қостанай	60	89	29
12	Қызылорда	82	87	5
13	Маңғыстау	77	80	3
14	Павлодар	65	83	18
15	Солтүстік Қазақстан	89	85	-4
16	Түркістан	75	91	16
17	Ұлытау	65	83	18
18	Алматы қаласы	87	80	-7
19	Астана қаласы	72	75	3
20	Шымкент қаласы	96	91	-5

Деректер көзі: ҚР ОМ

2023-2024 жылдарға арналған мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдаумен қамту динамикасын талдау өңірлік жетістіктер мен олқылықтарды бағалауға, инклюзивті білім беру саласындағы бағдарламалар мен бастамалардың тиімділігін анықтауға, қосымша ресурстарды, ведомствоаралық ынтымақтастықты және ерте диагностика мен қолдауды дамыту қажеттілігін негіздеуге мүмкіндік береді.

Ұсынылған деректер ерекше қажеттіліктері бар балаларды қамтудың статистикалық көрінісі ғана емес, сонымен қатар ұлттық білім беру жүйесінің адамгершілік, тұрақтылық және әділеттілік критерийі болып табылады.

Мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау және ерте түзету мемлекет үшін де, бүкіл азаматтық қоғам үшін де өзекті мәселе болып қала береді.

Мемлекеттің жан-жақты қолдауы балалардың тұлғалық өсуіне жаңа мүмкіндіктер ашып, қоғам өміріне толыққанды қатысуына негіз жасайды.

8. Жалпы білім беретін мектептердің жалпы санындағы үш ауысымда оқытатын жалпы білім беретін мектептердің үлесі, %

Мектептердегі оқушылар санының шамадан тыс артуы – әсіресе ірі қалалар мен халық тығыз орналасқан елді мекендерде білім беру саласындағы өзекті мәселелердің бірі болып қалып отыр.

Үш ауысымды оқыту режимі мектептердің жүктемесін арттырып, білім беру сапасына және оқушылардың ыңғайлы оқу жағдайларына кері әсерін тигізеді.

Көп ауысым заманауи білім беру технологияларына қол жеткізуді шектейді және қосымша сабақтар мен үйірмелер ұйымдастыруды қиындатады. Кейбір оқу орындарында үш ауысымда оқушыларды жан-жақты дамыту үшін барлық қажетті жағдайларды қамтамасыз ету мүмкін емес.

Оқушы орындарын қолайлы оқу жағдайларымен қамтамасыз ету — сыныптардың шамадан тыс толып кетуі, апатты мектептер және үш ауысымды оқыту мәселелерін түбегейлі шешудің басты көрсеткіші ретінде елдің мемлекеттік білім беру саясатының негізгі басымдықтарының бірі болып табылады.

Оқушы орындарының тапшылығын, үш ауысымды оқытуды және апатты мектептерді жою мақсатында мектептер құрылысы бюджеттік қаражат есебінен де, бюджеттен тыс көздерді тарту арқылы да белсенді жүргізілуде.

Оқушы орындарының тапшылығы, апатты мектептер мен үш ауысымды оқытуды шешу мәселелері бойынша кешенді жұмыс Үкіметтің ерекше бақылауында. Мектептерді салу және жаңғыртуға жыл сайын қаржы бөлінеді. Оқушы орындарының тапшылығы мәселелері Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының қаражаты есебінен де шешілуде. Мектеп құрылысы жалпы сипаттағы трансферттер және «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында қаржыландырылады.

Жеке мектептерді ашуға инвесторларды тарту бойынша оң динамика байқалуда, бұл ретте жан басына шаққандағы қаржыландыру жүйесі енгізілуде.

Апатты және үш ауысымды мектептер мәселесін шешуде Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Келешек мектептері» ұлттық жобасы маңызды рөл атқарады.

2024 жылы жалпы саны 257 мектептің құрылысы аяқталды, бұл мектептерде 2 ауысымда 373 мың оқушыға орын қамтамасыз етілді. Оның ішінде: «Келешек мектептері»

ұлттық жобасы аясында – 105 мектеп, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры есебінен – 25 мектеп, ЖАО қаражаты арқылы – 36 мектеп, «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы бойынша – 4 мектеп, Жеке инвестициялар есебінен – 7 мектеп, Үкімет резервінен – 2 мектеп, «Қаржылық орталық» АҚ арқылы – 78 мектеп.

Оқу-ағарту министрлігінің деректері бойынша 2024 жылы 76 мектеп үш ауысымда оқыту режимін қолданған.

Мемлекеттік бағдарламаның нәтижесінде 20 өңірдің 9-ында үш ауысымды оқыту мәселесі толығымен шешілді. Олар: Абай облысы, Жетісу облысы, Ұлытау облысы, Ақмола облысы, Ақтөбе облысы, Шығыс Қазақстан облысы, Қостанай облысы, Қызылорда облысы, Алматы және Шымкент қалалары (3.9-кесте).

2024 жылы үш ауысымды мектептердің үлесі 0,42%-ға төмендеп, еліміздегі жалпы орта білім беретін мектептердің 0,98%-ын құрады. Бұл мәселе әлі де өзекті болып отыр, әсіресе төмендегі өңірлерде: Алматы облысы (7,55%), Маңғыстау облысы (5,21%), Атырау облысы (3,83%), Батыс Қазақстан облысы (1,87%), Астана қаласы (2,07%).

3.9-КЕСТЕ. ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДІҢ ЖАЛПЫ САНЫНАН ҮШ АУЫСЫМДА ОҚЫТАТЫН ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДІҢ ҮЛЕСІ, %

№	Аймақ	2023	2024	Динамика
	ҚР	**1,4**	**0,98**	**-0,42**
1	Абай	0,0	0	0
2	Ақмола	0,0	0	0
3	Ақтөбе	0.69	0,69	0
4	Алматы	8.54	7.55	-0.99
5	Атырау	4,8	3.83	-0.97
6	Шығыс Қазақстан	0,0	0	0
7	Жамбыл	0,77	0,22	-0.55
8	Жетісу	0,0	0	0
9	Батыс Қазақстан	2.64	1.87	-0.77
10	Қарағанды	0.23	0,25	0.02
11	Қостанай	0.0	0	0
12	Қызылорда	0.0	0	0
13	Маңғыстау	7.65	5,21	-2.44
14	Павлодар	1.88	0.81	-1.07
15	Солтүстік Қазақстан	0,65	0,23	-0.42
16	Түркістан	0,47	0.28	-0.19
17	Ұлытау	0,0	0	0
18	Алматы қаласы	0.0	0	0
19	Астана қаласы	4.57	2.7	-2.,5
20	Шымкент қаласы	0.0	0	0

Деректер көзі: ҚР ОМ

Жалпы, бұл мәселеге жүргізілген жылдар бойынша салыстырмалы талдау елдегі демографиялық өсім мен көшіқон үдерістері аясында аталған көрсеткіштің маңыздылығын көрсетеді.

Жоғарыда аталған барлық шаралар еліміздегі үш ауысымды және апатты мектептер мәселесін шешуге мүмкіндік береді.

9. Ауыз судың негізгі көздерімен, жылы дәретханамен және қол жуу құралдарымен қамтамасыз етілмеген мектепке дейінгі ұйымдардың және жалпы білім беретін мектептердің үлесі

БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясына сәйкес (24 және 28-баптар) әрбір мемлекет балалардың денсаулығы мен лайықты білім алуы үшін қолайлы жағдайларға қол жеткізуін қамтамасыз етуге міндетті. Бұған білім беру ұйымдарындағы санитарлық-гигиеналық инфрақұрылым да кіреді.

Бұл көрсеткіштің өзектілігін әлемдік қауымдастық атап өтуде. БҰҰ ЮНИСЕФ және ДДСҰ «WASH in Schools» (2020) баяндамасында ауыз суға, дәретханаға және гигиеналық өнімдерге қол жеткізу сабаққа қатысу деңгейіне (әсіресе қыздар арасында), жұқпалы аурулардың төмендеуіне, оқушылардың жайлылығы мен қауіпсіздігіне тікелей әсер ететінін атап көрсетеді.

ЮНЕСКО ТДМ-ның 6.1 және 6.2 шеңберінде білім беру ұйымдарында қауіпсіз ауыз су мен санитарияға жалпыға бірдей және тең қолжетімділікті қамтамасыз етуді белгіледі. Мектептердегі WASH жаһандық стратегиясы (ЮНИСЕФ, 2021) ауылдық жерлердегі инфрақұрылымды қаржыландыруға басымдық беру қажеттілігіне баса назар аударады.

2024 жылы елімізде білім беру ұйымдарындағы санитарлық-гигиеналық жағдайды жақсартуда оң динамика сақталды. Қатысушылардың жауаптары бойынша ел бойынша орташа көрсеткіш 0,1%-ға төмендеді (2023 жылғы 4,1%-дан 2024 жылғы 4,0%-ға дейін). Төрт облыс – Абай, Ақмола, Қарағанды, Қызылорда және Ұлытау облыстары базалық инфрақұрылыммен 100% қамтамасыз етілді (3.10-кесте).

5 өңірде (Батыс Қазақстан, Қызылорда, Павлодар облыстары, Астана және Шымкент қалалары) ауыз судың негізгі көздерімен, жылы дәретханалармен және қол жууға арналған құралдармен қамтамасыз етілмеген мектепке дейінгі және жалпы білім беру ұйымдарының үлесі 1%-дан төмен.

Санитариялық талаптарға сай келмейтін мектептер мен балабақшалар үлесі ең жоғары өңірлер ретінде келесі төрт облыс қалып отыр:

Түркістан (21,0%), яғни әрбір бесінші балабақша немесе мектеп санитарлық нормаларға сәйкес келмейді, Атырау (15,2%), Ақтөбе (13,8%) және Қостанай (10,1%) облыстары.

Сонымен бірге, Түркістан және Атырау облыстарында ауыз су, жылы дәретханалар және қол жуу құралдарымен қамтамасыз етілмеген ұйымдар үлесі 0,4%-ға төмендеген, бұл оң өзгерісті көрсетеді.

3.10-КЕСТЕ. АУЫЗ СУДЫҢ НЕГІЗГІ КӨЗДЕРІМЕН, ЖЫЛЫ ДӘРЕТ ХАНАМЕН ЖӘНЕ ҚОЛ ЖУУ ҚҰРАЛДАРЫМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛМЕГЕН МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДІҢ ҮЛЕСІ

№	Аймақ	2023	2024	Динамика
	ҚР	**4,1**	**4,0**	**-0,1**
1	Абай	0	0	0
2	Ақмола	0	0	0
3	Ақтөбе	14,1	13,8	-0,3
4	Алматы	2,2	2,0	-0,2
5	Атырау	15,6	15,2	-0,4
6	Шығыс Қазақстан	0,3	1,0	0,7
7	Жамбыл	3,5	3,3	-0,2
8	Жетісу	7,8	7,6	-0,2
9	Батыс Қазақстан	1,1	0,2	-0,9
10	Қарағанды	0,0	0,0	0
11	Қостанай	10,4	10,1	-0,3
12	Қызылорда	0,3	0,3	0
13	Маңғыстау	1,4	1,3	-0,1
14	Павлодар	0,3	0,1	-0,2
15	Солтүстік Қазақстан	2,4	2,1	-0,3
16	Түркістан	21,4	21,0	-0,4
17	Ұлытау	0	0	0
18	Алматы қаласы	1,7	1,5	-0,2
19	Астана қаласы	0,2	0	-0,2
20	Шымкент қаласы	0,2	0,1	-0,1

Деректер көзі: Сауалнама нәтижелері (ата-анасының рұқсатымен 10-18 жас аралығындағы балаларды зерттеу)

Әлеуметтанулық сауалнама нәтижелері жедел басқару шешімдерін қабылдау үшін жұртшылықтың қатысуымен аймақтарда мұқият мониторинг жүргізуге мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, мектептерде ауыз суға және санитарияға балалардың не-

гізгі қажеттіліктерін қамтамасыз ету мәселесі ЖАО жүзеге асыратын бағдарламалар мен жобалар аясында шешіледі.

ОМ мен ЖАО бірлесе отырып, Қазақстан Республикасының 2023-2029 жылдарға арналған мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту тұжырымдамасында көрсетілген «Мектепке дейінгі ұйымдардың негізгі ауыз су көздерімен, ең аз жабдықталған жекелеген дәретханалар және негізгі қол жуу құралдарымен қамтамасыз етілген үлесі» индикаторы мониторингі шеңберінде алынған мәліметтерге жан-жақты талдау жүргізеді. Бағдарламалық құжатта нысаналы индикатор – «Жыл сайынғы өсім және көрсеткіш мәнін 2029 жылы 100%-ға жеткізу» белгіленген.

10. Мемлекеттік білім беру ұйымдарында қаржылық және материалдық көмекпен қамтылған балалардың үлесі

Білім беру жүйесінде балаларды материалдық және қаржылық қолдау шараларымен қамту көрсеткіші мемлекет тарапынан көрсетілетін әлеуметтік қолдау деңгейін, сондай-ақ білімге қолжетімділікті қамтамасыз ету және осал топтағы білім алушылар үшін экономикалық кедергілерді азайтуға бағытталған шараларды көрсетеді.

Аталған көрсеткіш – білім берудегі теңсіздікті қысқартуға бағытталған әлеуметтік саясаттың тиімділігін бағалаудың маңызды құралы болып табылады.

СЖжРА ҰСБ деректері бойынша, 2024 жылы балаларды қаржылық көмекпен қамтудың оң динамикасы байқалады және қаржылық көмек + 1,0% (2023 жылы 12,3%-дан 2024 жылы 13,3%-ға дейін). Алайда бұл өсім өңірлер бойынша біркелкі емес, бұл әлеуметтік саясаттың тиімділігінің әртүрлілігіне және қолдаудың нақтылығына қатысты ықтимал мәселелерге меңзейді (3.11-кесте).

Мемлекеттен әлеуметтік қолдау алатын мемлекеттік мектептердегі оқушылардың үлес салмағының төмендеуі Маңғыстау (20,1%-дан 17,1%-ға), Жамбыл (19,7%-дан 17,3%-ға), Жетісу (17,9%-дан 16,2%-ға) және Алматы облыстарында (14,8%-дан 13,6%-ға) байқалады.

Ең елеулі өсім Ақмола (+4,1%), Қызылорда (+39,9%), Атырау және Ұлытау облыстарында (+3,5%), Павлодар (+3,3%), Түркістан облыстарында (+3,2%) және Астана қаласында (+3,6%) тіркелді.

3.11-КЕСТЕ. МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ МАТЕРИАЛДЫҚ КӨМЕКПЕН ҚАМТЫЛҒАН БАЛАЛАРДЫҢ ҮЛЕСІ, %

№	Аймақ	2023	2024	Динамика
	ҚР	**12,3**	**13,3**	**1,0**
1	Абай	22,8	23,1	0,3
2	Ақмола	12,3	16,4	4,1
3	Ақтөбе	8,4	9,2	0,8
4	Алматы	14,8	13,6	-1,2
5	Атырау	11,2	14,7	3,5
6	Шығыс Қазақстан	22,1	21,9	-0,2
7	Жамбыл	19,7	17,3	-2,4
8	Жетісу	17,9	16,2	-1,7
9	Батыс Қазақстан	7,1	7,0	-0,1
10	Қарағанды	5,2	5,9	0,7
11	Қостанай	11,8	12,4	0,6
12	Қызылорда	20,3	24,2	3,9
13	Маңғыстау	20,1	17,1	-3,0
14	Павлодар	10,7	14,0	3,3
15	Солтүстік Қазақстан	12,8	12,5	-0,3
16	Түркістан	6,2	9,4	3,2
17	Ұлытау	7,8	11,3	3,5
18	Алматы қаласы	4,4	5,9	1,5
19	Астана қаласы	5,3	8,9	3,6
20	Шымкент қаласы	21,1	20,9	-0,2

Деректер көзі: ҚР СЖжРА ҰСБ

2024 жылы мектеп формасы, оқу құрал-жабдықтарымен қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік қолдау 510 мыңнан астам баланы қамтыды. Жалпы қаржыландыру 22,5 млрд теңгені құрады.

Алушылар қатарында атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) алатын отбасылардағы мектеп оқушылары, табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен отбасы балалары, жетім балалар, апатты жағдайда қалған мектеп оқушылары бар.

Сонымен қатар, АӘК алатын бірқатар отбасыларда жан басына шаққандағы табыстың өсуі байқалады, бұл қамтылған балалардың жалпы санының қысқаруына да әсер етуі мүмкін.

2022 жылдан бастап оқушыларға киім-кешек пен кеңсе тауарларын сатып алу үшін бөлінетін қаражаттың ең төменгі мөлшері

ең төменгі күнкөріс деңгейінен кем емес көлемде белгіленген. Барлық төлемдер ата-аналардың банк карталарына аударылады.

Қаражат ата-аналарға балаларымен бірге мектеп формасын, аяқ киім мен кеңсе тауарларын өз бетінше таңдауы үшін беріледі. Қабылданған өзгерістер ата-аналар мен балаларға жеткізушілерді өз бетінше таңдауға және сапасыз тауарларды ұсынуды жоюға мүмкіндік берді.

Мұқтаж отбасыларға материалдық көмек көрсету және балаларды 100% қамтамасыз ету мақсатында «Жалпыға білім беру» («Всеобуч» қоры) жұмыс істейді. «Жалпыға білім беру» қоры аясында материалдық көмек келесі санаттағы балаларға көрсетіледі: мекенжайлық әлеуметтік көмек алатын отбасылардың балалары, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен отбасылардың балалары.

Жаңа оқу жылы қарсаңында келесі санаттағы балалар да қаржылай көмек алады: жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, төтенше жағдайға тап болған оқушылар. Алдыңғы жылдары мектепке арналған жинақтар сатып алуға бөлінген сома орта есеппен 17 мың теңгеден басталды.

Инфляция деңгейін ескере отырып, әр оқушыға киім, аяқ киім және кеңсе тауарларын сатып алу үшін ең төменгі қаражат көлемі күнкөріс минимумынан кем болмайтындай белгіленеді. 2024 жылы 43 407 теңгені құрады (2023 жылы – 40 567 теңге).

Осылайша, қаржыландыру ата-аналар қоғамының наразылығын айтарлықтай төмендетіп, оларға баланың қажеттілігін және тауар жеткізушісін өз бетімен таңдауға мүмкіндік берді.

Аталған тәжірибе қолданыстағы механизмнің оң әлеуметтік-экономикалық нәтижесін көрсетеді.

2024 жылғы 30 желтоқсанда Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік наградалар, білім беру және баланың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды.

Заңда жалпы білім беретін мектептерді жыл бойы ұстауға және орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға бөлінген жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру ұйымдарында жекелеген санаттағы оқушылар мен тәрбиеленушілерге материалдық және қаржылық көмек көрсету нормалары көзделген. Жоғарыда аталған стандарттар тек мемлекеттік емес, жекеменшік мектептердегі ХӘОТ шыққан оқушыларға материалдық және қаржылық көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

Халықаралық тәжірибеде дүние жүзіндегі елдерде білім берудегі әлеуметтік инклюзияны бақылау мақсатында осыған ұқсас көрсеткіштер қолданылады. ЭЫДҰ мен ЮНИСЕФ аз қамтылған отбасы балаларына түрлі қаржылық қолдау бағдарламаларын жүзеге асыру қажеттігін атап көрсетеді.

Еуропалық Одақта әлеуметтік стипендиялар, тегін тамақтану және оқу ақысын өтеу бағдарламалары кедейлікті азайтуда және ХӘОТ білім алушыларының оқу үлгерімін жақсартуда тиімділігін аңғартады. (https://op.europa.eu/en/publication-detail/-/publication/9637e78f-acc7-11ef-acb1-01aa75ed71a1/language-en)

Ұлыбритания тәжірибесі (Pupil Premium бағдарламасы) қолайсыз аймақтардағы мектептерге мақсатты қаржылық қолдау көрсету арқылы

білім берудегі теңсіздікті азайтудың оң үрдістерін көрсетеді.

ЖАО дәлелдемелік базаға негізделген халықаралық зерттеулерді, өңірлік ерекшелік пен мүмкіндіктерді ескере отырып, неғұрлым мақсатты жұмыс жүргізуді, профилактикалық шараларды қабылдау тетіктерін жетілдіруді, оның ішінде балалары еліміздің әлеуметтік осал тобына жататын ата-аналарды жұмыспен қамтылуына қолдау көрсетуді ұсынады.

11. Тұрғын үйді жалға алып тұратын балалы отбасылардың үлесі

Тұрғын үй жағдайлары отбасының өмір сүру сапасын және балалардың хал-ахуалын анықтайды. Тұрғылықты жерінің тұрақтылығы, қоршаған ортаның қауіпсіздігі және инфрақұрылымға қол жетімділігі баланың физикалық, эмоционалдық және интеллектуалдық дамуына тікелей әсер етеді. Осыған байланысты бұл көрсеткіш елдің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығының жанама, бірақ маңызды көрсеткіші болып табылады.

Жекелеген өңірлерде баласы бар отбасылар арасында жалға алушылардың үлес салмағының артуы олардың шығындарының артуы, ата-аналардың тұрақсыз жұмыспен қамтылуы және жұмыспен қамту проблемалары, көші-қон ағындары (ішкі және сыртқы), сондай-ақ отбасылардың, әсіресе жас балалары бар отбасылар тұрмысының төмендігіне байланысты өз баспанасын сатып алудың қолжетімсіздігін көрсетуі мүмкін.

Бұл көрсеткіштің мониторингі тұрғын үй тұрақсыздығы қаупі бар отбасылар топтарын анықтауға, әсіресе балалардың мүдделерін ескере отырып, тұрғын үй саясатын түзетуге, жалға беруді субсидиялау бағдарламаларының, тұрғын үй сертификаттарын беру және жалға берілетін тұрғын үй құрылысының тиімділігін бағалауға, өңірлік бағдарланған әлеуметтік қолдау шараларын әзірлеуге мүмкіндік береді.

Ата-аналарға жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша, балалармен бірге жалдамалы үйде тұратын отбасылардың үлесі аздап төмендегені байқалады. Алайда бұл көрсеткіш өңірлік деңгейде айтарлықтай айырмашылықтарға ие.

2024 жылы бұл көрсеткіш республикалық деңгейде 2023 жылмен салыстырғанда 1,2%-ға төмендеген, (2023 жылғы 11,9%-дан 2024 жылы 10,7%-ды құрады), бұл жағдайдың жалпы жақсарғанын көрсетеді (3.12-кесте).

Ірі қалаларда балаларымен бірге жалдап тұратын отбасылар үлесінің күрт төмендеуі тіркелді: Алматы қаласында көрсеткіш 56,0%-дан 20,61%-ға дейін төмендеді (-35,4%), Шымкент қаласында — 33,5%-дан 6,85%-ға дейін (-26,7%), Астана қаласында керісінше, аздап өсім байқалды — 4,76% (+0,3%).

Оң динамика байқалған өңірлер: Ақмола облысы (-9,3%), Қызылорда облысы (-17,0%), Алматы облысы (-2,0%), Маңғыстау облысы (-1,1%).

Қатысушылардың ата-аналары арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша, 14 өңірде тұру үшін тұрғын үйді жалға алатын балалары бар отбасылар үлесінің артуы тіркелді. Тұрғын үйді жалға алатын балалары бар отбасылар үлесінің ең жоғары өсімі Қостанай (+20,3%), Атырау (+13,1%) және Қарағанды (10,0%) облыстарында болды.

3.12-КЕСТЕ. ТҰРУ ҮШІН ТҰРҒЫН ҮЙДІ ЖАЛҒА АЛАТЫН БАЛАЛЫ ОТБАСЫЛАРДЫҢ ҮЛЕСІ, %

№	Аймақ	2023	2024	Динамика
	ҚР	**11,9**	**10,7**	**-1,2**
1	Абай	8,3	10,63	2,3
2	Ақмола	18,6	9,26	-9,3
3	Ақтөбе	11,4	18,42	7,0
4	Алматы	21,3	19,29	-2,0
5	Атырау	0,9	13,95	13,1
6	Шығыс Қазақстан	6,9	7,69	0,8
7	Жамбыл	4,0	7,76	3,8
8	Жетісу	5,1	14,5	9,4
9	Батыс Қазақстан	3,4	7,01	3,6
10	Қарағанды	0,0	10,0	10,0
11	Қостанай	2,3	22,64	20,3
12	Қызылорда	22,8	5,85	-17,0
13	Маңғыстау	6,2	5,08	-1,1
14	Павлодар	8,5	14,28	5,8
15	Солтүстік Қазақстан	0,0	4,48	4,5
16	Түркістан	1,5	2,55	1,1
17	Ұлытау	0,0	8,33	8,3
18	Алматы қаласы	56,0	20,61	-35,4
19	Астана қаласы	4,5	4,76	0,3
20	Шымкент қаласы	33,5	6,85	-26,7

Деректер көзі: ата-аналар сауалнамасының нәтижелері

Бұл әлеуметтік орта мен балалардың өмір сүру сапасының құрылымдық көрсеткіштерінің бірі, демографиялық және көші-қон тенденцияларын болжау үшін дәлелдемелік база болып табылады.

Бұл фактордың бала амандығына тікелей әсері бары сөзсіз. Тұрақты түрде тұрғын үйді ауыстыру, өмір сүру жағдайларының белгісіздігі, кеңістіктің жеткіліксіздігі баланың эмоциялық күйіне, оқу үлгеріміне және қауіпсіздік сезімінің қалыптасуына кері әсер етеді.

Осы сауалнама нәтижелері — елдегі тұрғын үй саясатының қолжетімділігі

мен тиімділігінің тәуелсіз бағасы болып табылады. Бұл көрсеткіш жас және көпбалалы отбасыларды қолдауға арналған бағдарламалардың тиімділігін, тұрғын үйге арналған субсидиялар, жеңілдіктер мен қолжетімді тұрғын үй несиесіне қатысты түзетулер қажеттілігін бағалауға мүмкіндік береді.

Көрсеткішке сапалы мониторинг жүргізу және қабылданып жатқан шаралар балалардың мүддесін ескере отырып, неғұрлым дәл және әділ әлеуметтік және тұрғын үй саясатын қалыптастыруға жол ашады.

12. Балалардың қажеттіліктеріне бағытталған бюджет шығындарының үлесі, %

Балалары бар отбасыларды қолдау – құқықтық мемлекеттегі әлеуметтік саясаттың аса маңызды бағытының бірі. Қарқынды өзгеріп жатқан әлем жағдайында, отбасылар экономикалық, әлеуметтік және психологиялық қиындықтарға тап болып отырған кезде, тиімді мемлекеттік қолдау жас ұрпақты тәрбиелеуге тұрақты және қолайлы орта қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қарқынды өзгеріп жатқан әлем жағдайында, отбасылар экономикалық, әлеуметтік және психологиялық қиындықтарға тап болып отырған кезде,тиімді мемлекеттік қолдау жас ұрпақты тәрбиелеуге тұрақты және қолайлы орта қалыптастыруға мүмкіндік береді.

ЖАО мен Орталық мемелекеттік ұйымдардың мәліметтері бойынша, 2024 жылы балалардың қажеттіліктеріне бағытталған бюджет шығыстарының үлесі 5,9 %-ға айтарлықтай өседі (3.13-кесте).

2024 жылы облыстағы бюджет қаражатының жартысынан астамы балалардың қажеттіліктеріне бағытталады. Жетісу (66,0), Алматы (60,7), Ақтөбе (56,0%), Шымкент қаласы (56,0%), Атырау (55,0%), Маңғыстау (51,8%), Жамбыл (50,3%) облыстары. Көрсеткіштің оң серпіні 14 өңірде тіркелді.

Бұл көрсеткіштің төмендеуінің теріс динамикасы 6 өңірде тіркелді: Ұлытау облысы (-34,7), Қызылорда (-9,4%), Ақмола (-3,4%), Батыс Қазақстан (-3,2%), Ақтөбе (-1,7%), Қостанай (-1,3%) облыстарында.

3.13-КЕСТЕ. БАЛАЛАРДЫҢ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІНЕ БАҒЫТТАЛҒАН БЮДЖЕТ ШЫҒЫНДАРЫНЫҢ ҮЛЕСІ, %

№	Аймақ	2023	2024	Динамика
	ҚР	**40,5**	**46,4**	**5,9**
1	Абай	38,5	40,0	1,5
2	Ақмола	34,4	31	-3,4
3	Ақтөбе	57,7	56	-1,7
4	Алматы	42,2	60,7	18,5
5	Атырау	27,9	55	27,1
6	Шығыс Қазақстан	38,6	40	1,4
7	Жамбыл	50,3	50,3	0
8	Жетісу	45,0	66,0	21
9	Батыс Қазақстан	37,2	34	-3,2
10	Қарағанды	34,3	47	12,7
11	Қостанай	38,9	37,6	-1,3
12	Қызылорда	52,6	43,2	-9,4
13	Маңғыстау	49,3	51,8	2,5
14	Павлодар	31,8	46,1	14,3
15	Солтүстік Қазақстан	37,1	43,5	6,4
16	Түркістан	50,5	53,8	3,3
17	Ұлытау	58,7	24,0	-34,7
18	Алматы қаласы	24,2	28,7	4,5
19	Астана қаласы	36,7	41,8	5,1
20	Шымкент қаласы	55,5	56	0,5

Деректер көзі: ЖАО, ОМО

Бұл саладағы мемлекеттік қолдаудың көптеген аспектілері бар, оларға қаржылай көмек, жеңілдіктер, медициналық және білім беру қызметтері, сондай-ақ әлеуметтік интеграция мен теңдікке ықпал ететін бағдарламалар жатады.

Елімізде мемлекеттік қолдаудың негізгі бағыттары келесі формаларда жүзеге асырылады.

Балалы отбасыларға қаржылық қолдау көрсету. Мемлекет тарапынан бала туғанда берілетін біржолғы жәрдемақы, 18 жасқа дейінгі балаларға ай сайынғы жәрдемақы, көпбалалы отбасыларға арналған арнайы төлемдер қарастырылған. Бұл шаралар, әсіресе аз қамтылған немесе көпбалалы отбасылар үшін, ата-ана-

лардың қаржылық жүктемесін азайтуға бағытталған.

Жеңілдіктер мен салықтық жеңілдіктер. Балалары бар отбасылар әртүрлі салық жеңілдіктерін пайдалана алады. Ата-аналарға балаларға қатысты салықтық шегерім беріледі, бұл өз кезегінде салықтық ауыртпалықты азайтып, отбасының табыс деңгейін арттыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, елде көпбалалы және аз қамтылған отбасылар үшін тұрмыстық-коммуналдық қызметтерге жеңілдіктер қарастырылған, бұл тұрғын үй шығындарын біршама үнемдеуге көмектеседі.

Медициналық қызметтерге қолжетімділік. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру бағдарламасы аясында балалар тегін медициналық қызметтермен қамтамасыз етіледі, оның ішінде профилактикалық тексерулер, екпе егу, педиатр кеңестері және ауруларды емдеу бар. Мүмкіндігі шектеулі балалар үшін арнайы медициналық мекемелер мен оңалту бағдарламаларын қамтитын әртүрлі қолдау түрлері көзделген. Көпбалалы отбасыларға да балалардың денсаулығын жақсартуға бағытталған қосымша қолдау шаралары қарастырылған.

Білім беру бағдарламалары және оқу процесіндегі қолдау. Балалары бар отбасыларға көрсетілетін әлеуметтік қолдау білім беру саласындағы көмекті де қамтиды. Балалар мектепке дейінгі ұйымдардан бастап орта білімге дейін тегін білім беру жүйесімен қамтылған. Мемлекеттік білім беру тапсырысы аясында мектепке дейінгі мекемелердегі орындармен қамтамасыз ету, қосымша білім беру бағдарламаларын қолдау жүзеге асырылуда. Сондай-ақ, елде ЖОО-да білім алып жатқан балаларға арналған жәрдемақылар мен субсидиялар жүйесі бар, бұл ата-аналардың қаржылық жүктемесін едәуір азайтуға көмектеседі.

Әлеуметтік қорғау және көмек көрсету бағдарламалары. Балалары бар отбасылар үшін өмірлік қиын жағдайға тап болғанда көмек көрсетуге бағытталған әлеуметтік қорғау бағдарламалары іске асырылады. Аз қамтылған отбасыларға арналған жәрдемақылар экономикалық қиындықтар кезінде балалардың негізгі қажеттіліктерін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Отбасыларға арналған әлеуметтік көмек көрсету орталықтары тиімді жұмыс істеуде. Бұл орталықтарда тәрбие, білім беру, психология және денсаулық сақтау мәселелері бойынша кеңес және қолдау алуға болады.

Психологиялық және әлеуметтік қолдау. Ата-аналарға балаларды тәрбиелеуде көмек көрсетуге, сондай-ақ дағдарыстық жағдайға тап болған отбасыларды қолдауға бағытталған бағдарламалар дамып келеді. Арнаулы білім беру бағдарламалары мен кеңес беру қызметтері арқылы ерекше қажеттіліктері бар балалардың қоғамға бейімделуіне жәрдемдесетін жобалар жүзеге асырылуда.

Осылайша, елімізде асырап алынған балалары бар отбасыларды міндетті әлеуметтік қолдау стратегиясы мемлекеттің адами капиталын дамытуда шешуші рөл атқаратын өскелең ұрпақтың өмір сүру сапасын арттыруға ықпал етеді.

13. Медициналық оңалтумен қамтылған мүгедектігі бар балалардың үлесі, %

ЕХӘҚМ-нің ресми деректерге сәйкес, 2024 жылдың желтоқсан айындағы көрсеткіштер бойынша елімізде барлығы 114 727 мүгедек бала тіркелген (2023 жылы – 109 496 бала).

2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда балалар арасындағы мүгедектік деңгейі 4,8%-ға артқан (+5 231 бала).

0-ден 7 жасқа дейінгі жас сана-

тында 36 420 бала, 7 мен 18 жас аралығында – 78 307 бала тіркелген. 15 727 балаға алғаш рет мүгедектік белгіленді (3.14 кесте).

Өңірлер бойынша мүмкіндігі шектеулі балалардың ең көп саны Түркістан облысында (15 216) және республикалық маңызы бар үш қалада: Астанада (10 869), Алматыда (9 912) және Шымкентте (7 954) тіркелген. Абай облысында (2 979), Солтүстік Қазақстанда (2 409) және Ұлытауда (1 052) 3 мыңнан кем мүмкіндігі шектеулі бала тіркелген.

3.14-КЕСТЕ. МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАР САНЫ, АДАМ.

№	Аймақ	2023		2024	
		Мүмкіндігі шектеулі балалар саны (адам)	Балалардағы мүгедектердің үлесі (%)	Мүмкіндігі шектеулі балалар саны (адам)	Балалардағы мүгедектердің үлесі (%)
	ҚР	**109 496**	**1,63**	**114 727**	**1,68**
1	Абай	2824	1,50	2979	1,58
2	Ақмола	3403	1,52	3472	1,55
3	Ақтөбе	5031	1,55	5368	1,62
4	Алматы	6755	1,24	6826	1,23
5	Атырау	4400	1,63	4643	1,69
6	Шығыс Қазақстан	3155	1,72	3213	1,76
7	Жамбыл	6922	1,49	6818	1,46
8	Жетісу	3210	1,31	3370	1,38
9	Батыс Қазақстан	3130	1,45	3314	1,52
10	Қарағанды	5029	1,58	5255	1,66
11	Қостанай	3551	1,70	3727	1,80
12	Қызылорда	6414	1,94	6817	2,03
13	Маңғыстау	7284	2,27	7667	2,33
14	Павлодар	3695	1,80	3846	1,88
15	Солтүстік Қазақстан	2366	1,84	2409	1,91
16	Түркістан	14962	1,63	15216	1,64
17	Ұлытау	1004	1,34	1052	1,39
18	Алматы қаласы	9301	1,44	9912	1,49
19	Астана қаласы	9292	2,09	10869	2,30
20	Шымкент қаласы	7768	1,61	7954	1,60

Деректер көзі: ҚР ДСМ

Медициналық оңалтумен қамтылған мүгедек балалардың үлесі 2023 жылмен салыстырғанда 0,5%-ға өсіп, 16,8%-ды (2023 ж. – 16,3) құрайды (3.15-кесте).

Медициналық оңалтумен қамтылған мүгедек балалардың үлес салмағының жоғары көрсеткіштері Маңғыстау облысында (23,3), Астана қаласында (23,0), Қызылордада (20,3), Солтүстік Қазақстан (19,1), Павлодар (18,8), Қостанай (18,0), Шығыс Қазақстан (17,6), Атырау (16,9) облыстарында (16,9) тіркелді.

Медициналық оңалтумен қамтылған мүгедек балалардың ең төмен пайызы Алматы (12,3), Жетісу (13,8), Ұлытау (13,9) және Жамбыл (14,6) облыстарында көрсетілген.

3.15-КЕСТЕ. МЕДИЦИНАЛЫҚ ОҢАЛТУМЕН ҚАМТЫЛҒАН МҮГЕДЕК БАЛАЛАРДЫҢ ҮЛЕСІ, %

№	Аймақ	2023	2024	Динамика
	ҚР	**16,3**	**16,8**	**0,5**
1	Абай	15,0	15,8	0,8
2	Ақмола	15,2	15,5	0,3
3	Ақтөбе	15,5	16,2	0,7
4	Алматы	12,4	12,3	-0,1
5	Атырау	16,3	16,9	0,6
6	Шығыс Қазақстан	17,2	17,6	0,4
7	Жамбыл	14,9	14,6	-0,3
8	Жетісу	13,1	13,8	0,7
9	Батыс Қазақстан	14,5	15,2	0,7
10	Қарағанды	15,8	16,6	0,8
11	Қостанай	17,0	18,0	1,0
12	Қызылорда	19,4	20,3	0,9
13	Маңғыстау	22,7	23,3	0,6
14	Павлодар	18,0	18,8	0,8
15	Солтүстік Қазақстан	18,4	19,1	0,7
16	Түркістан	16,3	16,4	0,1
17	Ұлытау	13,4	13,9	0,5
18	Алматы қаласы	14,4	14,9	0,5
19	Астана қаласы	20,9	23,0	2,1
20	Шымкент қаласы	16,1	16,0	-0,1

Деректер көзі: ҚР ДСМ

Мүмкіндігі шектеулі балаларды уақытылы және сапалы медициналық оңалту – олардың өмірге бейімделуі мен қоғамға кірігуіндегі басты факторлардың бірі болып табылады.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың жоғалтқан өмірлік функцияларын қалпына келтіру мен орнын толтыруға бағытталған кешенді шаралар маңызды. Бұл санаттағы балалар көбінесе күйзеліске, мазасыздыққа, өзіне деген сенімсіздікке тап болады.

Балаларды сауықтыру мәселесі Қазақстан Республикасының 2026 жылға дейінгі денсаулық сақтау жүйесін дамыту тұжырымдамасының басым бағыттарының бірі болып айқындалған. Мүмкіндігі шектеулі балаларды медициналық оңалтумен қамтуды арттыру жоспарланып отыр. Оның ішінде, дамуында ауытқуы бар немесе даму қаупі жоғары 0-ден 3 жасқа дейінгі балаларды жыл сайын 10 мыңнан астам қамтитын «Қамқорлық» ерте араласу орталықтарының 17-сін ашу көзделуде.

Жалпы, аталған өзекті мәселеге қатысты жүйелі жүргізіліп жатқан мемлекеттік саясат мүмкіндігі шектеулі балаларды медициналық оңалту қызметтерімен қамтуды екі есе арттыруға және бұл көрсеткішті болжам бойынша 50%-ға дейін жеткізуге мүмкіндік береді.

14. Психофизикалық даму скринингінен өткен ерте жастағы (3 жасқа дейінгі) балалардың үлесі, %

Қазақстанда бала денсаулығын қорғау жүйелі түрде туған сәтінен бастап жүзеге асырылады.

Туғаннан бастап тұқым қуалайтын ауруларды, есту қабілетін жоғалтуды, психофизикалық ауытқуларды және шала туған нәрестелердегі ретинопатияны анықтау мақсатында міндетті скринингтік тексерулер жүргізіледі. 2024 жылы осындай тексерулермен 3 миллионнан астам жаңа туған және кішкентай бала қамтылды.

Сонымен қатар, балаларға медициналық бақылау бүкіл балалық шақ бойы үздіксіз жүргізіледі. Мысалы, 0-ден 17 жасқа дейінгі балалар алдын алу медициналық тексерулермен қамтылуда — 2024 жылы 5,6 млн балаға осындай көмек көрсетілді.

Бұл шаралар баланың туған сәтінен бастап денсаулығын қорғау – ұлт болашағының негізі екенін көрсетеді.

Балалардың амандығы тұрғысынан алғанда, осы көрсеткішке қатысты мониторинг нәтижелері аса маңызды. Бұл – денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін бағалауға мүмкіндік беретін көрсеткіш. Ол қауіп-қатерлерді дер кезінде анықтап, қолдауды жоспарлауға және әрбір балаға толыққанды даму үшін жағдай жасауға ықпал етеді.

Халықаралық және ұлттық зерттеулердің нәтижелері дәлелдегендей: балаларға арналған кең көлемді скрининг пен ерте оңалту шараларына инвестиция салу – болашақта қымбат емдеуге кететін шығындарды азайтады және арнайы көмекке түсетін жүктемені төмендетеді.

Скрининг деректерін мониторингтеу арқылы демографиялық және өңірлік үрдістерді бақылауға, қоршаған ортаның сапасын (тамақтану, экология, әлеуметтік әл-ауқат) бағалауға және мемлекеттік саясатты нақтылауға мүмкіндік туады.

Халықаралық стандарттар балалардың денсаулығын сақтау саласындағы ұлттық стратегия шеңберінде ерте жастан бастап жүйелі скрининг жүргізуді ұсынады. Бұл елдерге БҰҰ-ның ТДМ шеңберіндегі «Денсаулық және әл-ауқат» бағытына қол жеткізуге жол ашады.

2024 жылы психофизикалық даму скринингімен 3 жасқа дейінгі балалардың қамтылуының оң серпіні байқалды – +0,9% өсім тіркелді (3.16-кесте).

Ұлытау облысында 3 жасқа дейінгі балалардың психофизикалық даму

скринингімен 100% қамту көрсетілген. 20 өңірдің 14-інде аталған көрсеткіштің төмендеуі байқалады. Ерте жастағы (3 жасқа дейінгі) балаларды психофизикалық скринингпен қамту үлесінің ең үлкен төмендеуі Қостанай облысында байқалды (–26,0%). Орташа республикалық көрсеткіштен жоғары нәтижені 6 өңір көрсетті.

Оң динамика 6 өңірде тіркелді: Батыс Қазақстан облысы (+21,3%), Шымкент қаласы (+12,2%), Қызылорда облысы (+10,2%), Атырау облысы (+5,5%), Түркістан облысы (+3,1%), Ақтөбе облысы (+0,5%) және Алматы қаласы (+0,4%).

3.16-КЕСТЕ. ПСИХОФИЗИКАЛЫҚ ДАМУ СКРИНИНГІНЕН ӨТКЕН ЕРТЕ ЖАСТАҒЫ (3 ЖАСҚА ДЕЙІНГІ) БАЛАЛАРДЫҢ ҮЛЕСІ, %

№	Аймақ	2023	2024	Динамика
	ҚР	**94,6**	**95,5**	**0,9**
1	Абай	98,9	97,2	-1,7
2	Ақмола	95,6	94,8	-0,8
3	Ақтөбе	96,4	96,9	0,5
4	Алматы	98,6	97,9	-0,7
5	Атырау	92,9	98,4	5,5
6	Шығыс Қазақстан	93,9	100	-6,1
7	Жамбыл	99,6	97,6	-2
8	Жетісу	99,7	98,5	-1,2
9	Батыс Қазақстан	100	78,7	21,3
10	Қарағанды	94,5	97,7	-3,2
11	Қостанай	68,6	94,6	-26
12	Қызылорда	95,2	85,0	10,2
13	Маңғыстау	94,1	96,6	-2,5
14	Павлодар	93,4	94,4	-1
15	Солтүстік Қазақстан	89,5	95,9	-6,4
16	Түркістан	100	96,9	3,1
17	Ұлытау	90,9	97,4	-6,5
18	Алматы қаласы	94,8	95,2	-0,4
19	Астана қаласы	99,4	99,5	-0,1
20	Шымкент қаласы	99,8	87,6	12,2

Деректер көзі: ҚР ДСМ

Ерте жастағы балаларды (3 жасқа дейін) медициналық мекемелерде сапалы скрининг жүргізу маңызды аспект болып табылады.

Қиындықтарды ерте кезеңде анықтау тиісті медициналық немесе педагогикалық қолдауды дұрыс жоспарлауға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде балаларға толыққанды дамуға тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге көмектеседі.

Балалардың ауруын уақытылы анықтау түзету бағдарламаларын (логопедия, физиотерапия, психологиялық қолдау) ертерек бастауға мүмкіндік беріп, асқыну қаупін төмендетеді.

Бұл — отбасыға нақты қолдау көрсету. Баланың мықты және әлсіз жақтарын түсіну ата-аналарға қажетті көмек көрсету жоспарын алдын ала құруға мүмкіндік береді.

Көптеген ата-аналар баладағы кішігірім ауытқулар мен дамудың кешігуін байқамауы мүмкін, себебі өзгерістер біртіндеп жүреді. Скрининг нәтижелері бойынша ата-аналар мамандардың уақытылы кеңесі мен балаға дұрыс тәрбие мен күтім жасауға қатысты ұсынымдар алады.

Денсаулық сақтау мен білім саласының жоғары білікті мамандарының тиімді серіктестігі мен кешенді қолдауының негізінде ауытқуларды уақытылы анықтауға ерте араласу балаларға бақытты әрі жайлы өмірдің барлық мүмкіндіктеріне жол ашады. Балалар өз ерекшеліктері үшін кінәлі емес, олар толыққанды әрі лайықты болашаққа толық құқықты.

15. «Мемлекеттік саясат» бағыты бойынша Балалар хал-ахуалы индексінің қорытындылары

Балалардың әл-ауқатын бағалау және «Мемлекеттік саясат» бағыты бойынша көрсеткіштерді салыстыру үшін 14 индикатор қолданылды.

2024 жылы «Мемлекеттік саясат» бағыты бойынша индикатордың мәні 60,4 балды құрады (2023 жылы – 56,4 балл) (кесте 3.17).

Есептік жылы 11 өңірде «Мемлекеттік саясат» индикаторының мәні республикалық көрсеткіштен (60,4 балл) жоғары болды. Бұл өңірлерге келесі облыстар жатады: Қарағанды облысы (60,7), Солтүстік Қазақстан облысы (60,9), Ақмола облысы (61,0), Жамбыл облысы (62,2), Қостанай облысы (62,4), Жетісу облысы (63,9), Павлодар облысы (64,7), Ақтөбе облысы (65,0), Қызылорда облысы (68,8), Шығыс Қазақстан облысы (70,6) және Шымкент қаласы (76,3) жатады.

2024 жылы «Мемлекеттік саясат» бағыты бойынша үздік болып Шымкент қаласы танылды, ал ең төменгі деңгей Астана қаласында тіркелді – 46,1 балл.

3.17-КЕСТЕ. 2024 ЖЫЛЫ ӨҢІРЛЕР БОЙЫНША «МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТ» БАҒЫТЫНДАҒЫ БАЛАЛАР ХАЛ-АХУАЛЫ ИНДЕКСІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

№	Аймақ	2023	2024	Динамика
	ҚР	**56,4**	**60,4**	**4**
1	Абай	**48,7**	**56,1**	**7,4**
2	Ақмола	**59,1**	**61,0**	**1,9**
3	Ақтөбе	**58,6**	**65,0**	**6,4**
4	Алматы	**52,6**	**51,2**	**-1,4**
5	Атырау	**52,8**	**50,2**	**-2,6**
6	Шығыс Қазақстан	**56,2**	**70,6**	**14,4**
7	Жамбыл	**54,7**	**62,2**	**7,5**
8	Жетісу	**61,3**	**63,9**	**2,6**
9	Батыс Қазақстан	**50,3**	**51,0**	**0,7**
10	Қарағанды	**61,7**	**60,7**	**-1**
11	Қостанай	**50,8**	**62,4**	**11,6**
12	Қызылорда	**69,8**	**68,8**	**-1**
13	Маңғыстау	**60,0**	**52,3**	**-7,7**
14	Павлодар	**64,5**	**64,7**	**0,2**
15	Солтүстік Қазақстан	**52,9**	**60,9**	**8**
16	Түркістан	**53,9**	**58,2**	**4,3**
17	Ұлытау	**49,1**	**56,5**	**7,4**
18	Астана қаласы	**54,6**	**46,1**	**-8,5**
19	Алматы қаласы	**50,3**	**48,8**	**-1,5**
20	Шымкент қаласы	**66,0**	**76,3**	**10,3**

«Бала» бағыты бойынша балалардың әл-ауқатын бағалау және көрсеткіштерді салыстыру нәтижесінде 18 өңір «сары» – орташа аймақта, ал 2 өңір «қызыл» – төмен деңгейдегі аймақта орналасқан.

Алынған деректер негізінде балалардың әл-ауқаты деңгейін арттыру жұмысы жалғастырылады.

ҚОРЫТЫНДЫЛАР

▸ 2024 жылы балалардың 72,6%-ы мектепте оқығанды ұнататынын айтты, бұл 2023 жылмен салыстырғанда (72,9%) 0,3%-ға төмен көрсеткіш болып отыр. Басқа елдермен салыстырғанда жоғары болғанымен (ЮНИСЕФ және ЭЫДҰ мәліметтері бойынша оқушылардың қанағаттану деңгейінің орташа деңгейі 60-70% аралығында ауытқиды), динамиканың төмендеуі алаңдататын жағдай.

▸ 2024 жылы әлеуметтік сауалнама бойынша ата-аналардың мектеп өміріне қатысу көрсеткішінің орташа мәні 2023 жылмен салыстырғанда 1%-ға төмендеп, 75,1%-ды құрады. Бұл – ата-аналар мен мектеп арасындағы сенім мен басқарудағы ашықтық деңгейінің төмендеуін білдіреді.

▸ Қазақстанда 1-6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі біліммен қамту 2024 жылы 2%-ға өсіп, 86,3%-ды құрады. Бұл оң динамика көрсетеді.

▸ 2024 жылы 10-18 жас аралығындағы балалар арасында жүргізілген сауалнамаға сәйкес, 72,8% мектеп тамағының сапасына қанағаттанғанын мәлімдеді, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 0,6% өсу көрсетеді. 20 өңірдің 15-інде оң өзгерістер байқалды. Бұл асханалардағы инфрақұрылымды жақсарту, мәзірді жаңарту және сапаны бақылауды күшейтумен байланысты.

▸ 2024 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанда балаларды қосымша біліммен қамтуда өсу байқалды – республика бойынша орташа көрсеткіш 5,2%-ға (81,1%-дан 86,3%-ға дейін) жетті. Дегенмен, бұл динамика аймақтар бойынша біркелкі емес. 20 өңірдің 13-інде оң өзгерістер тіркелсе, 7 өңірде көрсеткіштер төмендеген.

▸ Бұл ретте, ата-аналар арасында жүргізілген сауалнамаға сәйкес, 2024 жылы ата-аналардың білім беру үдерісіне және қосымша білім беруге қанағаттанушылық деңгейі 2023 жылмен салыстырғанда 81,6%-ға (-9,6%) төмендеген.

▸ ОМ-нің мәліметі бойынша, 2024 жылы республикада үш ауысымда оқытатын 76 мектеп жұмыс істеді . 20 өңірдің 9-ында: Абай, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Жетісу, Қостанай, Қызылорда, Ұлытау облыстарында, Алматы мен Шымкент қалаларында үш ауысымда оқыту мәселесі толығымен шешілді.

▸ СЖжРА ҰСБ деректері бойынша, 2024 жылы республикада балаларды қаржылық және материалдық көмекпен қамтудың оң динамикасы байқалады + 1,0% (2023 жылғы 12,3%-дан 2024 жылғы 13,3%-ға дейін). Алайда көрсетілген өсім өңірлер бойынша біркелкі емес, бұл әлеуметтік саясаттың тиімділігінің әртүрлі екенін және қолдаудың дәл бағытталуында ықтимал мәселелердің бар екенін көрсетеді.

ҰСЫНЫСТАР

▸ Білім беру ұйымдарының психологиялық қызметі үшін балаларға оқу процесінде де, күнделікті өмірде де қолдау көрсету әрі жағымды атмосфера құру өте маңызды. Мұғалімдер мен ата-аналардың қолдауы, оқудың қызықты және алуан түрлі оқыту формалары баланың мектепке деген қатынасын айтарлықтай өзгерте алады.

▸ Білім беру ұйымдарының әкімшілігі ата-аналар қауымдастығымен кері байланыс орнату үшін цифрлық платформаларды (чат-боттар, мобильді қосымшалар) белсенді түрде пайдалануы, оқу-тәрбие жұмыстары, оның ішінде мектеп қаражатының жұмсалуы туралы есептерді жариялауы, саналы тәрбие туралы дәрістер өткізуі қажет. Бұл шаралар

білім беру сапасын арттыруға және оқушылардың дамуына ықпал етеді.

▸ ЖАО 1-6 жас аралығындағы балаларды балабақша тәрбие-біліммен қамту жұмысын күшейту қажет, себебі бұл кезең балаларды мектепке даярлаумен қатар олардың физикалық, интеллектуалдық, әлеуметтік, эмоционалдық дамуының мықты негізін құрайды және өмір бойы жетістіктеріне әсер етеді.

▸ ЖАО мектептерде балаларды тегін тамақпен қамтамасыз ету мәселесіне ерекше назар аударуы қажет. Бұл — әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етудің маңызды тетігі, ол білім алу мен даму үшін тең жағдай жасауға, әр балаға сапалы білім алып, дені сау болып өсуіне мүмкіндік беретін қауіпсіз әрі қолдаушы орта қалыптастыруға септігін тигізеді.

▸ ТМД 4-ші мақсатын (Инклюзивті және әділ сапалы білім беруді қамтамасыз ету және барлығына өмір бойы білім алу мүмкіндіктерін ілгерілету) сәтті жүзеге асыру үшін ЖАО бос уақытты, мәдени және спорттық бағдарламаларға қолжетімділікті қамтуы қажет. Бұл – әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруда, инклюзияның және кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарының алдын алу шаралары ретінде әсіресе осал топтар арасында теңсіздікті азайтуға бағытталған маңызды тетік болып табылады.

▸ Оқу орындарындағы орын тапшылығын, үш ауысымды оқытуды және апатты жағдайдағы мектептерді жою мақсатында, ЖАО мектептер құрылысын жеделдетуі қажет — бұл бюджет қаражаты есебінен де, бюджеттік емес көздерден инвестиция тарту арқылы да жүзеге асырылуы тиіс.

▸ ЖАО жүйелі түрде мемлекеттік білім беру ұйымдарында балаларды қаржылай және материалдық қолдаумен қамту көрсеткішіне мониторинг жүргізуі қажет. Бұл аймақтардағы әлеуметтік саясаттағы проблемалық нүктелерді уақытылы анықтап, ұлттық және халықаралық тәжірибелермен салыстыру арқылы білім беру теңдігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

4 - БӨЛІМ. «ЕЛДІҢ ӘЛ-АУҚАТЫ»

Халықтың әл-ауқаты – оның рухани және мәдени дамуының көрінісі. Қоғамдағы материалдық байлықтар рухани құндылықтарменұштасқандағанатолықтай құндылыққа ие болады. Ұлттың мәдениеті мен тілінің дамуы – оның экономикалық және әлеуметтік жағдайының кепілі.

Мұхтар Әуезов

Балалық шақ – адам баласының және тұтас қоғамның болашағы айқындалатын аса маңызды кезең. Сондықтан да, балалардың өздерін қаншалықты қауіпсіз сезінетіні, білімге, салауатты өмір сүру ортасына және қажетті қызметтерге қолжетімділігі, олардың өмір сүретін ортасына тікелей байланыстылығын жан-жақты бағалау арқылы шынайы әрі толық ахуалды көруге болады.

Елдің әл-ауқаты — халықтың өмір сүру деңгейін, білім алу, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау және басқа да негізгі қызметтерге қолжетімділігін айқындайтын басты көрсеткіштердің бірі. Егер мемлекет жоғары әл-ауқат деңгейіне қол жеткізсе, әрбір баланың бақытты балалық шақта өмір сүруі мен өз болашағына нық сеніммен қарауы қамтамасыз етіледі.

Балаларға өз әлеуетін толық жүзеге асыруға, болашаққа сеніммен қарауға және қоғамның дамуына ықпал етуге мүмкіндік берілуі тиіс. Түптеп келгенде, мемлекеттің әл-ауқаты халықтың тұрмыс деңгейімен тікелей байланысты. Себебі, тек толыққанды өмір сүру жағдайлары қамтамасыз етілгенде ғана, ұлттың тұрақты дамуы мен өркендеуі мүмкін болады.

Бұл бөлімде Қазақстандағы балалардың өмір сүру сапасын сипаттайтын 14 негізгі көрсеткіш қарастырылды. Олардың әрқайсысы әртүрлі аспектілерді қамтиды: экономикалық жағдай мен инфрақұрылым, қоршаған орта және балаларды қорғау деңгейі.

Аулалар мен спорт алаңдары, сондай-ақ көлік инфрақұрылымының қолжетімділігі — күнделікті ортадағы жайлылық пен қауіпсіздікті сипаттайтын маңызды көрсеткіштер. Мектептердегі бейнебақылау жүйесінің болуы және апатты ғимараттардың үлесі сияқты білім беру мен инфрақұрылымға қатысты деректер баланың білім алуына және өмір қауіпсіздігіне жасалған жағдайларды айқындайды.

Санитарлық көрсеткіштердің ішінде ең маңыздыларының бірі – ауыз су сапасының белгіленген стандарт-

тарға сай болуы.

Балаларға қатысты қылмыстық жағдайлар, жыныстық сипаттағы заңсыз әрекеттер және жасөспірімдердің қатысуымен жасалған құқықбұзушылықтар әрқайсысы жеке қарастырылады. Мұндай деректер бала өсетін ортаның қауіпсіздік деңгейін, сондай-ақ алдын алу және қорғау тетіктерінің қаншалықты тиімді жұмыс істейтінін түсінуге көмектеседі.

Бұл бөлімдегі барлық көрсеткіштер еліміздің түрлі өңірлеріндегі балалардың қаншалықты жайлы, қауіпсіз және тұрақты өмір сүріп жатқанын жан-жақты көрсетеді. Бұл тек қазіргі жағдайды бағалауға ғана емес, сонымен қатар өскелең ұрпақтың өмір сүру жағдайын жақсарту үшін ерекше назар аударуды қажет ететін бағыттарды анықтауға мүмкіндік береді.

1. Жан басына шаққандағы жалпы өңірлік өнім

Халықтың экономикалық қамтамасыз етілу деңгейі – балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету және жалпы қоғамның өркендеуі тұрғысынан елдің әлеуетін айқындайтын негізгі фактор.

Бұл ретте, ЖӨӨ көрсеткіші экономиканың тұрақтылығын және мемлекеттің әлеуметтік саясатының тиімділігін көрсетеді. ЖӨӨ балалардың әл-ауқатына тікелей әсер етіп, олардың толық дамуы мен табысты өнімді өмір сүруіне негіз болады.

СЖжРА ҰСБ статистикалық мәліметтері бойынша, 2023 жылы жан басына шаққандағы ЖӨӨ 6 002,0 мың теңгені, 2024 жылы 6 659,8 мың теңгені құрады. 657,8 мың теңгеге өсу — оң серпінді өзгеріс болып табылады және мемлекет деңгейінде азаматтардың әл-ауқатының жақсарғанын көрсетеді. (4.1-кесте).

ЖӨӨ өсімі халықтың өмір сүру сапасын жақсарту тұрғысынан аймақтық экономикалардың дамуын білдіреді. Елдің 18 өңірінде ЖӨӨ-нің оң динамикасы байқалады. Ең үлкен өсім Алматы қ. (6 816,7 мың. тг.), Ұлытау облысында (+1 942,6 мың тг), Қарағанды облысында (+1 347,1 мың тг), Павлодар облысында (+1 051,3 мың тг) және Астана қаласында (+1 158,0 мың тг.) тіркелді. Бұл өңірлердегі елеулі өсім экономикадағы, оның ішінде өнеркәсіп, инвестиция және әлеуметтік саладағы оң өзгерістердің көрсеткіші болуы мүмкін.

Алайда, ЖӨӨ-нің теріс динамикасы тек екі өңірде тіркелді: Атырау облысында (-585,5 мың теңге) және Батыс Қазақстан облысында (-425,2 мың теңге).

Көрсеткіштің төмендеуі мұнай саласындағы ауытқулар немесе басқа экономикалық факторларға байланысты болуы мүмкін, дегенмен Атырау облысының ЖӨӨ-і (21 227,0 мың теңге) республика бойынша орташа көрсеткіштен 3 есе жоғары және Жамбыл облысының ЖӨӨ-інен (2 098,2 мың теңге) 10 есе артық.Жамбыл облысының ЖӨӨ-нен (2 098,2 мың теңге) 10 есе жоғары ЖӨӨ бар.

Барлық өңірлер арасында ЖӨӨ өсімінің ең төмен көрсеткіштерінің бірі Шымкент қаласында тіркелді (+177,3 мың теңге).

Жалпы алғанда, жан басына шаққандағы ЖӨӨ-нің оң динамикасы байқалып отыр, бұл елдегі экономикалық жағдайдың жақсарғанын байқайтады.

В целом отмечается положительная динамика роста ВРП на душу населения, что указывает на улучшение экономической ситуации в стране.

4.1-КЕСТЕ. ЖАН БАСЫНА ШАҚҚАНДАҒЫ ЖАЛПЫ ӨҢІРЛІК ӨНІМ

№	Аймақ	2023	2024	Динамика
	ҚР	**6 002,0**	**6 659,8**	**657,8**
1	Абай	4 313,3	5 270,2	956,9
2	Ақмола	4 655,3	5 197,9	542,6
3	Ақтөбе	4 484,5	5 269,0	784,5
4	Алматы	3 504,8	3 826,7	321,9
5	Атырау	21 812,5	21 227,0	-585,5
6	Шығыс Қазақстан	6 119,6	6 617,0	497,4
7	Жамбыл	2 397,6	2 647,7	250,1
8	Жетісу	2 591,0	3 038,0	447,0
9	Батыс Қазақстан	7 260,5	6 835,3	-425,2
10	Қарағанды	6 793,9	8 141,0	1 347,1
11	Қостанай	5 338,2	5 952,9	614,7
12	Қызылорда	3 071,8	3 536,3	464,5
13	Маңғыстау	6 176,2	6 491,1	314,9
14	Павлодар	5 793,8	6 845,1	1 051,3
15	Солтүстік Қазақстан	4 186,4	5 043,7	857,3
16	Түркістан	1 798,2	2 098,2	300,0
17	Ұлытау	8 892,6	10 835,2	1 942,6
18	Алматы қаласы	6 119,6	12 936,3	6 816,7
19	Астана қаласы	9 308,7	10 466,7	1 158,0
20	Шымкент қаласы	3 379,7	3 557,0	177,3

Деректер көзі: СЖжРА ҰСБ

2024 жылы ЖӨӨ өсімінің оң динамикасы мемлекет тарапынан балалардың құқықтық қорғалуы мен әл-ауқатын қолдауды күшейтуге мүмкіндік береді. Бұл — денсаулық сақтау мен білім берудің өмірлік маңызды салаларындағы қызметтердің сапасын арттыруға тиімді негіз болып табылады.

Денсаулық сақтау саласында балаларға көрсетілетін медициналық көмектің сапасын артыруға ерекше назар аударылуда. Бұл - заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталған медициналық кабинеттердің ашылуы, дәрігерлердің кәсіби біліктілігінің жоғары болуы және ауылдық жерлердегі балаларға сапалы медициналық қызметтің қолжетімділігі.

Білім беру саласында балалардың сапалы мектепке дейінгі тәрбиеге, қолай-

лы әрі қауіпсіз білім беру ортасының қалыптасуына, сондай-ақ қосымша, техникалық және кәсіптік білім алуға қолжетімділігін қамтамасыз етуге жан-жақты қолдау көрсетіледі.

Балалардың әл-ауқаты және оның дамуымен тығыз байланысты әлеуметтік бағдарламалар, сондай-ақ, ЖӨӨ-нің өсуі көп балалы отбасыларды қолдауға, жәрдемақы төлеуге және тұрғын үй жағдайын жақсартуға бағытталған мемлекеттік шығындарды арттырады.

Осының барлығы өскелең ұрпақтың дамуына қолайлы жағдай жасайды және әлеуметтік жағдайына қарамастан, әрбір баланың тұрақты өмір сүру болашағын қамтамасыз етеді.

2. Жұмыссыздық деңгейі, %

2024 жылы еңбек нарығындағы жағдай жалпы экономикалық тұрақтылық пен халықтың өмір сүру деңгейіне әсер ететін маңызды әлеуметтік-экономикалық мәселе болып қала береді.

Ресми деректер бойынша 2024 жылы елімізде тіркелген жұмыссыздық деңгейі 4,7% құрады, бұл 2023 жылдың деңгейіне (4,7%) сәйкес келеді (4.2-кесте).

Алайда, жасырын жұмыссыздық, яғни жұмыспен қамту органдарында тіркелмеген, бірақ белсенді жұмыс іздеп жүрген азаматтардың көрсеткіші ретінде айтарлықтай жоғары болуы мүмкін. Бұл құбылыс ауылдық жерлерде және жастар арасында жиі байқалады.

Жастар арасындағы жұмыссыздық — ең өзекті мәселелердің бірі болып қала береді: 2024 жылы 15-тен 28 жасқа дейінгі жастардың шамамен 12-14%-ы ресми түрде жұмыспен қамтылмаған. Бұл жаһандық өзгерістерге жеткілікті дайындықтың болмауы мен еңбек нарығындағы, әсіресе, Алматы мен Астана сияқты ірі қалалардағы жоғары бәсекеге байланысты болуы мүмкін.

Өткен жылдардағыдай, аймақтар арасындағы айырмашылықтар жұмыссыздық мәселесіндегі басты факторлардың бірі болып отыр. 2024 жылы 9 аймақта жұмыссыздық деңгейі орташа республикалық деңгейден жоғары болды. Жұмыссыздықтың ең жоғары деңгейі Маңғыстау (5,0%), Атырау (4,9%), Абай және Жетісу, Жамбыл, Қызылорда, Түркістан облыстарында және Шымкент қаласында (барлығы 4,8%) тіркелді.

4.2-КЕСТЕ. ЖҰМЫССЫЗДЫҚ ДЕҢГЕЙІ, %

№	Аймақ	2023	2024	Динамика
	ҚР	**4,7**	**4,7**	**0,0**
1	Абай	4,8	4,8	0,0
2	Ақмола	4,8	4,6	-0,2
3	Ақтөбе	4,7	4,7	0,0
4	Алматы	4,7	4,6	-0,1
5	Атырау	4,8	4,9	0,1
6	Шығыс Қазақстан	4,6	4,6	0,0
7	Жамбыл	4,8	4,8	0,0
8	Жетісу	4,9	4,8	-0,1
9	Батыс Қазақстан	4,9	4,6	-0,3
10	Қарағанды	4,1	4,1	0,0
11	Қостанай	4,8	4,7	-0,1
12	Қызылорда	4,9	4,8	-0,1
13	Маңғыстау	5,0	5,0	0,0
14	Павлодар	4,8	4,7	-0,1
15	Солтүстік Қазақстан	4,8	4,6	-0,2
16	Түркістан	5,0	4,8	-0,2
17	Ұлытау	4,2	4,1	-0,1
18	Алматы қаласы	4,8	4,6	-0,2
19	Астана қаласы	4,5	4,4	-0,1
20	Шымкент қаласы	4,9	4,8	-0,1

Деректер көзі: СЖжРА ҰСБ

2024 жылы 15 және одан жоғары жастағы халықты жұмыспен қамту деңгейі жұмыс күшінің жалпы санына шаққанда 65% - 95,3% құрады. Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) әдістемесі бойынша жұмыссыздық деңгейі – 4,7%. Жұмыссыздар саны – 449,8 мың адам. Білім алумен немесе кәсіби даярлықпен айналыспайтын және жұмыс істемейтін жастардың (NEET) үлесі – 6,5%.

2024 жылы ЕХӘҚМ-нің мәліметінше, халықты жұмыспен қамту орталықтарына 57,4 мың адам жүгінген, оның ішінде 50 мыңнан астам адам кәсіби даярлық немесе қайта даярлауға, 2,8 мың адам біліктілікті арттыру курстарына жіберілді, ал 1,7 мың адам қоғамдық жұмыстарға қатысты.

Сонымен қатар 46 025 көпбалалы ата-анадан өтініш келіп түсті, 30 823-і от-

басы асыраушылары көмек алды, оның ішінде ауылдық жерлерден – 19 798 адам. Жұмысқа орналастырылғандар саны — 24 704 ата-ана.

(https://stat.gov.kz/upload/iblock/2ee/7lwnt0feiv3cx2b5icqyvau48dsekybq/%D0%92-14-18-%D0%93%20%D1%80%D1%83%D1%81%D1%81.pdf)

Елдегі жұмыссыздық құрылымдық сипатқа ие болып отыр, бұл әсіресе еңбек нарығындағы өзгерістермен тығыз байланысты. Негізгі себептердің бірі – жедел автоматтандыру мен өндірісте заманауи технологиялардың кеңінен енгізілуі. Сонымен қатар, қызмет көрсету саласында, IT және цифрлық экономикада жұмыспен қамтылғандардың саны артуда. Бұл мамандардан жаңа дағдылар мен құзыреттерді талап етеді.

Жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейін төмендету үшін білім беру саласын, еңбек нарығын, әлеуметтік саясатты және мемлекет пен бизнес арасындағы өзара байланысты қамтитын кешенді әрі жүйелі шаралар қажет. Маңыздысы – жай ғана жұмыс орындарын құру емес, сонымен қатар жастарға өзін-өзі табысты жүзеге асыру үшін қажетті білім, дағдылар және мотивация беру.

Мемлекет Басшысы жариялаған 2025 жыл — Жұмысшы мамандықтар жылы жастардың жемісті өмір сүруіне жағдай жасауға септігін тигізеді. Бұл бағытта Үкімет тарапынан ауқымды әрі жүйелі жұмыс жүргізілуде.

Бұл ретте техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін сапалы түрлендіруді жеделдету өзекті болып отыр. Білім беру бағдарламаларының мазмұнын қазіргі еңбек нарығының сұранысына сәйкестендіру — аса маңызды міндет (қолданбалы дағдылар мен soft/hard skills құзыреттерін дамыту), сондай-ақ жоғары оқу орындары мен колледждерде оқу процесіне практикалық компоненттерді (өндірістік тәжірибе, дуальді оқыту) күшейту қажет.

Мектептерде ерте кәсіби бағдар беру, оқушылардың мамандықты саналы түрде таңдауына ықпал ету де маңызды. Жастар кәсіпкерлігін және өзін-өзі жұмыспен қамтуды қолдау, жеке ісін ашуға арналған микроқаржыландыру мен гранттарға лжетімділік, тәлімгерлік бағдарламалары мен стартап-инкубаторлар, қаржылық және кәсіпкерлік сауаттылық негіздеріне оқыту.

Жастарды жұмыспен қамту деңгейін арттыру үшін мемлекеттік және жекеменшік жұмыспен қамту бағдарламаларын кеңейту қажет. Жұмыс тәжірибесі жоқ түлектерді жұмысқа қабылдайтын жұмыс берушілер үшін квоталар мен субсидиялар қарастырылуы тиіс. Сонымен қатар, қоғамға пайдалы жобалар аясында уақытша жұмыс орындарын құру, жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі жоғары өңірлерде еңбекпен қамту бағдарламаларын дамыту өзекті болып отыр.

Сонымен қатар, жұмыспен қамтудың икемді түрлері мен цифрлық экономиканы дамыту және қашықтан жұмыс істеуді заңдастыру мен қолдау, фриланс пен икемді жұмыс кестесінің дамуына жағдай жасау, сондай-ақ қысқа мерзімді немесе жобалық жұмыс орындарын табуға арналған цифрлық платформалар құру өзекті болып табылады.

Сонымен қатар, еңбек нарығына кірудегі кедергілерді азайту/жұмыс тәжірибесіне, жасына және тұрғылықты жеріне байланысты кемсітушілікке жол бермеу және ведомствоаралық конструктивті ынтымақтастық және еңбек нарығындағы жағдайды мониторингілеу/жүйелі талдау, мемлекеттік органдар мен жұмыс берушілер өкілдерінің күш-жігерін үйлестіру, кәсіби стандарттар

мен жұмыспен қамту болжамдарын жүйелі түрде жаңарту.

Жастар арасындағы жұмыссыздықты азайту – тек бүгінгі күннің түйткілдерін шешумен шектелмей, болашаққа бағытталған стратегиялық көзқарасты талап ететін маңызды мәселе. Жастар – еңбек ресурстарының бір бөлігі ғана емес, елдің әлеуметтік-экономикалық өсімінің негізгі қозғаушы күші.

3. Ауадағы ұсақ қатты бөлшектердің деңгейі PM 2,5 (ауа сапасы), %

Ауаның сапасы – балалардың денсаулығы мен әл-ауқатына әсер ететін аса маңызды факторлардың бірі. Ауа құрамындағы ең қауіпті ластаушы заттардың бірі – ұсақ қатты бөлшектер (PM 2.5). Бұл бөлшектер өкпеге еніп, қан айналымына түседі, бұл оларды балалар организмі үшін аса қауіпті етеді. Себебі олардың иммундық жүйесі мен тыныс алу мүшелері әлі толық қалыптаспаған.

Әсіресе, ерте жастағы балалар лас ауаға байланысты ауруларға бейім келеді. PM 2.5 бөлшектерін жұту – астма, бронхит, аллергия және басқа да тыныс алу жолдарының ауруларының дамуына әкелуі мүмкін. Ауасы қатты ластанған аймақтарда тұратын балалардың өкпенің созылмалы ауруларына шалдығу қаупі айтарлықтай жоғары.

Ауаның ластануы балалардың когнитивтік дамуына да кері әсерін тигізеді. Ғылыми зерттеулердің нәтижелері көрсеткендей, ластанған ауаға ұзақ уақыт бойы әсер ету интеллект пен есте сақтау қабілетінің дамуын баяулатуы, сондай-ақ зейінді шоғырландыруды төмендетуі мүмкін.

Ауа сапасының нашар болуы балалардың таза ауада физикалық белсенділікпен айналысатын уақытын шектейді. Бұл олардың жалпы физикалық дамуына ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік қарым-қатынас жасауына және психоэмоционалдық әл-ауқатына да теріс ықпал етеді.

ҚР ЭТРМ «Қазгидромет» РМК 2024 жылғы мәліметтері көрсеткіштің аздап нашарлағанын (+0,05%) анықтады.

Бұл ластаушы заттардың жергілікті шығарындыларына, сондай-ақ метеорологиялық жағдайларға/температураның инверсиясына және шаңды дауылдарға байланысты болуы мүмкін (4.3-кесте).

Жағдайдың нашарлауы Қостанай облысында (+1,09, күрт секіру 0,3%-дан 1,39%-ға дейін), Астана қаласында (+0,85%-ға, сондай-ақ 2 есе өсу 0,86%-дан 1,71%-ға дейін), Алматы қаласында (+0,07%-ға, 0,50%-дан 0,57%-ға дейін), Маңғыстау облысында (0,05%-дан 0,11%-дан 0,16%-ға дейін).

Ауаның сапасының нашарлауына ықпал ететін ықтимал себептерге автокөлік жүктемесінің артуы (әсіресе Астана және Алматы қалаларында), температуралық инверсия, құрылыс және шаңды жұмыстардың белсенуі, тұрмыстық шығарындылардың (көмір, отын) көбеюі, сондай-ақ шаңды дауылдар (әсіресе Қостанай және Маңғыстау облыстарында) жатады.

4.3-КЕСТЕ. АУАДАҒЫ ҰСАҚ ҚАТТЫ БӨЛШЕКТЕРДІҢ ДЕҢГЕЙІ PM 2,5 (АУА САПАСЫ), %

№	Аймақ	2023	2024	Динамика
	ҚР	**0,64**	**0,69**	**0,05**
1	Абай	-	-	-
2	Ақмола	1,30	1,01	-0,29
3	Ақтөбе	0,04	0,04	0,00
4	Алматы	-	-	-
5	Атырау	0,57	0,28	-0,29
6	Шығыс Қазақстан	0,05	0,03	-0,02
7	Жамбыл	0,04	0,03	-0,01
8	Жетісу	0,26	0,03	-0,23
9	Батыс Қазақстан	-	-	-
10	Қарағанды	4,61	3,57	-1,04
11	Қостанай	0,30	1,39	1,09
12	Қызылорда	0,29	0,00	-0,29
13	Маңғыстау	0,11	0,16	0,05
14	Павлодар	0,29	-	-
15	Солтүстік Қазақстан	0,06	-	-
16	Түркістан	-	-	-
17	Ұлытау	-	0,09	-
18	Алматы қаласы	0,50	0,57	0,07
19	Астана қаласы	0,86	1,71	0,85
20	Шымкент қаласы	0,26	-	-

Мәліметтер көзі: ҚР ЭТРМ «Қазгидромет» РМК

Ауа сапасы көрсеткішіне мониторинг жүргізу және бақылау жас ұрпақтың денсаулығы үшін шешуші маңызға ие. Ауа сапасын жақсарту бойынша жедел әрі уақтылы шаралар қабылдау – жасыл аймақтар құру, экологиялық тұрғыдан таза көлік түрлерін дамыту, ластаушы заттардың шығарындыларын бақылауға арналған заманауи технологияларды қолдану – болашақта дені сау ұрпақты тәрбиелеуге және мемлекетіміздің өнімді халқын қалыптастыруға ықпал етеді.

4. Су ресурстары сапасының деңгейі, %

Су ресурстарының сапасы адам өмірі мен хал-ахуалында шешуші рөл атқарады. Су – сапалы өмірдің негізі және тұтастай алғанда елдің экожүйесінің ең маңызды ресурсы.

Әсіресе балалар үшін таза суға қол жеткізу өте маңызды, өйткені дәл осы кезеңде олардың денесі әртүрлі аурулар мен ластаушы заттарға сезімтал болады. Көптеген аурулар судың ластануынан туындауы мүмкін. Құрамында улы заттары бар су жұқпалы ауруларға алып келеді және жүйке жүйесінің, ас қорыту мүшелерінің дамуына және жалпы ұрпақ жалғастыру қабілетіне кері әсер етеді.

Су қоймаларына түсетін ауыр металдар, пестицидтер және басқа да улы заттар сияқты химиялық ластаушы заттар балалардың денсаулығына ауыр әсер етуі мүмкін. Бұл заттардың ұзақ уақыт әсер етуі баланың интеллектуалдық қабілетіне зиянын тигізеді.

ТДМ-ға қол жеткізу – бұл кедейлік, теңсіздік, климаттың өзгеруі және басқа да сын-қатерлерді шешуге бағытталған жаһандық жоспар. Ел ТДМ-ны мемлекеттік жоспарлау жүйесіне енгізіп, 2030 жылға дейін ТДМ бойынша 88 ұлттық көрсеткішке қол жеткізуге ұмтылуда. Соңғы өзекті деректерге сәйкес, 2023 жылға қарай Қазақстан ТДМ 6.3.2 индикаторы – жақсы сапалы суы бар су нысандарының үлесі бойынша 49 % көрсеткішке жетті. Бұл ұлттық мақсаттан едәуір жоғары және прогрестің тұрақтылығын көрсетеді.

Сонымен қатар, ағынды суларды тазарту бойынша түбегейлі шараларды жалғастыру қажеттігі атап өтілуде, бұл халықаралық стандарттарға шығуға және елдің экологиялық экожүйесін жақсартуға мүмкіндік береді.

СЖжРА ҰСБ деректері бойынша, судың сапасы жақсы су ресурстарының үлесі соңғы 5 жылда тұрақты өсу үрдісін көрсетті. 2024 жылы көрсеткіш мәні 49% құрады (4.1-сурет).



4.1-сурет. Су сапасы жақсы су объектілерінің үлесі, %

Деректер көзі:https://kazstat.github.io/ТДМ -site-kazstat/ru/6-3-2/

Су сапасының деңгейі 2024 жылы 2023 жылғы деректермен салыстырғанда 2%-ға өсіп, 44,5%-ды құрады. Республикалық деңгейде су ресурстарының сапасы мен жағдайының біршама жақсарғанын көрсетеді, Дегенмен, оң динамикаға қарамастан, өңірлердің едәуір бөлігінде халықты таза сумен қамтамасыз ету проблемалары өзектілігін жойған жоқ (4.4-кесте).

Жалпы алғанда, 6 өңірде су ресурстарының сапасы 100 пайызды құрап отыр. Алматы облысында су сапасының айтарлықтай жақсарғаны байқалады, 2024 жылы 100%-ға жетіп, +8,4%-ға өсті. Жетісу, Қызылорда және Павлодар облыстарында, Алматы және Шымкент қалаларында да су сапасының жоғары деңгейі сақталуда, бұл өңірдің су ресурстарының тұрақтылығын көрсетеді. Бұл сумен жабдықтау инфрақұрылымын жақсарту бойынша табысты шаралардың, су объектілерін қорғауға бағытталған экологиялық және инфрақұрылымдық шаралардың жүзеге асырылуының арқасында болуы мүмкін.

Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан облыстары мен Астана қаласында су ресурстарының сапасына қатысты алаңдатарлық жағдай тіркелді. Су ресурстарының сапа деңгейінің мәні 0% құрайды.

4.4-КЕСТЕ. СУ РЕСУРСТАРЫНЫҢ САПАСЫНЫҢ ДЕҢГЕЙІ, %

№	Аймақ	2023	2024	Динамика
	ҚР	**42,5**	**44,5**	**2,0**
1	Абай	33,3	33,3	0,0
2	Ақмола	28,5	42,8	14,3
3	Ақтөбе	0,0	0,0	0,0
4	Алматы	91,6	100,0	8,4
5	Атырау	0,0	33,3	33,3
6	Шығыс Қазақстан	86,6	73,3	-13,3
7	Жамбыл	25,0	42,8	17,8
8	Жетісу	100,0	100,0	0,0
9	Батыс Қазақстан	62,5	0,0	-62,5
10	Қарағанды	0,0	0,0	0,0
11	Қостанай	0,0	18,2	18,2
12	Қызылорда	100,0	100,0	0,0
13	Маңғыстау	-	-	-
14	Павлодар	100,0	100,0	0,0
15	Солтүстік Қазақстан	0,0	0,0	0,0
16	Түркістан	33,3	50,0	16,7
17	Ұлытау	0,0	50,0	50,0
18	Алматы қаласы	100,0	100,0	0,0
19	Астана қаласы	20,0	0,0	-20,0
20	Шымкент қаласы	100,0	100,0	0,0

Мәліметтер көзі: ҚР ЭТРМ «Қазгидромет» РМК
Ескерту: су сапасы жақсы су объектілерінің үлесін есептеу үшін «Су объектілеріндегі су сапасын жіктеудің бірыңғай жүйесі» бойынша көлдер мен теңіздердің сапа класы ескерілмейді ((Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің 09.11.2016 ж. No 151 бұйрығы)

2024 жылы 370 бақылау нүктесінде орналасқан (2023 ж. – 372)132 су нысанында (2023-134)жер үсті және теңіз суларының сапасына мониторинг жүргізілді, оның ішінде 87 өзенде (2023-88), 28 көлде (2023-29), 13 су қоймасында (2023-13), 3 арнада (2023 ж. – 3) және 1 теңізде (2023 ж. – 1) (2023 ж. – 1) жүргізілді. Елімізде жер үсті суларының сапасының барлығы 60 көрсеткіші анықталған.

Жер үсті суларының сапасына жүргізілген мониторинг нәтижелері бойынша 1–3-сыныпқа (жақсы сапа) – 49 (2023 – 46), 3 және одан жоғары сыныпқа – 34 (2023 – 36), 5 – сыныпқа (ең нашар сапа) – 11 (2023 – 4), және 5-сыныптан жоғары су нысандары – 16 (2023 – 22 және жоғары).

Судан сынама алу және талдау физикалық-химиялық сапа көрсеткіштері бойынша жүргізіледі: органолептикалық көрсеткіштер, негізгі иондар, биогендік және органикалық заттар, бейорганикалық заттар, ауыр металдар.

Бұл көрсеткіш елдегі Балалардың хал-ахуалы ыиндексін есептеу кезінде маңызды. Таза ауыз су балалардың физикалық және психо-эмоционалды саулығының негізгі шарты болып табылады. Жалпы, ауыз судың сапасына бақылауды күшейту ұсынылды, әсіресе, білім беру ұйымдарында.

Талдау нәтижелері ауылдық және қала маңындағы елді мекендерді сумен жабдықтау жүйесін дамытудың, гигиеналық және су қауіпсіздігі бағдарламасын жүзеге асырудың, ластанған көздерді бақылаудың және оларды дер кезінде жоюдың маңыздылығын көрсетеді.

5. Қатты жабыны бар аудандық/облыстық маңызы бар жолдардың үлесі, %

Балалардың хал-ахуалын қамтамасыз етуде, олардың өмірі мен дамуы үшін қауіпсіз және жайлы жағдай жасауда асфальтталған жолдар маңызды рөл атқарады. Бұл әсіресе қалалар мен елді мекендерде жолкөлік оқиғаларының қаупін айтарлықтай төмендетеді. Жол қозғалысы қауіпсіздігі балалар арасындағы жарақаттануды азайтумен тікелей байланысты, бұл еліміздің қазіргі заманғы урбанизация жағдайында ерекше маңызды.

Жақсы жолдар балалардың белсенді демалу мүмкіндігін қамтамасыз етіп, инфрақұрылым дамиды. Қауіпсіз жолдар спорт алаңдарына, мәдени және ойын-сауық орталықтарына қатынауды қамтамасыз етеді. Бұл балалардың физикалық және әлеуметтік дамуына оң әсерін тигізіп, олардың әртүрлі іс-шараларға қатысуына және қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Сапалы жолдар ауаның сапасын жақсартуға және ластануды азайтуға көмектеседі, көліктерден шығатын шаң мен шығарындыларды азайту балалардың денсаулығы үшін маңызды, әсіресе қозғалыс тығыздығы жоғары қалаларды назарда ұстау қажет. Тыныс алу жолдары ауруларының және балалар кездесуі мүмкін басқа да аурулардың алдын алу үшін салауатты орта маңызды.

2024 жылы қатты жабыны бар аудандық/облыстық жолдардың үлесі 2023 жылмен салыстырғанда 1%-ға төмендеп, 89%-ды құрады (4.5-кесте).

Жалпы 5 өңірде бұл көрсеткіштің өскені байқалады: Қостанай (+12,6%), Маңғыстау (+9%), Қызылорда (+6,5%), Павлодар (+2,6%) және Шығыс Қазақстан (+1,9%) облыстарында.

20 өңірдің 12-сінде қатты жабындары бар аудандық/облыстық жолдар үлесінің -0,7%-дан төмендегенін көрсетеді -15,1%. Бұл көрсеткіштің айтарлықтай төмендеуі Батыс Қазақстан (-15,1%) және Ақмола (-10%) облыстарында байқалады.

4.5-КЕСТЕ. ҚАТТЫ ЖАБЫНДАРЫ БАР АУДАНДЫҚ/ОБЛЫСТЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ЖОЛДАРДЫҢ ҮЛЕСІ, %

№	Аймақ	2023	2024	Динамика
	ҚР	**90,0**	**89**	**-1**
1	Абай	91,6	88	-3,6
2	Ақмола	99,5	89,5	-10
3	Ақтөбе	83,8	80	-3,8
4	Алматы	97,9	94	-3,9
5	Атырау	80,9	78	-2,9
6	Шығыс Қазақстан	91,1	93	1,9
7	Жамбыл	99,7	99	-0,7
8	Жетісу	99,2	94	-5,2
9	Батыс Қазақстан	71,1	56	-15,1
10	Қарағанды	98,4	95	-3,4
11	Қостанай	76,4	89	12,6
12	Қызылорда	86,0	92,5	6,5
13	Маңғыстау	88,0	97	9
14	Павлодар	92,4	95	2,6
15	Солтүстік Қазақстан	86,8	84	-2,8
16	Түркістан	97,0	93,7	-3,3
17	Ұлытау	97,9	93	-4,9

Деректер көзі: СЖжРА ҰСБ

Қатты жабынды жолдарды іске қосу дизайннан бастап ұзақ мерзімді жөндеуге дейінгі көптеген аспектілерге кешенді көзқарас пен назар аударуды талап етеді. Инфрақұрылымдық жол шешімдері тақырыбында балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығы басты маңызды мәселе болып қала береді.

6. Аула/көше ойындарына арналған орындардың, оның ішінде спорттық ұйымдардың қолжетімділігі, %

Дене белсенділігінің артуы, балалардың психоэмоционалдық жағдайының нашарлауы және созылмалы аурулар санының артуы аясында ашық ауадағы ойындар мен спорт инфрақұрылымына қолжетімділік отбасының кіріс деңгейіне немесе тұрғылықты жеріне қарамастан, балалардың барлық санаттары үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету және денсаулық мәселесінің алдын алу факторына айналуда.

Балаларды қауіпсіз және жақсы ұсталған ойын алаңдарымен және спорт алаңдарымен қамтамасыз ету балалардың мектептен тыс белсенді демалысы мен әлеуметтенуінің нақты мүмкіндіктерін көрсетеді.

Тұрақты түрде таза ауада ойын ойнау мен спортпен айналысу физикалық денсаулықты жақсартып, иммундық жүйені нығайтуға ықпал етеді. Мұндай орындар қауіпсіз демалыс ортасын қалыптастырады, асоциалды мінез-құлық пен экран алдында өткізілетін уақыттың көлемін азайтады.

Көше ойындары мен спорт алаңдарын дамыту — бұл балалардың денсаулығы, дамуы және әл-ауқатына инвестиция болып табылады, сонымен қатар балалардың қала және әлеуметтік саясатының маңызды элементі болып саналады.

10-18 жас аралығындағы балалар мен олардың ата-аналары арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша, балалардың аулада және көшелерде бейресми түрде физикалық тәрбиеленуі үшін жағдай жасау туралы субъективті көрсеткіште сәл оң динамика байқалады (+0,11%). 2024 жылы балалар мен ата-аналардың пікірінше республикалық орташа қолжетімділік көрсеткіші 69,01% құрады (4.6-кесте).

Кішігірім өзгеріске қарамастан, жалпы алғанда мұндай орындардың қолжетімділігі жақсару тенденциясы байқалады, бірақ ол жалпыұлттық деңгейде аса маңызды емес.

Сауалнама нәтижелері бойынша балалар мен ата-аналардың пікірінше қолжетімділіктің ең үлкен өсуі байқалған ең үздік 5 өңірге Ақмола облысы (+2,4%), Жамбыл облысы (+2,1%), Қарағанды облысы (+1,7%), Қызылорда облысы (+1,6%), Ақтөбе облысы (+1,5%) және Астана қаласы (+1,9%) кіреді. Бұл өңірлер ойын және спорт алаңдарының қолжетімділігін жақсартуға бағытталған тиімді шараларды жүзеге асырғанын көрсетеді, соның ішінде өңірлік бағдарламалар мен спорт нысандарын дамытуға салынған инвестициялар арқылы.

Сауалнама нәтижелері бойынша, Алматы (80,9%) және Астана (77,2%) қалалары балалар мен жастардың демалысы үшін инфрақұрылымдық шешімдердің дамығанын көрсетіп, қолжетімділік бойынша көшбасшы болып отыр. Аздаған өзгерістерге қарамастан, өңірлер қолжетімділіктің жоғары деңгейінде қалып отыр, бұл олардың тұрақты дамуын растайды.

Аулада және көшеде ойнау, соның ішінде спорттық нысандарға қолжетімділік көрсеткішін балалар мен ата-аналар республикалық орташа деңгейден төмен деп бағалаған 10 өңір бар. Олар: Ұлытау облысы (59,8%), Шымкент қаласы (61,2%), Түркістан облысы (61,4%), Маңғыстау облысы (61,9%), Абай облысы (64,3%), Жетісу облысы (64,8%), Атырау облысы (65,8%), Шығыс Қазақстан облысы (66,8%), Батыс Қазақстан облысы (66,8%) және Қостанай облысы (67,8%).

4.6-КЕСТЕ. АУЛА/КӨШЕ ОЙЫНДАРЫНА АРНАЛҒАН ОРЫНДАРДЫҢ, ОНЫҢ ІШІНДЕ СПОРТТЫҚ ҒИМАРАТТАРДЫҢ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІ, %

№	Аймақ	2023	2024	Динамика
	ҚР	**68,9**	**69,01**	**0,11**
1	Абай	63,1	64,3	1,2
2	Ақмола	75,9	78,3	2,4
3	Ақтөбе	70,8	72,3	1,5
4	Алматы	69,7	70,3	0,6
5	Атырау	64,7	65,8	1,1
6	Шығыс Қазақстан	65,7	66,8	1,1
7	Жамбыл	67,2	69,3	2,1
8	Жетісу	64,6	64,8	0,2
9	Батыс Қазақстан	66,2	66,8	0,6
10	Қарағанды	67,4	69,1	1,7
11	Қостанай	67,3	67,8	0,5
12	Қызылорда	73,5	75,1	1,6
13	Маңғыстау	61,0	61,9	0,9
14	Павлодар	71,3	72,4	1,1
15	Солтүстік Қазақстан	73,6	74,8	1,2
16	Түркістан	60,2	61,4	1,2
17	Ұлытау	58,6	59,8	1,2
18	Алматы қаласы	80,7	80,9	0,2
19	Астана қаласы	75,3	77,2	1,9
20	Шымкент қаласы	60,5	61,2	0,7

Деректер көзі: Сауалнама нәтижелері (10-18 жас аралығындағы балалар мен олардың ата-аналарына сауалнама)

Осылайша, инфрақұрылымы нашар дамыған өңірлер балаларға арналған спорт алаңдары мен аула аумақтарын құруға және абаттандыруға қосымша, анағұрлым қарқынды инвестицияларды талап етеді.

Балалар мен ата-аналардың пікірлері қолжетімділікке төмен баға берген өңірлердегі жағдайды жақсарту үшін, әсіресе, шалғайдағы және ауылдық елді мекендерде спорт нысандарын құру және күтіп ұстау жөніндегі өңірлік бағдарламаларды күшейту ұсынылады.

Қол жетімділік деңгейі жоғары қалалар үшін барлық жастағы балаларға өте жақсы қызмет көрсету мақсатында бар нысандарды жаңартуды жалғастыру және жаңа сайттарды құру маңызды.

Жалпы алғанда, елде ашық ойын алаңдары мен спорт нысандарының қолжетімділігін жақсартудың оң үрдісі байқалады.

Елде бұқаралық спортты дамыту және салауатты өмір салтын насихаттау көбіне спорт инфрақұрылымының дамуына тікелей байланысты.

Бүгінде республика бойынша спорттық нысандардың жалпы саны – 25 725 бірлікті құрайды (оның ішінде дене шынықтыру-спорттық нысандар (ДШСН) – 12 537, білім беру мекемелерінің (ББМ) нысандары – 11 745, спорт мектептері – 1 443).

Халықтың спорт инфрақұрылымымен қамтамасыз етілуінің орташа деңгейі 1000 адамға шаққанда – 55,1%-ды құрады (Орташа деңгейден төмен көрсеткіш тіркелген өңірлер: Абай, Алматы, Қызылорда, Түркістан, Шығыс Қазақстан, Ұлытау облыстары, сондай-ақ Астана және Шымкент қалалары).

Сонымен қатар, 2023 жылы Министрлік республика бойынша спорттық нысандарға түгендеу жүргізді. Нәтижесінде спорт нысандарына аса мұқтаж елді мекендер анықталып, жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп анықталған кемшіліктерді жою жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді.

Қазіргі уақытта осы жоспарға сәйкес ел аумағында спорттық нысандарды салу және қайта жаңғырту, сондай-ақ ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Қолжетімді аула және көше ойын алаңдары мен спорттық ғимараттарды құру және күтіп ұстау өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуын, олардың физикалық және психо-эмоционалдық денсаулығын қалыптастырудағы маңызды қадам болып табылады.

7. Уәкілетті органның қабылданған тиісті стандарттары мен талаптарына сәйкес келетін бейнебақылаумен қамтамасыз етілген ЖАО-ға ведомстволық бағыныстағы күндізгі мемлекеттік жалпы білім беретін орта білім беру ұйымдарының үлесі, %

Қазіргі білім беру жүйесінің алдында бірнеше міндеттер тұр, олардың бірі — білім беру ұйымдарындағы оқушылар мен мұғалімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Мектептерде бейнебақылау камераларын орнату оқушылар үшін сәтті білім алу мен мұғалімдер үшін кәсіби оқытуға арналған қауіпсіз оқу ортасын қалыптастыруға ықпал етеді.

Мектептерде бейнебақылау камераларын орнату оқушылар үшін табысты оқу және мұғалімдер үшін кәсіби оқытуда қауіпсіз білім беру ортасын құруға көмектеседі.

Бейнебақылау оқиғаларға жедел ден қоюға мүмкіндік береді және құқық бұзушылықтың алдын алудың тиімді әдісі болып табылады. Сонымен қатар, даулы жағдайлар туындаған кезде, бейнежазба маңызды дәлел көзіне айналады, бұл білім беру процесіне қатысушылардың құқықтық қорғалу деңгейін арттырады

Бейнебақылау тәртіп ережелерінің орындалуын да қадағалайтын құрал болып табылады, бұл тәртіп пен ұстанымды қамтамасыз етеді.

2024 жылы күндізгі жалпы орта



4.2-сурет. Мектептерді бейнебақылау, бөлімшелермен қамтамасыз ету. Деректер көзі: ІІМ, ОМ

білім беретін 7 747 мектептің 6 140-ы бейнебақылау камераларымен жабдықталған, бұл мектептердің 79,3%-ы бейнебақылау құралдарымен қамтылғанын көрсетеді (4.2-сурет).

2024 жылы қабылданған стандарттарға және уәкілетті органның техникалық талаптарына сәйкес бейнебақылаумен жабдықталған жергілікті атқарушы органдарға ведомстволық бағынысты күндізгі мемлекеттік жалпы орта білім беру ұйымдарының үлесі 89%-ды құрады, бұл 2023 жылғы көрсеткіштен 10,9%-ға төмен (4.7-кесте).

Алайда, 13 өңірде уәкілетті органның қабылдаған стандарттары мен техникалық талаптарына сәйкес келетін бейнебақылаумен қамтамасыз етуде теріс динамика тіркелді. Олар: Ұлытау облысы (-47%), Қарағанды облысы (+26%), Шығыс Қазақстан облысы (-21%), Солтүстік Қазақстан облысы (-19%), Ақмола облысы (-18%), Түркістан облысы (-16%), Батыс Қазақстан облысы (-15%) және Қостанай облысы (-13%).

Мектептерді бейнебақылаумен қамтамасыз етудің төмендеуі оқушылардың қауіпсіздігіне төнетін қауіптердің артуына байланысты елеулі алаңдаушылық тудырады.

3 өңірде ЖАО-ға бағынысты күндізгі мемлекеттік жалпы орта білім беретін орта білім беру ұйымдарында уәкілетті органның қабылданған стандарттары мен техникалық талаптарына сәйкес келетін бейнебақылаумен тұрақты 100% қамтамасыз етілуде. Оларға Жетісу облысы, Қызылорда, Павлодар облыстары және Астана мен Шымкент қалалары жатады.

4.7-КЕСТЕ. УӘКІЛЕТТІ ОРГАННЫҢ ҚАБЫЛДАНҒАН СТАНДАРТТАРЫ МЕН ТЕХНИКАЛЫҚ ТАЛАПТАРЫНА СӘЙКЕС КЕЛЕТІН БЕЙНЕБАҚЫЛАУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛГЕН ЖЕРГІЛІКТІ АТҚАРУШЫ ОРГАНДАРҒА ВЕДОМСТВОЛЫҚ БАҒЫНЫСТЫ КҮНДІЗГІ МЕМЛЕКЕТТІК ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҮЛЕСІ, %

№	Аймақ	2023	2024	Динамика
	ҚР	**99,9**	**89**	**-10,9**
1	Абай	100	90	-10
2	Ақмола	100	82	-18
3	Ақтөбе	100	89	-11
4	Алматы	100	94	-6
5	Атырау	100	91	-9
6	Шығыс Қазақстан	98,0	77	-21
7	Жамбыл	94,0	95	1
8	Жетісу	100	100	0
9	Батыс Қазақстан	100	85	-15
10	Қарағанды	100	74	-26
11	Қостанай	95,0	82	-13
12	Қызылорда	100	100	0
13	Маңғыстау	100	98	-2
14	Павлодар	100	100	0
15	Солтүстік Қазақстан	100	81	-19
16	Түркістан	100	84	-16
17	Ұлытау	100	53	-47
18	Алматы қаласы	90,0	100	10
19	Астана қаласы	100	100	0
20	Шымкент қаласы	100	100	0

Деректер көзі: ІІМ, ОМ

ЖАО-ның мәліметі бойынша, уәкілетті орган қабылдаған стандарттар мен техникалық талаптарға сәйкес бейнебақылаумен қамтамасыз етілуге тиіс білім беру ұйымдарының саны 13 927 (6 605 балабақша (2 321 мемлекеттік және 4 284 жекеменшік), 6 620 мектеп (5 881 мемлекеттік және 739 жекеменшік), сондай-ақ 702 колледж (395 мемлекеттік және 307 жекеменшік) кіреді.

7833 мемлекеттік білім беру ұйымдарында (1970 балабақша, 5496 мектеп, 367 колледж) Жедел басқару орталықтарына (ЖБО) немесе ішкі істер органдарының кезекші пункттеріне бейнебақылау камераларын қосу жұмыстары жүргізілді, бұл 92%-ды құрайды.

Бекітілген стандарттар мен уәкілетті органдардың техникалық талаптарына сәйкес келетін мектептерді бейнебақылаумен қамтамасыз ету қауіпсіз білім беру ортасын құрудың қажетті шарты болып табылады. Осы талаптарды сақтау арқылы ғана біз жүйенің жоғары сапасына, оның құқық бұзушылықтың алдын алудағы және төтенше жағдайларға дер кезінде ден қоюдағы тиімділігіне кепілдік бере аламыз.

Бейнебақылау білім беру ұйымдарының сапаны басқару процестеріне деген сенімді арттыруға көмектеседі. Оқу процесінің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің заманауи технологияларын енгізу ата-аналарға өз балаларының қауіпсіздігіне сенімді болуға мүмкіндік беретін жайлы, ашық және басқарылатын ортаны қалыптастырады.

2024 жылғы ақпанда ОМ нұсқаулығына ЖБО-ға қосылу және дабыл батырмаларын орнату талаптары кеңейтілді, сондай-ақ бейнекамераларға техникалық талаптар белгіленді.

2024 жылғы 25 маусымда ОМ білім беру ұйымдарының қызметіне қойылатын Біліктілік талаптарына міндетті түрде қауіпсіздік жүйелерімен жабдықталу туралы (білім беру қызметіне лицензия алуға дейін) өзгерістер енгізді (ОМ 2022 жылғы 24 қарашадағы №473 бұйрығы).

2024 жылғы 4 сәуірде ОМ 2022 жылғы 27 тамыздағы №381 бұйрығына өзгерістер енгізді. Бұл өзгерістер мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру ережелеріне қатысты және жеке білім беру ұйымдарының мемлекеттік білім беру тапсырысын алу үшін Нұсқаулық талаптарын (қауіпсіздік жүйелерімен жабдықталуы) міндетті түрде орындауын қамтамасыз етеді.

8. Орталық кәрізбен жабдықталған барлық тұрғын үй қорының жалпы алаңының үлесі, %

Тұрғын үйді орталықтандырылған кәріз сияқты заманауи инфрақұрылымдық шешімдермен қамтамасыз ету – балалардың денсаулығы мен жағдайын қорғаудың негізгі кепілі. Тұрғын үйлердегі тазалық пен қауіпсіздік өскелең ұрпақтың физикалық және психологиялық дамуына тікелей әсер етеді. Орталықтандырылған кәріз жүйесінің болуы тұрғын үй кешендеріндегі санитарлық жағдайды жақсартып, жұқпалы аурулардың таралу қаупін азайтуға, сондай-ақ жайлы өмір сүру ортасын қалыптастыруға ықпал етеді. Әсіресе, балалар үшін қауіпсіз әрі гигиеналық тұрмыс жағдайларын қамтамасыз ету маңызды, себебі бұл олардың физикалық денсаулығына ғана емес, отбасындағы жалпы өмір сапасына да оң әсерін тигізеді.

ҚР БП СЖжРА ҰСБ деректері бойынша, 2023 жылғы мәліметтермен салыстырғанда, 2024 жылы орталық кәріз жүйесімен жабдықталған барлық тұрғын үй қорының жалпы алаңының үлесі 1,5%-ға өсіп, 77,6%-ды құрады (4.8-кесте).

Астана қаласы мен Жамбыл облысы барлық тұрғын үй қорының орталық кәріз жүйесімен 100% қамтамасыз етілгенін көрсетіп отыр.

Орталық кәріз жүйесімен жабдықталған тұрғын үй қорының жалпы алаңының үлесі республиканың 11 өңірінде орташа республикалық деңгейден төмен. Атап айтқанда, бұл өңірлерге Абай (62,1%), Ақмола (66,2%), Алматы (66,4%), Шығыс Қазақстан (75,9%), Жетісу (62,1%), Батыс Қазақстан (71,2%), Қостанай (70,6%), Қызылорда (50,1%), Павлодар (73,9%), Солтүстік Қазақстан (50,9%) және Түркістан (29,6%) облыстары жатады.

4.8-КЕСТЕ. ОРТАЛЫҚ КӘРІЗБЕН ЖАБДЫҚТАЛҒАН БАРЛЫҚ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚОРЫНЫҢ ЖАЛПЫ АЛАҢЫНДАҒЫ ҮЛЕСІ, %

№	Аймақ	2023	2024	Динамика
	ҚР	**76,1**	**77,6**	**1,5**
1	Абай	60,3	62,1	1,8
2	Ақмола	62,4	66,2	3,8
3	Ақтөбе	85,2	86,7	1,5
4	Алматы	63,9	66,4	2,5
5	Атырау	91,0	91,5	0,5
6	Шығыс Қазақстан	74,8	75,9	1,1
7	Жамбыл	100,0	100,0	0
8	Жетісу	59,8	62,1	2,3
9	Батыс Қазақстан	67,2	71,2	4
10	Қарағанды	86,2	86,6	0,4
11	Қостанай	69,4	70,6	1,2
12	Қызылорда	47,6	50,1	2,5
13	Маңғыстау	98,4	98,5	0,1
14	Павлодар	73,5	73,9	0,4
15	Солтүстік Қазақстан	47,9	50,4	2,5
16	Түркістан	28,0	29,6	1,6
17	Ұлытау	92,2	92,6	0,4
18	Алматы қаласы	98,2	98,4	0,2
19	Астана қаласы	100,0	100,0	0
20	Шымкент қаласы	84,8	86,4	1,6

Деректер көзі: СЖжРА ҰСБ

Жалпы алғанда, еліміздің ешбір облысында бұл көрсеткіштің теріс динамикасы байқалмайды. Дегенмен, адамның негізгі қажеттіліктерінің бірі ретінде орталық кәріз жүйесімен жабдықталған тұрғын үй қорының жалпы алаңын 100% деңгейінде қамтамасыз ету әлі де жүзеге аспай отыр.

Дүниежүзілік банк «The Role of Water and Sanitation in Economic Development» атты зерттеуінде сумен жабдықтау мен санитарияның экономикалық дамуындағы рөлін, әсіресе дамушы елдердегі маңызын талдады. Сарапшылардың пікірінше, санитарлық жағдайдың жақсаруы мен таза суға қолжетімділік халықтың денсаулығын жақсартып, еңбек өнімділігін арттырып, денсаулық сақтау шығындарын азайту арқылы экономикалық өсімге тікелей әсер етеді.

Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, елдерде экономикалық өсімді және әлеуметтік тұрақтылықты ынталандыру үшін сумен жабдықтау және кәріз жүйелеріне инвестиция салу қажет. Санитарлық жағдайдың жақсаруы — өмір сүру сапасын арттырып қана қоймай, тұрақты дамудың да маңызды факторы болып табылады. https://www.worldbank.org/en/topic/watersupply

ЭЫДҰ ««Water Governance in OECD Countries: A Multi-level Approach» атты зерттеуінде су ресурстары мен санитарияны басқару мәселелерін қарастырады. Жуырда жарияланған есептердің бірінде ресурстарды әділ бөлу, инфрақұрылымның тұрақтылығын қамтамасыз ету және қоршаған ортаны қорғау сияқты аспектілерге назар аудара отырып, сумен жабдықтау және канализация саласындағы көп деңгейлі басқарудың маңыздылығы атап өтілді.

Сарапшылар су және санитария қызметтеріне қолжетімділікті тиімді жақсарту үшін инфрақұрылымның тұрақтылығын қамтамасыз ететін және халықтың барлық әлеуметтік топтары үшін негізгі қызметтерге тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін басқару жүйесін құру қажет екенін атап көрсетуде. Сондай-ақ, су және санитария тапшылығы мәселесін шешуде инновациялық технологияларды енгізу маңызды аспект болып табылады.

https://www.oecd.org/gov/regional-policy/water-governance-in-oecd-countries-9789264292649-en.htm

Балалардың хал-ахуалын қамтамасыз ету және санитарлық-тұрмыстық жағдайларды жақсарту мақсатында тұрғын үй қорын жаңғыртуға және барлық тұрғын үй объектілерін орталықтандырылған кәріз жүйесімен міндетті түрде жабдықтауға бағытталған бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру ұсынылады. Бұл жаңа тұрғын үй кешендері үшін де, қайта құруға жататын объектілер үшін де міндетті стандартқа айналуы тиіс.

Сондай-ақ орталықтандырылған кәріз жүйесін монтаждау және жөндеу сапасына ерекше назар аудара отырып, тұрғын үй құрылысында санитарлық нормалар мен өзге де нормалардың сақталуына бақылауды күшейту маңызды. Бұл, әсіресе, қазіргі қалалық жағдайларда, балалар мен олардың отбасыларының денсаулығына төнетін қауіп-қатерлерді барынша азайтуға мүмкіндік береді.

Сапалы кәріз жүйесінің маңыздылығы туралы азаматтардың хабардарлығын арттыру үшін ақпараттық кампаниялар жүргізу, сондай-ақ апатты жағдайлардың алдын алу мақсатында жүйелі техникалық қызмет көрсету мен профилактикалық жұмыстарды ынталандыру қажет. Мұндай шаралар балалардың амандығы мен әл-ауқатына теріс әсер етуі мүмкін тәуекелдердің алдын алуға мүмкіндік береді.

Суды сапалы түрде ағызуды жақ-

сартуға бағытталған экологиялық және энергия тиімді технологияларға инвестициялау өскелең ұрпақтың денсаулығын сақтау мен қоршаған ортаны қорғауда маңызды рөл атқарады, бұл болашақ ұрпақ үшін перспективалы бағыт болып табылады.

Барлық балалардың қауіпсіз әрі қолайлы жағдайда өсуі мен дамуын қамтамасыз ету үшін аз қамтылған отбасыларға және орталықтандырылған кәріз жүйесі әлі орнатылмаған өңірлерге көмек көрсетуге бағытталған қаржылық механизмдерді құруға ерекше назар аудару қажет.

Тұрғын үйді орталықтандырылған кәріз жүйесімен қамтамасыз ету балалардың өмірі мен хал-ахуалы үшін қауіпсіз және салауатты жағдай жасаудың құрамдас бөлігі болып табылады. Тек жоғары сапалы инфрақұрылым болған жағдайда ғана біз балаларды жұқпалы аурулардан қорғауға және олардың жайлы және қауіпсіз дамуын қамтамасыз етуге кепілдік бере аламыз.

9. Белгіленген сапа нормаларына сәйкес келмейтін ауызсу сынамаларының үлесі, %

Ауыз су – мемлекеттің стратегиялық ресурсы. Таза суға кепілдік берілген қолжетімділік тек экология мен денсаулық сақтау мәселесі ғана емес, ол ұлттық қауіпсіздіктің, әлеуметтік тұрақтылықтың және тұрақты дамудың негізі болып табылады. Қазіргі таңда су инфрақұрылымына салынған инвестициялар – ертеңгі ұлттың өмірін, денсаулығын және болашағын қорғаудың кепілі.

Жоғары сапалы су – экожүйелердің қалыпты өмірі мен қызметін сақтауда маңызды фактор болып табылады. Халықты барлық қажетті стандарттарға сәйкес келетін таза ауыз сумен қамтамасыз ету – ұлттық деңгейде де, халықаралық деңгейде де ең басты міндет.

Халықты сумен қамтамасыз етудің қазіргі заманғы жағдайында ауыз судың сапасы адамның жалпы хал-ахуалын анықтайтын өзекті мәселеге айналған. Белгіленген сапа стандарттарына сәйкес келмейтін су дамып келе жатқан баланың денесінің иммундық жүйесін әлсіретуі мүмкін.

2024 жылы ҚР БП СЖжРА ҰСБ деректері бойынша, ауыз су сапасына қойылған нормативтерге сәйкес келмейтін сынамалар үлесі 2,2%-ға өсіп, 5,8%-ды құрады. Бұл көрсеткіш теріс динамика екенін білдіреді (4.9-кесте).

Аймақтық деңгейде 2023 жылмен салыстырғанда елдің 13 өңірінде жағдай жақсарды. Абай, Ақтөбе, Қарағанды, Қызылорда, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан облыстары мен республикалық маңызы бар Астана және Шымкент қалаларында ауыз су белгіленген сапа стандарттарына сәйкес келеді.

Сондай-ақ, белгіленген сапа стандарттарына сәйкес келмейтін ауыз су сынамаларының үлесін азайту бойынша ілгерілеушілік Ақмола (-19,4%), Жетісу (-4,2%), Батыс Қазақстан (-4,9%) және Павлодар (-3,8%) облыстарында байқалады.

Бұл ретте ауыз су сынамалары сапа талаптарына сай еместігінің үлесі Атырау (+36,6%), Жамбыл (+29,5%), Қостанай (+9,1%), Түркістан (+3,8%), Алматы облыстары (+1,6%), Шығыс Қазақстан (+0,5%) облыстары, Ұлытау облысы (+5,6%) және Алматы қаласында (+1,9%) өсу тенденциясын көрсетті.

4.9-КЕСТЕ. БЕЛГІЛЕНГЕН САПА НОРМАЛАРЫНА СӘЙКЕС КЕЛМЕЙТІН АУЫЗСУ ҮЛГІЛЕРІНІҢ ҮЛЕСІ, %

№	Аймақ	2023	2024	Динамика
	ҚР	**3,6**	**5,8**	**2,2**
1	Абай	0,5	0	-0,5
2	Ақмола	26,9	7,5	-19,4
3	Ақтөбе	1,3	0	-1,3
4	Алматы	1,5	3,1	1,6
5	Атырау	2,3	38,9	36,6
6	Шығыс Қазақстан	3,9	4,4	0,5
7	Жамбыл	0,9	30,4	29,5
8	Жетісу	6,8	2,6	-4,2
9	Батыс Қазақстан	6,9	2	-4,9
10	Қарағанды	0,7	0	-0,7
11	Қостанай	2,9	12	9,1
12	Қызылорда	1,8	0	-1,8
13	Маңғыстау	4,4	0	-4,4
14	Павлодар	4,4	0,6	-3,8
15	Солтүстік Қазақстан	0,8	0	-0,8
16	Түркістан	1,4	5,2	3,8
17	Ұлытау	0,2	5,8	5,6
18	Алматы қаласы	3,4	5,3	1,9
19	Астана қаласы	0,1	0	-0,1
20	Шымкент қаласы	1,3	0	-1,3

Деректер көзі: СЖжРА ҰСБ

ДДСҰ «Water, Sanitation and Hygiene» атты зерттеуінде қауіпсіз ауыз су мен санитарлық қызметтердің жетіспеушілігі әлемдегі, әсіресе балалар арасындағы аурулардың негізгі себептерінің бірі екенін атап көрсетеді. Атап айтқанда, ДДСҰ-ның мәліметтері бойынша, жыл сайын 829 000-ға жуық адам нашар санитарлық

жағдайға байланысты аурулардан, соның ішінде диарея мен инфекциялардан қайтыс болады. ДДСҰ таза су мен санитарияға қолжетімділікті қамтамасыз ету, әсіресе 5 жасқа дейінгі балалар арасындағы өлім мен сырқаттанушылықтың төмендеуімен тікелей байланысты екенін атап көрсетеді. Бұл зерттеу үкіметтердің назарын қалалар мен ауылдық жерлерде тұрақты сумен жабдықтау және канализация жүйелерін құру қажеттілігіне аударады. «Ауыз су, санитария және гигиена саласындағы прогресс: 2000-2020».

ЮНИСЕФ жыл сайын ауыз суға, санитарияға және гигиенаға қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша жетістіктер туралы есептер жариялап, әсіресе, табысы төмен елдерде сапалы суға қолжетімділік пен балалардың денсаулығы арасындағы байланысты айқындап отырады. Сарапшылардың мәліметінше, әлемде 2,2 миллиардтан астам адам таза ауыз суға, ал шамамен 4,2 миллиард адам негізгі санитария қызметтеріне қол жеткізе алмай отыр. «Progress on Drinking Water, Sanitation and Hygiene» атты зерттеуде балалардың өмір сүру жағдайларын жақсарту үшін қауіпсіз су мен санитарияға қол жеткізудегі кедергілерді, оның ішінде инфрақұрылымдық, экономикалық және әлеуметтік қиындықтарды жою қажеттігі баса айтылған. Бұл бағыттағы тұрақты даму халықаралық деңгейде инвестициялық және саяси ерік-жігерді талап етеді.

https://www.unicef.org/reports/water-sanitation-hygiene-in-health-care-facilities-fundamentals-first-2020

Осылайша, адамның негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыру мәселелері бойынша халықаралық зерттеулерге шолу көрсеткендей, таза суға және қауіпсіз санитарлық жүйелерге қол жеткізу адамдардың, әсіресе, балалардың денсаулығына тікелей әсер етеді, жұқпалы аурулардың таралуын болдырмайды және балалар өлімінің деңгейін айтарлықтай төмендетеді. Бұл негізгі қызметтердің қолжетімділігі халықтың өмір сүру сапасы мен жалпы хал-ахуалын арттыруға ықпал ететін салауатты әрі қауіпсіз қоршаған ортаны қалыптастырудың маңызды шарты болып табылады.

Барлық зерттеулер адамдардың, әсіресе, дамушы елдердегі тұрғындарды, қажетті су және санитария қызметтерімен қамтамасыз ету үшін тұрақты және ұзақ мерзімді шешімдердің маңыздылығын атап көрсетеді. Бұл мақсатқа қол жеткізу кешенді тәсілді және инфрақұрылымға ауқымды инвестицияларды талап етеді, соның нәтижесінде халықтың барлық әлеуметтік топтары үшін осы өмірлік маңызы бар ресурстарға тең қолжетімділік қамтамасыз етіледі. Бұл — экономикалық тұрақтылықты арттыру, ауруларды емдеуге кететін шығындарды азайту және жалпы әлеуметтік жағдайды жақсарту түрінде пайда әкелетін ұзақ мерзімді инвестициялар.

Ел тұрғындарын, оның ішінде балаларды белгіленген сапа стандарттарына сәйкес келетін ауыз сумен қамтамасыз ету ЖАО жұмысының маңызды құрамдас бөлігіне айналуы тиіс.

Халықаралық стандарттарды сақтау – балалардың денсаулығын қорғаудың міндетті шарты. Қауіпсіз ауызсуға қолжетімділікті қамтамасыз ету қоғам мен мемлекет үшін басымдыққа айналуы қажет, бұл болашақ ұрпақтың әл-ауқатын қамтамасыз етудің негізі болып табылады. Бұл міндеттер ұлттық бағдарламалар аясында да, халықаралық талаптар мен міндеттемелерге сәйкес те іске асырылуы тиіс.

10. Жалпы білім беретін мектептердің жалпы санындағы апатты мектептердің үлесі, %

Білім беру процесі тек академиялық біліммен шектелмейді, сонымен қатар балалардың қолайлы эмоционалдық дамуын қамтамасыз ететін орта болып табылады. Білім беру ұйымдарының инфрақұрылымдық жағдайы оқу процесінің сапасы мен тиімділігіне тікелей әсер етеді.

Оқушылар мен мұғалімдердің өміріне қауіп төндіретін мектептердің болуы білім беру мекемелерінің инфрақұрылымын басқарудағы жүйелі проблемалар мен назардан тыс қалып отырған мәселелердің бар екенін көрсетеді.

Әлеуметтік мәртебесі мен тұрғылықты жеріне қарамастан, барлық балалар үшін қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасын қамтамасыз ету – сапалы білімге тең қолжетімділіктің маңызды шарты. Апатты мектептерде оқитын балалар физикалық тұрғыдан жайсыздықты сезінеді, жарақат алу және ауру қаупіне ұшырайды, психологиялық күйзеліс жағдайында болады.

Осыған байланысты, ЖАО үшін апатты жағдайдағы мектептер үлесін азайту – өңірлік әлеуметтік саясаттағы аса маңызды және шұғыл шешім қабылдауды қажет ететін мәселе болып отыр. Соңғы 5 жылда елімізде апатты жағдайдағы жалпы білім беретін мектептер санының тұрақсыз өсіп-кему үрдісі байқалып отыр.

Апатты жағдайдағы күндізгі мемлекеттік жалпы білім беретін мектептер желісі 2020 жылмен салыстырғанда тұрақты өсу үрдісіне ие (+14 бірлік) (4.3-сурет, 4.1-қосымша).



4.3-сурет. Апатты жағдайдағы күндізгі мемлекеттік жалпы білім беретін мектептер желісінің динамикасы, 2020–2024 жж., бірлік
Деректер көзі: ҰБДҚ

2024 жылы апатты мектептер саны 2023 жылмен салыстырғанда 5 бірлікке азайды (4.10-кесте). Алматы, Шығыс Қазақстан, Жетісу, Қостанай, Павлодар облыстары мен Алматы мен Шымкент қалаларында апатты мектептердің мәселесі толығымен шешілді.

Апатты жағдайдағы жалпы білім беретін мектептер үлесінің төмендеуі бойынша оң динамика байқалған өңірлер: Абай (-0,27%), Ақмола (-0,21%), Ақтөбе (-0,74%), Жамбыл (-0,18%), Батыс Қазақстан (-0,22%), Қызылорда (-1,14%), Солтүстік Қазақстан (-0,20%) және Түркістан (-0,2%).

Сонымен қатар, жалпы білім беретін мектептердегі апатты жағдайлар үлесінің мектептердің жалпы санына шаққанда 1%-ға артуы Атырау (+0,78%), Маңғыстау (0,42%), Қарағанды (+0,29%), Ұлытау (+0,05%) облыстарында және Астана қаласында (0,52%) тіркелді.

4.10-КЕСТЕ. ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДІҢ ЖАЛПЫ САНЫНДАҒЫ АПАТТЫ МЕКТЕПТЕРДІҢ ҮЛЕСІ, %

№	Аймақ	2023	2024	Динамика
	ҚР	**0,70**	**0,63**	**-0,07**
1	Абай	0,90	0,63	-0,27
2	Ақмола	0,40	0,19	-0,21
3	Ақтөбе	1,20	0,46	-0,74
4	Алматы	0,00	0,00	0,00
5	Атырау	2,20	2,98	0,78
6	Шығыс Қазақстан	0,00	0,00	0,00
7	Жамбыл	0,40	0,22	-0,18
8	Жетісу	0,00	0,00	0,00
9	Батыс Қазақстан	4,50	4,28	-0,22
10	Қарағанды	0,70	0,99	0,29
11	Қостанай	0,00	0,00	0,00
12	Қызылорда	2,60	1,46	-1,14
13	Маңғыстау	1,00	1,42	0,42
14	Павлодар	0,00	0,00	0,00
15	Солтүстік Қазақстан	0,20	0,00	-0,20
16	Түркістан	0,40	0,18	-0,22
17	Ұлытау	3,40	3,45	0,05
18	Алматы қаласы	0,00	0,00	0,00
19	Астана қаласы	0,00	0,52	0,52
20	Шымкент қаласы	0,00	0,00	0,00

Деректер көзі: ҚР ОМ

Апатты жағдайдағы жалпы білім беретін мектептер білім беру жүйесіндегі өзекті әрі күрделі мәселе болып қала береді. ЖАО-ға апатты жағдайдағы жалпы білім беретін мектептердің балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне кері әсерін азайтуға бағытталған пәрменді шаралар қабылдау ұсынылады.

ЖАО-дағы апатты жағдайдағы мектептердің мәселелерін шешу үшін мақсатты іс-шараларды жүзеге асыруы қажет. Бұл – күрделі жөндеулерді сапалы жоспарлау және орындау арқылы мүмкін болады. Тек үстірт түзетулер жасап қоймай, оқушыларға қауіпсіз әрі қолайлы жағдай туғызу мақсатында мектептерді қайта жаңғырту аса маңызды.

Мектептердегі санитарлық жағдайды жақсарту, жылыту, желдету және жарықтандыру мәселелерін шешу, сондай-ақ балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын қорғау стандарттарының сақталуын қамтамасыз ету үшін жүйелі тексерулер жүргізу қажет.

Апатты мектептердің мәселелерін шешуге қосымша қаржы ресурстарын, мемлекеттік қолдауды, демеушілік қаражат пен жеке инвестицияларды тарту – мәселенің оңтайлы шешімін жылдамдатуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, білім беру ұйымдарының мектептердің материалдық-техникалық жағдайына жауапкершілігін арттыру маңызды.

Мектептердегі төтенше жағдайлардың жағымсыз салдарын азайту кешенді тәсілді талап етеді және бұл жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттің басым міндеттерінің бірі – әрбір баланың денсаулығы, қауіпсіздігі және сапалы білім алу жағдайын қамтамасыз ету тұрғысынан басқарушылық шешімдер қабылдауын қажет етеді.

11. Автобус аялдамасынан кемінде 15 минут жаяу жүретін жерде тұратын 10-18 жастағы балалардың үлесі, %

Көлік қолжетімділігінің ыңғайлылығы мектеп оқушыларының күнделікті өміріне және оқу процесіне елеулі әсер ететін маңызды фактор болып табылады. Соңғы онжылдықта қоғамдық көліктің қолжетімділігі және балалардың ең жақын аялдамаға дейін жүру қашықтығы өзекті мәселе ретінде қарастырылуда. Зерттеулер көрсеткендей, көлік инфрақұрылымы жақсы дамыған тораптардың маңында тұру балалардың мектепке бару және қайту кезіндегі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Аялдамадан жаяу 15 минуттан артық жерде тұратын мектеп оқушыларына ерекше назар аудару қажет. Бұл қашықтық балаларға жолда көп уақыт жұмсамауға мүмкіндік беретін оңтайлы аралық болып табылады, ол өз кезегінде олардың күнделікті жұмысына және жалпы белсенділігіне әсер етеді.

10-18 жас аралығындағы балалар арасында жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша, 2024 жылы аялдамадан жаяу 15 минуттан аз жерде тұратын балалардың үлесі 0,5%-ға өсіп, 67,2%-ға жеткені анықталды (4.11-кесте).

Оң өсу динамикасы Батыс Қазақстан облысы мен Абай облысынан басқа барлық аймақтарда байқалады. Бұл облыстарда сауалнама нәтижелері бойынша, 10-18 жас аралығындағы балалардың автобус аялдамасынан 15 минуттан аз қашықтықта тұратындарының үлесі тиісінше -2,4% және -0,2%-ға төмендеген.

Қатысушылар мектептен баспанаға қолжетімділік республикалық көрсеткіштен жоғары екенін көрсетті. Ақтөбе (74,5%), Шығыс Қазақстан

(74,8%), Қостанай(72,8%), Павлодар (75,4%) облыстары, Алматы қ. (80,1%), Батыс Қазақстан (71,8%), Солтүстік Қазақстан (71,4%), Жамбыл және Қарағанды (71,3%), Маңғыстау (69,6%), Ақмола (67,7%), Атырау (67,4%).

4.11-КЕСТЕ. АВТОБУС АЯЛДАМАСЫНАН КЕМІНДЕ 15 МИНУТ ЖАЯУ ЖҮРЕТІН ЖЕРДЕ ТҰРАТЫН 10-18 ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ҮЛЕСІ, %

№	Аймақ	2023	2024	Динамика
	ҚР	**66,7**	**67,2**	**0,5**
1	Абай	62,5	62,3	-0,2
2	Ақмола	67,6	67,7	0,1
3	Ақтөбе	74,3	74,5	0,2
4	Алматы	60,9	61,4	0,5
5	Атырау	66,7	67,4	0,7
6	Шығыс Қазақстан	71,4	74,8	3,4
7	Жамбыл	70,8	71,3	0,5
8	Жетісу	62,6	63,2	0,6
9	Батыс Қазақстан	74,2	71,8	-2,4
10	Қарағанды	70,1	71,3	1,2
11	Қостанай	71,8	72,8	1,0
12	Қызылорда	54,6	55,1	0,5
13	Маңғыстау	69,3	69,6	0,3
14	Павлодар	74,5	75,4	0,9
15	Солтүстік Қазақстан	70,3	71,4	1,1
16	Түркістан	63,4	63,8	0,4
17	Ұлытау	56,3	56,5	0,2
18	Алматы қаласы	79,6	80,1	0,5
19	Астана қаласы	62,2	63	0,8
20	Шымкент қаласы	50,0	50,8	0,8

Деректер көзі: Сауалнама нәтижелері (ата-аналар рұқсатымен 10-18 жас аралығындағы балаларды зерттеу)

Автобус аялдамасына жақын, яғни жаяу 15 минуттан аз жерде тұру мектеп оқушылары үшін бірқатар маңызды артықшылықтар әкеледі.

Уақыт үнемдеу: аялдамаға жақын тұратын мектеп оқушылары жолда аз уақыт өткізеді. Бұл оларға күнін тиімді ұйымдастыруға, демалыс пен хобби үшін уақыт бөлуге мүмкіндік береді. Жол жүруге кететін уақыттың қысқаруы стресс пен шаршауды азайтып, көңіл-күйдің жақсаруына және оқу процесіне толық көңіл бөлуге көмектеседі.

Бағытты жеңіл ұйымдастыру: автобус аялдамасына жақын тұру күнделікті мектепке барар жолды нақты жоспарлауға жағдай жасайды, белгісіздікті азайтады және жұмыс тәртібін тұрақтандырады.

Қауіпсіздік: қарбалас жолдарда ұзақ жүрудің азаюы жол-көлік оқиғаларына ұшырау тәуекелін төмендетеді.

Әлеуметтік қарым-қатынас орнату: аялдама маңында тұратын балалар сыныптастарымен жиі кездесіп, коммуникативті дағдыларын дамытып, достық қарым-қатынасты нығайтады.

Дене белсенділігі: қысқа қашықтыққа жаяу жүру балалардың денсаулығына оң әсер етіп, иммунитетті нығайтып, аурулардың алдын алады. Бұл, әсіресе, отырықшы өмір салтын ұстанатын қазіргі қалалық ортада маңызды.

Осылайша, аялдамалар маңында тұру мектеп оқушыларына уақыт үнемдеуден бастап, физикалық және әлеуметтік белсенділікті арттыруға дейін көптеген пайда әкеледі. Бұл факторлар балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында «Әйелдердің құқықтарын қамтамасыз ету және балалардың қауіпсіздігі мәселелері бойынша» Заң аясында ата-анасының немесе заңды өкілінің қарауынсыз жүрген, он алты жасқа толмаған баланы қоғамдық көліктен күштеп түсіруге тыйым салатын норма енгізілді.

12. 100 мың балаға шаққанда балаларға қатысты қылмыстар саны.

Балаларға қарсы жасалған қылмыстар — қазіргі қоғамның ең ауыр және күрделі мәселелерінің бірі. Балалар — халықтың ең осал тобы ретінде, қорғаныссыздық, жетілмегендік пен ересектерге тәуелділік салдарынан зорлық-зомбылықтың, қанаудың және кемсітудің әртүрлі түрлерінің құрбанына айналады.

Жаһандану мен технологиялық өзгерістер жағдайында балаларды күтіп тұрған қауіп-қатерлер әртүрлі әрі күрделене түсуде.

Қоғам мен мемлекет алдындағы басты міндет – балалардың құқықтарын қорғаудың тиімді жүйесін құру. Бұл жүйе тек кінәлілерді жазалаумен шектелмей, зардап шеккен балаларға жан-жақты көмек пен қолдау көрсетуді де қамтуы тиіс. Балаларға қатысты құқық бұзушылықтардың алдын алу – мемлекеттік органдар құрылымдарының заңнамалық міндеті әрі азаматтық қоғамның ортақ жауапкершілігі.

2024 жылы ҚР БП ҚСжАЕК мәліметі бойынша, 100 000 балаға шаққанда балаларға қарсы қылмыстар саны 12,5 бірлікке өсті (4.12-кесте, 4.2-қосымша).

Балаларға қатысты жасалатын қылмыстар санының 100 000 балаға шаққандағы өсімі өңірлік тұрғыда еліміздің барлық дерлік өңірлерінде тіркелген: Шығыс Қазақстан облысында +2,3-тен бастап, Алматы облысында +26,5-ке дейін.

Ең осал (100 000 балаға шаққанда балаларға қатысты қылмыстардың ең көп саны) Батыс Қазақстан (72,4),

Солтүстік Қазақстан (72,1), Алматы (69), Атырау (65), Қарағанды (64,5) облыстары, Ұлытау облысы (63,6), Шығыс Қазақстан облысы (60,7%) белгіленген.

Бұл көрсеткіштің төмендеуін Қостанай облысы (-0,7) және Абай облысы (-0,4) көрсетіп отыр. Балаларға қатысты қылмыстардың республикадағы орташа көрсеткішінен төмен деңгейде Маңғыстау облысы (42,3), Жамбыл облысы (41,5), Қостанай облысы (38,3), Жетісу облысы (37,9), Қызылорда облысы (35,4), Түркістан облысы (28,2), Алматы қаласы (37,9) және Шымкент қаласы (47,3) тіркелген.

4.12-КЕСТЕ. 100 МЫҢ БАЛАҒА ШАҚҚАНДА БАЛАЛАРҒА ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТАР САНЫ, БІРЛІК.

№	Аймақ	2023	2024	Динамика
	ҚР	**36,1**	**48,6**	**12,5**
1	Абай	53,6	53,2	-0,4
2	Ақмола	39,3	57	17,7
3	Ақтөбе	32,6	52,9	20,3
4	Алматы	42,5	69	26,5
5	Атырау	42,6	65,3	22,7
6	Шығыс Қазақстан	58,4	60,7	2,3
7	Жамбыл	28,6	41,5	12,9
8	Жетісу	29,4	37,9	8,5
9	Батыс Қазақстан	59,2	72,4	13,2
10	Қарағанды	58,3	64,5	6,2
11	Қостанай	39,0	38,3	-0,7
12	Қызылорда	24,0	35,4	11,4
13	Маңғыстау	32,0	42,3	10,3
14	Павлодар	41,9	51,8	9,9
15	Солтүстік Қазақстан	48,7	72,1	23,4
16	Түркістан	23,0	28,2	5,2
17	Ұлытау	54,6	63,6	9
18	Алматы қаласы	28,8	37,9	9,1
19	Астана қаласы	26,8	50,1	23,3
20	Шымкент қаласы	34,3	47,3	13

Деректер көзі: ҚР БП ҚСжАЕК

Балалардың құқықтарын қорғау және оларға қарсы қылмыстардың алдын алу — мемлекет саясатының басым бағыты болып табылады. Заңнамалық деңгейде балаларды қорғаудың, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің және кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстық әрекеттердің алдын алудың тиімді жүйесін құруға айтарлықтай көңіл бөлінуде.

Балаларға арналған конституциялық кепілдіктер: ең алдымен, баланың мүдделеріне басымдық беріледі. Әрбір баланың мемлекет қорғауында болу құқығы бекітілген.

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңы бала құқықтарының негізгі принциптері мен кепілдіктерін айқындайды. Оған өмір сүру құқығы, зорлық-зомбылықтан қорғау, білім алу мен денсаулық сақтау құқығы, сондай-ақ олардың өмірі мен хал-ахуалына қатысты шешімдер қабылдауда қатысу құқығы кіреді.

Неке және отбасы кодексі отбасылық қатынастар мен балалардың құқықтарын қорғауды реттейді. Ол ата-аналардың балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі міндеттерін айқындайды және оларды орындамаған жағдайда жауапкершілік шараларын, соның ішінде ата-ана құқықтарынан айыруды қарастырады. Сонымен қатар, Кодекс баланың отбасы ішінде және одан тыс зорлық-зомбылық пен қанаудан қорғалу құқын қамтамасыз етеді.

Қылмыстық кодекс жыныстық зорлық-зомбылық, тұрмыстық зорлық-зомбылық, бала саудасы, балалар еңбегі, кәмелетке толмағандарды қылмыстық әрекетке тарту және балаларға қатысты басқа да ауыр қылмыстар үшін қатаң жаза белгілейді.

Зорлық-зомбылық пен балаларды қорлаудың алдын алу мақсатында арнайы бағдарламалар әзірленді. Қорғау жүйесінің маңызды бөлігі ретінде «Дағдарыс орталықтары» құрылып, онда балалар мен олардың отбасылары құқықтық көмек пен психологиялық қолдау ала алады.

«Отбасындағы бала» бағдарламасы және отбасылық қылмыстардың алдын алу: ата-аналар мен тәрбиешілер арасында балаларды қорғаудың құқықтық тетіктері және тұрмыстық зорлық-зомбылықпен байланысты әлеуметтік қауіптер туралы ақпараттандыруды арттыру.

Интернет қауіпсіздігі және киберқылмыстан қорғау: мәселелер заңнамалық деңгейде реттеледі, балаларды зиянды мазмұннан және цифрлық платформалар арқылы манипуляция жасау әрекеттерінен қорғау үшін интернет пен әлеуметтік медианы пайдалану.

Халықаралық ынтымақтастық және құқықтық міндеттемелер: балалардың құқықтарын қорғау саласындағы жетекші халықаралық ұйымдармен, соның ішінде БҰҰ және ЮНИСЕФ-пен өзара іс-қимыл жасау маңызды болып табылады. «Бала құқықтары туралы конвенция» сияқты халықаралық шарттарды ратификациялау Қазақстанға халықаралық стандарттарды ұлттық заңнамаға енгізуге мүмкіндік береді.

2024 жылдың өзінде ғана балалардың құқықтарын қорғау саласында алты негізгі заң қабылданды.

Әйелдердің құқықтарын қамтамасыз ету және балалардың қауіпсіздігі мәселелері жөніндегі заңмен балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың кез келген түрі үшін жауапкершілікті күшейтетін тиісті талаптар енгізілді, сондай-ақ отбасы институтын нығайтуға және кәмелетке толмағандардың қауіпсіздігін арттыруға бағытталған ережелер көзделген.

Қазақстан үшін балаларға қаты-

сты зорлық-зомбылық туралы деректер жүйесін жетілдіру — балалардың құқықтарын қорғау саласында тиімді саясат қалыптастырудың аса маңызды құралы болып табылады.

Аталған тиісті талаптарды енгізу зорлық-зомбылық пен қатыгездік жағдайларының алдын алу және оларға жедел әрекет ету бағытында алғашқы оң нәтижелерін көрсете бастады.

Алдын ала хабарламай тексеру жүргізу туралы тиісті талаптардың енгізілуі балаларға қатыгездік көрсету туралы сигналдар түскен кезде мамандардың дереу оқиға орнына баруына мүмкіндік берді. Бұл, өз кезегінде, тексеруге алдын ала дайындалып, балалардың құқықтарының бұзылуын жасыру мүмкіндігін жойды.

Өңірлік уәкілетті өкілдер институты — зорлық-зомбылық пен балаларға қатыгездік көрсету фактілеріне жедел ден қоюда басқа құрылымдарға тәуелсіз, тиімді тетік ретінде жұмыс істейді.

Уәкілдің өкілдеріне балалар болатын барлық мекемелерге, оның ішінде жабық мекемелерге де кедергісіз кіру құқығы (мандаты) берілді.

Сондай-ақ Балалардың хал-ахуалы индексін атап өткен жөн. Бұл индекс еліміздің барлық өңірлерінде балалардың құқықтары мен жағдайына қатысты ахуалды бақылауға мүмкіндік береді. Бекітілген әдістеме балалардың өмір сүру сапасы мен әл-ауқатын жақсарту үшін қай өңірлерде қосымша шаралар қажет екенін айқындауға және күш-жігерді сол басым бағыттарға шоғырландыруға көмектеседі.

Осылайша, заңнамалық шаралар балалардың құқықтарын жан-жақты қорғауға бағытталған: отбасылық қатынастардан бастап, цифрлық технологиялар саласындағы қылмыстардың алдын алуға дейінгі мәселелерді қамтиды. Қол жеткізілген нәтижелерге қарамастан, басты міндет — қолданыстағы қорғау тетіктерін жетілдіру, кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстардың жолын кесуге бағытталған құқықтық шараларды күшейту және балалардың құқықтарының сақталуына қоғамдық бақылауды арттыру болып отыр.

13. 100 мың балаға шаққанда кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстардың саны, бірлік

Кәмелетке толмағандардың жыныстық қол сұғылмауы — балалардың құқықтарын қорғаудың ең осал әрі өткір бағыттарының бірі болып табылады, себебі жыныстық қылмыстар баланың физикалық, психоэмоционалдық және әлеуметтік хал-ахуалына орны толмас зиян келтіреді. Мұндай қылмыстар баланың жеке басына ұзақ мерзімді деструктивті әсер етіп, терең жарақатқа және өмір сүру сапасының төмендеуіне әкеледі. Сонымен қатар, ауыр зардаптар баланың басқалармен қарым-қатынасында қиындықтар туғызып, әлеуметтік бейімделу мәселелерін туындатады.

Қылмыскерлерге қатаң жаза қолдану және балаларды осындай қылмыстардан қорғаудың кешенді жүйесін қалыптастыру — кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғауда мемлекеттің басым бағыттары болып табылады. Мұндай қылмыстардың алдын алу және зардап шеккен балаларға көмек көрсету мақсатында қажетті заңнамалық база жасалып, енгізілген.

2024 жылы ҚР БП ҚСжАЕК деректері бойынша, кәмелетке толмағандардың жыныстық қол сұғылмаушылыққа қарсы 874 қылмыс тіркелген. Бұл көрсеткіштің статистикасы Алматы облысында (163), Қарағанды (74), Түркістан (59) облыстарында және Астана (67) және Алматы (59) қалаларында теріс (қосымша, 4.4-сурет) көрсеткішке ие.



4.4-сурет. Кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстар саны, бірлік. Деректер көзі: ҚР БП ҚСжАЕК

Кәмелетке толмағандардың жыныстық қол сұғылмаушылығына қарсы қылмыстар — ең өзекті әрі ауыр мәселелердің бірі болып қалып отыр. Мұндай қылмыстар жәбірленушілер мен олардың отбасылары үшін ауыр зардаптарға әкеледі. Бұл саладағы статистика өте сезімтал: көптеген жағдайлар тіркелмей қалады немесе әртүрлі себептермен сотқа дейін жетпейді.

Интернетті жыныстық қылмыстар жасау үшін пайдалану басты мәселе болып қала береді. Қылмыскерлер әлеуметтік желілер мен әртүрлі онлайн платформаларды пайдаланады, бұл құқық қорғау органдарына қосымша қиындықтар туғызады.

«Kazakhstan Kids Online» зерттеуінің соңғы нәтижелерінің бірі ата-аналар мен балаларға арналған ауқымды ақпараттық жұмыстарды жүргізуге, сондай-ақ балаларды онлайн ортада қорғауға бағытталған практикалық шараларды әзірлеуге негіз болды.

2024 жылы отбасылардағы жыныстық зорлық-зомбылық деңгейі жоғары болды. Мұндай қылмыстар көбіне жасырын түрде орын алып, әлеуметтік қызмет, құқық қорғау органдарының араласуы, баланың психологтермен араласуы арқылы ғана ашылады.

Қазақстан көп көрсеткіштер бойынша (MICS) Мультикластерлік зерттеуге, оның ішінде балаларға қатысты зорлық-зомбылық модуліне қатысады. Бұл деректер зорлық-зомбылықтың негізгі түрлері мен себептерін анықтауға мүмкіндік береді және зорлық-зомбылықты жоюға бағытталған алдын алу шараларын әзірлеуге сенімді негіз болады.

Қазақстан 2024 жылдан бастап TransMonEE жүйесіне балаларға қатысты зорлық-зомбылық оқиғалары туралы әлеуметтік қызметтер мен медициналық мекемелер тіркеген деректерді ұсынуда.

Жүйелі түрде балаларға қатысты құқық бұзушылықтар, соның ішінде олардың қауіпсіздігі мен жыныстық қол сұғылмаушылығына байланысты қылмыстар бойынша әкімшілік деректерді жинау және тарату жұмыстарын жүргізіп жүрген ҚПСжСУ мәліметтерін жеке атап өту қажет. Бұл деректердің ашық форматта қолжетімді болуы қоғамның хабардарлығын арттырып, ашықтықты қамтамасыз етеді.

ҚСжАЕК-нің статистикалық мәліметтеріне сәйкес, 2024 жылы 100 000 балаға шаққанда кәмелетке толмағандардың жыныстық қол сұғылма-

ушылыққа қарсы қылмыстар саны аздап төмендеген (-0,2 бірлік). 100 000 балаға шаққанда кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстардың саны 12,7 құрады (4.13-кесте, 4.3-қосымша).

Аймақтық аспектіде жағдайдың жақсаруымен бұл көрсеткіштің теріс өсуі Солтүстік Қазақстан облысында (-16,7), Абай облысында (-15,3), Қостанай облысында (-14,0), Шығыс Қазақстан облысында (-13,6), Ақмола облысында (-7,6), Павлодар облысында (-7,2), Ұлытау облысында (-6,7), Жетісу облысында (-6,0) және Қарағанды облысында (-5,3) байқалады.

100 мың балаға шаққанда кәмелетке толмағандардың жыныстық қол сұғылмаушылыққа қарсы қылмыстар санының өсуі 9 облыста тіркелді. Бұлар: Астана қаласы (+21), Түркістан облысы (+17,7), Алматы облысы (+15,3), Шымкент қаласы (+9,3), Жамбыл облысы (+7,9), Алматы қаласы (+4,3), Ақтөбе облысы (+2,8), Қызылорда облысы (+1,7) және Атырау облысы (+0,2).

4.13-КЕСТЕ. 100 МЫҢ БАЛАҒА ШАҚҚАНДА КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ЖЫНЫСТЫҚ ТИІСПЕУШІЛІГІНЕ ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТАР САНЫ, БІРЛІК.

№	Аймақ	2023	2024	Динамика
	ҚР	**12,9**	**12,7**	**-0,2**
1	Абай	20,7	5,4	-15,3
2	Ақмола	15,6	8	-7,6
3	Ақтөбе	8,8	11,6	2,8
4	Алматы	20,0	35,3	15,3
5	Атырау	15,8	16	0,2
6	Шығыс Қазақстан	25,7	12,1	-13,6
7	Жамбыл	11,8	19,7	7,9
8	Жетісу	13,1	7,1	-6
9	Батыс Қазақстан	13,4	10,4	-3
10	Қарағанды	29,6	24,3	-5,3
11	Қостанай	16,4	2,4	-14
12	Қызылорда	7,2	8,9	1,7
13	Маңғыстау	7,4	4,3	-3,1
14	Павлодар	15,1	7,9	-7,2
15	Солтүстік Қазақстан	21,2	4,5	-16,7
16	Түркістан	6,6	24,3	17,7
17	Ұлытау	22,6	15,9	-6,7
18	Алматы қаласы	7,8	12,1	4,3
19	Астана қаласы	9,2	30,2	21
20	Шымкент қаласы	8,4	17,7	9,3

Деректер көзі: ҚР БП ҚСжАЕК

Кәмелетке толмағандардың жыныстық қол сұғылмаушылықтарына қарсы қылмыстар құқықтық және моральдық-этикалық тұрғыдан алғанда қылмыстардың ең ауыр санаттарының бірі болып табылады. Бұл әрекеттер баланың психологиялық денсаулығы мен қауіпсіздігіне нұқсан келтіреді. Мұндай қылмыстар аса ауыр санатқа жатқызылады және қатаң қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғады.

Балаларды жыныстық зорлық-зомбылық пен қанаудан қорғау – мемлекеттік жауапкершілік пен азаматтық қоғамның кемелділігінің көрсеткіші.

Қазақстан БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясын ратификациялап, бұл өз ішкі саясаты мен бала мүдделеріне басымдық беретінін айқын көрсетті. Алайда, бұл құжатты ратификациялау тек алғашқы қадам ғана болып табылады. Міндеттемелердің шынайы және нәтижелі орындалуы — формальдылықтан гөрі, балаларды қорғаудың тиімді жұмыс істейтін мемлекеттік жүйесі қалыптасқан жағдайда ғана мүмкін болады.

Балаларға жыныстық зорлық-зомбылық жасау ең ауыр және жойқын қылмыстардың бірі болып табылады. Ол ұлттың іргетасы – әділдікке, қауіпсіздікке, жас ұрпақтың болашағына деген сенімге нұқсан келтіреді. Кешенді, ауқымды жұмыс маңызды: білім беру, денсаулық сақтау, құқық қорғау және әлеуметтік қызметтерді ведомствоаралық конструктивті үйлестіру, алдын алу шаралары, балаларға қарсы қылмыстарға мүлдем төзбеушілікті көрсететін заңнама, зардап шеккендерді қолдау/оңалту, қорғау, қалпына келтіру, қоғамдық төзімсіздік/тақырып тыйым салуға айналмауы керек.

14. 14-17 жас аралығындағы 100 000 балаға шаққанда кәмелетке толмағандар немесе олардың қатысуымен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар саны, бірлік

Кәмелетке толмағандардың құқыққа қарсы іс-әрекеттерге қатысу көрсеткіші – қылмыстық құқық саласындағы ең маңызды әрі аса сезімтал тақырыптардың бірі. Кәмелетке толмағандар – бұл жеке тұлға болып қалыптасу кезеңіндегі адамдар ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік, психологиялық және өзге де себептерге байланысты құқық бұзушылық жасауға бейім осал азаматтар санаты. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық құқық бұзушылықтары үшін жауапкершілігіне мұқият қарау қажет. Жас ерекшеліктеріне байланысты олар өз әрекеттерінің мәнін толық түсіне бермейді және жасаған қылмыстарының барлық ауыр зардаптарын толық сезіне алмайды.

Еліміздің заңына сәйкес, белгілі бір жасқа жеткен кәмелетке толмағандар өз әрекеттері үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігі көбінесе тек жазалаумен шектелмей, олардың әлеуметтік бейімделуі мен қайта тәрбиеленуімен қатар жүреді. Мұндай жағдайларда құқық қорғау органдары қатаң жазалау шараларынан гөрі, түзетуге және қоғамға қайта қосылуға бағытталған шараларды қолдануға басымдық береді.

Заң ата-аналарға балалардың мінез-құлқын қадағалау және олардың отбасында тәрбиесін қамтамасыз ету міндетін жүктейді. Кәмелетке толмағандар қылмыс жасаған жағдайда, ата-аналар өздерінің міндеттерін орындамағаны немесе құқық бұзушылық жасауға ықпал еткені анықталса, азаматтық және қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

ҚР БП ҚСжАЕК деректері бойынша, 2024 жылы кәмелетке толмағандар немесе олардың қатысуымен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың деңгейі 14-17 жас аралығындағы 100 000 балаға шаққанда 135-ті құрады (4.5-сурет, 4.4-қосымша).

12 өңірде 14-17 жас аралығындағы 100 000 балаға шаққанда кәмелетке толмағандар немесе олардың қатысуымен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар саны республикалық көрсеткіштен төмен. Бұлар: Түркістан (78), Алматы (81), Қызылорда (82), Маңғыстау (82), Жетісу (89), Қостанай (95), Жамбыл (98), Абай (102), Павлодар (123), Ақмола (132), Атырау (132), Ұлытау (134) облыстары.

Астана қаласы мен Батыс Қазақстан облысында 14-17 жас аралығындағы 100 000 балаға шаққанда кәмелетке толмағандар немесе оладың қатысуымен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың статистикасы алаңдатады (тиісінше 288 және 256).



4.5-сурет. 14-17 жас аралығындағы 100 000 балаға шаққанда кәмелетке толмағандар немесе оларға қатысуымен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар саны, бірлік.
Деректер көзі: ҚР БП ҚСжАЕК

Кәмелетке толмағандар арасында немесе олардың қатысуымен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар санын тиімді азайту үшін барлық жауапты тараптардың қатысуымен кешенді тәсіл қажет. Бұл бағыттағы негізгі шаралар келесі саясаттарды қамтуы мүмкін:

«Тәуекел топтарын» ерте анықтау және оларды сүйемелдеу жүйесін дамыту: мектептер мен тұрғылықты жерлерде жасөспірімдердің әлеуметтік мінез-құлқын жүйелі түрде мониторингтеу, мектептер мен кәмелетке толмағандар істері жөніндегі органдар, әлеуметтік қызметтер мен медициналық мекемелер арасындағы ведомствоаралық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету.

Отбасы институтын нығайту және ата-аналарды қолдау: позитивті ата-ана тәрбиесі бағдарламаларын жүзеге асыру, отбасыларға психологиялық көмек көрсету, тұрмысы нашар және аз қамтылған отбасыларды қолдау арқылы жасөспірімдердің қылмыстылығының алдын алу.

Жасөспірімдердің бос уақытын тиімді өткізу және өзін-өзі дамытуы үшін қолжетімді инфрақұрылымды дамыту: үйірмелер, спорт секциялары, шығармашылық және техникалық студиялар ашу, әсіресе аз қамтылған және ауылдық елді мекендерде мақсатты бағдарламаларды жүзеге асыру.

Білім беру жобалары мен бастамалары: құқықтық сауаттылық және жанжалдарды зорлық-зомбылықсыз шешу дағдылары бойынша курстар енгізу, мектеп пен педагогтердің тәрбиелік рөлін күшейту, ата-аналар қоғамдастығын белсенді түрде тарту.

Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі әділет жүйесінің тиімділігін арттыру: әрбір кәмелетке толмаған құқық бұзушыға жеке көзқарас таныту, қайта әлеуметтендіру шараларын, оның ішінде тәлімгерлікті кеңінен қолдану.

Жасөспірімдерді ересектер тарапынан қылмыстық әрекеттерге тартуды бақылау: кәмелетке толмағандарды қылмысқа тартқаны үшін жазаны қатаңдату, қылмыстық топтарды және деструктивті ықпалдарды, соның ішінде интернеттегі, анықтау бойынша белсенді жұмыс жүргізу.

Негізгі ұстаным – салдармен күресу емес, себептерді анықтап, оларды жою. Себептерді жою – басым әрі өзекті бағыт.

Соңғы екі жылда ОМ балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау бойынша ведомствоаралық шараларды іске қосты.

Ортақ алгоритмдер мен жұмыс әдістемелері қабылданды. Өңірлерде кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссиялар қайта құрылды.

Педагогтердің біліктілігін арттыру курстары кеңейтіліп, балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу тақырыптарымен толықтырылған. БҚУ, ІІМ, ДСМ, ЕХӘҚМ, МАМ бірлесіп өңірлерге кешенді іс-сапарлар ұйымдастырылып, балалар жағдайы зерттеліп, жергілікті жерде әдістемелік көмек көрсетілуде.

Қазақстан Республикасының әйелдер құқығын қамтамасыз ету және балалар қауіпсіздігі туралы Заңына сәйкес, 2024 жылғы 15 сәуірде келесі нормалар қабылданды.

ҚР «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Заңының 12-бабына сәйкес, білім беру ұйымдары кәмелетке толмағандардың құқыққа қарсы әрекеттерін немесе олардың қатысуымен болған құқықбұзушылықтарды, соның ішінде білім беру ұйымынан тыс кәсіби қызметі барысында белгілі болған фактілерді дереу құқық қорғау органдарына хабарлауға міндетті.

Білім беру, денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарының қызметкерлері тарапынан кәмелетке толмағандар жасаған немесе оларға қатысты жасалған, қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар әрекеттер (не әрекетсіздік) туралы құқық қорғау органдарына хабарламағаны үшін әкімшілік жауапкершілік енгізілді —әкімшілік айыппұл көзделген (ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 127-1-бабы).

Білім беру ұйымдарының педагогикалық назарды қажет ететін оқушылар мен тәрбиеленушілерді ішкі есепке алу және оларға уақытылы қолдау көрсету жөніндегі құзыреті заңмен бекітілді. Сонымен қатар, 2024 жылғы 24 қыркүйектен бастап, мектепішілік есеп жүргізу қағидаларын бекіту бойынша Оқу-ағарту министрлігінің құзыреті белгіленді.

Сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, елорданың және аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) білім беру басқармаларына жүргізілетін тексерулер бойынша ҚР ОМ Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің бақылау қызметтері кеңейтілді.

Бұл бағыттағы жұмысты одан әрі жетілдіру құқық бұзушылықтардың алдын алудың жаңа жүйесін енгізуге, ерте алдын алуға, заңға бағынатын азаматты қалыптастыруға, мектепішілік педагогикалық қолдауды реттеуге және басқа да мәселелерге бағытталған «Құқық бұзушылықтардың алдын алу туралы» бірыңғай жаңа Заң мен «Қазақстан балалары» бірыңғай бағдарламасы аясында жалғасатын болады.

15. «Елдің әл-ауқаты» бағыты бойынша Балалардың хал ахулы индексінің қорытындылары

Бұл бөлімде балалардың әл-ауқатының өсуі қарастырылады, ол олардың өмір сүру сапасының жақсаруы және ресурстар мен қызметтердің қолжетімділігінің артуы арқылы сипатталады. Балалардың өмір сүру сапасын бағалау үшін «Елдің әл-ауқаты» индикаторы шеңберіндегі негізгі критерийлер болып табылатын 14 көрсеткіш пайдаланылады.

2024 жылы «Елдің әл-ауқаты» бағыты бойынша көрсеткіш мәні 62,8 балды құрады (2023 жылы – 58,6 балл) (4.6-сурет).

Есептік жылы 9 өңірде «Елдің әл-ауқаты» көрсеткішінің мәні республикалық көрсеткіштен (62,8 балл) жоғары болды. 2024 жылы Алматы қаласы «Елдің әл-ауқаты» бағыты бойынша көшбасшы атанды, ал ең төменгі деңгей Батыс Қазақстан облысында тіркелді.

4.14-КЕСТЕ. «ЕЛДІҢ ӘЛ-АУҚАТЫ» БАҒЫТЫ БОЙЫНША БАЛАЛАРДЫҢ ХАЛ-АХУАЛЫ ИНДЕКСІНІҢ ӨҢІРЛЕР БОЙЫНША НӘТИЖЕЛЕРІ, 2024 Ж.

№	Аймақ	2023	2024	Динамика
	ҚР	**58,6**	**62,8**	**4,2**
1	Абай	**50,6**	**62,3**	**11,7**
2	Ақмола	**64,4**	**63,8**	**-0,6**
3	Ақтөбе	**64,6**	**69,4**	**4,8**
4	Алматы	**58,2**	**54,8**	**-3,4**
5	Атырау	**65,6**	**53,9**	**-11,7**
6	Шығыс Қазақстан	**53,7**	**62,3**	**8,6**
7	Жамбыл	**64,9**	**65,0**	**0,1**
8	Жетісу	**53,2**	**62,7**	**9,5**
9	Батыс Қазақстан	**52,3**	**49,1**	**-3,2**
10	Қарағанды	**60,5**	**58,5**	**-2**
11	Қостанай	**50,2**	**67,8**	**17,6**
12	Қызылорда	**57,1**	**57,6**	**0,5**
13	Маңғыстау	**60,2**	**71,9**	**11,7**
14	Павлодар	**69,5**	**68,3**	**-1,2**
15	Солтүстік Қазақстан	**57,0**	**64,9**	**7,9**
16	Түркістан	**58,8**	**56,7**	**-2,1**
17	Ұлытау	**50,7**	**53,2**	**2,5**
18	Астана қаласы	**65,0**	**67,4**	**2,4**
19	Алматы қаласы	**62,9**	**76,9**	**14**
20	Шымкент қаласы	**52,2**	**55,8**	**3,6**

Балалардың хал-ахуалын бағалау нәтижелері және «Бала» бағыты көрсеткіштерін салыстыру барысында 19 облыста балалардың хал-ахуалы орташа және «сары» аймақта, 1 облыс «қызыл» аймақта (Батыс Қазақстан облысы).

ҚОРЫТЫНДЫ

- 2024 жылы жан басына шаққандағы жалпы өңірлік өнім (ЖӨӨ) 6 659,8 мың теңгені құрады. 657,8 мың теңгеге өсім оң динамикалық өзгерісті көрсетеді және ел деңгейінде әл-ауқаттың артқанын білдіреді.

- Елдің 18 өңірінде ЖӨӨ өсімінің оң үрдісі байқалды. Ең жоғары өсім келесі өңірлерде тіркелді: Алматы қаласы (6 816,7 тыс. тг.), Ұлытау облысы (+1 942,6 мың тг), Қарағанды облысы (+1 347,1 мың тг), Павлодар облысы (+1 051,3 мың тг), Астана қаласы (+1 158,0 мың тг).

- Атырау облысының ЖӨӨ көрсеткіші (21 227,0 мың тг) республикалық орташа көрсеткіштен 3 есе, ал Жамбыл облысының ЖӨӨ көрсеткішінен (2 098,2 мың тг) 10 есе жоғары.

- Елімізде тіркелген жұмыссыздық деңгейі 2024 жылы 4,7%-ды құрады, бұл 2023 жылмен бірдей (4,7%). Жастар арасындағы жұмыссыздық ең өзекті мәселелердің бірі болып қала береді: 2024 жылы 15 пен 28 жас аралығындағы жастардың шамамен 12-14%-ы ресми түрде жұмыспен қамтылмаған.

- Мемлекет Басшысы жариялаған 2025 жыл – «Жұмысшы мамандықтар жылы» – жастардың жемісті өмір сүруі үшін қолайлы жағдайлар жасауға ықпал етеді.

- Балалар, әсіресе, ерте жаста, ауаның ластануымен байланысты ауруларға көбірек бейім. Ғылыми зерттеулердің нәтижелері көрсеткендей, ластанған ауамен ұзақ уақыт әсер ету интеллект пен есте сақтау қабілетінің дамуын бәсеңдетеді, зейінді нашар шоғырландырады. «Қазгидромет» РМК-ның 2024 жылы ҚР ЭТРМ берген мәліметтері көрсеткіштің аздап нашарлағанын көрсетті (+ 0,05%).

- Судың сапасы адам өмірі мен хал-ахуалында шешуші рөл атқарады. Ел ТДМ-ны ұлттық жоспарлау жүйесіне біріктірді және 2030 жылға қарай ТДМ-ның 88 ұлттық мақсатына жетуді көздеп отыр.

- 2023 жылғы жағдай бойынша Қазақстан ТДМ 6.3.2 көрсеткішінің 49%-ына қол жеткізді, бұл – су сапасы жақсы су объектілерінің үлесі. Бұл маңызды ұлттық мақсаттан жоғары және тұрақты прогресті көрсетеді.

- Судың сапасы жақсы су ресурстарының үлесі соңғы 5 жылда тұрақты өсу үрдісін көрсетті және 2024 жылы 49%-ды құрады. Су ресурстарының сапасының деңгейі 2023 жылғы деректермен салыстырғанда 2024 жылы 2%-ға өсіп, 44,5%-ды құрады.

- Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан облыстары мен Астана қаласында су ресурстарының сапасына қатысты алаңдатарлық жағдай тіркелді. Су ресурстарының сапа деңгейінің мәні 0% құрайды.

- Жол қозғалысы қауіпсіздігі балалар арасындағы жарақатты азайтумен тікелей байланысты, бұл елдің қазіргі заманғы қалалық дамуы жағдайында ерекше маңызды. 2024 жылы қатты жабыны бар аудандық/облыстық жолдардың үлесі 2023 жылмен салыстырғанда 1%-ға төмендеп, 89%-ды құрады.

- 10-18 жас аралығындағы балалар мен олардың ата-аналары арасында аулаларда және көшелерде балалардың бейресми дене шынықтырумен айналысу үшін жағдай жасау мәселесі бойынша сауалнама нәтижелері субъективті көрсеткіште (+0,11%) шамалы оң динамикасын көрсетті. Балалар мен ата-аналардың мәліметтері бойынша қолжетімділіктің орташа республикалық көрсеткіші 2024 жылы 69,01% құрады.

- Балалар мен ата-аналар арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша қолжетімділік ең жоғары өскен 5 аймаққа Ақмола (+2,4%), Жамбыл (+2,1%), Қарағанды (+1,7%),

Қызылорда (+1,6%) облыстары және Астана қаласы (+1,9%) кіреді.

- Заманауи білім беру жүйесінің алдында бірқатар міндеттер тұр, олардың бірі білім беру ұйымдарында оқушылар мен мұғалімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады. 2024 жылы орта білім беретін күндізгі мектептердің 7747 мектебінің 6140-ы бейнебақылау камераларымен жабдықталған, бұл бейнебақылаумен қамтылған мектептердің 79,3% құрайды.

- 2024 жылы қабылданған стандарттар мен уәкілетті органның техникалық талаптарына сәйкес бейнебақылаумен қамтамасыз етілген жергілікті атқарушы ұйымдарға ведомстволық бағынысты күндізгі мемлекеттік жалпы білім беретін орта білім беру ұйымдарының үлесі 89%-ды құрады, бұл 2023 жылғы көрсеткіштен 10,9%-ға төмен.

- 13 өңірде бейнебақылауды қабылданған стандарттар мен уәкілетті органның техникалық талаптарына сәйкес қамтамасыз етуде теріс динамика тіркелген. Бұл өңірлерге Ұлытау облысы (-47%), Қарағанды облысы (-26%), Шығыс Қазақстан облысы (-21%), Солтүстік Қазақстан облысы (-19%), Ақмола облысы (-18%), Түркістан облысы (-16%), Батыс Қазақстан облысы (-15%), Қостанай облысы (-13%) жатады.

- 3 облыста ЖАО-ға бағыныстыкүндізгі мемлекеттік жалпы орта білім беру ұйымдарында уәкілетті органның қабылданған стандарттары мен техникалық талаптарына сәйкес келетін бейнебақылаумен тұрақты 100% қамтамасыз етілуде. Бұл өңірлерге Жетісу облысы, Қызылорда облысы, Павлодар облысы және Астана мен Шымкент қалалары жатады.

- 7833 мемлекеттік білім беру ұйымдарында (1970 балабақша, 5496 мектеп, 367 колледж) Жедел басқару орталықтарына немесе ішкі істер органдарының кезекші пункттеріне бейнебақылау камераларын қосу жұмыстары жүргізілді, бұл 92% құрайды.

- Тұрғын үй қорын орталықтандырылған канализация сияқты заманауи инфрақұрылымдық шешімдермен қамтамасыз ету балалардың денсаулығы мен хал-ахуалын сақтаудың кілті болып табылады. 2024 жылы 2023 жылдың деректерімен салыстырғанда орталық кәрізбен жабдықталған барлық тұрғын үй қорының жалпы алаңының үлесі 1,5%-ға өсіп, 77,6%-ды құрады.

- Ауыз су – мемлекеттің стратегиялық ресурсы. Таза суға кепілдік берілген қолжетімділік тек экология мен денсаулық сақтау мәселесі емес. 2024 жылы белгіленген сапа стандарттарына сәйкес келмейтін ауыз су үлгілерінің үлесі 2,2%-ға өсумен теріс өсу үрдісіне ие, ол 5,8%-ды құрады.

- Өңірлік аспектіде 2023 жылмен салыстырғанда еліміздің 13 аймағында жағдай жақсарды. Абай, Ақтөбе, Қарағанды, Қызылорда, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан, Ұлытау облыстарында және республикалық маңызы бар Астана мен Шымкент қалаларында ауыз су белгіленген сапа стандарттарына сәйкес келеді.

- Белгіленген сапа стандарттарына сәйкес келмейтін ауыз су үлгілері үлесінің өсуінің теріс үрдісі Атырау (+36,6%), Жамбыл (+29,5%), Қостанай (+9,1%), Түркістан (+3,8%), Алматы (+1,6%), Шығыс Қазақстан (+0,5%) облыстарында және Алматы қаласында (+1,9%) тіркелді.

- ДДСҰ мәліметі бойынша, жыл сайын 829 000-ға жуық адам диарея мен инфекцияларды қоса алғанда, санитарияға байланысты аурулардан қайтыс болады. ДДСҰ таза су мен санитарияға қолжетімділік, әсіресе 5 жасқа дейінгі балалар арасындағы өлім-жітім мен сырқаттанушылықтың төмендеуіне тікелей байланысты екенін атап көрсетеді.

- ЮНИСЕФ сапалы суға қол жеткізу мен балалардың денсаулығын жақсарту арасындағы байланысты атап көрсетеді, әсіресе, табысы төмен елдерде жоғары екендігі байқалады. Сарапшылардың айтуынша, әлемде 2,2 миллиардтан астам адам таза ауыз суға, ал 4,2 миллиардқа жуық адам қарапайым санитарияға қол жеткізе алмайды.

- Білім беру процесі тек академиялық білім ғана емес, сонымен қатар, балалардың қолайлы эмоционалдық дамуының ортасы болып табылады. Білім беру ұйымдарының инфрақұрылымдық шешімдері оқу процесінің сапасы мен табыстылығын анықтайды.

- Соңғы 5 жылда елімізде апатты жағдайдағы жалпы білім беретін мектептер санының тұрақсыз үрдісі байқалды. Авариялық жағдайдағы күндізгі мемлекеттік жалпы білім беретін мектептер желісі 2020 жылмен салыстырғанда тұрақты өсу үрдісіне ие (+14 бірлік).

- 2024 жылы апатты мектептердің саны 2023 жылмен салыстырғанда 5 бірлікке қысқарды. Алматы, Шығыс Қазақстан, Жетісу, Қостанай Павлодар облыстары мен Алматы, Шымкент қалаларында апатты мектептер мәселесі толығымен шешілді.

- Жалпы білім беретін мектептердегі жазатайым оқиғалардың мектептердің жалпы санынан 1%-ға артуы Атырау (+0,78%), Маңғыстау (0,42%), Қарағанды (+0,29%), Ұлытау (+0,05%) облыстарында және Астана қаласында (0,52%) тіркелді.

- Оқушы орындарының, үш ауысымды білім беретін және апатты мектептердің тапшылығын жою мақсатында бюджет қаражаты есебінен де, бюджеттік емес көздерді тарту арқылы да мектептердің құрылысы белсенді жүргізілуде.

- Қоғамдық көлікке қол жеткізу және балалардың жақын маңдағы аялдамаға дейін баратын қашықтығы барған сайын өзекті мәселеге айналуда. 10-18 жас аралығындағы балалар арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша аялдамадан жаяу 15 минуттан аз жерде тұратынын көрсеткен балалардың үлесі 2024 жылы 0,5%-ға өсіп, 67,2%-ды құрады.

- Оң өсу динамикасы Абайдан басқа барлық аймақтарда байқалады. Бұл сауалнама нәтижелері бойынша аялдамадан жаяу 15 минутқа жетпеген жерде тұратын 10-18 жас аралығындағы балалардың үлесі аздап төмендеген (-0,2%) жалғыз аймақ.

- Балалар халықтың ең осал санаты бола отырып, өздерінің сенімсіздігі, жетілмегендігі және ересектерге тәуелділігі салдарынан зорлық-зомбылықтың, қанаудың және кемсітудің әртүрлі нысандарының құрбанына айналады. 2024 жылы 100 000 балаға шаққанда балаларға қарсы қылмыстар саны 12,5 бірлікке өсті.

- Балаларға қатысты қылмыстардың санының өсуі 100 000 балаға шаққанда аймақтық деңгейде дерлік барлық өңірлерде тіркелген, Шығыс Қазақстан облысында +2,3-тен бастап, Алматы облысында +26,5-ке дейін өскен.

- Ең осал аймақтар (балаларға қатысты қылмыстардың саны 100 000 балаға шаққанда ең көп тіркелген) болып, Батыс Қазақстан (72,4), Солтүстік Қазақстан (72,1), Алматы (69), Атырау (65), Қарағанды (64,5) облыстары, Ұлытау облысы (63,6), Шығыс Қазақстан облысы (60,7%) белгіленген.

- Балалардың құқықтарын қорғау және оларға қарсы қылмыстардың алдын алу – мемлекет саясатының басым бағыты. Заңнамалық деңгейде балаларды қорғаудың, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің және кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстық әрекеттердің алдын

алудың тиімді жүйесін құру бойынша айтарлықтай жұмыстар жүргізілуде.

- Қылмыскерлерге қатаң жаза қолдану және балаларды осындай қылмыстардан қорғаудың кешенді жүйесі кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау мәселелерінде мемлекеттің басым бағыттары болып қала береді. Мұндай қылмыстардың алдын алуға және құрбан болған балаларға көмек көрсетуге бағытталған заңнамалық база жасалды.

- 2024 жылы кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы 874 қылмыс тіркелді. Көрсеткіштің статистикасы Алматы облысында (163), Қарағанды (74), Түркістан (59) облыстарында және Астана (67) және Алматы (59) қалаларында теріс. Ұлытау (12) және Абай (18) облыстарындағы жағдай алаңдатарлық.

- 2024 жылы 100 000 балаға шаққанда кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстар санының аздап төмендеуі байқалды (-0,2 бірлік). 100 мың балаға шаққанда кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстардың саны 12,7 құрады.

- Аймақтық деңгейде бұл көрсеткіштің теріс өсуі жағдайдың жақсаруын білдіреді, Солтүстік Қазақстан облысында (-16,7), Абай облысында (-15,3), Қостанай облысында (-14,0), Шығыс Қазақстан облысында (-13,6), Ақмола облысында (-7,6), Павлодар облысында (-7,2), Ұлытау облысында (-6,7), Жетісу облысында (-6,0) және Қарағанды облысында (-5,3) байқалады.

100 мың балаға шаққанда кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстар санының өсуі 9 облыста тіркелді. Бұл Астана қаласы (+21), Түркістан облысы (+17,7), Алматы облысы (+15,3), Шымкент қаласы (+9,3), Жамбыл облысы (+7,9), Алматы қаласы (+4,3), Ақтөбе облысы (+2,8), Қызылорда облысы (+1,7) және Атырау облысы (+0,2) көрсеткіштері.

- Кәмелетке толмағандардың заңсыз әрекеттерге қатысу деңгейі қылмыстық құқық саласындағы ең нәзік және маңызды тақырыптардың бірі болып табылады. 2024 жылы кәмелетке толмағандар немесе олардың қатысуымен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны 14-17 жас аралығындағы 100 000 балаға шаққанда 135-ті құрады.

- 12 облыста 14-17 жас аралығындағы 100 000 балаға шаққанда кәмелетке толмағандар немесе олардың қатысуымен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар саны республикалық көрсеткіштен төмен. Астана қаласы мен Батыс Қазақстан облысында 14-17 жас аралығындағы 100 000 балаға шаққанда кәмелетке толмағандар немесе оларға қатысы бар қылмыстық құқық бұзушылықтардың статистикасы алаңдатарлық (тиісінше 288 және 256).

- «Елдің әл-ауқаты» бағытындағы индикатордың мәні 2024 жылы 62,8 балды құрады (2023 жыл – 58,6 балл). 9 өңірде «Елдің әл-ауқаты» индикаторының мәні есепті жылы республикалық көрсеткіштен жоғары (62,8 балл). «Елдің әл-ауқаты» бағытында 2024 жылы көшбасшы болып Алматы қаласы танылды, ең төменгі деңгей Батыс Қазақстан облысында тіркелген.

ҰСЫНЫСТАР

- Денсаулық сақтау саласындағы өзекті мәселелер – жаңа нысандар, заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталған медициналық кабинеттер, дәрігерлердің кәсіби біліктілігінің жоғары деңгейі, балаларға, әсіресе ауылдық жерлердегі сапалы медициналық қызметтердің қолжетімділігі; білім беруде – сапалы мектепке дейінгі тәрбиенің, қолайлы және қауіпсіз

оқу жағдайларының, қосымша білім берудің болуы; әлеуметтік салада – көп балалы отбасыларды қолдау, жәрдемақы төлеу, тұрғын үй жағдайын жақсарту және т.б.

- Жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейін төмендету үшін білім беру саласын да, еңбек нарығын да, әлеуметтік саясатты және мемлекет пен бизнестің өзара әрекетін қамтитын жүйелі, өзара байланысты шаралар кешені қажет. Жұмыс орындарын құру ғана емес, сонымен қатар жастарға өзін-өзі табысты жүзеге асыру үшін қажетті білім, дағдылар және мотивация беру маңызды.

- Техникалық және кәсіптік білім беру (ТжКБ) жүйесін еңбек нарығының қазіргі талаптарына бейімдеп, бағдарламалардың мазмұнын жаңғырту – кезек күттірмейтін мәселе. Қолданбалы, жұмсақ (soft skills) және кәсіби (hard skills) дағдыларды дамыту, практикалық оқытуды күшейту, тағылымдама мен дуальды оқыту жүйесін енгізу қажет.

- Мектептерде ерте кәсіптік бағдар беру/мамандық таңдаудан хабардар болу маңызды. Жастар кәсіпкерлігін және өзін-өзі жұмыспен қамтуды қолдау микро қаржыландыруға және өз бизнесін ашуға арналған гранттарға қол жеткізу, тәлімгерлік бағдарламалары мен стартап-инкубаторлар, қаржылық және кәсіпкерлік сауаттылық негіздеріне оқыту.

- Жұмыспен қамтудың мемлекеттік және жеке бағдарламаларынквоталарын және тәжірибесі жоқ түлектерді жұмысқа алатын жұмыс берушілерге субсидиялауды кеңейту, қоғамдық пайдалы жобалар шеңберінде уақытша жұмыс орындарына орналастыру, жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі жоғары өңірлерде жұмыспен қамту бағдарламаларын дамыту.

- Жұмыспен қамтудың және цифрлық экономиканың икемді нысандарын дамыту қашықтан жұмыспен қамтуды заңдастыру және қолдау, фрилансинг және икемді сағаттар, жұмыс іздеуге арналған цифрлық платформаларды құру, оның ішінде қысқа мерзімді және жобалық.

- Еңбек нарығына кірудегі кедергілерді азайту/жұмыс тәжірибесіне, жасына және тұрғылықты жеріне байланысты кемсітушілікке жол бермеу. Ведомствоаралық конструктивті өзара іс-қимыл және еңбек нарығындағы жағдайға мониторинг/жүйелі талдау, мемлекеттік органдар мен жұмыс берушілер өкілдерінің күш-жігерін үйлестіру, кәсіби стандарттар мен жұмыспен қамту болжамдарын үнемі жаңартып отыру.

- Жастар арасындағы жұмыссыздықты азайту стратегиялық көзқарасты талап етеді және тек ағымдағы қиындықтарға ғана емес, болашаққа да назар аударуды талап етеді. Жастар жұмыс күшінің бір бөлігі ғана емес, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі қозғаушы күші болып табылады.

- Көрсеткіштің мониторингі мен бақылауы өскелең ұрпақтың денсаулығы үшін өте маңызды. Атмосфералық ауаның сапасын жақсарту бойынша шұғыл және уақтылы шаралар қабылдау, оның ішінде жасыл аймақтарды құру, экологиялық таза көлікті дамыту, ластаушы заттардың шығарындыларын бақылаудың заманауи технологияларын пайдалану болашақта салауатты ұрпақты, сондай-ақ мемлекеттің ұзақ мерзімді перспективада өнімді халқын қалыптастыруға және дамытуға ықпал етеді.

- Таза ауыз су балалардың физикалық және психо-эмоционалды саулығының негізгі шарты болып табылады. Бұл көрсеткіш елдегі Балалардың хал-ахуалы индексін есептеу кезінде маңызды.

- Ауыз судың сапасына, әсіресе

білім беру ұйымдарында бақылауды күшейту, ауылдық және қала маңындағы елді мекендерді сумен жабдықтау жүйесін дамыту, гигиеналық және су қауіпсіздігі бағдарламаларын күшейту, ластанған көздердің мониторингін қолдау және оларды дер кезінде жою ұсынылады.

- Қатты жабынды жолдарды іске қосу дизайннан бастап ұзақ мерзімді жөндеуге дейінгі көптеген аспектілерге кешенді көзқарас пен назар аударуды талап етеді. Инфрақұрылымдық жол шешімдері пәнінде балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығы кілті болып табылады.

- Инфрақұрылымдық объектілері аз дамыған өңірлер балаларға арналған спорт алаңдары мен аула аумақтарын құруға және абаттандыруға қосымша, анағұрлым қарқынды инвестицияларды талап етеді.

- Балалар мен ата-аналардың пікірлері қолжетімділікке төмен баға берген өңірлердегі жағдайды жақсарту үшін, әсіресе шалғайдағы және ауылдық елді мекендерде спорт нысандарын құру және күтіп ұстау жөніндегі өңірлік бағдарламаларды күшейту ұсынылады.

- Қол жетімділік деңгейі жоғары қалалар үшін әртүрлі жастағы және дағдылар деңгейіндегі балаларды жақсырақ орналастыру үшін бар нысандарды жаңартуды жалғастыру және жаңа сайттар құру маңызды.

- Бекітілген стандарттар мен уәкілетті органдардың техникалық талаптарына сәйкес келетін мектептерді бейнебақылаумен қамтамасыз ету қауіпсіз білім беру ортасын құрудың қажетті шарты болып табылады. Осы талаптарды сақтау арқылы ғана біз жүйенің жоғары сапасына, оның құқық бұзушылықтың алдын алудағы және төтенше жағдайларға дер кезінде ден қоюдағы тиімділігіне кепілдік бере аламыз.

- Бейнебақылау білім беру ұйымдарының сапаны басқару процестеріне деген сенімді нығайтуға көмектеседі. Оқу процесін қауіпсіз қамтамасыз етудің заманауи технологияларын енгізу ата-аналар өз балаларының қауіпсіздігіне сенімді болатын жайлы, ашық басқарылатын ортаны құрайды.

- Сарапшылар су мен канализацияға қолжетімділікті тиімді жақсарту үшін инфрақұрылымның тұрақтылығына ықпал ететін және халықтың барлық топтары үшін негізгі қызметтерге қол жетімділік теңдігін қамтамасыз ететін басқару жүйесін құру қажет екенін атап көрсетеді.

- Сондай-ақ су және канализация тапшылығы мәселесін шешу үшін инновациялық технологияларды енгізу маңызды аспект болып табылады.

- Балалардың хал-ахуалын қамтамасыз ету және санитарлық-тұрмыстық жағдайларды жақсарту мақсатында тұрғын үй қорын жаңғыртуға және барлық тұрғын үй объектілерін орталықтандырылған кәріз жүйесімен міндетті түрде жабдықтауға бағытталған бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру ұсынылады. Бұл жаңа тұрғын үй кешендері үшін де, қайта құруға жататын объектілер үшін де міндетті стандартқа айналуы тиіс.

- Орталықтандырылған кәріз жүйесін монтаждау және жөндеу сапасына ерекше назар аудара отырып, тұрғын үй құрылысында санитарлық нормалар мен өзге де нормалардың сақталуына бақылауды күшейту маңызды. Бұл балалар мен олардың отбасыларының денсаулығына, әсіресе қазіргі заманғы қалалық шындық жағдайында тәуекелдерді барынша азайтуды қамтамасыз етеді.

- Сапалы кәріз жүйесінің маңыздылығы туралы азаматтардың хабардарлығын арттыру үшін ақпараттық науқандар жүргізіліп, балалардың хал-ахуалына теріс әсер етуі мүмкін

төтенше жағдайлардың алдын алу үшін тұрақты жөндеу және профилактикалық жұмыстарды ынталандыру қажет.

- Суды бұру сапасын арттыруға бағытталған экологиялық және энергияны үнемдейтін технологияларға салынған инвестициялар өскелең ұрпақтың денсаулығын сақтауда және болашақ ұрпақ үшін болашағы зор қоршаған ортаны қорғауда маңызды рөл атқарады.

- Барлық балалардың өсіп-жетілуіне қауіпсіз және қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету үшін аз қамтылған отбасылар мен орталықтандырылған кәріз жүйесі әлі орнатылмаған өңірлерге көмек көрсетудің қаржылық тетіктерін құруға ерекше назар аудару қажет.

- Тұрғын үйді орталықтандырылған кәріз жүйесімен қамтамасыз ету балалардың өмірі мен хал-ахуалы үшін қауіпсіз және салауатты жағдай жасаудың құрамдас бөлігі болып табылады. Тек жоғары сапалы инфрақұрылым болған жағдайда ғана біз балаларды жұқпалы аурулардан қорғауға және олардың жайлы және қауіпсіз дамуын қамтамасыз етуге кепілдік бере аламыз.

- Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы таза су мен санитарияға қолжетімділік, әсіресе 5 жасқа дейінгі балалар арасындағы өлім мен аурудың төмендеуімен тікелей байланысты екенін атап көрсетеді. Бұл зерттеу үкіметтердің қалалар мен ауылдық жерлерде тұрақты су және канализация жүйелерін құру қажеттілігін көрсетеді.

- «Ауыз су, санитария және гигиена бойынша прогресс» зерттеуі балалардың хал-ахуалын жақсарту үшін қауіпсіз су мен санитарияға қол жеткізудегі кедергілерді, соның ішінде инфрақұрылымдық, экономикалық және әлеуметтік кедергілерді жою қажет екенін көрсетеді. Бұл саладағы тұрақты даму халықаралық деңгейде инвестиция мен саяси ерік-жігерді қажет етеді.

- Ел тұрғындарын, оның ішінде балаларды белгіленген сапа стандарттарына сәйкес келетін ауыз сумен қамтамасыз ету ЖАО жұмысының маңызды құрамдас бөлігі болуы тиіс. Балалардың денсаулығын сақтаудың міндетті шарты халықаралық стандарттарға сәйкестік болып табылады.

- Қауіпсіз орта мектептер балалардың физикалық, эмоционалдық және психологиялық хал-ахуалына кері әсерін тигізетін білім беру жүйесіндегі маңызды проблема болып қала береді.

- Апаттық жағдайдағы жалпы білім беретін мектептер білім беру жүйесіндегі елеулі проблема болып қала береді. ОМ апатты жағдайдағы жалпы білім беретін мектептердің балалардың хал-ахуалына кері әсерін азайту бойынша пәрменді шаралар қабылдау ұсынылды.

- ЖАО-дағы апатты мектептердің мәселелерін шешу мақсатты шараларды, оның ішінде күрделі жөндеулерді сапалы әзірлеу арқылы мүмкін болады. Тек үстірт жөндеу ғана емес, оқушыларға қауіпсіз әрі қолайлы жағдай жасай отырып, мектептерді қайта жаңғырту маңызды.

- Мектептердегі санитарлық жағдайды жақсарту, жылыту, желдету және жарықтандыру мәселелерін жою, балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау стандарттарын сақтау үшін жүйелі тексерулер жүргізу өте маңызды.

- Апаттық мектептердің мәселелерін шешуге қосымша ресурстар мен мемлекеттік қолдау мен демеушілік қаражатты, жеке инвестицияларды тарту апатты мектептерді шешу үдерісін айтарлықтай жеделдете алады. Мектептердің материалдық-техникалық жағдайына білім

беру ұйымдарының жауапкершілігін арттыру да маңызды.

- Мектептердегі төтенше жағдайлардың жағымсыз салдарын азайту кешенді көзқарасты және жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттің негізгі басымдылығын – әрбір баланың денсаулығын, қауіпсіздігін және лайықты білім алу жағдайын көрсететін басқару шешімдерін қабылдауын талап етеді.

- Қоғамдық көліктің қолжетімділігі мен балалардың жақын маңдағы аялдамаға дейінгі қашықтығы барған сайын өзекті мәселеге айналуда. Аялдамадан жаяу 15 минуттан астам жерде тұратын мектеп оқушыларына ерекше назар аудару керек. Бұл қашықтық балаларға жолда көп уақыт жұмсаудан аулақ болуға мүмкіндік беретін оңтайлы қашықтық болып табылады, бұл өз кезегінде олардың күнделікті тәртібі мен жалпы белсенділігіне әсер етеді.

- Қазақстан БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясын ратификациялады, бұл оның ішкі саясатындағы бала мүдделерінің басымдылығын көрсетеді. Бұл ретте құжатты ратификациялау бірінші қадам болып табылады. Міндеттемелердің шынайы орындалуы формальды емес, тиімді жұмыс істейтін балаларды қорғаудың мемлекеттік жүйесі қалыптасқан жерде басталады.

- Балаларға қатысты жыныстық зорлық-зомбылық ең ауыр және жойқын қылмыстардың бірі болып табылады. Кешенді, ауқымды жұмыс өте маңызды: білім беру, денсаулық сақтау, құқық қорғау және әлеуметтік қызметтерді ведомствоаралық конструктивті үйлестіру, алдын алу шаралары, балаларға қарсы қылмыстарға мүлдем төзбеушілікті көрсететін заңнама, зардап шеккендерді қолдау/оңалту, қорғау, қалпына келтіру, қоғамдық төзімсіздік/тақырып тыйым салуға жатпайды.

- Қылмыстық құқық бұзушылықтар аясындағы кәмелетке толмағандардың жауапкершілігі мұқият көзқарасты талап етеді. Жас шақ іс-әрекеттер туралы хабардар болмауы және жасалған қылмыстардың зардаптарының толық ауырлығын сезіну қабілетінің толық болмауын білдіреді.

- Кәмелетке толмағандар арасындағы немесе оларға қатысы бар қылмыстық құқық бұзушылықтардың санын тиімді азайту үшін барлық жауапты тұлғалардың қатысуымен кешенді тәсіл қажет. Негізгі шараларға «тәуекел топтарын» ерте анықтау және қолдау жүйесін дамыту, отбасы институтын нығайту және ата-ана құқығын қолдау, жасөспірімдердің бос уақытын өткізуі мен өзін-өзі жүзеге асыруы үшін қолжетімді инфрақұрылымды дамыту, білім беру жобалары мен бастамалары, ювеналды әділет жүйесінің тиімділігін арттыру, жасөспірімдердің қылмыстық әрекетке тартылуын қадағалау жатады.

- Маңызды қағида - зардаптармен күреспеу. Себептерді анықтау және жою - бірінші кезектегі және кезек күттірмейтін мәселе.

4.1-қосымша

АПАТТЫ МЕКТЕПТЕР САНЫ, ОҚУ ЖЫЛДАРЫ, БІРЛІК.

№	Аймақ	2023	2024	Динамика
	ҚР	**55**	**50**	**-5**
1	Абай	3	2	-1
2	Ақмола	2	2	0
3	Ақтөбе	5	2	-3
4	Алматы	0	0	0
5	Атырау	5	6	1
6	Шығыс Қазақстан	0	0	0
7	Жамбыл	3	2	-1
8	Жетісу	0	0	0
9	Батыс Қазақстан	14	17	3
10	Қарағанды	3	4	1
11	Қостанай	0	0	0
12	Қызылорда	8	5	-3
13	Маңғыстау	2	2	0
14	Павлодар	1	0	-1
15	Солтүстік Қазақстан	3	0	-3
16	Түркістан	4	4	0
17	Ұлытау	2	3	1
18	Алматы қаласы	0	0	0
19	Астана қаласы	0	1	1
20	Шымкент қаласы	0	0	0

Деректер көзі: ҰБДҚ

4.2-қосымша

ТІРКЕЛГЕН ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР БОЙЫНША, АЯҚТАЛҒАН ІСТЕР ҮШІН, БІРЛІК

№	Аймақ	Кәмелетке толмағандарға қатысты жасалған	
		2023	2024
1	Астана қаласы	123	254
2	Абай	101	99
3	Ақмола	88	126
4	Ақтөбе	107	177
5	Алматы қаласы	189	258
6	Алматы	234	390
7	Атырау	116	180
8	Шығыс Қазақстан	107	110
9	Жамбыл	133	192
10	Жетісу	72	92
11	Батыс Қазақстан	128	158
12	Қарағанды	185	203
13	Қызылорда	80	119
14	Қостанай	81	78
15	Маңғыстау	104	142
16	Павлодар	86	105
17	Солтүстік Қазақстан	62	89
18	Шымкент қаласы	168	241
19	Түркістан	212	261
20	Ұлытау	41	48

Деректер көзі: ҚР БП ҚСжАЕК

4.3-қосымша

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ЖЫНЫСТЫҚ ҚОЛ СҰҒЫЛМАУШЫЛЫҚҚА ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТАР САНЫ (ЖЫЛЫНА), БІРЛІК, 2024

№	Аймақ	Кәмелетке толмағандардың жыныстық қол сұғылма-ушылыққа қарсы қылмыстар саны
1	Ұлытау	12
2	Абай	18
3	Шығыс Қазақстан	22
4	Қостанай	22
5	Солтүстік Қазақстан	23
6	Жетісу	24
7	Маңғыстау	29
8	Қызылорда	30
9	Ақтөбе обл.	32
10	Шымкент қаласы	33
11	Атырау	35
12	Батыс-Қазақстан	35
13	Жамбыл	40
14	Павлодар	40
15	Ақмола	45
16	Түркістан	59
17	Алматы қаласы	59
18	Астана қаласы	67
19	Қарағанды	74
20	Алматы	163

Деректер көзі: ҚР БП ҚСжАЕК

4.4-қосымша.

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР ЖАСАҒАН, АЯҚТАЛҒАН ІСТЕР БОЙЫНША ТІРКЕЛГЕН ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР ТУРАЛЫ

№	Аймақ	2023	2024
	ҚР	**1904**	**1868**
1	Абай	56	42
2	Ақмола	56	67
3	Ақтөбе	128	100
4	Алматы	112	96
5	Атырау	80	69
6	Шығыс Қазақстан	78	65
7	Жамбыл	93	98
8	Жетісу	25	46
9	Батыс Қазақстан	127	112
10	Қарағанды	92	105
11	Қызылорда	68	65
12	Қостанай	60	38
13	Маңғыстау	67	49
14	Павлодар	34	55
15	Солтүстік Қазақстан	50	48
16	Түркістан	152	152
17	Ұлытау	15	20
18	Алматы қаласы	244	222
19	Астана қаласы	234	254
20	Шымкент қаласы	133	165

Деректер көзі: ҚР БП ҚСжАЕК

5-БӨЛІМ. БАЛАЛАРДЫҢ ХАЛ-АХУАЛЫ ИНДЕКСІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫ МӘНІ

Қазақстанның өркендеуінің негізі – экономикалық өсуді қолдауға ғана емес, сонымен бірге жауапкершілік пен ел болашағына алаңдаушылық мәдениетін қалыптастыруға қабілетті азаматтардың білімді әлеуеті бар дамыған адами капитал.

Бұл сана баланың басымдылығы стратегиялық міндет ретінде бекітілген тұрақты мемлекеттік саясатта көрініс табады. Қазақстанда балалар құқықтарының мүдделерін қорғау саласында берік заңнамалық база құрылды. Елімізде нормативтік құқықтық тетіктер жүйелі түрде жетілдіріліп, балалардың хал-ахуалын бағалаудың заманауи тәсілдері енгізілуде.

Балаларға қамқорлық нақты әрекеттер арқылы көрсетіледі: инклюзивті білім беруді дамыту, медициналық көмекке қол жеткізу, отбасын қолдау, балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау үшін құқықтық нормаларды нығайту. Бұл әрбір баланың сүйіспеншілік пен қауіпсіздікте өсуіне және тұрақты, әділ қоғамда толыққанды, жемісті өмір сүруіне мүмкіндік береді.

Бұл тұрғыда Балалардың хал-ахуалы индексі маңызды интегралды көрсеткіш болып табылады, денсаулық сақтау, білім беру, әділет және мемлекеттік саясаттың барлық деңгейлерінде саясатты қалыптастыру үшін сапалы ақпарат беретін әлеуметтік қызметтер деректері анықталады.

Индекс кешенді мониторингке, оның ішінде ресми статистикаға және балалар мен ата-аналарға сауалнама нәтижелеріне негізделген. Бұл оның құндылығы мен бірегейлігі.

2024 жылы бағалау әдістемесі бойынша Балалардың әл-ауқаты35 статистикалық және 21 сауалнамалық көрсеткіштерін мұқият талдау ел аймақтарын үш деңгейге жіктеуге мүмкіндік берді: жоғары деңгей (75–100 балл), орташа деңгей (50–74 балл) және төмен деңгей (0–49 балл).

2024 жылы Қазақстанда Балалардың хал-ахуалы индексі динамикасының тұрақты оң үрдісі байқалды: көрсеткіштің орташа ұлттық мәні 2,5 тармаққа өсті (2023 ж. – 56,1 балл, 2024 ж. –58,6 ұпай (5.1-сурет).

Оң динамика бала құқықтарын қорғауға бағытталған жүйелі мемлекеттік саясаттың нәтижесін көрсетеді. Әлеуметтік бағдарламаларды кеңейту және инфрақұрылымдық шешімдерді дамыту, сапалы медициналық және білім беру қызметтеріне қолжетімділікті қамтамасыз ету, балалар мен отбасылардың олардың хал-ахуалды жалпы қабылдауы, азаматтық қоғамның белсенді қатысуы және бизнесті балалық шақ мәселелеріне тарту елдегі балалардың өмір сүру сапасын айқындайды. Балалардың әл-ауқатыорташа деңгейі бар топта Алматы облысынан басқа барлық облыстар (48,2 балл) топта.

.



5.1-сурет: Балалардың хал-ахуалы индексінің нәтижелері, 2024 жВ

ҚР БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫ ИНДЕКСІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

2024 жыл, Қазақстан Республикасы – 58,6 балл

2023 жыл, Қазақстан Республикасы – 56,1 балл
2022 жыл, Қазақстан Республикасы – 55,3 балл



Деңгейлер:
0–49 Төмен
50–74 Орта
75–100 Жоғары

2024 жылы 8 өңірде Балалардың әл-ауқатыиндексі орташа республикалық деңгейден жоғары (59,4-тен 64,6 балға дейін) (5.1-кесте).

2024 жылғы балалардың хал-ахуалы индексінің ең жоғары деңгейін Ақтөбе облысы (64,6 балл) көрсетіп отыр. 2023 жылмен салыстырғанда мәннің өсуі +5,6 тармақты құрады. Соңғы екі жылда Павлодар облысында тұрақты жоғары нәтиже байқалды. Көрсеткіштің айтарлықтай жоғары өсуін Алматы қаласы (+6,9) және Қостанай облысы (+6,4) көрсетіп отыр.

2023 жылмен салыстырғанда балалардың әл-ауқат индексі Алматы облысында (-5,5), Астана қаласында (-4,6), Атырау облысында (-3,7), Қарағанды облысында (-3), Ақмола облысында (-0,9), Солтүстік Қазақстан облысында (-0,5), Батыс Қазақстан облысында (-0,4) төмендегені байқалады.

5.1-КЕСТЕ. БАЛАЛАРДЫҢ ХАЛ-АХУАЛЫ ИНДЕКСІ 2023/2024

№	Аймақ	ИНДЕКС 2023	ИНДЕКС 2024	ДИНАМИКА
	ҚР	56,1	58,6	2,5
1	Абай	50,2	55,4	5,2
2	Ақмола	57,9	57,0	-0,9
3	Актөбе	59	64,6	5,6
4	Алматы	53,7	48,2	-5,5
5	Атырау	54,9	51,2	-3,7
6	Батыс Қазақстан	53	52,6	-0,4
7	Жамбыл	59	60,8	1,8
8	Жетісу	54,8	59,4	4,6
9	Қарағанды	56,1	53,1	-3,0
10	Қостанай	57,6	64,0	6,4
11	Қызылорда	59,9	61,7	1,8
12	Маңғыстау	56,4	58,0	1,6
13	Павлодар	63,3	63,3	0,0
14	Ссолтүстік Қазақстан	53,2	52,7	-0,5
15	Түркестан	53,6	56,2	2,6
16	Ұлытау	54	57,3	3,3
17	Шығыс Қазақстан	55,4	58,4	3,0
18	Астана қаласы	57,7	53,1	-4,6
19	Алматы қаласы	54,8	61,7	6,9
20	Шымкент қаласы	57,3	61,8	4,5

Қорытынды: Индекс нәтижелерін салалар бойынша талдау келесіні көрсетеді (5.2-кесте). Баланың хал-ахуал индексінің қорытынды мәнінің «Бала» аймағы бойынша оң динамикасы (+3,6) тіркелді (2023 ж. – 54,3 және 2024 ж. – 57,9 балл). Нәтижеге Қызылорда (+16), Түркістан (+11,8), Шымкент қ. (+10,8) және Жетісу (+10,2) облыстары айтарлықтай үлес қосты. Өсудің төмендеуі Қарағанды (-15,2), Алматы (-13,1) және Шығыс Қазақстан облыстарында (-8,7) тіркелді. Ең жоғары көрсеткішті Қызылорда облысы (72,5 балл), ең төмені – Қарағанды облысы (40,4 балл) көрсетті (6.1-қосымша).

Есептеу нәтижелері: «Бала» бағыты бойынша Балалардың хал-ахуалы индексі балалардың денсаулығына, дамуына, қауіпсіздігіне және өміріне қанағаттануына оң әсер ететін жағдайлардың жан-жақты жақсаруын көрсетті.

Бұл – өңірлердің балалар денсаулығы мен білім беру саласындағы бағдарламалар мен жобаларды тиімді жүзеге асыруының және балалық шақ мәселелеріне көңіл бөлудің нәтижесі.

Сонымен қатар, бірқатар өңірлердегі көрсеткіштің төмендеуі балаларға арналған әлеуметтік ортаның сапасын жақсартуға бағытталған қосымша басқару және ресурстық шешімдер қабылдауды талап ететін жүйелік қиындықтардың бар екенін көрсетеді.

Қорытынды балл бойынша позициялар аймақтар бойынша айырмашылықтарды және аймақтардағы балалардың хал-ахуалын арттыру үшін жағдайларды теңестіру қажеттілігін көрсетеді.

«Отбасы және қоғам» бағыты бойынша Индекс нәтижелерінде 2024 жылы (53,2 балл) 2023 жылмен (55,1 балл) салыстырғанда өсімнің жалпы төмендеуі (-1,9) байқалады. Павлодар облысы 2023 жылмен салыстырғанда (67,6 балл) +3,4 балға өскен жоғары көрсеткішті (71 балл) көрсетіп отыр. Индекстің ең төменгі мәні Солтүстік Қазақстан облысында (36,7 балл) тіркеліп, 15,3 балға (2023 ж. – 52 балл) төмендеді. Бұл саладағы индекстің жалпы төмендеуіне Солтүстік Қазақстан облысы (-15,3) (2023 ж. – 52 және 2024 ж. – 36,7 балл), Астана қаласы (-11,4) (2023 ж. – 58,1 және 2024 ж. – 46,7 балл), Ақмола облысы (-10 – 27, 2024) (2024 – 46,7 балл) әсер етті. 45,7 балл) (5.2-қосымша).

Осы саладағы Индекстің қорытынды мәнінің жалпы төмендеуі өңірлердің назарын ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, қиын өмірлік жағдайларда, қорқытуға/қудалауға ұшыраған, оның ішінде әлеуметтік желілер арқылы балаларға қолдау көрсету тәсілдерін қайта қарау қажеттілігіне аударады. Ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамытуға жауапкершілік мәдениетін қалыптастыру мәселелері бойынша қоғам мен мемлекет арасындағы диалогты кеңейту маңызды.

Айтарлықтай аумақтық айырмашылықтар Индекс деңгейі осал аймақтардағы отбасылар мен балаларға жағдайды теңестіру және ата-аулы қолдауды күшейту қажеттілігіне баса назар аударады.

«Мемлекеттік саясат» бағыты оң динамикасын көрсетеді (+4) (2023).56.4 және 2024.60,4 балл). Шығыс Қазақстан облысы (+14,4) (2023 – 56,2 және 2024 – 70,6 балл), Қостанай облысы (+11,6) (2023 – 50,8 және 2024 – 62,4 балл), Шымкент қаласы (+10,3) (2023 – 66 және 2024 балл). Ең жоғары балл Шымкент қаласы (76,3 балл). Бұл саланың айтарлықтай төмендеуін Астана қаласы (-8,5) көрсетеді (2023 ж. – 54,6 және 2024 ж. – 46,1 балл) (5.3-қосымша).

Жалпы алғанда, өңірлерде бала-

лардың құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік шараларды жүзеге асыру қорытындылары тұрақты оң үрдісті көрсетеді. Бұл баланың құқықтары мен мүдделерін мемлекеттік жүйе деңгейінде тиімді қолдауды көрсетеді.

Жоғарыда аталған өңірлердің басшылығы ЖАО-ның белсенді жұмысын, балаларға мемлекеттік кепілдіктерді қамтамасыз етудегі аймақтық саясаттың айқындылығы мен тиімділігін арттыруды көрсетеді.

Шымкент қаласының ең жоғары көрсеткіші облыстағы балалы отбасыларды қолдаудың әлеуметтік-бағдарланған тәсілімен байланысты болуы мүмкін.

Астана қаласының келеңсіз динамикасы себептерді талдауды және саясатты, әсіресе астана мәртебесі контекстінде түзетуді талап етеді, бұл әлеуметтік бағдарламаларды іске асырудың жоғары стандарттарын білдіреді.

Жалпы тенденция өңірлердің көпшілігінде балалық шақ саласындағы мемлекеттік саясаттың белсенді әрі тиімді болып келе жатқанын көрсетеді, бірақ мақсатты шешімдерді және институционалдық өзара іс-қимылды күшейтуді талап ететін айырмашылықтар сақталуда.

Балалардың хал-ахуалы индексінің оң динамикасы «Елдің ел-ауқаты» бағытында (+4,2) байқалады (2023 жыл – 58,6 және 2024 жыл – 62,8 балл). Қостанай облысы (+17,6) (2023 жыл – 50,2 және 2024 жыл – 67,8), Алматы қаласы (+14) (2023 жыл – 62,9 және 2024 жыл – 76,9 балл), Абай облысы (+11,2) (2023 жыл – 50,6 және 2024 жыл – 62,3 балл) бұл бағыттағы жалпы көрсеткішке айтарлықтай үлес қосқан. Ең жоғары балл Алматы қаласында тіркелді (76,9 балл) (қосымша 5.4).

Төмен көрсеткіштер Алматы облысында (-3,4) (2023 жыл – 58,2 және 2024 жыл – 54,8 балл), Батыс Қазақстан облысында (-3,2) (2023 жыл – 52,3 және 2024 жыл – 49,1), Қарағанды облысында (-2,0) (2023 жыл – 60,5 және 2024 жыл – 58,5 балл) тіркелген. Бұл бағыттағы ең төменгі көрсеткіш Батыс Қазақстан облысында (49,1 балл) байқалады.

Бұл саладағы Индекстің соңғы мәнінің тұрақты өсуі балалардың өмір сүру сапасын анықтайтын әлеуметтік-экономикалық саясаттағы оң өзгерістерді көрсетеді.

Жоғарыда аталған өңірлердің оң динамикаға айтарлықтай үлес қосуы инфрақұрылымдық мәселелерді шешу және әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыру бойынша қабылданған тиімді шараларымен байланысты.

Теріс динамика көрсеткен бірқатар өңірлерде жастарды жұмыспен қамту және оларды кәсіппен қамту, экология, белгіленген стандарттарға сәйкес балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қылмыс пен кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша профилактикалық іс-шараларды қабылдау, халықтың әлеуметтік осал топтарындағы балалар үшін негізгі сапалы қызметтердің қолжетімділігі мәселелері бойынша шараларды күшейту қажеттігін көрсетеді.

5.2-КЕСТЕ. БАЛАЛАРДЫҢ ХАЛ-АХУАЛЫ ИНДЕКСІНІҢ АУМАҚТАР БОЙЫНША НӘТИЖЕЛЕРІ, 2024 Ж

№	Аймақ	Балалардың хал-ахуалы индексінің бағыттары			
		Бала	Отбасы және қоғам	Мемле-кеттік саясат	Ел игілігі
	ҚР	**57,9**	**53,2**	**60,4**	**62,3**
1	Абай	60,2	43,2	56,1	62,3
2	Ақмола	57,6	45,7	61,0	63,8
3	Ақтөбе	62,9	61,3	65,0	69,4
4	Алматы	42,6	44,1	51,2	54,8
5	Атырау	51,6	49,2	50,2	53,9
17	Шығыс Қазақстан	47,4	53,2	70,6	62,3
7	Жамбыл	65,8	54,5	62,2	65,0
8	Жетісу	60,1	50,9	63,9	62,7
6	Батыс Қазақстан	53,7	56,6	51,0	**49,1**
9	Қарағанды	**40,4**	52,8	60,7	58,5
10	Қостанай	68,4	57,3	62,4	67,8
11	Қызылорда	**72,5**	47,9	68,8	57,6
12	Маңғыстау	61,9	45,8	52,3	71,9
13	Павлодар	49,3	**71,0**	64,7	68,3
14	Солтүстік Қазақстан	48,1	**36,7**	60,9	64,9
15	Түркістан	61,7	48,1	58,2	56,7
16	Ұлытау	55,9	63,6	56,5	53,2
19	Алматы қаласы	60,7	60,4	48,8	**76,9**
18	Астана қаласы	52,1	46,7	**46,1**	67,4
20	Шымкент қаласы	62,9	52,3	**76,3**	55,8

5.1. - қосымша

«БАЛА» БАҒЫТЫ БОЙЫНША БАЛАНЫҢ ХАЛ-АХУАЛЫНЫҢ ИНДЕКСІНІҢ ДИНАМИКАСЫ

Аймақтың атауы	Бала 2023	Бала 2024	Динамика
ҚР	**54,3**	**57,9**	**3,6**
Абай	52,6	60,2	**7,6**
Ақмола	52,5	57,6	**5,1**
Ақтөбе	56,6	62,9	**6,3**
Алматы	55,7	42,6	**-13,1**
Атырау	51,9	51,6	**-0,3**
Батыс Қазақстан	51,7	53,7	**2,0**
Жамбыл	64	65,8	**1,8**
Жетісу	49,9	60,1	**10,2**
Қарағанды	55,6	**40,4**	**-15,2**
Қостанай	63,8	68,4	**4,6**
Қызылорда	56,5	**72,5**	**16,0**
Маңғыстау	52,9	61,9	**9,0**
Павлодар	51,5	49,3	**-2,2**
Солтүстік Қазақстан	51	48,1	**-2,9**
Түркістан	49,9	61,7	**11,8**
Ұлытау	52,1	55,9	**3,8**
Шығыс Қазақстан	56,1	47,4	**-8,7**
Астана қаласы	53,2	52,1	**-1,1**
Алматы қаласы	55,7	60,7	**5,0**
Шымкент қаласы	52,1	62,9	**10,8**

5.2. - қосымша

«ОТБАСЫ ЖӘНЕ ҚОҒАМ» БАҒЫТЫ БОЙЫНША БАЛАНЫҢ ХАЛ-АХУАЛЫНЫҢ ИНДЕКСІНІҢ ДИНАМИКАСЫ

Аймақтың атауы	Отбасы және қоғам 2023	Отбасы және қоғам 2024	Динамика
ҚР	**55,1**	**53,2**	**-1,9**
Абай	48,8	43,2	**-5,6**
Ақмола	55,7	45,7	**-10,0**
Ақтөбе	56,1	61,3	**5,2**
Алматы	48,2	44,1	**-4,1**
Атырау	49,4	49,2	**-0,2**
Батыс Қазақстан	57,8	56,6	**-1,2**
Жамбыл	52,3	54,5	**2,2**
Жетісу	54,8	50,9	**-3,9**
Қарағанды	46,6	52,8	**6,2**
Қостанай	65,6	57,3	**-8,3**
Қызылорда	56,4	47,9	**-8,5**
Маңғыстау	52,4	45,8	**-6,6**
Павлодар	67,6	**71,0**	**3,4**
Солтүстік Қазақстан	52	**36,7**	**-15,3**
Түркістан	51,8	48,1	**-3,7**
Ұлытау	63,9	63,6	**-0,3**
Шығыс Қазақстан	55,5	53,2	**-2,3**
Астана қаласы	58,1	46,7	**-11,4**
Алматы қаласы	50,2	60,4	**10,2**
Шымкент қаласы	59,1	52,3	**-6,8**

5.3. - қосымша

«МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТ» БАҒЫТЫ БОЙЫНША БАЛАНЫҢ ХАЛ-АХУАЛЫНЫҢ ИНДЕКСІНІҢ ДИНАМИКАСЫ

Аймақтың атауы	Мемлекеттік саясат 2023	Мемлекеттік саясат 2024	Динамика
ҚР	**56,4**	**60,4**	**4,0**
Абай	48,7	56,1	**7,4**
Ақмола	59,1	61,0	**1,9**
Ақтөбе	58,6	65,0	**6,4**
Алматы	52,6	51,2	**-1,4**
Атырау	52,8	50,2	**-2,6**
Батыс Қазақстан	50,3	51,0	**0,7**
Жамбыл	54,7	62,2	**7,5**
Жетісу	61,3	63,9	**2,6**
Қарағанды	61,7	60,7	**-1,0**
Қостанай	50,8	62,4	**11,6**
Қызылорда	69,8	68,8	**-1,0**
Маңғыстау	60	52,3	**-7,7**
Павлодар	64,5	64,7	**0,2**
Солтүстік Қазақстан	52,9	60,9	**8,0**
Түркістан	53,9	58,2	**4,3**
Ұлытау	49,1	56,5	**7,4**
Шығыс Қазақстан	56,2	70,6	**14,4**
Астана қаласы	54,6	**46,1**	**-8,5**
Алматы қаласы	50,3	48,8	**-1,5**
Шымкент қаласы	66	**76,3**	**10,3**

5.4. -қосымша.

БАЛАНЫҢ ХАЛ-АХУАЛЫНЫҢ ИНДЕКСІНІҢ ДИНАМИКАСЫ» БАҒЫТЫ БОЙЫНША. ЕЛ ИГІЛІГІ»

Аймақтың атауы	Ел игілігі 2023	Ел игілігі 2024	Динамика
ҚР	**58,6**	**62,8**	**4,2**
Абай	50,6	62,3	**11,7**
Ақмола	64,4	63,8	**-0,6**
Ақтөбе	64,6	69,4	**4,8**
Алматы	58,2	54,8	**-3,4**
Атырау	65,6	53,9	**-11,7**
Батыс Қазақстан	52,3	**49,1**	**-3,2**
Жамбыл	64,9	65,0	**0,1**
Жетісу	53,2	62,7	**9,5**
Қарағанды	60,5	58,5	**-2,0**
Қостанай	50,2	67,8	**17,6**
Қызылорда	57,1	57,6	**0,5**
Маңғыстау	60,2	71,9	**11,7**
Павлодар	69,5	68,3	**-1,2**
Солтүстік Қазақстан	57	64,9	**7,9**
Түркістан	58,8	56,7	**-2,1**
Ұлытау	50,7	53,2	**2,5**
Шығыс Қазақстан	53,7	62,3	**8,6**
Астана қаласы	65	67,4	**2,4**
Алматы қаласы	62,9	**76,9**	**14,0**
Шымкент қаласы	52,2	55,8	**3,6**

ҚОРЫТЫНДЫ

Егемен Қазақстан – әрбір бала өзін қауіпсіз, құнды сезінетін және өз әлеуетін жан-жақты дамытуға мүмкіндік алатын бүгінгі және болашақ өмірді қалыптастыратын мемлекет. Балалық шақ – мемлекеттің жан-жақты қамқорлығында болуы тиіс, өйткені ол – елдің басты байлығы, қоғамның әл-ауқаты мен тұрақты дамуының негізі. Балалық шақ институтын дамыту мен қолдау бұрын-соңды болмаған заңнамалық бастамаларды қабылдауға, маңызды құқықтық тетіктерді жетілдіруге және тиімді халықаралық стандарттарды енгізуге негізделіп отыр.

Балаларды қорғау жөніндегі ұлттық институттардың рөлі – ерекше маңызды. Елімізде Бала құқықтары жөніндегі уәкіл (омбудсмен) институты табысты жұмыс істеп келеді. Сонымен қатар, өңірлік деңгейдегі балалар құқықтары жөніндегі уәкілдердің мәртебесі заңнамалық тұрғыда бекітіліп, олардың өкілеттігі нақтыланып, құқықтық негізі күшейтілді. Облыстарда, республикалық маңызы бар қалалар мен астанада баланың құқықтарын қорғау жөніндегі өңірлік өкілетті өкілдің қызметін реттейтін Ережелер бекітілді.

Балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мәселелері бойынша салааралық ынтымақтастық нығайтылып, тиісті органдар арасындағы өзара іс-қимыл тиімділігін арттыру бағытында жүйелі шаралар қабылдануда. Қазақстанда балалық шақ мәселелеріне бөлінетін бюджет қаражатының мақсатты жұмсалуын бақылау және мониторинг жүргізу нәтижелері бойынша құқықтық шаралар күшейтілуде. Сондай-ақ ата-аналар қауымдастығын бала тәрбиесіне қатысты өзекті мәселелер бойынша ақпараттандыру жұмыстары жалғасуда. Бұл бағыттағы мемлекеттік саясат жыл сайын жүйелендіріліп, тұрақты сипат алып келеді және баланың нақты қажеттіліктеріне барынша бағытталуда.

Жетім және ата-анасының

қамқорлығынсыз қалған балаларға мемлекет тарапынан толық қолдау көрсетілуде. Денсаулығына байланысты орта білім беру ұйымдарына ұзақ уақыт бара алмайтын балалар үшін үйде немесе стационарлық мекемелерде білім беру, сондай-ақ қалпына келтіру емі мен медициналық оңалту аясында жеке тегін оқыту ұйымдастырылады. Елімізде мүмкіндігі шектеулі балаларға білім алуға, дамуындағы ауытқуларды түзетуге және әлеуметтік бейімделуге қолайлы арнайы жағдайлар жасалған.

Девиантты мінез-құлықты балалар қосымша білім беру ұйымдарына проактивті форматта басымдықпен қабылданады. Статистикалық және сауалнама нәтижелерін талдау еліміздің өңірлерінде әрбір баланың құқықтары мен мүдделерін қорғау мәселелері бойынша мемлекеттік саясатты тиімді іске асыруға арналған құнды дереккөзге айналып отыр. 2024 жылға арналған Балалардың хал-ахуалы индексінің нәтижелері тек мақсатты индикаторларды өңірлік даму бағдарламаларына енгізу қажеттігін ғана емес, сондай-ақ әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру мен бағалауды бақылау, жергілікті деңгейде уақтылы басқарушылық шешімдер қабылдаудың маңыздылығын да көрсетіп отыр.

Балалар денсаулығының әлеуметтік детерминанттарының аспектісі бүгінгі таңда өзекті болып табылады. Бұл – әлеуметтік интеграция мен жұмысқа орналасу, қауіпсіз әрі жайлы өмір сүру жағдайлары, сондай-ақ сапалы медициналық көмек пен білім алуға қол жеткізудің негізгі кепілі.

Балалық шақтағы өзекті мәселелердің тұрақты шешімін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік органдардың мақсатты және келісілген іс-әрекеттері, азаматтық қоғамның белсенді қатысуы мен бизнес-қоғамдастықтардың қолдауы қажет. Қол жеткізілген прогресс тоқтап қалмауы тиіс.

Қазақстан балалардың құқықтарын қорғауға стратегиялық басымдық беріп отырғанына қарамастан, бұл салада кешенді шешімді қажет ететін бірқатар жүйелі мәселелер әлі де сақталуда.

Солардың бірі – елдің кейбір өңірлерінде бала құқықтарын іске асырудағы тұрақсыздық. Әсіресе ауылдық жерлер мен шалғай елді мекендердегі балалардың сапалы медициналық көмекке, білімге, әлеуметтік қолдауға және инфрақұрылымға тең қолжетімділігін қамтамасыз ету мәселесі өзекті болып отыр. Бұл – балалардың әл-ауқатына теріс әсер ететін факторлардың бірі.

Балаларға қатысты зорлық-зомбылық, оның ішінде тұрмыстық, психологиялық және қорлау фактілері алаңдаушылық тудыруда. Зардап шеккен балаларды анықтау, оларға жедел әрекет ету және кейіннен қолдау көрсету жүйесін күшейту, ведомствоаралық келісімді арттыру және ресурстық қамтамасыз етуді кеңейту қажет.

Білім беру және әлеуметтік қызметтермен қамту деңгейі шектеулі күйінде қалып отыр. Ерекше білім алуды қажет ететін, мүмкіндігі шектеулі, аз қамтылған немесе заңға қайшы әрекет жасаушы отбасылардан шыққан балалар сапалы әрі жедел қолдау мен қорғауға ие болуы тиіс.

Балалар мен ата-аналардың құқықтық және цифрлық сауаттылығының жеткіліксіздігі олардың өз құқықтарын қорғау және мемлекеттік органдармен тиімді өзара іс-қимыл жасау мүмкіндіктерін шектейді. Сонымен қатар, балалардың өз өміріне қатысты шешімдер қабылдау процесіне қатысу механизмдері даму сатысында тұр және қазіргі таңда жүйелі сипатқа толық ие емес.

Балаларды қорғау жүйесіне қа-

тысатын барлық субъектілер – мектептер мен әлеуметтік қызметтерден бастап құқық қорғау органдарына дейін – арасындағы институционалдық өзара іс-қимылды күшейту ерекше назар аударуды қажет етеді. Бұл бағытта барлық деңгейдегі ведомствоаралық үйлестірудің тұрақты, тиімді үлгісін қалыптастыру маңызды.

Сонымен қатар, экологиялық нормаларды сақтау, халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балалардың әлеуметтік мазасыздану деңгейін төмендету, дамуында ауытқуы бар балаларды ерте анықтау мен емдеуге бағытталған белсенді алдын алу шараларын қабылдау қажет.

Денсаулық сақтау саласы мамандарының кәсіби құзыретін арттыру, сондай-ақ жасөспірімдермен психологиялық, педагогикалық және әлеуметтік жұмыстарды жүйелі түрде жүргізу мәселесі әлі де өзекті күйінде қалып отыр.

Жалпы, жүйенің барлық қатысушылары — мемлекеттен бастап кәсіби қоғамдастықтар мен балалардың өздерін қоса алғанда — келісілген іс-әрекеттері аса маңызды.

Қазақстанда 2030 жылға бағытталған ТДМ толық іске асуына небәрі бес жыл қалды. Елде бұл мақсаттарға қол жеткізу үшін берік негіз жасалғанымен, толық іске асыруға өту және «жасыл аймаққа» кіру үшін жұмыс қарқынын едәуір жеделдету, қаржыландыруды ұлғайту және «Index Wellbeing» бағдарламасының барлық салаларында терең институционалдық реформалар жүргізу қажет.

Жүйелі көзқараспен қарап, аймақтық теңгерімсіздіктерді жойған кезде ғана Қазақстан баланы елдің ең жоғары құндылығы ретінде бағалап, әр баланы бақытты балалық шақпен қамтамасыз ете алатын күшті және әділетті мемлекет ретінде қарқынды дамиды.

Балалары сүйіспеншілік пен қамқорлыққа бөленіп, бала үніне құлақ асатын жерде ғана көкірегі ояу, жаны дана адамдар дүниеге келеді. Өйткені, жақсылыққа сенуге, дүниенің сұлулығын көруге және әділдік үшін күресуге үйрететін — балалық шақ.

Әр отбасы қолдауды сезініп, әр бала өз маңыздылығын түсінсе, ел өзара түсіністік пен сыйластықтың шаңырағына айналады. Балалық шақ — шынайы құндылыққа айналғанда ғана армандаудан қорықпайтын, әділ мемлекеттің жақсы болашағын құруға ұмтылатын көшбасшылар өсіп шығады.

Балаларға қамқорлық жасау — әрбір азаматтың ортақ міндеті. Өйткені дәл осы ұрпаққа деген жауапкершілік пен жанашырлықта тәуелсіз Қазақстанның күші мен шынайы болашағының негізі жатыр!